

Д 2007  
10319 к

# ТЕРМИНОЛОГИЯ МӘСЕЛӘЛЕРІ

І том





Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі  
ТІЛ КОМИТЕТІ

# ТЕРМИНОЛОГИЯ

## МӘСЕЛЕЛЕРІ

(1910-1930 жылдар)

I том



Астана, 2005

**ББК 81.2-3**

**Т 36**

Мақалаларды жинаған, араб және латын графикасынан кириллицаға түсіріп, жинақты құрастырып, баспаға дайындағандар:

**Шерубай Құрманбайұлы**

*филология ғылымдарының докторы, профессор*

**Орынай Жұбаева**

*филология ғылымдарының кандидаты*

**Т 36** Терминология мәселелері. 1-кітап. Астана, «ІС-Сервис» ЖШС, 2006. 288 бет.

**ISBN 9965-9904-1-7**

Бұл жинақта ХХ ғасырдың басынан 30-жылдарға дейінгі аралықта жарық көрген термин, терминология мәселелеріне қатысты мақалалар қамтылды. Жинаққа енген мақалалар хронологиялық тәртіп бойынша берілді. Қамтылып отырған мақалалар арқылы осы кезеңдегі қазақ терминологиясының дамуын, оның кезеңдік келбетін көруге болады.

Тілші ғалымдардың, терминология тарихын зерттеушілердің, терминтанушылар мен терминографтардың, терминологиялық сөздік түзушілердің, жалпы тіл мәселесі қызықтыратын көпшілік қауымның қажетіне жаратуы үшін шығарылып отыр. Жинақты жоғары оқу орындары филология факультеттерінің студенттеріне терминология бойынша жүргізілетін курстарға қосымша құрал, хрестоматия ретінде де пайдалануға болады.

**ББК81.2-3**

**Т**  $\frac{4602000000}{00(05)-06}$

**ISBN 9965-9904-1-7**

© Құрманбайұлы Ш., Жұбаева О.  
«ІС-Сервис» ЖШС

## АЛҒЫСӨЗ

Қазақтың ғылым тілінің, терминологиясының қалыптасу тарихында ХХ ғасыр басындағы жарық көрген мақалалардың, оқу құралдарының, сөздіктердің алатын орны айрықша. Бұл кезеңде терминологияны қалыптастыру ісімен қазақ тіл білімінің негізін қалаушы аса көрнекті ғалым Ахмет Байтұрсынұлы және онымен замандас, мұраттас алаш оқығандары айналысты. Бұл кезең оныншы жылдардан басталғанымен алаш зиялыларының қарқынды жұмыс істеген уақыты 1920 жыл мен 1930 жылға дейінге он жылдай уақытты қамтиды. Жалпы өткен ғасырдың 1910-1930 жылдар аралығын - "қазақ терминологиясы дамуының Ахмет Байтұрсынұлы кезеңі" деп атаған орынды. Соңғы он-он бес жыл көлемінде Алаш зиялыларының шығармалар жинағы жарық көрді. Сол кезеңде жарық көрген терминдер сөздігі мен зерттеу еңбектері қайта басылып шықты. Олардың қатарына "Пән сөздері", "Орысша-қазақша әскерлік атаулары", "Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі", Н. Төреқұлұлының "Жат сөздер туралы" сияқты еңбектерді қосуға болады. Кезең келбетін айқындау бағытында жүргізілген ізденістеріміз де жоқ емес. Бұл кезеңнің ерекшелігі, Ахаңның терминологияны қалыптастырудағы рөлі туралы бірқатар мақалалар жарық көргенімен, жүйелі жазылған, терең лингвистикалық талдау жасалған осы кезеңнің толық сипатын ашып көрсететін іргелі ғылыми еңбек әлі жариялана қойған жоқ. Ондай іргелі еңбек осы кезеңде жазылған ірілі-ұсақты еңбектерді,

мақалаларды, сөздіктерді жинақтап, оларды ғылыми сараптау арқылы жазылары сөзсіз. Біздің жиырмасыншы жылдары жарық көрген еңбектерді қайта бастырып шығарып, осы мақалалар жинағын құрастырудағы басты мақсатымыз - алаш зиялыларының қазақ терминологиясын дамыту бағытында атқарған істерін, жұртшылыққа таныстыра отырып, олардың қалдырған мұрасы арқылы сол кезеңнің тұтас келбетін айқындау. Олай дейтініміз, кеңестік дәуірдің 30-жылдардан кейінгі жетпіс жылға жуық тарихында терминология дамуының бұл кезеңіне, алаш зиялыларының атқарған істеріне, ұстанған бағыттарына тек теріс баға беріліп келді. Оларды негізсіз қаралау, кінәсіз айыптау орын алды. Алашшылдардың тілді, оның терминологиясын дамытуда ұстанған жолы көп ұлтты кеңес одағының жүргізіп отырған тіл саясатына жасалған қарсылық, кертартпа бағыт деп танылды. Буржуазиялық, ұлтшылдық, пантүркішілдік, пуристік бағыттың тамырына балта шабу қажет деген ғылыми негізі жоқ жалаң ұраншылдық, әсіре белсенділік жаппай белең алды. Ол - кеңестік саяси-идеологияға негізделген сыңаржақтық, қазақ зиялыларының атқарған істерін бір жақты бағалау еді. Ал шын негізінде қазақтың ғылым тілінің, терминологиясының дамуына Ахмет Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялылары өздері осы істің басында болған 10-15 жыл көлемінде өлшеусіз үлес қосты. Олар қазақ терминологиясының даму бағытын, ғылыми қағидаттарын белгіледі, ұлттық терминқордың негізін қалыптастырды, ұлт тіліндегі терминжасам үлгісін көрсетті және термин шығармашылығының тәжірибесін қолға алып, бұл істе нақты нәтижелерге қол жеткізді.

Сондықтан да негізсіз бұрмаланған тарихи шындықты қалпына келтіріп, олардың ұлт тілін дамыту мен оның терминқорын

қалыптастыруда атқарған істеріне әділ бағасын беру өз алдына, біздің осы саладағы ісіміздің ілгері басуы үшін олардан үйренетініміз де аз емес. Мұндай мақсатымызға біз алаштың тілдік мұрасын жинақтап, оларды жан-жақты зерттеу арқылы ғана қол жеткізе аларымыз анық.

Бұл кезеңде терминологияны дамыту стихиялы түрде жүзеге асқан жоқ. Қазақ зиялылары ұлттық терминдер қалыптастырудың басты қағидаттарын талқыға сала отырып, ресми бекітті. Білімпаздар сиезінің арнайы қаулысын шығарды. Өз жұмыстарын жүргізуде сол қағидаттарды басшылыққа алды. Алаш зиялыларын айыптаушылар олар пуристік бағыт ұстанды деген кінә тағады. Сол кінәлаушылар алаш зиялылары әлем тілдеріне кең тараған халықаралық терминдерді өз тіліміздің заңдылықтарына сәйкестендіріп қабылдауды өздері жасаған қағидаттарының бірі ретінде белгілегендігін көргісі де, айтқысы да келмеді. Түркі тілдеріне жататын қазақ тілінің өзімен түбі бір туысқан тілдерінен сөз алуын, осы тілдер арасындағы терминалмасуды да кері кеткендік деп санаушылар болды. Қазақ зиялыларының туыстас тілдер арасында терминалмасым болуы қажет деген ұстанымдарын кеңесшіл ғалымдар мен қызыл белсенділер олардың кемшілігі ретінде көрсетті. Алаш зиялыларының ғылым тілін, терминологияны қалыптастыруда ұстанған қағидаттары о бастан-ақ кеңестік тіл саясатын жүзеге асырушыларға ұнай қойған жоқ. Бірақ соған қарамастан, Ахаң бастаған қазақ зиялыларының ел ішіндегі зор беделі мен оларға деген сенімнің арқасында олардың ұстанған бағыты сол кезеңде кең қолдау тапты. Сондықтан да олардың айналасы он шақты жылдың ішінде атқарған істері нәтижелі, жемісті болды. Олар көптеген салалық терминдерді жасап, қолда-

нысқа енгізіп, қалыптастырып кетті. Ең бастысы олар қызмет еткен кезеңде қазақ терминологиясын дамытудың ұлт тілінің мүддесіне, төл заңдылықтарына негізделген қағидаттары белгіленді, ұлттық терминқордың негізі қалана бастады. Әрине, алаш зиялыларының атқарған істерінің нәтижелі болуын олардың кәсіби біліктілігі мен өз ісіне деген жауапкершілігімен, ұлт тіліне деген зор құрметі мен жалпы елге деген адал қызметімен байланыстырған жөн. Елге қалтқысыз қызмет етудің үлгісін іздесек, алаш зиялыларына көп жүгінетініміз де сондықтан болса керек.

Жинаққа А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейхан, Е. Омарұлы, С. Қожанұлы, Н. Төрекұлұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Дулатұлы, Т. Шонанұлы, М. Әуезов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Ә. Марғұлан сынды қазақ зиялыларының сол жылдар басылымдарындағы жарық көрген мақалалары, ұсыныс-пікірлері, сын-ескертпелері енді. "Еңбекші қазақ", "Ақ жол", "Советская степь" сияқты мерзімді басылымдардан жинақталған ондай жарияланымдардан дәл сол кезеңдегі термин қалыптастыру, терминологияның даму бағытын айқындаудағы қазақ зиялыларының ұстанған қағидаттарын, терминжасам тәжірибелерін көруге болады. Қазақ терминологиясының XX ғасыр басындағы дамуын, оның сол кезеңге тән ерекшелігін, негізгі сипатын анықтау - ғылым тарихы үшін ғана емес, ғылым тілі мен терминологияны дамытудың ертеңі үшін де аса қажет.

Жиырмамыншы жылдар басылымдарында "Қыр баласы", "Мадияр", "Сен", "Түпте", "Оқытушы", "Таймінер", "Тоқпақ", "Қызметкер" сияқты бүркеншік аттармен жазған мақалалар да бар. Бұл мақалалардағы бүркеншік аттар сол кездегі пікірді ашық білдіру мүмкіндігі болмаған, қудалау, жеке көзқарасы үшін



айыптау қарқын алып тұрған кездің бір ғана көрінісі. Сондай-ақ бүркеншік есімдердің басқа да себептермен пайдаланылатыны мәлім. Мақалалар соңында көрсетілген бүркеншік есімдердің арасында "Қыр баласы" – Әлихан Бөкейхан, "Мадияр", "Таймінер" – Міржақып Дулатұлы, "Тоқпақ" – Сұлтанбек Қожанұлы, сынды "құпиясы ашылған" жұртшылыққа танымалдары болуымен бірге, "Сен", "Түпте", "Оқытушы", "Қызметкер" сияқты аз ұшырасатын "Бүркеншік есімдер" сырын ашқан зерттеушілер еңбектерінде кездесе бермейтіндері де бар.

Бұл жинақ тілші ғалымдардың, терминология тарихын зерттеушілердің, терминтанушылар мен терминографтардың, терминологиялық сөздік түзушілердің, жалпы тіл мәселесі қызықтыратын көпшілік қауымның қажетіне жаратуы үшін шығарылып отыр. Терминология мәселесін зерттеушілерге қазір сонау 20-жылдары басылған мақалалар мен түрлі еңбектерді табу оңайға түспейді. Олар сирек қолжазбалар мен кітаптар, басылымдар қорына еніп, саны әбден сиреп көпшіліктің қолы жете бермейтін дүниеге айналған. Оларды тауып пайдалану зерттеушілердің, ізденушілердің, болашақ филолог мамандардың көп уақытын алады. Бұл тұрғыдан келгенде, жинақтың практикалық тиімділігі, осы кезең қызықтыратын мүдделі қауымға нақты көмегі болады деп білеміз. Жинақты жоғары оқу орындары филология факультеттерінің студенттеріне терминология бойынша жүргізілетін курстарға қосымша құрал, хрестоматия ретінде де пайдалануға болады.

**Шерубай Құрманбайұлы**  
*филология ғылымдарының докторы, профессор*

### **Қайсысын қолданамыз?**

Жұрт оянып, көзін ашып, жұрттыққа бетін түзесе, күннен күнге мұхтажы табылып көбеймек. Осы күнгі біздің көп мұхтажымыздың ішінде ең ірісі - ғылым. Рас, мұны ұқтық. Құдайға шүкір, бетіміз жаман емес. Азды, көпті білімін халықтың жолына салып, соның бақытын арман қылмай жүрген оқыған қазақ аз. Бірақ қай істің болсын, өнуіне үш түрлі шарт бар. Ең әуелі, ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тәртіп керек. Қазіргі біздің жұмылып, қолға алалық деп тұрған ісіміз - оқу. Бұл оқу туралы әлгі айтқан үш шарттың алғашқы екеуін бізде бар деуге болады, бірақ үшінші жоқ. Мұсылман медреселерін бітірген мұғалімдерді, семинария бітірген учительдерді алсақ, бәрінде де бірінші, қазақ баласына білім білдірсем деген ниет бар; екінші, қолынан келетін күш бар; бірақ мақсатты жерден шығаратын тәртіп жоқ. Жә, бұл қолға түспей тұрған тәртіп қайсы?

Қай мектептің болсын жаны - оқу құралдары. Ғылым жолында талай басқышқа мініп кеткен өзге жұрттарды алсақ, бәрі де жылдан жылға оқу кітаптарын жаңғыртып, бір жақсыдан бір жақсысын таңдап отырады. Сүйтіп оқу кітаптары ылғи жазылып, жаңарудан бір босамайды. Қазаққа келсек, мектепке арналған ретті бір кітап жоқ. Себебі, мұны ниет қылған талапкерлердің алдынан көлденең шығатын бір зор кедергі барлығы. Ол - ғылым тілі. Ғылым тіліне қазақ сөзі жетпейтіні, жететін болған күнде де, аршылып, арналмағандығы анық. Қандай тілге бай жұрт болсын, ғылым жолына түсе бастағанда тілі кемшілік қылып, қашанғы ескісін алып құрастырып, бөтен жұрттың тілін жамау қылып, неше түрлі болып аламыштанады.

Бір халықтың ғылымсыз күніндегі тілін алып, артынан ғылымды болған күніндегі тілін алсақ, соңғы тілі жаңа туғандай болып өзгереді.

Бұл ғылым тілі деген мәселе, - өз мектебіміз, өз мұғалім, үйретушілеріміз бола бастаған сайын "шеш!" деп, дікілдеп қысатын мәселе. Сондықтан бар қазақтың оқитын баласының бірінің білімін біріне жанастыра, бір жолмен оқытуы керек. Әркім әр жерде өз машықты жолымен төпей берсе, ол аз күшті ыдыратқан, береке ұйымы жоқ бір оқу жоқ болғаны. Бізге осы күннен оқу тілі мәселесін ашып, бір жолға бетті түзеу керек. Осы туралы орысша оқыған өз машығына, мұсылманша оқыған өз машығына тартпай, дәлелімен қай тілдің мағынасы орамдырақ, қай тіл қазақтың өмір жөніне қолайлы, осыны салыстырып, біреуін ұстау керек. Сонан соң не мұсылманша оқығандар болып, не орысша оқығандар болып бір жағына елігіп, белгілі бір жолға түселік.

*Мұхтар Әуезов. "Сарыарқа" газеті.*

*1917 жылғы 9 қазан, № 17.*

**Ғылым тілі (научный термин)**

Ғылым тілі - бұл уақытқа шейін қазақ оқығанының бір қалыпқа қойып, бір негізге құра алмай келе жатқан мәселесінің бірі. Қазақ мәдениеті жер жүзіне бой көрсетіп, дүние майданына шыға алмай тұрған уақытта, бұл мәселені бір жөнге салудың пайда, зияны жұрт көзіне байқалмайды. Бірақ бұл күнде қылтанақтап келе жатқан мәдениет - қазақ жұртынан бүгіндік қана керегі, ертең тағы тосыннан бір жол салып алуымыз оңай десек, сөз бір басқа егерде бүгінгі жол, бүгінгі еңбек мәңгілік дейтін болсақ, ғылым тілі аса қарауды көтермейтін шетін мәселе. Мәдениет бәйгесінде алда келе жатқан жұрттың қатесі кейінгіге сабақ. Алдыңғы келе жатқан жұрттың жығылған жары, сүрінген томары кейінгінің бетін еріксіз бұрғызады. Өзге жолдағы істерінің оң, терісін қойып, осы тіл жолындағы орыс пен жапондардың істеген қаталары бізге айқын үлгі боларлық. Орыс әдебиеті аяғын апыл-тапыл басып, буынын бекіте алмай жүргенде, жазушыларының қолданатын әдеби тілдері "церковнославянский" (дін кітаптарының тілі) болатын. Орыс әдебиетіне негіз салушы Ломоносов, Кантемир, Тредиаковскийлер жұрттың бетін бұра алмай, өлеңі, қара сөзі болсын, бәрін де сол тілмен аламыштап былғап жазған. Орыс елі қатесін бері келген соң зорға түзетті. Бұдан кейін Жапония жұрты надан күйінде жазу, оқу, аз-аз өнер үлгілерін берген апасы қытай болып, қытайды көсемі қылып алдына салып, етегінен ұстап жүріп, қытай тілін әдеби тіл қылып ұстады. Бұл күнде қытай жұртта қалып, Жапония ұзап кетсе де қытай тілі әдеби тіл болып қалып, Жапонияға дерт болып, құтыла алмай әуреді жүр. Қазіргі уақытта Жапонияның баласы өз оқуын оқудан бұрын Қытай оқуын оқып, содан кейін басқа жұрттың ғылым тілдерін оқиды. Қытай оқуы Жапонияда ешбір пайдалы оқу емес; жалғыз-ақ ерте уақыттағы Жапонияның

басшыларының ойланбағандығынан өз оқуларын Қытай оқуына араластырып алып, өз оқуын өзінікі қылып, әкете алмағандығынан керексіз бір нәрсені жамап алып отыр. Міне, осындай халге қазіргі бетімізбен жүре берсек, біз де бір күні ұрынатын секілдіміз.

Қазіргі қазақ тіліндегі оқу екі ағысқа бөлініп барады. Бірі - мұсылманша оқығандардың жолы. Ғылым тілін арабшаға, мұсылман негізіне тартады. Екіншісі - орысша оқығандар ғылым тілін орысшаға, Еуропа негізіне тартады. Бұл жік тәртіпті бастауыш мектептердің һәм курстардың оқуында айқын білініп отыр. Әркімнің өз білген негізіне тартатыны мәлім нәрсе. Мұсылманша оқыған мұғалім Еуропаның ғылым тілін білмейді, орысша оқыған учитель мұсылманшаны білмейді. Осыдан ошақтың үш бұтын үш жаққа қаратып отырғандық - ғажаптанарлық нәрсе емес. Бірақ салыстырып осы екі жолдың бірін алып, бөріміздің бетіміз бір жөнге сайып келуі мұқтаж. Бұл мұқтажды ұғу - бөрімізге парыз.

Қазақ мәдениетін түрік үлгісіне қарай тарта беретін мұғалімдердің тұтынатын негізгі жолдары - "пантюркизм", "пан-исламизм" тағы әр түрлі "пан-пәленизмдерді" жол қылып ұстайтыны белгілі. Бірақ сол "пандардың" жолына қай жұрт болсын надан күнінде ғана мойынсұнады. Мәдениетке бет бұрып, басқыштан ілгерілеген сайын пандардан жұрт жиреніп, пайдасыз іс деп санап далада қалдырады. Осы күнде көзін жұмып, аузын ашып, тәтті қиялды қорек қылған адам болмаса, ширақ ақылмен қараған кісіге бұдан кейінгі "пан" - саясат хаосы екені мәлім боларлық болған. Себебі: қай жұрт болсын, өз бетінде жұрттығы болмаған күнде ғана басқа, өзіне жақын жұрттың тілеуін тілейді. Өз жұрттығы буын бекітіп, бас қалқайтса, алыстағы жұртқа тілеген тілекті қайтып алып, өз жұртына жұмсайды. Бұл - адам баласының сүйегіне сіңген табиғи мінезі. Қазақ кешегі езгіде жүрген уақытында қырда жүрген қойшы-қоланшы да бірін-біріне иілтіп, мейірлендіріп отыратын: 1) дін туысқандығы, 2) сыртқы саяси қалпы, надандығы болады. Егер осы жұрттар қатардағы жұрт

болып, еркіндік пен мәдениеттің төріне шыға бастаса, бірінен-бірінің берекесі, мақсаты айрылып, аздан соң қас та болып кетуі оңай. Бұның мысалын діні бір, қаны бір, тұрмыс ыңғайы бір болған Европа жұрттары баяғыдан бері көрсетіп келеді. Қашан болсын, адам баласының қазіргі "өз шыққан тауым биік болсын" деген мінезі қалмаса, еш уақытта күндегі саясат хаосының артынан ермей, бүгінгі досымен ертең қас болмай отырмайды. Бұлай болған соң ақ жолды, әулиелікті дүние жүзіне мен орнатамын деп мәдениеттің түзу, кең жолын тар, қисық жолға салам деу - қазақтың алға басуына кедергі шығарамын дегенмен бірдей.

Бұл сөздің қорытындысы қазақ жұрты қазіргі уақытта күндегі саясатының ыңғайымен жүріп отырып, түзу жолмен мәдениеттің буынын бекітуді ғана мақсат қылуына керек. "Пан-тюркизм" қазақ мәдениетін өрлетіп, жұрттықтың бойын өсірмейді. Саясат жолына кірген жұрт туысқандық, жақындық деген нәрседен айрылады.

Енді әуелгі ғылым тіліне қайтайық. Туысқандық дегенді қолмен аз да болса қолмен бұруға келетін саясат көтермейтін болса, бірбеткей ғылым жолы туысқан едім деп бұрауға тіпті көтермейді. Біреу оңға, біреу солға тартып, илей беруге көнетін ғылым жолы - терінің пұшпағы емес. Әуелде қалай беттетсе, көп уақытқа шейін сол бетінде жол болып бекіп қалады. Сол себепті қазақ оқуының бетіне қандай жаңалық кіргіземіз десек те, әуелі кеңінен толғап ойланбай іс қылудың артынан талай аурулы мәселе туып кетуін ұмытпау керек.

Қазір бізде ғылым тілін арабшадан аламыз деген ағыс бар екен. Арабшадан алудың ғылыми дәлелі не? Біз ғылым тілі туралы сөйлесек, қазақтың оқуының жолын бір түзу жөнге салу турасын ғана еске алу керек. Оқу мәселесінің туысқандық, болмаса келешектегі саясат бетін қосып шешеміз деу кімнің ісі? Ешбір істі алға бастырмайтын ретсіздік сол емес пе? Болмаса заманның өзі көрсетіп отырған дәлелге мойын ұсыну керек. Ол дәлел мынау: біз ғылым тілін арабшадан аламыз дегендегі дәлеліміз - арабта да

бұрынғы уақытта мәдениет болған, сол себепті ендігі бізге керек болатын ғылым арабан табылады дейміз. Ертеде араб мәдениетті болған бір заман бар. Бірақ ойлап қараңыздар, біз осы күнде оқысақ, сол XIII, XIV, XV ғасырлардың ғылымын оқимыз деп отырмыз ба? Мәдениет "пан-тюркизм" болып, сол арабта болған қалпын әлі күнге сақтап тұр ма? Осы күнде дүние жүзіне жарығын шашып отырған ғылымдардың қайсысын аласыз, біреуі сол күйде ме? Алайық, медицинаны (дарылық), механиканы (машина ғылымы), химияны (химия), политика-экономиканы (саяси-шаруа ғылымы), кооперацияны (сауда ұйымдары) һәм басқалары. Біреуі осы күйде ме екен? Бұның көбінің ол уақытта аты да жоқ еді? Ал қазіргі уақытта күндегі қолыңа ұстайтын құралың болды. Бұның бәрін кім шығарды? Еуропа шығарды! Бұдан кейін қазіргі мұсылмандардың мәдениетін алайық. Мысалы, түріктің университеттеріндегі тіл, онан соң жайшылықтағы ғылым тілдері кімдікі? Түріктің бірінші университеттеріндегі басты тілдер Англия, Франция, Германиянікі. Бұған біз не айта аламыз? Сол боламыз деп отырған Түркиямыздың өзі, Еуропа жұрттарының өз арасында солады.

Қай жұрттың білгіші бір жаңалық шығарса, сол нәрсеге өз тілінде ат қояды; бұл атты өзге жұрттың бәрі сол тілде қолданады. Біз көбіне татар мен түріктің Еуропа тіліндегі сөздің "г" харпін "ғ" қылып, "к" харпін "қ" қылып алып жүрген сөздерін өз тілі деп, сырттан жала жауып жүрміз ғой деймін. Болмаса, бұл күнге шейін түріктен білгіш шығып, оның тапқан нәрсесін түрік тілімен қолданып жүрген Еуропа жоқ. Міне, заман көрсетіп отырған дәлел - осы.

Жә, түріктің өз бетімен тапқан мәдениеті жоқ болса, өзі де Еуропа дастарқанының шетінен орын алып отырса, біздің не істеуіміз керек? Ол уақытта да мәдениеттің кіндігі болған жерге тура тартпай, өзіміздің қалпымыздағы түрікті өткел қылғанымыз - оқу ісін түзу жолға салғанымыз ба, салмағанымыз ба? Қазақтың оқуын Еуропа жолына салғанмен, - қазақ түріктен алыстап кетіп, оқу үлгісін түріктен алумен - түрікпен туысып кете қоюына кімнің

көзі жетеді? Жұрттың рухы бірігуде тұрса, саясат ынғайы жұрт рухының сол күйіне қарай бет алатын болса, оқу ісі, оның ішінде ғылым тілі еш уақытта алыстатып әкете алмайтынын біздің ұғуымыз керек. Бұл мәселе турасында қарсы пікірде болған кісілер болса, дәлелдерін баяндаған жөн. Осымен тезірек оқу ісін бір негізге құрып, мұғалімдер, учительдер ғылым тілінің жолында бір-ақ түрлі құралды қолдануы керек.

*Мұхтар*/"Абай" журналы. 1918, № 7. 4-7 беттерде.

*Мұхтар Әуезов*. 20 томдық шығармалар жинағы.

- Алматы: Жазушы. - 15-т. Мақалалар, зерттеулер. - 1984.



**Қазақша пән сөздер**  
(Елдестің баяндамасы)

Елдің мәдениетін өркендету үшін қолдан келетүн шаралардың ең маңыздысы басба сөз. Басба сөз ісі берекелі болу үшін, басба сөздің елге, жалпы бұқараға пайдасы тиетін болу үшін, оны бұқара түсініп оқи алатүн болуы шарт, - ол болмаса, жазылып шыққан кітеб, газет, журналдардың сөзіне ел түсінбейтүн болса: Басба сөзден түк пайда болмайды.

Қазақша кітеб, журнал, газеттерді қазақ түсініп оқи алатүн болуы үшін: оның тілі қазақша болуы керек, - әуелі, сөздері қазақша болуы керек, екінші, қазақша сөздер қазақша тізіліб жазылуы керек.

Бұл екі шартқа келмей жазылған сөздерді қазақ түсіне алмайды; Сондықтан ондай сөз елдің мәдениетін өркендету түгіл ермегіне де жарамайды, Басба сөзіміз күшейіп, кітеб, журнал, газеттеріміздің саны көбейгенмен тілі түсінікті болмаса, - оның пайдасынан зияны артық болмақшы: Жүре бара қазақша кітеб тілі мен жалпы бұқараның тілі басқаланып, бірінің сөзіне бірі түсіне алмайтүн болып шықбақшы, - олай болатүн болса, басба сөзден, көзір түгіл түбінде де пайда болуы мүмкін болмайды; Ол болмай бұқара басба сөздің былық тілін үйреніп алыб, жалпы бұқараның тілі кітеб тілінше былға беретүн болса, - қазақтың тілі бұзылмақшы. Бұның қайсысы болғанда да жақсы болмайды.

Олай болмау үшін, - Кітеб тілі бұқараның тілінен басқаланып да кетбей, елдің тілі де бұзылмай, - басба сөз қызметін тійісінше атқарып, елге пайдалы болу үшін: Қазақша басылып шығатүн кітеб, газет, журналдардың тілі қазақша болуын осы бастан алдын ала ескеріп, қам қылу керек.

Сөздердің өзі де - тізілуі де қазақша болу шараларын істеу керек.

Сөзді қазақша тізу қолдан келмейтүн жұмыс емес: Ол үшін жазушы жат тілдің сөз тізіміне әуес болуды қойып, қазақша сөйлем жүйесінің тиісті ережесін жаттап алса, - қазақша сөйлемнің анықтауышы анықталатүн сөздің алдына, толықтауыш, пысықтауыштар өздерінің толықтап пысықтайтүн сөздерінің алдына келіп арасына басқа сөз салмай жалғаса тізіледі - деген жалғыз ережені жаттап алса болады.

Мәселенің қиыны: Сөздің түсінікті болуында, басба сөз үшін әсіресе пән кітебтері үшін пән сөздері керек. Ондай сөздер қазақтың өз тілінде бұрын болмаған; Оны жаңадан ойлап шығару керек. Басылып шыққан газет, журналдарды қазақ оқи алатүн болуы үшін, - оның пән сөздері де қазаққа түсінікті болуы керек.

Бұрын естілмеген жаңа сөз елге бірден түсінікті бола қоймайды. Бірақ пән сөз қазақтың өз тілінен алынып, мағанасы азда болса тиісті ұғымды сездіретілік болса: оны түсіну қиын болмайды. Сондықтан пән сөзді қолдан келгенше қазақтың өз тілінен алу керек.

Пән сөзді қазақ тілінен алғанда түрлі түбірге (иатұқылға) түрлі жұрнақтар жалғап алуға болады. Қазақ тіліндегі жұрнақтарды мағана жағынан тексеріп екі бөлуге болады: "лық", "шы", "шыл", "лы", "сыз", "уыш"-тар сықылды тұрлаулы жұрнақтар болады, - бұлар түбірге жалғанғанда әрқайсысы айырықша бір тұрлаулы мағынада айтылған сөз болып шығады; "қ", "н", "ақ" сықылды тұрлаусыз жұрнақтар бар, - бұлардың еш бірінде де тұрлаулы мағана жоқ: Мәселен: "қ" жұрнағын "тара" деген түбірге жалғасақ, "тарақ" болады, "тарақ" тарайтүн асбабтың аты, - мұндағы "қ"- "уыш"-тың орнында; сол жұрнақты "төсе" дейтүн түбірге жалғасақ "төсек" болады, - "төсек", - төсейтүн асбаб емес, төселетүн нәрсе; "н"-ді "сау" деген түбірге жалғасақ "сауын" болады. Сол "н"-ды "жұу" ға жалғасақ, "жұуын" болады; "сауын" - сауылатүн мал, - "жұуын" жұуылатүн бірдеме болуға керек еді, олай емес жұуғаннан қалған сүү; "кесек" пен ("кес" + "ек") "қонақ" ("қон" + "ақ") - тада сондай басқалық бар.

Қазақша жұрнақтар дыбыс жүйесі жағынан тағы екі түрлі болып бөлінеді: Түбірмен үндесіп жалғанатұн жұрнақтар бар; ("лық", "лік", "ақ", "ек", "шы", "ші" сықылды жұрнақтар) үндестік заңына келмейтұн жұрнақтар бар ("кер", "қор", "дікі").

Қазақ тілінің жұрнақтары жете тексерілген емес. Тұрлаусыз жұрнақтардың да түбір сөздің мағанасына дыбыстарына қарай; айрықша бір мәнісі болуы мүмкін, сондықтан түбірге тұрлаусыз мүше жалғағанда аса сақ болу керек. Қазақша түбір сөзге жұрнақ жалғап жаңа сөз шығарғанда - қолдан келгенше тұрлаулы жұрнақпен шығару керек; тұрлаусыз жұрнақтарды жалғап жаңа сөз шығару үшін; әуелі ондай жұрнақтарды тексеріп сырын біліп алу керек. Үндестік заңына бағынбайтұн жұрнақтардың көбі қазақ тіліне сіңіп кеткен жат жұрнақтар; олармен мәнілес түбірмен үндесіп жалғанатұн қазақтың өз жұрнақтары бар. Жаңа сөзді, түбірге жат жұрнақ жалғап шығарғаннан өз жұрнағымызбен шығарған артық.

Пән сөзді өз тілімізден таба алмаған күнде, иаурыпа қолданған латынша пән сөздерді алуға болады. Бірақ ондай жат сөздерді алғанда, - оны тіліміздің заңына келтіріп өзгертіп алу керек. Өйткені, жат сөздің асыл түрін бұзбай алсақ: Ондай сөзге қазақтың тілі келмейтұн болады; Жана қазақ тілінің заңына келмеген сөзді, оған қазақша жұрнақ, жалғаулар жалғап өзгертуге де болмайды. Ондай сөз қазақ тіліне қазақтың өз сөзіндей болып сіңіседе алмайды, - бір түрлі ерсі сөз болып қалады. Жат сөз қазақ тіліне сіңіп түбкілікті қазақ сөзі болып шығу үшін, - мағанасы түсінікті болмаса да, айтуға жеңіл, құлаққа ерсі болмауы керек. Бұл шартқа келмеген сөз қазақ сөзі бола алмайды, тек кітеб сөзі болып қана қалады. Олай болып кетсе кітеб тілі ел тілінен басқаланып шығады, - кітебтің елге пайдасы болмайды. Жана: Тілдің заңына келмейтұн жат сөздер көбейіп кетсе, тіл бұзылады,- тілдің негізгі қасиеттері, тұрлаулы заңдары бұзылады.

Олай болғанда да жақсы болмайды.

Жат сөз қазақтың өз сөзіне ұсап қазақ тіліне сіңіп кететүн болуы үшін, - оны қазақ тілінің мынадай заңдарына келтіріп алу керек.

1 - Қазақ тілінде үндестік заңы бар. Қазақ тілінде үндестік заңына келмейтүн сөздер де жоқ емес; Соны айтып үндестік заңына қарсы болып жүрген азаматтарымыз да бар. Үндестік заңына келмейтүн сөздердің бәрі де қазақтың өз сөзі емес, - қазақ тіліне кіріп кеткен жат сөздер. Үндестік заңына келмейтүн қазақша сөз түрі жалғыз ақ "нікі" ("дікі", "тікі") мен жалғанып айтылатүн түр.

Қазақ тілінде үндестік заңы бар екеніне осы "нікі"-ден басқа қарсы дәлел жоқ. Дұрысында ешбір тілде де тастай қатқан тұрлаулы заң болмайды: Бір заңның күшімен екінші заңға бағынбай кететүн сөз түрлері болмай қалмайды. Ондай заңға келмейтүн бірең-саран сөз түрлерінен ол заңды жоққа шығару, - я ол заң жоғалуға бет алған деп жору - қата.

Қазақ тілінде үндестік заңы бар екені ырас болса: Қазақ тіліне кіргізген жат сөздердің бәрін де сол заңға келтіріп алу керек, - сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрін де бірінғай жіңішкертіп, я бәрін де жуандатып алу керек.

2 - Қазақ тілінде жұмсақ "ә" сөздің бас буынынан басқа буындарында болмайды, әсіресе сөздің соңғы буындарында жұмсақ "ә" болмайды.

Бұл: Үндестік заңының салдарымен болған, қазақ тілінің айрықша бір қасиеті. Қазақ тілінде "Мәріә", "Кәмілә" сықылды, соңғы буындарында жұмсақ "ә" сөздер де жоқ емес; Бірақ ол сөздер арабша оқыған молдалардың зорлап кіргізген сөздері, мұндай сөздің ерсі жері - бұларға жалғау қосып өзгерткенде, - бұлар қазақ тілінің сөз жүйесінше өзгере алмайды "Кәмілә"-ның өзі жұмсақ болғанмен, мәселен барыс жалғауы, қазақша сөз жүйесінше "Кәміләге" болмайды "Кәміләға" болады. Қазақ тілінің мұндай сөздің бас буыннан басқа жеріне жұмсақ "ә"-ні сыйдырмайтүн қасиеті болған соң: Бас буыннан басқа буындарында жұмсақ

"ә"-сі бар жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде, "ә"-ні өзгертіп я "е", я жуан "а" қылып алу керек ("адабиет" - "әдебиет").

3 - Қазақша сөздерде "о", "ұ" дыбыстары бас буындарда ғана болады. Басқа буындарында "о", "ұ" дыбысы бар, "бейнетқор", "қамқор" сықылды сөздер - оның аяғында "қор" деген жат жұрнақ болғаннан ғана болып тұр. Тіліміздің ымрасынша "о", "ұ" дыбыстары бас буыннан басқа жерде тұра алмайтұн болған соң: Бас буыннан басқа буындарында "о", "ұ"-сы бар жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде "о", "ұ"-ларды басқа бір дауысты дыбысқа айналдырып алу керек (Покров).

4 - Қазақша сөздің аяғы "ғ", "г", "д" болып тынбайды, - "қ", "к", "т" болады. Ондай сөздерге дауысты дыбыспен басталатын жұрнақ жалғаулар (жіктеулер) қосылып "қ", "к"-лер ("т" емес) екі дауысты дыбыстың арасына түссе (олардың алдындағы дыбыстары да дауысты болса, - "ғ", "г" болып өзгереді. "ғ", "г", "д" дыбыстарымен тынған жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде сөз аяғындағы "ғ", "г", "д"-ларын "қ", "к", "т" қылып алу керек; Бұл дыбыстардың алдындағы дыбыстары дауысты дыбыс болғанда, артынан жана дауысты дыбыс жалғанса: "қ", "к"-лер "ғ", "г" болып өзгертұн болып, "т"- өзгермей сол күйінде қалатұн болуы керек; ондай сөздің аяғындағы "қ", "к"-лердің алдындағы дыбыс дауысты болмаса, - ол сөздерге дауысты дыбыспен басталатұн жалғау, жұрнақтар жалғанғанда да "қ", "к"-лер өзгермейтұн болуы керек. Я болмаса сөз аяғындағы "ғ", "г", "д"-ларды мүлде жоғалтып жіберу керек (Орынбор).

5 - Қазақ тілінің үздіксіздік заңы бар. Қазақша сөздің ішіндегі дауысты дыбыс алдындағы дауыссыз дыбыстан айырылып (онан кейінгі буынға) шыға алмайды ("қарағай", "қар-ағай" болып үзіліп буындала алмайды); - "мәселе" сықылды үзіліп буындалатұн сөздер қазақ тілінде болмайды. Жана: Бір сөздің ішінде арасына дауыссыз я жарты дауысты дыбыс салмай, екі дауысты дыбыс қатарынан келмейді. Үздіксіздік заңына келмейтұн жат сөздерді қазақ тіліне

кіргізгенде, өзгертіп үздіксіз қылып алу керек (мәсле - "мәселе", "мүмін" - момын).

6 - Қазақша сөздің екбiнi соңғы буынында болады. Сондықтан екбiнi соңғы буынынан басқа буындарында болған жат сөздердi қазақшаландыруында тiлiн соңғы буынға келтiрiп алу керек (Самара - "Самар", Пуховый - "Бокебай").

7 - Қазақша сөзде бiр дыбыс қосарланып келмейдi. Сондықтан дыбысы қосарланған жат сөздердi қазақ тiлiне кiргiзгенде қатарынан екi қама айтылатұн дыбыстың бiреуiн я мүлде жоғалтып жiберу керек де, я болмаса орнына басқа бiр дыбыс кiргiзiп алу керек. ("Макка" - "Мекке", "Алла", "Алда").

8 - Қазақ тiлiнде өзiнде жоқ дыбыстардан тiзiлген сөздер болмаса керек.

Тiлiнде жат дыбыстары бар жат сөздердi пән сөз қылып алғанда, оның жат дыбыстарын шығарып тастап орнына қазақша дыбыс кiргiзiп алу керек. Жат дыбыстардың әр қайсысына алдын ала қазақ дыбысын арнап көрсетуге болмайды; Iретiне қарай мәселен ерси "у", "п", "б" болып өзгеруi мүмкiн; "х" дыбысы қазақша кейде "к", кейде "қ" болып өзгерiп, кейде мүлде жоғалып кетуi мүмкен.

9 - Қазақ тiлiне кiрген жат сөздер түбiр сөз есебiнде алынып, қазақ тiлiнiң заңдарынша өзгеретұн болуға тиic.

Жат сөздi жат жұрнағымен алуға болмайды; жұрнағымен кiрген сөз болса, - оның сол жұрнақты түрiн түбiрге балап алу керек.

Баяндама Қазақ бiлiмпаздарының  
тұңғыш сиезiнде 1924 жылы маусымның  
16-сы күнi Орынборда жасалған.  
Қазақ бiлiмпаздарының тұңғыш сiйезi.  
(Сиез материалдары. Араб графикасында).  
- Орынбор, 1925. - 75-бет.

## Жарыссөз барысында Елдес Омарұлының баяндамасының талқылануы

Мәжіліс ағасы қазақша пән сөздер тақырыбты айтыс ашылатұнын жарыйалап, айтысушыларға олардың жазылған ретімен сөз берді.

Нәзір: - Білім кеңесінің "Қызыл Қазақстанда" жарйалаған пән сөздерінен мысалдар келтіріп, - білім кеңесі қабылдаған сөздерінде жалпы негіз жоқ екенін айтты. Қабылданған сөздерден: Білім кеңесінің пән сөзді, қалай да болса, қазақ тілінен алуды артық көретіні көрініп тұр. Пән сөзді қазақ тілінен алған дұрыс, - бірақ қазақша пән сөз арналған ұғымға дәл келіп, тілге жеңіл құлаққа ерсі болмауы керек. Білім кеңесінің "дыбыс жүйесі", "сөз жүйесі" сықылды сөздері - сол шарттардың бәріне де дәл келеді, - мағана жағынан да, айту, естілу жағынан да кемшілігі жоқ. Пән сөздерді қазақ тілінен алу үшін, - оның осы "сөз жүйесі" сықылды мінсіз болуы шарт. Олай болмай "бімбауырмалдық" сықылды мағана жағынан да қолайсыз, айтқанда құлаққа ерсі естіліп тұратын сөздерді пән сөз қылып алудың жөні жоқ: Қазақ тілінен лайық сөз табылмайтын болғанда, пән сөзді асыл түбірінен алу керек. Жана: Барлық қалықтардың бәріне ортақ, "Ынтернатсионал", "домоқы-ратиа" сықылды пән сөздерді өзгертпей, жалпы иаурыпаның айтып отырған түрінде алу керек. "Абтомобил", "телеграф" сықылды текінике сөздерін де сол жалпы иаурыпаның қолданған түрінде алу керек. Ондай сөздерді қазақшаға аударып иаурыпадан алыстаудың пайдасы болмайды.

Бұл күнде ұмытылып кеткен ескі сөздерге қызығудың да керегі жоқ, қазақтың өз тілінде жоқ басқа түріктердің сөзіне қызығудың да керегі жоқ. Қазақты осы күнгі тілінде бар жалпыға түсінікті сөз болмаса, - ұмытылып кеткен ескі сөзден де, қазаққа түсініксіз басқа түріктердің сөзіне де иаурыпаның сөзін алған артық - деп білу керек.

**Манан:** Баяндама толық болған жоқ. Пән сөздерін қайдан аламыз, не түрлі етіп аламыз, жат сөзді алғанда кімнен аламыз, тіл іздегенде кімнен іздейміз, жат сөзді алғанда қалайша етіп аламыз? - деген сұрауларға жауап күтіп едік. Баяндаушы ең соңғы сұрауға ғана жауап берді. Басқалары тақырыбты еш-деме айта алған жоқ, бұрыннан баспа сөзде жазылып жүрген, Түркістеннен дау қылып жүрген мәселелері алдыңғы сұраулар еді. Оның жайынан баяндаушы еш-деме айтқан жоқ. Сондықтан баяндаманы толық емес - деп біліп, қайтадан толық баяндама жасалуын сұрау керек. Пән сөздері тақырыбты мен өз тарапымнан мынадай жобалар ұсынамын: Пән сөзін әуелі қазақтың өз тілінен іздеу керек; Онан табылмаған күнде басқа түрік қауымдарына кіріп кеткен сөздерден іздеу керек; Қазақтың өз тілінен де басқа түріктерден де табылмаған сөзді ғылымның шыққан елінен алуымыз керек - деді.

**Қалел:** Қазақ тілі тексеріліп болған жоқ. Біз жат тілдерге қызығуды қойып, әуелі өз тілімізді дұрыстап тексеруіміз керек. Шындап тексерсек, қазақ тілінің өзінен пәнге жарайтұн көб сөздер табылады. Қазақ тілінен табылмаған сөздерді басқа түріктерден алу керек. Нәзірдің: Жат сөздерді асылын өзгертпей алу керек - деуі қата. Біз тілімізге жат сөз кіргізгенде, оның түбірін ғана кіргізуіміз керек, - жана түбірінің өзін де қазақ тілінің заңдарына келтіріп өзгертіп алуымыз керек. Жат тілдің жұрнақтарын алудың жөні жоқ, жат тілден алынған түбірге біз өз жұрнақтарымызды жалғайтұн болуымыз керек.

Пән сөздерін қабылдау реті мынадай болуы керек: Бүтін қазақ қалқы үшін жалғыз білім кеңесі болуы керек, ол білім кеңесінің жанында әр пәннің мамандарынан сайланған кемесіерел болуы керек; пән сөздер әуелі тиісті кемесіиенің сынына түсіп, оның қабылдап алған сөздері баспа сөз жүзінде жариаланып, көптің талқысына түсуге тиіс; ол пән сөздер сонан соң ғана барып білім кеңесінің қарауына түсіп бекіліп шығуы тиіс.



**Ишанғали:** Пән сөзін қазақ тілінен, онан табылмаған күнде жалпы түрік тілінен алу жолын қуаттаб, - қазақша лұғат кітебін жазып шығару керек екенін - айтты.

**Манан:** Тартыстың созылыб кеткен себебі - баяндаманың толық болмағандығынан деп жаңадан баяндама жасауын тіледі. Мәжіліс ағасы **Ишанғали:** Баиандама толық болмады деу қата. Мананның қанағаттанбаған мәселелері болса, - ол тұуралы баиандаушы қорытынды сөзінде ашып айтуы мүмкен. Сөз сұраушы ешкім жоқ; Сондықтан енді Елдес қорытынды сөзін сөйлейді.

**Елдес:** Пән сөзі тақырыбты негізгі жолымыз қандай болуға тиіс екенін мен баяндамамда айтып өттім; Оны қайта айтудың қажеті жоқ. Сөйтсе де Мананға жауап бермей болмайды. Мананның: "пән сөздерін қайдан аламыз?", "не түрлі етіп аламыз?", "жат сөзді алғанда кімнен аламыз?", "тіл іздегенде кімнен іздейміз?", "жат сөзді алғанда қалайша етіп аламыз?" - деп жауап күткен сұраулары дұрысында толыб жатқан сұрау емес, сөзді түрліше құрастырып, қайта қайта айтқан екі ақ түрлі сұрау. Мұның біреуі "не түрлі етіп аламыз?" бен "жат сөзді алғанда қалайша етіп аламыз?" - деген сұрауға жауап болды, - оны Мананның өзі айтып өтті. Мананның басқа сұраулары: Жалпы түрік тілімен иаурыпа тілінің қайсысына артық баға беру керек деген сұрау. Меніңше баяндамада бұл сұрау да жауабсыз қалған жоқ еді. Пән сөзі тақырыбты негізгі жолымыз: Оның қазаққа, - жалпы бұқараға түсінікті болуы, қала берді: Тіліне жеңіл болып, құлағына ерсі болмауы. Пән сөзін әуелі, прансуздан іздейміз, онан табылмаса, немістен іздейміз, - онан табылмаса, қытайдан іздейміз, - деген сықылды, жер жүзіндегі тілдердің бәрін бағалаб, алдын ала реттеп қойуы мүмкен емес. Қазақ тілінің заңына келмейтүн ноғай сөзімен қазақ тілінің заңынша өзгертіп, жалғау, жұрнақтар жалғауға келетүн тілге жеңіл, құлаққа жайлы қытай сөзін салыстырып таңдайтүн болсақ, - меніңше: Қазақ тілінің заңына келетүн қытай сөзін алу керек.

Қазақ тіліне жаңа сөздер кіргізгенде, ең әуелі ол жаңа сөздің қазаққа жат болмау, бұқараның тіліне ауыр болмау, құлағына ерсі болмау жағын қарастыру керек. Бұл шартқа келмеген сөз: Түрік сөзі болса да, қытай сөзі болса да, - қазақша сөз болуға жарамайды.

Біздің бұл білімпаздар сіезі сықылды сіездің тексерген мәселелері жалпы, негізгі түрде ғана тексерілуге тиіс. Сондықтан баяндамада жалпы түрде жасалды. Қай жұрттың тілі бірінші орында, қайсынікі екінші орында болуға тиіс екендігі айтылған жоқ.

Сөйтседе, сіезде: Қазақ тілінен табылмаған сөзді әуелі басқа түріктерден іздеу керек деген жоба көп айтылды. Бұл жоба тақырыпты менің айтатұным: Басқа түріктерден, - олардың жазылған кітебтерін түсіне алмастай болып, - алыстап кету жарамайды; сондықтан басқа түріктерде бар сөзді шеттен іздемеу керек деген жоба қыйсынды; бірақ түрік қалықтарының бәрінің пән сөзі бір емес: Өзбек, бұқаралық сықылды елдердің тіліндегі сөздердің көбі парсы сөзі, азырбайжан, оспан түріктерінің пән сөздері көбіне арабтан алынған, ноғай тілінде араб, парсы, орыс сөздері - бәрі де бар, сондықтан басқа түріктердің сөзі дегенді: Түрік қалақтарының бәріне ортақ жалпы түрік сөзі болмаса, - түрік қалықтарының кез келген біреуінде бар сөзді жақын көрудің қыйсыны болмайды. Қазақта жоқ сөзді басқа түріктерден іздеу керек - деген жобаны: түрік қалықтарының бәріне ортақ сөздерден іздеу керек - деп түсіну керек.

Барлық қалықтарға ортақ сөздерді жатырқамау керек - деген дұрыс, бірақ жат сөздерді жалпыға бірдей деп, жат түрінде алуға болмайды, - қазақ тілінің заңдарына келтіріп, қазақтың өз сөзіне ұсатып алу керек.

Қазақша түбір сөздерге жұрнақ жалғап жаңа сөз шығару, жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде қалайша өзгертіп кіргізу тақырыпты менің жобаларыма қарсы сөйлеуші болған жоқ. Сондықтан ол жобалардың осы сіез қаулысы есебінде қабылдануын тілеймін.

## **Сйез пән сөздері тақырыбты бұлай қаулы қылады:**

1 - Қазақша пән сөздері қазақтың өз тілінен алынатұн болсын. Қазақша сөзден, түбірге жұрнақ жалғап, жаңа сөз шығарғанда, - жұрнақтарды Елдестің баяндамасында айтылған жолмен талғап алуға тиіс.

2 - Қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздер, басқа түрік қалықтарынан ізделсін; басқа түріктер тіліндегі пән сөздер - жалпы түрік сөзі болып, жат тілдің әсерінен аман болса, - ондай сөздер жатырқамай алынсын.

3 - Иаурыпа қалықтарының бөрінің де сіңіп кеткен жалпы жұртқа ортақ пән сөздер, қазақ тілінің заңдарына келтіріліп, бізге де пән сөз болып алынсын; ондай сөзге мағанасы дәл келетұн қазақтың өз сөзі болса, - жалпы иаурыпа сөзімен қазақша сөз, түбінде екеуі жалпы қалықтың талғауына түсіб, қай қолайлысы алынатұн болу үшін, екеуі қатар жазылып отыратұн болсын.

4 - Қазақтың өз тілінен басқа тілдерден алынған пән сөздер қазақ тілінің баяндамада байналаб көрсетілген заңдарынша өзгертіп алынсын.

5 - Қазақша пән сөздерін тексеріп қабылдап алатұн орын, - қазақша білім кеңесі, - жалпы қазақ қалқы үшін жалғыз болсын; пән сөздер әуелі білім кеңесінің жанында әр пәннің мамандарынан сайланған, әр пәннің өзіне дербес кемесіелерде тексерілетұн болсын; кемесіенің қабылдап алған сөздері баспа сөз жүзінде жарияланып, көбтің сынына түскеннен кейін, білім кеңесінің қарауына табысырлап, сонан бекіб шығатұн болсын.

6 - Қазақша сөздер әлібби ретімен тізіліп, лұғат кітебі болып жазылып шығарылсын.

Қазақ білімпаздарының тұңғыш сйезі.  
(Сйез материалдары. Араб графикасында).  
- Орынбор, 1925. - 120 бет.

Қазақ білімпаздарының тұңғыш сйезі.  
(Сйез материалдары. Кирилл әліпбиіне түсірілген нұсқасы).  
- Астана, 2005. - 144 бет.

## Түзеу

"Қызыл Қазақстан" журналының 19-21-інші сандарында қазақ ғылым-әдебиет кеңесінің қарап алған пән сөздері басылған еді. Бірақ көп сөздер орасан бұзылып басылыпты. Соның үшін ғылым-әдебиет кеңесі хата басылған сөздерді дұрыстап газетке жариялауды мақұл тауып, осы түзетуді басып отыр. Басқа жерлердегі қазақ газеттері де осыны жарияласа екен.

Удельный вес - ұзақ

Атом - атым

Аэростат - айростат

Аэроплан - айропылан

Неравномерное движение - айнымалы қозғалыс

Неравномерно-замедленное движение - айнымалы жайылма қозғалыс

Однородное тело - бір затты нәрсе

Винт - бұранда

Целое число - бүтін сан

Равномерное движение - бір қалыпты қозғалыс

Вектор - бағытты шама

Устойчивое равновесие - орнықты жай

Неустойчивое равновесие - орнықсыз жай

Раствор - ерітінді

Десятичная дробь - ондық бөлшек

Пипетка - пипетке

Перцепция - перцепсие

Позитив - позитиф

Президиум - президүм

Потенциал - пөтенсиел

Волновая теория - толқын қисыны

Безразличное равновесие - талғау сызығы

Зубчатые колеса - тісті тегермеш  
Теорема - түйін  
Грамматика - тіл құрал  
Равновесие - жай  
Смачивание - жұғу  
Дробь - бөлшек  
Замедленное движение - жайылма қозғалыс  
Направление - жөн, бағыт  
Ворот - шығыр  
Виток, селеноил - шырмауық  
Угол отражения - шағылыс бұрышы  
Свойство - хасиет  
Опасение - қауіп  
Хлорофил - хлорофил  
Соляная кислота - хлорлы сутегі  
Воображение - хиял, хиялдық  
Диффузия - дйппоз  
Диаграмма - диағырам  
Холм - дөң  
Высота звука - дыбыстың жіңішкелігі  
Отражение звука - дыбыстың шынғырығуы  
Традиция - дәстүр  
Мир - дүние  
Степень - даража  
Рупор - рупыр  
Индуктор Румкорфа - Румкорф аспабы  
Порядок - рет  
Гемоглобин - реңк  
Наркомюст - заң кемесеріеті  
Непроницаемость - сыйымсыздық  
Водород - сутегі  
Острый угол - сүйір бұрыш

Подбор - сүрттеу  
Рисунок - сурет  
Гидравлический пресс - су қысқыш  
Описание - суреттеу  
Водоносные пласты - сулы қабат  
Водяной насос - су сорабы  
Синус - синус  
Газообразное тело - ғаз тәрізді нәрсе  
Термический коэффициент давления газов - иімділік тән өсімі  
Флюоресценция - плүрессенсие  
Сообразительность - қаһым  
Твердое тело - қатты нәрсе  
Теория - қиың, қисын  
Энергия - қуат  
Пропорция - тең-ара  
Сумма - қосынды  
Криволинейное движение - қисық жөнді қозғалыс  
Насыщенный раствор - қанық ерітінді  
Мель - қайыр  
Точка приложения силы - күш түскен  
Основание наклонной плоскости - көлбеу жазықты қабаты  
Граммфон - грамофон  
Градус - градус  
Лупа - лүпа  
Магнитная стрела - магнит тіл  
Негатив - негетіп  
Кон`юнктура - нырық  
Вера - нану  
Договор - шартты уәде

*Қазақ ғылым-әдебиет кеңесі*  
"Еңбекші қазақ", 1924, № 136

## **"Жауыздық нызамнамасы"**

Бұл кітап - "Қылмыс Заңының" (Уголовный кодекс) қазақшаға аударылғаны. Кітаптың сыртында: "тәржімасын басқарушы Жиһанша Досмұхаметұлы; бастырушы - Түркістан Республикасының Халық Комиссарлар Кеңесінің әдейі комиссиясы" деп жазылған. Кітап осы 1924 жылы Ташкентте 1000 дана болып басылған, көлемі үлкен, бет саны 54, қағазы жақсы, баспасы тәуір.

Кітапты қолға алып жібергенде, алдымен, "Жауыздық нызамнамасы" несі дегізерлік атының өзі жат көрінеді. Бұл кітап Қазақстанда да басылып шығып еді, мұндағы аты "Қылмыс Заңы еді". "Заң" - ға талас болмас. "Қылмыс" деген сөзге келгенде, оның қыртысын айналдырсақ, - жақсы да, жаман да қылмыс болады. "Уголовный" деген сөз жаман қылмысқа тура келді деуге болады. Бірақ жақсылық тексерілмейді, оның үшін ешкім жауапқа тартылмайды. "Қылмыс Заңы" дегенде, жаман қылмысты істерді тексеру жайындағы заң екені өзінен-өзі белгілі нәрсе деп түсініледі һәм жұрттың көбі осылай түсініп те жүр. Бұл сөзді Қазақстан білім Кеңесі қабылдамастан бұрын да әркім әр жерде осылай сөйлеп, осылай жазып, қазақ соттары бұл сөзді қолданып жүргенін білеміз. Сондықтан "Қылмыс заңы" бізге түсінікті де, мынау "Жауыздық нызамнамасы" жат, топас, ерсі көрініп отыр. "Нызамнамасы нызам болсын, намасына жол болсын" дегіміз келеді.

Кітапты ақтарып, әр жерін көзбен шолып өткенде, жалғыз бұл "нама" емес, өзге "нама"-лар да толып жатыр екен. Мәселен: міндетнама, еғланнама, мағлұматнама, жазанама, куәнама, өтірікнама сияқты. Бұл неғылған қаптап кеткен "нама" екенін түсіне алмадық. Түркістан қазағы "жаза, заң, нызам, куәлік, өтірік" деген сөздерді "нама"-сыз-ақ айта білетін еді. Тегінде, бұл "нама"-ларды аударушы өз жанынан қосып жіберсе керек.

Енді өзге жағына келелік. Кітаптың бірінше бетінен-ақ орысша мағынасына үйлеспейтін немесе осы кезде қазақ әдебиетінде қолданылмайтын сөздер ұшырай бастайды, мәселен: "астанаға хауіпті...", "әр жердің ұлұғатына қарай...", "комитет райысы...", "хұқұқи халық комиссары.." деген сияқты.

Осы бірінші беттің өзінің ғана табылып отырған сөздерге қарағанда, бұл кітапты орысшадан бір-ақ кісі аударып, оның фән сөздері дұрыс-терісін, өзге қателіктерін қараған, сынаған, түзеткен көлденең адам иә білім комиссиясы сияқты ұйым болмаған-ау деген ойға келесің. "Тәржімасын басқарушы-жиһанша" делінсе де, о да аударушыға сеніп, қарамаған түрі бар. Әйтпесе, "хұқұқи комиссар" сияқты сөздерге Жиһанша да қол қоймас еді.

Бұл кітаптағы қате сөздерді, теріс мағыналарды бас-басына тексеруге, бөріне толық, түгел дәлел келтіруге газетке арналған мақала сыйғызатын емес. Сондықтан әр жерінен теріп, аз мысалдар көрсетіп қана өтеміз.

Заң бұрмалауға көнбейтін, айқын, бір мағыналы, тілі жатық, сөз тізімі қазақша болу керек еді. "Я вызван в суд для дачи показания" деген сөйлемді біреу олақтықпен "мен шақырылдым сотқа беру үшін куәлік" десе, иә болмаса "таймнер под суд попал (деген сөйлемді "Таймінер сот астына түсіп кетті" десе, мұнысы қазақша болмас еді. Қазақ тілін бұзған болар еді. Бізде осылай аударушылар жоқ емес. Бұ секілді сөзге-сөз мағына беру осы "Жауыздық низамнамасын" аударушы жолдастан да табылатын көрінеді. Мәселен, ол "Жаза екі жылдан кем емес уақытқа қысымшылық ажырату мен кіріптарлыққа дейін көтеріледі" дейді 157-статья. Бұл не деген сөз?

- "Екі жылдан кем емес уақытқа" дегеннің орнына "кемі екі жыл" деген әрі жатық, әрі қысқа, әрі қазақша емес пе?

"Қысымшылық ажыратумен" дегенге кім түсінеді?

- Бұл орысша "со строгой изоляцией" деген сөзді қаймағын бұзбастан аударып салғаны. Оның орнына "оңаша қатаң ұстау" делінсе қазаққа түсінікті болар еді. Мағынасы да дұрыс.



"Жаза көтеріледі" дейді.

- Мұнысы "жаза ауырлайды, жеңілденеді, арттырылады, кемітіледі" дейтін емес пе еді.

"Бағу астынан тұтқындарды босатқандарға" дегені тағы бар (94-статья).

- "Бағу астынан" деп отырғаны орысша - Из-под стражи. Бұл "сот астына түсіп кетті" деген сияқты ғой.

"Жазаның ұрулары (рулары)..." деп те жібереді (9-бет).

- Мұнысы орысша - Роды наказаний. Жазаның ұруы (руы) бола ма екен?

120-статьяда "С целью возбуждения суеверия в массах населения" деген сөздер бар. Аударушы мұны: "қара бұқараның болмашыға сенімін көтеруге" дейді. Бұған қара бұқараң түгіл оқымыстыларын түсінер ме екен?

93-статьяда "Взрывчатые вещества" дегенді "жаратылатын нәрселер" деп қойған.

Жаратылатын нәрсе аз ба? Жұмыртқа да жарылады. Мұз да жарылады. Сойылмен салып қалса, адамның басы да жарылады...

Тіл бұзу деген, жігіттер, міне, осындайдан шығады. Әйтпесе, біздің тілімізді бұзу үшін бір жақтан әдейі ешкім аттанып келмейді.

Енді мағынасы теріс аударылған немесе керекті сөздері тіпті қалып қойған статьялардың бірнешеуін көрсетіп өтелік.

6-статья. Мұнда: "жауыздық деп... кеңес құрылысының негізіне һәм астанаға хауіфті істелген һәм істелмеген істер саналады" дейді.

- Кеңес құрылысының негізіне "хауіфті істелген" істер жауыздық екені рас, ал "істелмеген" іс қалайша жауыздық екені рас, ал "істелмеген" іс қалайша жауыздық болады, "істелмеген соң іс бола ма? Мұны аударушы олақтықпен, не орысшасын түсінбегендіктен, теріс жазып отыр. Мұның жазуына қарағанда, біздің қазақтар соттар хауіпті ешнәрсе істемегендерге де жаза салуға тиіс болып шығады. Дұрысында, мұның орысшасы - общественно-опасное действие или бездействие, яғни халыққа хауіпті іс істеу

немесе тиісті істі істемегеннен халыққа қауіп-қатер келу мағынасында.

10-статья, "... низамнама" ішінде айтылған: "ұқсас жауыздықтың жазасы салынады" дегенде, "Предусматривающих наиболее сходные по важности и роду преступления" деген сөздер қазақшаға тіпті аударылмай қалған. Осыдан бұл статьяның мағынасы анық өзгеріп тұр. Бұған қарағанда, қазақ соттары мынау жауыздық деп бет алдына айдай беруге болады. Қалай ұқсас, қай жағынан ұқсас болатын мағына қазақшасында жазылмай қалған.

21-статья. "... Жауыздық істердің жазасы бір жылдан артықтарының..." делінген. Мұнда "істердің" деген сөздің артында "ең ауыры" деген сөз қалып қойған. Бұдан екінші мағына туып кетеді. Орысшасында қалып отырған "как высшее наказание" деген сөздер. Ал законда "бір жылдан артық, үш жылдан артық, бес жылдан артық" деп келеді. Сондықтан "жазасы бір жылдан артық" деген мен "жазаның ең ауыры бір жылдан артық" дегеннің айырмасы зор. Бұ да қазақ соттарын адастыратын үлкен қате.

93-статья. Мұнда "сбыт" деген сөздің қазақшасы жоқ. Бұлай болғанда, мәселен, рұқсатсыз мылтық, зеңбірек тұтынушыны иә сақтаушыны жазаландыруға болады, бірақ ондай нәрселерді сатушыға иә қолдан-қолға өткізушіге ешнәрсе болмайтын болып шығады. Бұл қате, сбыттың түсіп қалуынан бұл статьяда осындай кемшілік бар.

Енді шарифатқа келу турасындағы жауыздықтар деген бабына келелік.

171-статья. Бұл статьяны дәл былай аударған: "ойнас үшін жеңгелікке жүргенге (әйел тауып берушілерге), долқ (әйел ұстаушыларға - автордың өзі берген түсініктеме) ұстаған һәм әйелдер жинағанға малы бүтінде иә жарым жартысы қазынаға алынып, 3 жылдан кем емес уақытқа кіріптарлық бұйырылады".

- Бұл статьяны қазақ не деп түсінеді? Бұл талайдың төбе құйқасын шымырлатар. Ойнас қылған иә жеңгелікке жүргендер малынан айырылып, кемі үш жыл тұтқын болады дегенді біліп

алған соң, елдегі соғылған шолақ закондер пәленшенің қатыны ойнас қылады, түгеншенің қатыны жеңгелікке жүреді деп арызды беріп қалса, бұған сот не істейді? Бұл арызды қарамасқа 171-статья бойынша айыпталушыны жауапқа тартпасқа, мойнына түссе, жаза кеспеске шарасы бар ма? Міне, олақтық. Проституция деген сөзді қазақша аударма алмағандықтан туып отырған шатақ. Законы осылай аударма ма екен?..

"Жауыздық нызамнамасын" қазақ берсек, қателері шыға беретін.

Енді бұл туралы айтар сөз мынау. Алдымен бұдан былай Түркістан совнаркомының қасындағы қазақ-қырғыз тілін іске асырушы комиссия сақ болуы керек.

Екінші - бұл кітап әуелден-ақ басылатын жөні жоқ еді. Өйткені Қылмыс Заңы Орынборда қазақшаға аударылып болып, басуға күздігүні берілгендігі. Ақ жолдың 3 ноябрьде шыққан 265-санында жарияланған еді. Түркістан Заң комиссариаты бұл кітаптың басылып шыққан соң 5000 данасын сұрағандығы да сонда айтылған еді. Қылмыс Заңын қазақшаға аударушы Қадірайұлы Сейдәзім екендігі де сонда көрсетілген еді. Сейдәзім законның мәнісіне, рухына жақсы түсініп аударма алатындығын Түркістандағы азаматтардың бірсыпырасы білетін еді. "Қылмыс Заңы" Орынборда өткен 1923 жылда басылып та шығып еді. Енді соның бәрінің атынан 1924 жылы мынадай "Жауыздық нызамнамасы" шығып отыр. Сейдәзімнің кітабы мен мұның тәржімасын салыстырып, бұдан Сейдәзімдікі нашар болғанда ғана мұныбасу керек еді. Қанша пұл, қанша қағаз, қанша еңбек босқа кетіп отыр.

"Енді бұл кітапты не қылу керек?" деген сауал болар.

- Бізден сұралатын болса, бұл "Жауыздық нызамнамасы" қолдануға анық жарамайды. Бұл кітап сот-тергеу мекемелерін адастырады. Бұл кітап қазақтың тілін бұзады. Сондықтан бұл кітапты доғару керек. Әсіресе, закон болғандықтан доғару керек.

*Мадияр.*

"Ақ жол" 1924 ж., № 436

## **Баяғы "Жауыздық нызамнамасы"**

Ақ жолдың 436-санында Ташкентте басылып шыққан Жауыздық нызамнамасының қателерін көрсетіп, сөз тізіміне қарағанда, - қазақтың тілі бұзылатындығын, мағынасына қарағанда - бұл заң соттар қолдануға жарамайтындығын жазып едік. Бұл туралы Түркістан Заң комиссариаты мәжіліс шақырып, сонда менің сөзімді тексеріпті.

Ақ жолдың жазуына қарағанда, біздің түсінгеніміз Заң комиссариатының адамдары мәжілісте Жауыздық нызамнамасын дұрыстаған да, дәлелмен қорғай алмаған, тек мекеме намысына ара түсіп, қараны ақ дегенге ұқсайды.

Мен басында бұл кітапты сынағанымда, өзі закон болған соң орасан қателерін көрсетуді, сонымен қазақ соттарын теріс билік айтудан сақтандыруды көздеген едім. Бірақ заң комиссариатының мәжілісі менің сынымды әділ қарамағандығын Ақ жол жазып та отыр. Мұның растығы 449-сандағы Оразайұлы Әбдірахманбектің жауабынан да көрінеді.

Әбдірахманбек Тіл бұзу деп орыс тілі мен қазақ тілін салыстыруды айту керек дейді. Орыс тілін қоспай-ақ, Жауыздық нызамнамасындағыдай жаза екі жылдан кем емес уақытқа қысымшылық ажырату мен кіріптарлыққа дейін көтеріледі дейтін болсақ, қазақ тілі бұзыла ма, жоқ па, оны оқушылар сынай жатар. Бірақ қазір әңгіменің маңызы тілдің жатықтығында, пән сөздерінің дұрыс-терістігінде болмай барады. Ол жағын әзір қоя тұралық. Өзге жағы жетісіп, жалғыз бұл кемшілікке тірелген еш нәрсе жоқ, бұрынғы мен көрсеткен қателердің Ташкент мәжілісі бірде-бірін бекерге шығара алмаған.

Менің мағынасы қате деп көрсеткенім 171, 94, 21, 10, 6, 9, 120-статьялар еді.

1. 120-статьяны жүдө қарамаған.

2. 9-статьядағы взрывчатые вещества дегенді жарылатын нәрсе деп қате аударған болса, енді ол туралы айтып отырғандары, бұған тура келетін қазақ сөзі жоқ дейді. Сөз ұзартпау үшін бұл статьяның қандайлық дұрыс аударылғанын Сейдәзім жазған Қылмыс Заңынан оқушылар көрсе екен деймін.

3. 6-статьяда жауыздық деп... Кеңес құрылысының негізіне һәм астанаға қауіпті істелген һәм істелмегенін істер саналады дегені қате деп едім. Әбдірахманбек бұ туралы менің білмейтіндігімді дәлелге келтіріп, низам бойынша іс істелмегеннен қауіп болса, жаза әбден бұйырылады дейді. Менің айтқаным да осы емес пе еді. Мен бұрынғы мақаламда халыққа қауіпті іс істеу немесе тиісті істі істемегеннен халыққа қауіп-қатер келу мағынасында, - деп жазғамын. Енді менің өз сөзімді өзіме шоқпар қылып жұмсағанша, Жауыздық низамнамасындағы астанаға қауіпті істелген һәм істелмеген істер дегенді түзетсейші, сөйтіп, қатені қате десейші.

4. 10-статьяда ұқсас жауыздық деген де қойған, наиболее сходные по важности и роду преступления деген сөздер қазақшаға аударылмай қалып қойған десем, бұған қарсы Біздікі дұп-дұрыс, орысша бабының пиғылынан кемісі жоқ, қалай ұқсастығын сұрау орысшасында жоқ һәм көрсетілуге мүмкін емес дейді. Орысшасында барлығын бадырайтып жазып отырмын, бұрын да жазғамын, бұның қазақшасы - маңызына, түріне қарай артықша ұқсас қылмыстар деген сөздер. Бар нәрсені жоқ деп немесе ой жотамен оның кемісі жоқ дей ме екен. Осындай қатені де мойындамай отыр.

5. 21-статьяда как высшее наказание қазақшасы жазаның ең ауыр түрі деген сөздер қалып қойған десем, жазаның ең ауыры дегеннің керегі жоқ, ең ауыры десек, атуды айта ма деп ойға қалуға мүмкін дейді. Мәселен, жазаның ең ауыры бір жылдан артық еркінен айыру дегенде, қалайша атуды айта ма деп ойлауға болады. Оймен жүріп законның мағынасын өзгертуге, сөздерін

тастап кетуге бола ма екен. Законда артық-кем сөз болмайды деп Әбдірахманбектің өзі де айтып жүр.

6. 94-статьяда **сбыт** деген сөздің қалғандығын көрсетіп едім. Әйтеуір бұған дау айтпапты. Сонда да бұл баспахананың қатесі деп құтылыпты. Жарайды солай-ақ болсын.

7. 171-статья протитуция жайынан еді. Бұл туралы бұрынғыдан да жаман сорақысын шығарыпты. Оны кейін айтармын. Осының бәрін көре тұра, Жанша мен Әбдірахманбек Мадияр өзі юрист болмаған соң, түсінбей, теріс түсініп отыр, законды юристер ғана түсінеді дейтін көрінеді. Менің юрист емес екенім рас. Бірақ мұндай қаны сорғалап тұрған қатені көрмейтін кеше аз болар деймін. Бұлардың мұнысы ескі молдадарша, Құранда осылай деген, ол Құдай сөзі деп, ешкімнің аузын аузын аштырмау ғой. Олардың ойынша закон деген нәрсе айдалада ақ отау, аузы-мұрны жоқ отау. Бұған ешкім кіре алмайды деген сықылды. Законге өзгелерден гөрі юристер жетік екені рас, бірақ юристерден басқа жан түсінбейтін болса, ондай законды өртеп жіберу керек емес пе. Закон деген нәрсе, дұрысында, халықтың тұрмысынан, салтынан алынған емес пе, халыққа ол қалайша түсініксіз болады?

*(аяғы бар)*

*Мадияр.*  
"Ақ жол", 1924 ж., № 463.  
Міржақып Дулатұлы

## БАЯҒЫ "ЖАУЫЗДЫҚ НИЗАМНАМАСЫ"

(баяғы өткен санда)

Әбдірахманбек тағы да: "Тәржіманы сынау, біздің ойымызша, өзiрге ерте; бұларды сот мекемелері қолданып, түсінбей қате үкім салса, сонда кемшіліктері анық білінеді. Нағыз сынау, түзетуді мұқтаждықпен сонда көреміз" дейді. Әбдірахманбектің мұнысы: әуелі соттар қателессін; билік айтқанда, ақты қарайтсын, қараны ағартсын, сонда көреміз дегені ғой. Жоқ, мен: олай болмасын, аударушының кесірінен ешкім де нақақтан күймесін, ешкім де қарадан ағармасын, көрініп тұрған қатені осы бастан түзету керек деймін.

Және де бір сөзі екінші сөзіне қайшы келіп, өзін-өзі ұстап беріп отырғанын Әбдірахманбек байқамайды. Мәжіліс атынан ол: кітаптың қатесі жоқ дейді де, "бірақ жалғыз-жарым қате басылғандарын тізіп қосу керектігі көрсетті" дейді. Өздерін ақтау үшін айғақ қылып мұсылман күншығыс жұрттарының өкілдеріне сынатады да, кітапты бұзған баспаханадағы басқа ұлттардың адамдары екен дейді.

Кітаптың баспахана жағынан абайсыз кеткен қателері сол кітап тарамай тұрып, аяғына тіркелуші еді. Олай етілмеген. Енді соңынан қатесін біреу көрсеткенде, алғыс айтудың орнына, дау шығарып, қате өзіміздікі, өзіміз тізіп қосамыз дейді. Солай-ақ болсын. Әйтеуір қате түзелсін.

Бірақ қателер түгел түзелмейтін болып отыр. Өйткені жоғарыда көрсетілген қателерді әлі мойындаған жоқ, сол қате күйімен қалып отыр. Өйткені жоғарыда көрсетілген қателерді әлі мойындаған жоқ, сол қате күйімен қалып отыр. Оның үстіне тағы дертке дерт жамап алып отыр. Онысы ойнас туралы.

Әбдірахманбек жауабында қазақта проституция барын ыспаттап: "Ойнас үшін жеңелікке жүруді орамал алса да, алмаса да, басқа пиғылмен болса да, низам жауыздық деп санайды, бұл қазақ ішінде

көп болса да, не қылармыз - низам жауыздық деп отырған соң, мадиярға жақпаса, жалпы Ресей Орталық атқару комитетіне өтініш етсін, бұл низамың бізге қолайлы емес, мұны қалдыр иә бұз деп" дейді.

Бұрынғыдан да жаман сорақысын шығарды дегенім осы. Қазақта проституция бар деп Әбдірахманбек пен Жаншадан басқа қанша қазақ айтар екен?

Проституцияны қазақ "жез өкше" дейді; мұның мәнiсi - әйелдiң денесiн сатуы, соны кәсiп қылуы деп түсiнушi едiк, мұндай кәсiп қазақ өмiрiнде, бiздiң бiлуiмiзше, жоқ едi. Менi Ресейдiң Орталық комитетiне жұмсағанша, Жанша мен Әбдiрахманбек әуелi "жезөкшелiктi" қазақта бар қылып берсiншi. Егер бұл пәле жұрттың арасында әлi жоқ болса да, қазақ соттары елдегi ойнас қылған, жеңгелiкке жүрген әйелдердi жауапқа тартатын, жазаға бұйыратын болса, "Жауыздық низамнамасы" үшiн Әбдiрахманбек пен Жанша ұялмай ма.

Менiң соңғы сөзiм:

Жанша мен Әбдiрахманбек сықылды: "қазақта "жезөкшелiк" бар" деушiлер болса, газет жүзiнде пiкiрлерiн бiлдiрсе екен; және де "Жауыздық низамнамасындағы" мен көрсеткен өзге де қателердi де бекер деп айтса екен. Бұрынғы қателердi де, мынау ойнас туралы қатенi де Түркiстан комиссариаты түзеуге тиiс; немесе бұрынғы қателердi толық дәлелдермен жоққа шығарып, қазақ жұртында "жезөкшелiк" барлығын ыспаттап, заң жолымен жариялау керек. "Жауыздық низамнамасы" сонда ғана дұрысталады; бұл күйiнде тұрғанда, Жанша мен Әбдiрахманбек қалай бұлтарса да, қолдануға жарамайды.

*Мадияр.*

"Ақ жол", 1924 ж., № 464



## **ҚАЗАҚ ТІЛІН ЖҮРГІЗЕТІН КОМИССИЯНЫҢ ҚҰЛАҒЫНА АЛТЫН СЫРҒА**

Қазақ тілі мемлекет тілі болды, енді заң-закон, бұйрық-жарлықтың, кеңсе істерінің бәрін қазақшаға айналдырамыз деп талпынғанымызға талай жыл. Қазақ тілін жүргізу үшін орталықта дербес комиссия да құрылды. Бірақ орталық комиссияның өзі болсын иә жер-жердегі бөлімдері болсын, қазақ тілі қалай жүріп жатқанын жете тексеріп отырғандығына шегіміз бар. Комиссия ел арасында істер түгіл, орталық мекемелердің өзінде не болып, не қойып жатқандығын да білмейтін көрінеді. Мұның растығына ішкі істер комиссариатының бір жарлығын (приказын) оқушылардың алдына тарталық. Бір жарлықты Қызылорда болысының төңкеріс комитеті алғаннан кейін, көшірмесін куәландырып, қарауындағы 4 ауыл аткоміне қолданып, орындап тұрмаққа жолдаған екен. Қызылорда қаласының көшесінде: "Шырағым, мынаны бізге түсіндірші, өзіміз не екенін біле алмай қойдық" деп, әлгі жарлықты қолына ұстап жүрген қазаққа кездестік. Бірақ жарлықтың тіліне біз де түсіне алмадық. Содан кейін қазақ деген бірсыпыра елміз ғой, көп ішінен бір зерек табылар деген үмітпен мұны газет жүзінде жариялауды лайық көрдік. Оқып қараңдар, бір сөзі өзгертілген жоқ. Жарлық мынау:

### **ПРИКАЗ:**

Ішкі істер халық комиссариатының бөлімінің бастығының, 70 санды 15 июльдегі Осымен мәлім қылады қолданып орындап тұрмаққа дайындалған инструкторияны бұл инструктория қабылдаған халық комиссар, халық соты, жер, су бөлімінен, денсаулық бөлімінен 1. кімге қай бөлімнен бұйыратын міндетті жұмыс Сәлсәбет, ауылатком дайындалады. Халық ортасынан міндетті жұмыс

сәлсәбет бұйырады. өзінің қол астындағы отырғушы граждандарға Сәлсәбет ауылатком дайындалады яки сайланады. әр төрт айдан бұрын өзінің айналасындағылар мен екі рет бір айда бір адам екі рет сайланады. Реттесіп үй басына барлық сәлсәбет ауыл аткомдары сайлайды. Ерке болса 20 жас пен 50 жастың арасында болса, 20 жас пен 45 жастың арасында болса әйел сайланады. Егер де Сәлсәбет ауылаткомдарға қарсылық қылған адам болса ол уақытта Сәлсәбет ауыл атком 79 уголовный статьяға муашық айыпты қылып ұстайды. Сәлсәбет ауыл аткоммен ыхтиярсыз кетуге болмайды. өзінің қармағындағы Сәлсәбет ауыл аткомына бағынады. Сәлсәбет өзінің халқының тыныш болуы үшін нағызына қолын қойған копия дұрыс көшірілді, деп Қызылорда больревком іс басқарушысы Садақбаев. Қызылорда болысының төңкеріс комитетінен ауыл аткоміне.

25.VIII-25  
исх. № 429

Осының сыртындағы приказды қолданып орындап тұрмаққа  
Қызылорда ревком жауапты хатшысы Үдәрбайұлы.

*Іс басқарушы Садақбаев*

Міне, осы да қазақша ма? Бүйтіп қазақшалағанша, орыспаласа біреу оқыр еді. Түсінер еді. Бұл приказ бүкіл Қазақстан еліне тегіс жайылады ғой. Мұндай приказ біреу ғана емес, осы сықылды талай "қазақша" жазулар елдерге тарап кеткен шығар. Осы күнде де жазылып жатқан шығар.

Қазақ тілін жүргізетін комиссия болсын, өзге мекемелер болсын, мұндай сорақы іске көзінің қырын салмаса, әрі-беріден соң, "қазақшаң мынау болса, орыс болып-ақ кетелік" деушілер табылмай ма? Сонда не бетімізді айтамыз?

*Мадияр.*

"Еңбекші қазақ", 7 қыркүйек 1925 ж., № 364

## Ескерту"-ге (Ұсыныс ретінде)

"Еңбекші қазақтың" 150-інші нөмірінде Сәкен жолдас "интернационалдың" қазақша мағанасын түсіндіріп, "жалпы ұлттар" деп, интернационалист" - жалпы ұлттаршыл, "ұлттаршыл" деу тиіс деп отыр. Менің ойымша, "ұлттаршыл" деген интернационалдың негізге бара бар болып шықпайды-ау деймін.

"Интернационалдың" тарихын алып қарасақ көрінеді - 1864 жылы Лондонда Кермение, Англие, Франсие һәм ғайры мемлекеттердің жұмысшыларының уәкілдері жиналып, жер жүзінің жұмысшыларының серіктігін ашып (международное товар. раб.) "1-інші интернационал" деп атақ берген. Сол себепті интернационалдың мағнасы - жалпы ұлттардың жұмысшыларын, бейнетқорларын бірдей көретін, бірдей сүйетін деген сөз. "Жалпы ұлттаршыл", "ұлттаршыл" дегенде, жұмысшыларда һәм олардың қақын сорған байлар да бірге кетеді ғой, сол себепті бұл сөздің тарих жүзіндегі негізін, дәнін жоғалтпау үшін қазақшаға аудармай, "интернационал" интернационалшылдар деп қазақ тілінде де сөйлеу тиіс деймін.

Бұл пікірді тағы қостаушы дәлел мынау:

"Интернационал" деген сөз франсоз тілінен алынған һәм бүгүнге дейін осы күйде басқа тілдерге аударылмастан, жер жүзіне жайылып сөйленіп келе жатыр. Менің ойымша: бұған ғайры да тарихи саяси сөздерді (коммунизм, сотсиализм, пролетариат һәм ғайры) қазақша мағанасын гәзетке жорналдар жүзінде толықтырып жазып жариялағаннан кейін, қазақша ат бермей-ақ сол күйінде алу керек деймін.

Бұның қақында жолдастардың пікір алмастырғанын тілеймін.

*Ай. Касаболатыф*

"Еңбекші қазақ", 1925, № 152

## Кітап сыны. Жаңа кітап

*А. Багданұп.* Тұрмыс жүйесі білімінің қысқаша курсы. Қазақшаға аударушы Шонан ұлы Телжан. Басқан Қазақстан мемлекет баспасы. 326 бет. 1924 жыл.

Біздің кітап оқып көрмеген, үлкен кітап көрсе жатырқап, құдыққа келген күйлі жылқыдай оскырып тұратын оқушыларымыз кітапты оқып көрместен бұрын, осы кітаптың сөзі түсініксіз екен деп жала жауып жүр.

Бұл кітаптың сөзі түсінікті, Телжан орыс кітаптарын қазақшаға аударуға шебер. Бұл кітаптың сыры біздің қазақтың ойына жат. Мұндағы ойды қазақ баласы емес, тұрмысты ақыл талқысына салып, біздің қазақ бойлаған емес. Кітаптың қиын көрініп тұрғаны кітаптан емес, кітаптың қазаққа негізі, сыры жаттығынан.

Бұл кітаптың басы шаруа тарихының еңбектеп, тәй-тәйлап өсіп келе жатқан дәуірі қазаққа ұғымды, қазақтың тұрмысы өзі осы дәуірдің шет жағасында болып, жаңа-жаңа өзге дәуірдің желісіне шығып келеді. Тұрмыс - мен мұндалап тұрғанды кітап жетелеп жібереді.

Капитал дәуіріне жеткенде, қандай шебер адам болса да, шаруашылық жүйесінің білімін осы күнгі жалпы қазаққа түсіндіре қою оңай емес.

Капитал күнде сөйлеп жүрген сөзімізше, аша мағанасында. Бұл капиталдың, құлық-мұрынын кескендей, шолақ мағанасы. Оң жүз мыңдаған жұмыскері бар зауыт, фабрика, неше қабат тас үй, қамшы, айылдың шеттігі, тұтқыш, қазанғап, терлік, тамақ - бәрін қорытып айтқанда, адам баласының табан ақы, маңдай терін сіңірген, адам қолдануға құл болған бұлдың бәрі капиталға жатады. Бұл саяси шаруашылық жолының беті. Капитал құнына алтын, күміс, мыс, қағаз ақша алыс, беріс ылғаз да, бексіл де кіреді.

Құдай дегенде, ауызға дұға түседі, ауыл дегенде, көзге қоралай қойған қотанды үй, топты қалың жылқы, желіге оралған құлын,

қоралы қой... елестейді. Капитал дегенде, алдына әйдік-әйдік қалалар, ондағы һешінің мойыны орғандай қатар түзеген зауыттары, фабріктер асудан асыра айдаған топ жылқыдай жөнкілген, көшеге сыймай, ит жортаққа салып жайылған, күні үшін бірінің етін бірі жеуге жауыққан адам, кедейді қойдай айдап, жалдаған жатып ішер тоққарын келіп суреттеледі.

Бір тап капиталға ие, қожа, екінші тап арқасы жауыр, төсін айыл кескен кедейдің көк шолағы, бұл сорлы күндік тамағы үшін арпалысып, жанын жалдап жүр. Адам екі тапқа бөлініп, бірінің етін бірі жеп, тартысып, таласып, жұлысып, капитал дәуірін сипаттайды. Осы дәуір бастан кешіп тұрғанда, оқушы капитал не екенін, тастаған сүйектей қағып алады.

Орыс тілін білмейтін жаңа өспірім жастар бұл кітапты жақсылап оқыса, оң болады.

Орыс тілін білмейтіндерге бұл кітаптан да мағаналы кітаптар толып жатыр. Мұндай білім жолын жақсылап үйрену үшін Пілетоп, Каутский, Маркс ақсақалдың өзін оқу керек.

### *Қыр баласы*

**Басқармадан:** Қыр баласының кей бір пікірлеріне қосыла алмаймыз. "Кітаптың қиын көрініп тұрғаны кітаптан емес, кітаптың қазаққа негізі, сыры жаттығынан" деген сөзі түгелімен дұрыс деуге болмайды. "Бұл кітаптың басы... қазаққа ұғымды" деп Қыр баласының өзі де айтып отыр.

Осы күнгі қазақ шаруасында меншіктеушілік бар, капитализм дәуірі меншіктеушіліктің барып тұрған жері, сондықтан біздіңше, "менікі, сенікісі" бар шаруашылықтың бөрінің сыры бар, бірақ түрлері басқа, тәртібі басқа. Сол себепті қазақ кітаптың сырынан жатырқамайды.

Шаруашылықтың сыры сатсиализм заманында ғана өзгереді. Үйткені сатсиализм дәуірінде меншіктеушілік болмайды. Бірінің етін бірі жеп, жатып ішер, тоқ қарын болмайды. Әрине, сатсиализм заманындағы адамға капитализм дәуіріндегі талас-тартыстың сыры жат көрінуі де мүмкін.

"Еңбекші қазақ", 1925. 2 июнь, № 336

## Кітап сыны. Жаңа кітап

*В. Томский.* Ресейде кесіпшілер қозғалысы. Қазақшаға аударушы Ешмағамбет ұлы. Басқан Қазақстан мемлекет баспасы. 59 бет. бағасы қойылмаған. 1925 жыл

Бұл кітаптың қазақшасы өте түсінікті. Ешмағамбет ұлы орышадан қазақшаға аударуға шебер екен, бірақ Томский жолдасқа еріп кетіп, оның кітапшасын өз күйінде аударған да қойған. Кітапшада толып жатқан кесте сан, сипырлар бар. Бұлар бұтасыз далада, кітапсыз қырда өскен қазақтың көзін адастырып, кітапшаны оқуды қиындатуы да мүмкін. Сипырлардың жиналғанын ғана алып, Томскийдің кітабын қысқартып, негізін қолданып, Ресейде кесіпшілер қозғалысының қысқаша тариқымен таныстыру керек еді, бұл мүмкін де еді. Тілі түсінікті болса да, бұл кітапты қатқа жаңа жанасып келе жатқан қазақ кесіпшісі мен жұмыскері оқуы қиын болар, сипыр кестесіне келгенде, адасып та кетер.

Орыс кітабын дәл өз күйінше аударып, сонымен қазақтың қараңғы еңбекшісін таныстыра қояр дем деу дұрыс емес. Кітаптың дәлелін, пікірін пайдаға асырып, оқушының кім екенін естен шығармай отырып, аударған жөн ғой.

Бұл кітапшаның бағасы көрсетілмеген. Өзі 1500 ақ болып басылған. Мұнысына қарағанда, бұл кітапты кемесериеттердің бірі тегін таратпақ болды ма екен, қайтті екен. Дұрыс кітапты жақсылап басып, ақшаға сататұн қылу ғой.

*Қыр баласы*

"Еңбекші қазақ" 1925. 14 май, № 328

## Кітап сыны. Пизикелік жағырапия

Пыропессор Гейкі. Аударушы Байтасұлы Абдолла. Түркістан мемлекет баспасы басқан. 204 бет, б. 1 сом. Ташкен, 1924 ж.

Адам баласының көріп, естіп, иіскеп, тыңдап, татып білетін дүниедегі нәрселер - көрініс пизикеге жатады. Пизике - грек сөзі. Йауропа елі бәрі сүндет ат қылып, пизикені мінген. Бізге де мінбеске болмайды. Геу - жер, грапия - жазу. Екеуі қосақталып, жер жазуы болады. Мұны сөзіміз бар біз алмасқа болатын.

Бұл кітапта ана бес күзетші бақылап білетін табиғат мүшесінің бәрі де қысқаша әдемі жазылған. Пырапессүр Гейкі Емажындау. Жаңа жат білім жолымен пайдасы болады. Білім атасы жаттау деп грек мақал айтады.

Абдолла жолдас орыс кітабын қазақшылауға шебер. Кітаптың сөзі қат білетін қазаққа түсінікті.

Бұл кітап мектеп сайын болғаны оң. Мұғалім қолына алып отырып, балаларға сабақты әңгіме қылып айтуға жақсы құрал.

Қат танытын қазақ бұл кітапты оқуы керек.

Бұрында жаңа кітапқа сын жазғанда, қалай жазылған, біздің қазақ жігіттерінің ақсай басқаны Абдолла кітаптарында кітабында да бар. Орыстың кітабын қазаққа деп өзгерткенде, Крыловтың басына тымақ кигізген Ақыметті ұмытпау керек. Қазақ түсінбейтін жерін, қалам тасырқап, өткелден өткізе алмаса, тастап кету керек.

Гейкі балаларды елендетем деп, саяқат шығады. Көше мен көпірді басып жүреді. Бұл қалада өскен Йауропаның бөлмеден басқа түк көрмеген баласына жақсы-ақ. Далаға шықса, көше баспай, қаладан шықса, көпір өтпей бұлар қайтеді?

Қазақ баласының өмір бойы саяқат, көше де, көпір де бізде жоқ, мұны Абдолла не деп қазаққа жазады?

Гейкі орыстың өзендері жазғытұры ғана суға молаяды деп, мұны кітабына екі жағынан құрсаулар ( ) кетеді. Абдолла осыны да алған. Гейкі ағылшын емес пе? Кітабы Лондонда басылған жоқ



па? Гейкі ақ шалмалы таулар Норвегияда, тағы да Гималай дейді. Абдолла да осы мен мұқтасар қылады (§§188, 139), Памир. Түркістан, Алтай, Тарбағатай қайда? Бұлар ақ шалмалы таулар емес пе еді? Абдолла жақсы жазатын жас. Өзі (§ 196) "картина", (§ 217) "мұт" (§ 107), "пұтқан" деп келеді. Бұл оқушыға түсініксіз.

Абдолла ыстақан (§ 64), тәрелке (§ 70), зырылдауық (§ 32) деп жүре береді. Ыстақанның орнына қысты күні жылы үйге алып кіргенде, терлеп қоя беретін балта, кетпен, үзенгіні, зырылдауық орнына ұршықты, тәрелкенің орнына табақты алғанда, иірген тұрғышыл жақадай жазған сөзің оқушының ойына алшысынан тұра кетпей ме.

Абдолла жылы әуеде буаз болады (§ 68). Мұны тәжірибе арқылы көрейік деп келеді. Тәжірибесінен ол көрінбейді.

Әуедегі әуеге сіңіп жүрген су, бу жылы әуе буды көп сіңіреді. Бу мұнда көп болады. Әуе суып кетсе, ондағы ұрланып жүрген әуе, тыман, бұлт көріне қалады. Бу суық әуеде будың көптігі емес, әуенің суығаны.

Абдолла кітабының басында талай жерде таза су жоқ деп жазып келеді (§ 219) де, бұлақ суы таза дейді. Шыны ішінде бір зат таза дейді. Шыны ішінде бір зат жоқ, білімпаздар қолдан істеп алған судан басқа жоқ. Бұлақ суы таза дегенге нанбаңдар (§ 231 қара), § 27 да 36 орнына 30 қате басылған.

Кітаптың аяғындағы жинақтағы мен кітаптағы сөздің бастары (§ 103, § 63) екі түрлі.

*Қыр баласы*

## Кітап сыны Жаңа кітап

Ю. Уагнер. Денеміздің түзелуі мен жұмыс қылуы туралы.

Қазақшаға аударған Досмұхамедұлы Қалел. Бастырушы Түркістан мемлекет баспасы, 126 бет, бағасы 75 тиын. Ташкент, 1924 жыл.

Біздің қазақ баласы қой соя білмесе, жылқы етін бұза алмаса, кісі санына кірмейді. Осы күнгі зерек ақыл жеңіп тапқан білімде адам да, бар жануар да бір атаға, бір тұқымға жатады. Малдың денесін ашшы шегіне дейін біздің қазақ баласы білсе де, өз денесіне шорқақ.

Адам мен жылқыны алып денесін жарыстырып салыстырсақ, ат үстінен сырттан қарағанда да, бір тұқымға екеуінің жататыны ақ пен қарадай, анық көрініп тұр: ой мен адамды да, жылқыны да ұзыннан қақ жарып салыстыршы: екеуінде де, екі жартыда бір көз, бір құлақ, екі аяқ жылқыда, бір қол мен бір аяқ адамда. Жылқының қолы мен (алдыңғы аяғы мен) адам қолын алсақ: екеуі де жауырын, тоқпан, кәрі жіліктен, бақайдан құралған. Өзге адам мүшесінің бәрі де осылай: қай мүшесін алсақ, со мүшеге қарсы - құда мал денесінен мүше табамыз.

Бұ кітапшада қазақтың жақсы тілімен адам денесінің құрылысы жазылған. Біздің қазақта дәрігер оқуын оқыған адам қолдың саусағымен саналады. Өз денесін білетін қазақта аз демек, күнә бола қояр ма екен? Қат білетін қазақ бұ кітапшаны алып оқыса, адамның дене құрылысымен танысады. Үлкен олжа болады. Бұ кітап әсіресе мектепте балаға сабақ беретін мұғалімге, оқудағы балаларға өте-мөте керек. Мұғалім бұ кітапты қолына алып отырып, балаларға сабақ беруіне өте жақсы құрал деп санауға болады. Бұ кітапты мектеп басы кітапқанада сақтағаны оң.

*Қыр баласы*

"Еңбекші қазақ", 1925. 19 февраль, № 291

## ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МҰҢЫ

(Мыңбайұлы Жалау жолдасқа)

Мен заманымда қандай едім? Мен ақын, шешен, тілмар бабаларының бұлбұлдай сайраған тілі едім. Мөлдір судай таза едім. Жарға соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім.

Енді қандаймын?

Кірленіп барамын, былғанып барамын. Жасыдым, мұқалдым.

Мен не көрмедім?

Маған әкеліп араб пен парсыны қосты. Бертін келе шүлдірлетіп ноғайды, былдырлатып орысты араластырды. Бір күндерде мені мүлде жоқ қылғысы келгендер де болды. Өліде ұшбақты болғыр Абайға өкпем жоқ. Тіріде маған ара түсушілер аз болды. Мен жылы сөзді, алдымен айналып кетейін, осы күнгі Ахмет (*Байтұрсынов. -Ред.*) деген кісіден ғана естідім.

Төңкеріске шейін көрмегенім қалған жоқ. Төңкеріс болмаса, бейшара қазақ менен айырылатын шығар деп едім.

Төңкеріс болды. Қазақтың көзі ашылды. Қазақтың көзі ашылған соң, менің күнім туды ғой деп қуанушы едім. Жаны жәндем кеткір миссионерлердің, молдалардың, тілмаштардың қолжаулығы болудан құтылдым ғой деп ойлаушы едім. Оның үстіне қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын деген заң шықты. Төбем көкке төрт елі жетпеді. Бірақ не керегі бар, босқа қуанған екенмін...

Жанның бірі теңдік алып жатқан Кеңес үкіметінің тұсында менің бұтымды бұт, санымды сан қылып, кім көрінген созғылай бастады. Өзгені не қылайын, отаршылық саясатын қолданбас-ау дейтін Білім кеңесі екеш Білім кеңесі де мені аямады. "Етістік", "сәрсендеме" деген жалаларды әкеп жапты маған. Бұйырмасын, біздің арамызда мұндай атты соғылғандар туғалы болып көрген емес. Не амалың бар? Құдай басқа салған соң көніп отырмыз. Кітаптарында, газеттерінде маған көрсетпеген қорлығы тағы жоқ.

"Қазақыландыру" деген бір пәлесі шықты да, көрген күнім бұрынғыдан да қараң болды. Бірдемені бұтып-шатып жазадыда, міне, сені қазақыландырдық дейді. Жақын арада Қазалы дейтін қалада "кәператив күні" деген бір күн болып, жұрттың бәрі желігіп көшеге шықты. Ұялғаным-ай, кірерге тесік таба алмадым. Қолдарындағы қызыл туына сондағы жазғаны мынау: "арзан тауара де дебенге һәм ауылдарға арзан астыт жұмыскерлер кетубі жақсу. Назыққанда амал би делдік жеккуле-к пл! Жоғарлатуна керек канун есамклдін арзандауыға тауарлерде өсемен жегере уктабр інқлаб".

Міне жұрттым, мені Қазалының "қазақыландырғандағысы" осы! Жасаған-ай, мұндай да қазақыландыру болады екен!

Енді қайтемін? Бұл мұңымды кімге айтамын, кімге шағамын!..

Менің ойлап-ойлап тапқаным - Жалау жолдас, сен болдың. Сен өкімет басындағы ақсақалымыз едің. Сен нағыз қазақтың бел баласы едің. Сен адырайған адай едің. Мұңымды мен жалғыз-ақ саған шағамын. Өзге комиссиялардың көбіне сенбеймін. Олардан да жақсылық көріп жүргенім жоқ. Газетке арнаған сөздерін сусылдатып орысша жазады да, шала-шарпы тілмаштарына аудартып, жанымды шығара жаздайды. "Тасты жапалаққа ұрса да жапалақ өледі, жапалақты тасқа ұрса да жапалақ өледі" дегендей, бөз-баяғы менің сорым.

Жалаужан, мен саған жалынам, "Ауыл тілін" шығарамын, газетім нағыз ауыл тілімен, таза қазақ тілімен жазылады дегенге, ішім елжіреп кетеді. Мұнына тілектеспін. Жортқанда жолың болсын, жолдасың Маркс, Ленин болсын, сенің не керегіңе мен дайынмын. Бірақ мені қорға, таза сақта, көрінген тілмаштарыңа тағы да қор қылма. Әсіресе, Қазалы сықылдылардың "қазақыландырғанынан" қорға. Азар коменес болып кетсең де, ата-бабаң қазақ еді ғой, мен солардың тілі едім ғой, не жазығым бар, ая мені!

*Мадияр.*

"Ауыл тілі", 27 июль 1926 ж. № 1.

## **О принципах терминологии**

**Байтурсын** (аплодисменты). Доклад мой будет о том, как мы, казакские научные и литературные работники, строим терминологию для литературы народа, и во-вторых, какого принципа мы придерживаемся в выработке терминологии.

1. Основные мысли мои по выработке терминологии мною высказаны в тезисах, с которыми, полагаю, все делегаты Съезда знакомы. Настоящий мой доклад к ним ничего нового в основе не прибавит. Он будет носить скорее характер разъясняющий, конкретизирующий основные мысли, нежели их дополняющий. Изложенные в тезисах положения настолько очевидны, что едва ли они могут вызвать недоумение. Разве только сжатость изложения может внести некоторую неясность для правильного понимания высказанной мною мысли, поэтому я в своем докладе, базируясь на высказанных мною в тезисах основных мыслях, намерен развивать последние в пределах необходимой конкретизации.

2. То, что в наше время лучшим фундаментом жизни является культурный фундамент, и что, поэтому вся жизнь современных передовых государств строится на фундаменте культуры, я думаю, это бесспорно. В самом деле, кто же может отрицать то, что там, где культура слаба, земля приносит меньше урожая, машины работают хуже, промышленность и торговля мало развиты, борьба с болезнью и смертностью малоуспешна, природа подчиняется мало или совсем не подчиняется, и стихийные ее силы для людей разрушительны и разорительны. В наше время культура есть глубокая жизненная потребность. Не основанная на культуре жизнь подвержена всяким случайностям. За примерами далеко не приходится идти. Еще свежи в нашей памяти ужасы голода 21-22 гг. А сколько было таких голодовок до этого? В жизни

России такие голодовки случаются часто. Чем объяснить подобное явление, при неисчислимых и неисчерпаемых богатствах страны? Конечно, малокультурностью населения. Всякая повторяющаяся два года подряд засуха возвращает наших земледельцев в первобытное состояние, одна только неблагоприятная зима делает то же самое с нашим скотоводством. Это определено, со всей очевидностью говорит о слабости в нашей стране культуры, когда она еще не подчинила себе природы. При высокой культурной форме земледелия и скотоводства, того, что сказано, не было бы.

3. Современная культура не есть создание одной какой-либо нации или расы, а результат совокупных усилий и навыков всего человечества. В культуре каждой нации, кроме собственного творения, имеются заимствования, и на смешение их культуры влияют их отношения, которые различаются с точки зрения дружественного и неприязненного. Заимствования бывают и при покорении одной нации другой, и при мирном общении народов друг с другом. При этом сходные формы религии, обычаев, нравственности, общественной организации, сродность наклонностей, инстинктов, психологии и т.д. облегчают процесс заимствований и смешения культур.

Культура, как продолжение естественного развития в органической природе, требует для своего развития благоприятных условий. Этих именно условий для развития культуры, находящихся в России тюркских народностей, не было. Единственный народ, у которого они могли бы позаимствовать кое-что, оказался не имеющим никаких сходных с ними форм быта и вдобавок еще оказался господствующим с правительственным верхом, державшимся по отношению к инородцам политики порабощения, обрусения, православливания. Последствием этого получилось полнейшее недоверие к правительству и неприязненное отношение ко всему русскому, а вместе с тем и к русской культуре. С другой стороны, некоторые тюркские народности, успевшие набраться духа религиозной нетерпимости, чуждались вообще

всего немусульманского и рабски подражали всему мусульманскому, что также неблагоприятно отозвалось на развитии их собственной культуры, скажем хотя бы литературы.

4. Русская духовная культура, благодаря политике русского правительства, до последних десятилетий не оказала никакого влияния на развитие духовной жизни тюркских народностей в России. Заимствование духовной культуры происходило между самими тюрками. Здесь-то именно пришли на помощь те сходные стороны их быта, о которых я уже говорил. Тюркские народности перенимали духовную культуру друг у друга гораздо легче, чем у русского, но только перенимать-то им друг у друга было нечего. Единственное, что возможно было им перенимать друг у друга - это учение религии и письменность. Так как ни одна область культуры так тесно не связана с духовной жизнью как язык, то вместе с религией и письменностью стала проникать и литература светского содержания, а вместе с последней незаметно заимствовались слова из чужого языка. Языки постепенно испещрялись, терялись природные обороты и формулы, словом, получалось полнейшее засорение собственных языков. Избегнуть этого несчастья могли только те тюркские народности, где религия и письменная литература не могли пустить свои корни глубоко. Например, у казаков и киргизов религия не имела духовно-порабощающего влияния, и духовная литература большого распространения среди них не имела. Благодаря этому, язык и следовал собственному ходу своего естественного развития.

5. Из сказанного видно, что на развитие культуры у тюркских народностей в России повлияли поработенное положение их и в светской, и в духовной жизни. Теперь же, по освобождении от того и другого поработенения, тюркские народности стремятся заимствовать все стороны современной культурной жизни. Заимствуя предметы духовного и материального быта высшей культуры, они должны заимствовать и понятия, и идеи.

Для выражения этих понятий и идей лексикон родного языка далеко недостаточен. Перед всеми тюркскими народностями встала необходимость либо заимствовать слова из чужого языка, либо приспособить лексикон своего языка для выражения перенимаемых понятий и идей высшей культуры, т.е. выработать терминологию языка.

За отсутствием у меня достаточных сведений о работах по выработке терминов у других тюрков, я могу говорить лишь о положении этого дела, у нас, казаков: остальных же тюрков я буду касаться лишь мимоходом, при рассмотрении вопроса терминологии с принципиальной стороны.

Как сказано в тезисах к моему докладу, до революции 1905 г. нам, казакам, печатать на родном языке ничего не разрешалось. Лишь после этой революции на казакском языке начали выходить брошюры, журналы, газеты, учебники. Рядом с этим шла работа по изучению природы казахского языка с фонетической и грамматической стороны. По реформе алфавита, соответственно фонетическим требованиям, по составлению грамматики. Словом, казакский язык за короткий промежуток времени стал принимать обработанный определенный вид, допускающий при употреблении сознательный контроль над собою.

Мы, казаки, с самого начала возникновения своего печатного слова стали держаться иного принципа, чем другие. Мы имели в виду всегда народную массу и старались, чтобы произведения печати были в полной мере доступны всем мало-мальски грамотным казакам, а через них и неграмотным. Мы старались, чтобы каждая мысль, брошенная в толщу населения, могла быть подхвачена каждым, чтобы зародить в массе интерес к знанию и зарядить его сознанием для правильного понимания окружающей действительности.

Первым условием, необходимым для достижения этой цели, мы считаем доступность языка произведений для массы. В силу



этого приходилось выражать на родном языке и такие понятия и идеи, которых раньше у народа не было и которым теперь поневоле пришлось облечься в казакские слова и выражения.

С развитием культурной стороны жизни и с разрастанием печатного слова пришлось прибегнуть к созданию особого органа для объединения терминов; без этого одно и то же понятие могло облечься в разные слова, в разных конструкциях. Для выработки единой терминологии у нас при Академическом Центре существует комиссия, которая во избежание засорения языка варваризмами должна строго придерживаться определенных принципов. Последние одобрены и приняты первым съездом казакских научных работников, происходившим в Оренбурге в июне месяце 1924 года. Эти принципы следующие:

а) Для терминов предпочтительно перед другими брать казакские слова с вполне соответствующим данному понятию значением. Это делается во избежание расслоения языка, т.е. для того, чтобы не получился язык верхов и язык низов, или вернее, язык грамотных и язык неграмотных. Для нас, казаков это имеет весьма важное значение: процент грамотных у нас незначителен, организованных общественных чтений и лекций для населения у нас пока не имеется, как слушатели, так и чтецы у нас в полном смысле случайные. Для того, чтобы чтение газет, журналов, брошюр и т.п. произведения печати, где бы и кем бы не производилось, могло принести пользу, язык должен быть понятен для широкой публики. Только при таком положении незначительный процент грамотных людей может обслужить значительное количество неграмотных.

б) В случае отсутствия в казакском языке подобного рода слов, заимствовать таковые из родственных казахскому языков. Это делается тем соображением, что: 1) большинство слов родственных языков хотя и не имеют общих форм, но имеют общие корни, следовательно, они и для понимания легче и для слуха и для

выговора не так чужды, как слова неродственного языка. 2) тюркские народности имели и имеют постоянное общение между собою, а потому большинство слов одного языка, даже без наличия общих корней, может быть знакомо представителям другого языка.

в) Общеупотребительные мировые термины могут приниматься, но с соответствующими природе казахского языка изменениями. При наличии казахских слов, могущих заменить их, должны помещаться оба, чтобы право выбора предоставить обществу. Под общеупотребительными терминами мы подразумеваем современные общераспространенные европейские термины, но не арабские. Мы принимаем их предпочтительно перед арабскими в силу того, что мы приобщаемся сейчас не к арабской культуре, а к европейской. Все достижения европейской культуры в полной мере могут быть выражены европейским же языком. Но заимствованные термины должны подчиняться нашему казахскому говору, т.е. на них должны распространяться звуковые законы нашего языка, исходящие из привычных артикуляций языка. Для того, чтобы иностранные слова сделать нашими, это необходимо.

г) Все неказакские слова, не согласующиеся с природой казахского слова, точно должны подвергаться изменениям соответственно казахскому говору. Это значит, во-первых, что во всех неказакских словах, с чуждыми казахскому языку звуками, последние заменяются соответственно нужными звуками, во-вторых, суффиксы в неказакских словах заменяются казахскими, в-третьих, двойные звуки принимаются в ординарном виде, в-четвертых, чуждые казахскому языку окончания должны измениться в пределах требуемого языком удобства произношения, например, Оренбург-Орынбор, Самара-Самар, пуховой - бөкебай, покров - боқырау, Адамовский - Адамау и т.п.

Благодаря принципу, охраняющему язык от варваризма, мы, казаки, имеем в настоящее время единый казахский язык, т.е. наш

язык не делится на язык народный и литературный, на говор простонародья, и интеллигенции. Без этого с нашим языком получилось бы то же, что и с языком других тюркских народов, имеющих печатное слово с давних пор. Как говорят народные массы у анатолийских турок и азербайджанцев, мне известно. Если они говорят на том же языке, на каком пишут, то несомненно у них тюркского осталось очень мало. Тюркский элемент в их, так называемом, литературном языке представляется мне истрепанным, искаленным, тощим грамматическим скелетом, обвешанным всевозможными чужими словами. После анатолийско-турецкого и азербайджанского наиболее испещренным языком является, по-моему, татарский язык, имеющий с давних пор письменную литературу. Это тоже один из языков, злоупотреблявших варваризмами. Узбекский литературный язык представляется мне тоже в достаточной степени засоренным языком. Крымский литературный язык тоже. У башкир литературный язык только что рождается, причем замечается стремление и у них к ограждению своего языка от варваризмов. На тот же путь вступила и туркменская литература. Одним из языков, свободных от иноязычного влияния и от варваризмов, является киргизский язык, который в отношении выработки литературного языка придерживается того же принципа, какого наш казакский.

В заключение мне остается сказать, что я нахожу правильным положенный нами в основу литературного языка принцип, потому что это есть самый вернейший путь к тому, чтобы сделать печатное слово доступным народной массе. А печатное слово, как я говорил в тезисах и говорю в докладе играет весьма важную роль в деле поднятия культурного уровня массы. Уровень своей культуры мы должны измерять не количеством знания, накопленного в верхах, а областью распространения его в низах. При современном мировом характере хозяйства и конкуренции, борьба за

существование без высокой культуры - что война безоружных с вооруженными. С каждым днем становится все очевиднее, что всякая область деятельности должна иметь свою усовершенствованную технику и специальные знания. Правильное и успешное развитие современной общественно-хозяйственной жизни возможно только при высоком культурном уровне всего населения. Крупная промышленность, составляющая особенность нашего времени, требует высокого культурного уровня рабочих. Сельское хозяйство, составляющее основу нашего благосостояния и благополучия, требует высокого культурного уровня сельского населения. Всякого рода "заций" и "ций" советизация, колонизация, электрофикация, индустриализация и т.д. - все это такие вещи, которые требуют активного участия массы и нуждаются, в свою очередь, в гибкости и подвижности ее ума, а эти свойства не развиваются, когда человек замыкается только на одном физическом труде. Знание и труд две разделимые, ежеминутно сплетающиеся стороны одного и того же процесса. Знание есть орудие для активных целей человека, без знания участие массы в общественном строительстве будет не активное, а пассивное. В деле заряжения народной массы знанием большую роль играет правильно поставленное печатное слово, которое, прежде всего должно быть доступно массе.

Это одно. А есть еще другое. Мы, тюркские народности, как в большинстве своем далеко отставшие от высококультурных народов, шествовать с ними рядом, нога в ногу, по пути прогресса пока не можем. Многие предметы их высоко культурного быта, как материального, так и духовного, для нашей массы пока недоступны. Мы от высококультурных народов отделены толстою стеною различия языка, которая при нашем стремлении к приобщению к европейской культуре во многом будет мешать нашему свободному движению в эту сторону. Культурные силы и культурный уровень тюркских народностей не одинаковы. В то

время, когда одни тюрки будут преуспевать в своем культурном развитии, другие могут отставать. Для того, чтобы они могли пользоваться друг у друга достижениями, хотя бы в области духовной культуры, необходимо, чтобы произведения их печати были доступны друг другу. Первым шагом в этом направлении было бы освобождение тюркских языков от господства варваризмов. По-моему, правильно поступили бы все тюркские народности, став на казакскую точку зрения в отношении выработки терминологии и литературного языка. Этим путем каждый из нас разгрузив свой язык от балласта чужих слов и очистив его от засоренности влиянием чужого языка, сделали бы доступными произведения своей печати и своей народной массе, и другим тюркским народностям.

*Байтурсын А.* Доклад о принципах терминологии.  
Первый Всесоюзный тюркологический съезд.  
26 марта 1926. г. Баку.  
Стенографический отчет. Баку. 1926. Стр. 394-395.

## Қазақ тілін байытамыз

*(Қазағыстан оқу кемесеретінің орынбасары  
Жолдыбайұлы Молдағалимен әңгіме)*

Соңғы кезде қазақ тілінде жат сөздер көп қатысты. Жат сөздер қазақ тіліне сол күйінде қатысса, мүлде мәнісін жоятын. Дұрысында жат сөздерді өзі сол жат сөздің мағынасына түсінбейді, тек дағдылы салдырлатып айта береді.

1922 жылы Қазақстанда жат сөздерді, пән атауларын қазақшыландыратын кемесие құрылған. Кемесиенің құрылғаннан бергі жұмысы аз емес. Мың-мыңдаған сөздер қазақ тіліне аударылып, иә қазақ тіліне үйлестіріліп, қазақ тілі байытылды. 1924 жылғы қазақ білімпаздарының сиезі мен биыл Бакудегі түрік тілінің сиезі біздің кемесиенің жұмысын дұрыс тапты.

Жат сөздер қалай алынады?

Алдымен, жат атаулардың мағынасын түсіндіргендей қазақ сөзі алынады. Оған қолайлы қазақ сөзі болмаса, түрік сөздері алынады. Түрік сөздері де тура келмесе, қазақ тілінің заңына үйлестіріліп, ауропа сөздері алынады. Кемесиезде қазақ тіліне жетік 5-6 қазақ қызметкерлері жұмыс істейді. Оның үстіне кемесиенің жұмысына түрлі білімнің басын ұстаған мамандар қатыстырылады. Кемесиенің ағасы қазақ елінің әсіресе тіл заңына жетік оқымысты данышпаны Байтұрсынұлы Ақымет. Мүшелері партиядағы жауапты қызметкерлер. Кемесиенің қазақ тіліне аударып, қазақ тіліне үйлестіріп алған атаулары газет-журналға басылып, көптің талқысына салынады. Алынған атауларды Қазағыстанның білімпаздар сиезі бекітеді.

Кемесие жұмысының бүкіл қазақ елі үшін маңызы зор. Кемесиенің иждиаты мен қазақ тілі байып, мәдениетті тілдер қатарына қосылады. Қазақ елінің ұлт мектебін, ұлт әдебиетін жасауға алдымен қазақ тілінің кедейлігі қамашау. Кемесие шамасынан келгенше осы кемшілікті жоюға тырыспақ. Кемесиенің негізгі мақсаты - қазақ тілін өнер-білімге бейім мәдениетті тіл қылу.

*П-іскей*

"Енбекші қазақ", 1926 жыл 12-ағұс

## **Қазақшадағы жат сөздердің өзгерілу заңы**

Баяғы заманнан бері қазақ едік - Тарбағатай, Сырдария - Ертіс арасында жүрген. Жан-жағынан қытай, монғол, араб-парыс, ауропа (орыс) медениеттері қазақтың тіліне, әдетіне, шаруасына тәсір еткен. Бүгінгі тілді алып қарасаң, араб-парыс медениетінің тәсірі күштірек болып келгендігі сезіледі. Қазақтың Түркістенде, араб-парсы медениетіне көршілес болып отырған деуірі историемізде үлкен із қалдырып кеткен. Әрине, араб-парыс медениетінің күшті тәсір беруіне жаңғыз-ақ "Түркістен деуірі" емес, соңғы 2-3 жүз жылғы историеде орыс империализмінің қысуы, қазақтың "мүсұлман" жағына пана іздеп қарауы, Түркістеннің керуен, саудасы, Түркістеннің молда, медресесі, күн шығыс тәсірінің күшті болуына бірінші себеп болған.

Темеміздегі тіл меселесіне келсек, айтылған сол тәсірдің белгілерін тілімізден іздесек те тағы: "араб-парсы күшті" деген ойға келеміз. Қазақтың баяғыдан келе жатқан мақалдары, ауыз әдебиеті, шешендерінің сөздері, ақындарының өлеңдері... барлығы осы үкімді тура дейді: күн шығыстың тәсірі басқадан күштірек болған.

Біздің бұл жазудағы тілегіміз: сол жат тілдерден қазақшаға кірген сөздердің өзгеру заңын табу. Ойламаған кісі айтар: бұл заңның не керегі бар еді? - деп. Сондықтан меселені ашу алдынан екі ауыз сөз өзгеру заңын табу, әзіргі келесі әдебиетіміз үшін пайдалы да өте керекті бір жұмыс екендігі тақырыпты айтып өтелік, бірінші - әзіргі пайдасы қазақ тілінде шыққан әдебиетті алып қарасаң, тура жазылған бір кітеп, бір журнал, бір гезіт жоқ. Біреу *әлібба*, біреу *әліб-би*, біреу *мәселе*, біреу *меселе*, біреу *иануар*, біреу *ғынуар*, біреу *қазір*, біреу *кәзір*, біреу *әзір*, біреу *қатер*, біреу *кәтер* - деп жазады. Мұндай мысалдар толып жатыр. Мұның қайсысы дұрыс, қайсысы

бұрыс, ойлаған жан жоқ. Әдебиетті "тіл" көбейтпей-ақ бір түрге салу, бір жоба қою тілдің бұзұлмай өсуіне пайдасы бар екендігі анық.

Екінші - тілдің келесіде баюына жол тазалау. Қазақ тілі бұл күнге шейін басқа тілдерден сөз алып келген болса, мұнан былайғы заманда тілімізге тағы жаңа терминдер кірмек. Телегіреп, телепон, радио, темір жол, электр заманында қазақ тілі жаңа тұрмысқа керекті сөздерді тағы алмай тұралмайды. Тілесен де осылай болады, тілемесен де! Дүниеде жалғыз қазақ тілі осы күйге түсіп отырған болса, онда басқа әңгіме болады. Бірақ бұл күйге түсіп отырған жалғыз қазақ тілі емес. Басқа тілдердің төсірінен құтылған бір тіл жоқ. Неміс, орыс, пырансоз ... барлығы тілде бір-бірінен бұрыштанып отыр, ал енді "табиғат заңы" осылай болған соң қазақ тілі қалай "аман" қалмақ? Басқа медениетті елдерден "қашып" тіл болмайды. Бірақ сертсіз, заңсыз жат сөздерді бос қоя беру де жарамайды, опыр-топыр болып тіліміздің негізгі заңдылықтарын бұзып, тас-талқанын шығарып жіберуі де бар.

Біз білген тілдерде жат сөздерге қойылған бөгет емес серт, заңдай қазақ да өз тілінде бір белгілі көше салып қоюы керек. Қазақ тіліне кіретін жат сөз болса, қазақтың тымағын киіп жалпақ қазақ сөзі болып кірсін.

Ал енді "тымақты" қалай пішу керек? - дерсің. Бұл меселені бірден түгел шешіп болмайды, заманға, тежірибеге байланған бұл меселені шешем деу жаңылыс: сонда да кісінің міндеті: меселені тәртіпке салып, жол-жоба белгілеп, көптің ортасына салу, қолдан келгенше тілдің бұзылмауын ойлау. Әзір белгіленетін жоба соңынан сыналып, түзетілмек.

Бұл жобаны қандай материелге қарап белгілеу керек? Тілімізге сіңіп кеткен араб-парыс сөздерінен жақсы материел жоқ, осы материелге қарап, меселенің бір шетін шешсе болар деп шамалаймыз. Араб-парыс сөздеріне елдің баяғы заманда өзінен



пішіп қойған үлгісі жалпы жат сөздердің барлығына жарамаса да, бір сыпырасына жарайды. Осының өзі қазақ тілінің пайдасына бірінші адым болып табылады. Сондықтан әңгімені араб-парсы материелінен бастадық. Меселені тез түсіндіру үшін "жат" сөздерді әліп би тәртібімен тізіп өзгеруін көрсетеміз.

Араб-парсы әліп билерінде мынау дыбыс таңбалары бар:

ا ب ت ث ج ح خ د ذ ر ز س ش ص ض

ط ظ ع غ ف ق ك ل م ن و ه ی پ چ ژ گ

Бұлардан گ ن م ل ك ق ش س ز ر د ت پ ب

қазақшаға өзгермей кіріп отыр. ا ج ع و ی сықылдылары аз болса да өзгертіліп алынған. Әйтпесе: ا орыстың **о** дыбысына тура келеді. ج ингілизшедегі **j** сықылды оқылады, ع таңбасын **ғ** дыбысына тағып жүрміз و қазақшадағы **уу** сықылды оқылады; ی қазақшадағы **и** орнына жүреді.

Бұлардың ішінен мынаулары шығарылған: ص ذ خ ح ث

ژ چ ه ف غ ظ ض

Мұнан басқа қазақтың әзіргі жазу системіне кірмеген фатха, гамма, кесре, сөз ішіндегі "хамза" әңгімесі бар, мұны да тексеру керек болады. Бұл меселені қарап шыққаннан соң ауропа тілдерінен қазақшаға өте бастаған сөздерді қараймыз.

Араб-парыс сөздері қазақшаға кіргенде, қалай өзгерген? деген сұрауға жауап беру үшін сол сөздерді бірендеп мысалдарымен тізіп шығамыз.

ث араб дыбысы. Қазақ тіліне кіріп, с болған.

ثابت – Сәбит, اثبات – ыспат, مثلا – меселен,

مثال – мысал, مثقال – мысқал.

ص (араб) - қазақшаға өтіп, с болады.

اصل – асыл, قصاب – қасап,

صندوق – сандық, صلوات – салауат.

ط (араб) - қазақшада д, т болып жүреді.

طهارة – дәрет, طيار – даяр, طلق – талақ;

طلب – талап, خط – қат, خطر – кәтер...

ض (араб) - қазақшаға өтіп, з болады.

قرض – қарыз, فرض – парыз, ضیاع – зайа,

ضرر – зарар, عرض – арыз, قضا – қаза.

ظ - (араб) - қазақшада з болып жүреді.

ظالم – залым, ظلم – зұлым, مظلوم – мазлұм, عظمت – азамат.

ذ - (араб) - қазақшада з болып жүреді.

ذاکر – зәкір, نذیر – нәзір, اذان – азан,

عذاب – азап, عذر – ғұзыр, لذت – леззет.

ع - (араб) - қазақшада сөздің басында және аяғында түсіп қалады. Сөздің ортасында келсе, ғ-ның міндетін атқарады, иә әйтпесе көбінше мүлде жоғалып кетеді.

عمل – амал, عار – ар (ұят), عقل – ақыл,

عذاب – азап, عسكر – әскер, عرض – арыз,

عيال – әйел, عظمت – азамат, عذاب – азап,

ملعون – малғұн, تعين – дайын, لعنت – ленет,

ضياع – зая, على – өлі, فعل – бейіл (мінез),

متاع – мата.

غ - (араб) - қазақшада **қ** болып жүреді.

غيرت – қайрат, غضب – қазап (ашу).

ف - (араб-парсы) - қазақшада **б, п** болып кетеді.

فعل – пейіл, فاندا – пайда, فال – бал,

فرق – парық (айырма), فرزند – перзент,

فيل – біл, піл, فرض – парыз.

ح - (араб) - қазақшада жоғалып кетеді. Оның орнын көбірек **а, ұ, е** басады.

حاكم – әкім, حکومت – үкімет, حال – әл,  
حساب – есеп, حضرت – әзірет, حاكم – мекеме,  
حد – әд, حرکت – әрекет, حلقه – алқа,  
حرام – арам, دلال – алад, حرف – әріп (қаріп?),  
محمد – Мәмет (Мұхамбет?), حسن – Асаң,  
حسين – Үсен (Күсейін?).

خ – (араб-парсы) - қазақшада қ болып жүреді.

تخم – тұқым, خمار – құмар, خط – қат,  
خلق – қалық, خانه – қана, تخت – тақ,  
بخت – бақ, خزینه – қазына, خور – қор,  
خوراز – қораз (өтеш), خلق (اخلاق) – құлық (мінез),  
خنا – қына, خنجر – қанжар, مختار – Мұқтар,  
اختیار – ықтияр, خدا – Құдай (тәңірі), خبر – қабар.

ه - (араб-парсы) - қазақшада көбінше жоғалып кетеді. Қайсы шақта сөздің ортасында келгенде, ғ, и болып та жүреді. Сөздің аяғында келсе, жоғалады иә е болады.

هارون – Арон, هاشم – Әшім, الله – алда,  
هلاک – өлек, هر – әр, بها – баға (бәә),  
توبه – тәуба, هزل – әзіл, هنر – өнер,  
مهر – мейір, ماهانه – майана (айлық ақша),  
چار – шәр, (چار طرف – шартарап), عهده – үдде,  
وعده – уәде, هوس – әуес; هوا – ауа

ی - (араб-парыс) - қазақшада сөз басында келсе, ж болып, басқа жерде өзгермей жүреді.

ياردم – жәрдем, يکه – жеке (дара), يار – жар,  
يامبی – жамбы (қытай сөзі).

ش - (парсы) қазақшада ш болады.

چار – шәр (шар тарап - төрт жак), چله – шілде,  
چای – шай.

گ - (парсы) сөз басында қазақшада к болып кетеді. Басқа жерде өзгермейді. Өзгергенде де қазақшаның өзінде бар г - к (*керек - керегін*) заңына қарайды.

گز – кез, گوده – кеуде, گفتگو – гәп, кеп (әңгіме),  
گدا – кедей, گنده – кенде.

Ал енді мұнда араб-парыс сөздерінің қазақшаға кіргенде жалпы өзгеруі көрсетілді. Әрине, мұнымен мәселе бітпейді,

ص ث – с, ط – д, т, د ض ظ – з,

ع – о, ғ, غ – қ, ف – б, п,

ح – а, е, ү, ح – қ, ه – о,

ی – ж, چ – ш, گ – к дегенімізбен, бұлардың ішінде заңға тура келмейтін бір сыпыра сөздер бар.

Мәселен, احمد خليل حرمت محمد معلم сықылдылары әзіргі заманда "заңсыз" өзгеріп жүреді. احمد біздің жоғарыда көрсеткен жобаға қарағанда Әмет болса керек еді. Бірақ ешкім олай айтпайды. Ақмет иә *Ахмет* дейді.

خليل – Қалел, محمد – Мұхамбет, حرمت – құрмет,

معلم – мұғалым делініп жүреді. Біз мұнда айтып өтуіміз керек:

Адам аттарынан басқа жерде ереженің бұзылуына ешбір жол жоқ. احمد – Ақмет сықылды екінші түрмен айтылмайтұн аттар, әрине, қала береді. خليل – Қалел, Қален күйінше қала берсін. Бірақ محمد дың *Мұгамбет* болуына жөн жоқ. *Мәмет* деуге болғанда *Мұхамбеті* аномалия болып қала берсін.

Бұл мысалдардан жалпы нәтиже мынау: әріптердің (*қаріптердің* деу жаңылыс) өзгеріп, қазақшада әрбір белгілі "тымақ" киюін көрсеткенмен, мәселе бітпейді екен. Жалғыз-ақ әріп ауыстыру мен жат сөз қазақ сөзі болмайды. Қазақ сөзі болып әбдан сінуі үшін сөздің жалпы құрылысы қазақша болуы керек. Мысал үшін

بركة – (б фатха, р фатха, к фатха),

كرامت ملا تخت حكومت – сықылды сөздерді тексеріп қара.

بركة كرامت – сөздерінде өзгеретүн әріптер мүлде жоқ. Бірақ қазақшаға кіргенде танып болмайтын дережеде өзгеріп айтылады: *береке, керемет. Тахым* تخت сөзінде **х** орнына **қ** қойып *тақыт* жазумен бұл қазақ сөзі болып кетпейді.

*Хүкімет* ( حكومت ) деген сөзде **х** әрпінің орнына **ү** қойғанмен ғана меселе шешілмейді. Арабшасында біздің **ұу**-дай оқылатын **о** орнына **ү** қойғаннан соң қазақша *үкімет* жасап біздің тымақты кигізген боласың.

Үстіп жат сөзді алғанда әріп ауыстырумен ғана тоқтамай, жалпы түрінде қазақшаға келтіріп өзгерту керек. Араб-парыс сөздерін алып қарағанда көбірек жіңішке сөздердің мықты өзгергенін көреміз.

حاكم كمال كاسه محكمه بركة كرامت كان

هوس هلاك حکم сықылды түбінде жіңішке айтылатын сөздердің қазақшасы араб-парсы мың жол ойласа да танымас.

Бірақ خانه خط تخم حمار خلق طرف طلب

خدا خنجر (خضمه) خلق сықылды айтылуы жуан я жуанға жақын сөздерді тану жеп-жеңіл, бұлар анау жіңішкелеріне қарағанда аз өзгерген. Әлектің هلاك екенін, *кереметтің*

كرامت екенін байқамай қалу мүмкін. Бірақ *талаптың* طلب тан алынғаны, *қалықтың* خلق –тан туғаны айдан анық.

Бізге жіңішке сөздердің өзгеру заңын көбірек тексеру сауап болар. Үйткені бұл тексерудің қорытындысын ауропадан келетін сөздерге де пішу керек болады. Ауропа тілдерінде арабтың **қ, ғ** сықылды әріптері жоқ. Сондықтан ауропа сөздерін де бір заң белгілеп қою үшін қазақ тіліндегі баяғыдан келе жатқан жіңішке

жат сөздерді тексеру меселесі туады. Ал жіңішке жат сөздерді қараймын десең, араб-парсы сөздерінен басқа материал жоқ. Бұл материалды қарап шығып біз мынадай ойға келеміз:

Жіңішке иә жіңішке болып кіретін сөздерде фатхе көбінше е болып өтеді. Сөздің ішіндегі әліп ی әсіресе аяғындағы әліп мүлде жоғалып, сөздің жалпы құрылысына қарай е болып кетеді.

Мысал: محکمه – мекеме, كرامت – керемет,

كان – кен (!), كسب – кесіп, كليم – кілем,

كمال – кемел, كاسه – кәсе, кесе, كم – кем,

هلاک – әлек, فلاکت – белекет, گز – кез, گوده – кеуде,

سلام – сәлем, دنیا – дүние, شترک – серік,

نکاح – неке (!), آهنگران – ангрэн, سپیل – сейіл,

میل – мейіл, مهر – мейір, سله – селде,

کریم – керім, فعل – бейіл, محمد – Мәмет

(محمود Мамыт болады), حسین – Үсен, حساب – есеп...

Бұл мысалдардың ішінде бірінші әрпі кісрелі болғандары да бар. Бірақ көбінің бірінші әрпі фатхемен келген. Әсіресе ешбірінің аяғында жіңішке әліп келмегеніне назар салу керек. Көбінде сөздің ішінде келгенде "әліп" те о болып кеткен ( كرامت سلام ). Бірақ мұны әр уақыт осылай келер екен деп түсінбеу керек. Жіңішке сөздің аяғында еш уақыт әліп (*әлібба* деп болмайды)



келмесе де сөздің басында болуы мүмкін, әсіресе бір-екі буынды сөздерде هلاک – өлек, سلام – сәлем, حرکت – әрекет, حاکم – әкім, تن – тән, شان – сән ... сықылды сөздерге қара. Бірінші буында әліптің болуы мүмкін حلال سلام сөздерінде ортада әліп бар. Бұл әліп жылжып сөздің бірінші буынына өтіп кетіп отыр. حرکت تن сықылды сөздерде әліп болмаса да *тән, әрекет* деп қазақ әліп қосып отыр...

شان حال сықылды сөздердегі әліп жоғалмай, орнында қалып отыр. Гамма, кесренің өзгеруі өзгертуі жеңіл: гамма **ұ, ү, о** болып өзгереді.

حکومت – үкімет, حکم – үкім, عهده – үлде,

حسین – Үсен, خلق – құлық, تخم – тұқым,

هنر – өнер.

Кісре **е, ы, і** болып өзгереді.

حساب – есеп, فعل – бейіл, اختيار – ықтияр,

مهیر – мейір, عزت – іззет, عبرت – ібрет,

مثال – мысал, مقال – мысқал, صفت – сыпат...

Тәшдид меселесі де жеңіл **л, м, н** әріптері қабат келмейді. Қабат келіп қалғанда **л, н**-ның екіншісі **д** болып кетеді. سله منت الله ملا сықылды сөздер қазақшада *Алда, молда, селде, міндет* болып айтылады. **м**-ның екіншісі **б** болады. حمال амбал болады. Басқасының қабат келуі мүмкін болса да қабаттанудан қашу артық болар. Не болғанда да бұл заң **л** әрпіне қатты қарайды.

Басқа жерде қазақшаға қайшы келетін араб-парыс әріптері, заңдары болмағаннан, сөздің қорытындысына келеміз. Біздің тілімізге соңғы заманда кірген я енді кірейін деген араб-парыс сөздері толып жатыр. Бұл сөздер көбінше "тымақ" кимей кіріп барады. Мұның себептері де бар. Еңірінші себебі: Арқадағы прессе, Арқада қазақ араб-парыс сөзін көбірек татардан үйренеді. *Ғылым, гибрат, гиззат, Қүсейін, Ғаыза, гараб, әлібба... әдабиат, мәданиет* деп қазақ тілін бұзу әдеті татардан Арқа қазағына өтіп жалпы қазақ әдебиетіне күйедей жұғып барады.

Бұл әдетті жою керек. Бұл Жараны күйдіріп тастау керек. Татарда араб-парыс сөздерін бұзбай алу, бұзбай айту мінезі бар. Бұл мінез қазаққа жарамайды. Басқаның сөзін бұзбай айтам деп тілінді бұрып жүргенде, өз тіліңнен айрылып қаларсың. Орынбордың көшесінде есіткен "араб" сөзіне сенбей түбін, затын тексеріп қарастыру керек.

Меселенің араб-парыс бөлімін бітіру үшін соңғы заманда кіре бастаған түрлі-түрлі жаңа тума сөздерді әңгіме қылу керек. Аяғы стан, паз, кер... келетін жаңа сөздер көбейіп барады. Бұл сөздердің көбі білім ордасы маңайынан таралады. *Жұмыскер, білімпаз, өнерпаз, Қазақыстан, Татарыстан, әсемпаз* сықылды сөздер қазақ тіліне сінейін деп отыр. Бұл сөздердің қазақ тіліне алынбауы керек. Мұндай сөздер тілді бұзады. *Өнерпаз, әсемпаз...* сықылды сөздерді түрінен жаңылыс құрылғанын таныса болады. Жіңішке айтылатын сөздердің аяғында әліп болуы қазақшада жарамайды. *Ленинградтағы, әдебиатқа, өнерпазға, өнерпаздағы...* деп айту үндестік заңын ойран қылады. Паз - парыстың "پاز" деген сөзінен алынған. *Пісіру* деген сөз. Түбірі - پیر (پاز) болады. Сонан مشریر *өнерпаз - өнер жасап шығарушы* жасалған. Әзіргі күнде түрік елдері сол қосымшаны өз сөзіне қосып *білім-паз, әсемпаз...* жасап жүр. Енді *сарбаз, дарбаз* сықылды сөздерге келсек, бұлар да парыс сөздері. **Баз** парыстың باز деген сөзінен алынған. Ойнаушы деген сөз. Түбірі баз болады. Сонан парыс

сарбаз жасаған. *Басы мен ойнаушы; салдат* деген сөз. *Дарбаз* - дар ағашында ойнаушы деген сөз. *Білімпаз, білімпаздар, білімпаздарға, білімпаздардағы ...* деп үндестік заңын ойран қылғанша қазақтың жалпақ бір сөзімен айтқан артық болмай ма?! *Білімпаз* дегеннің орнына *білім иесі, білгіш* деп; *білімпаздар жиылысы* дегеннің орнына *білгіштер жиылысы* иә *білім иелерінің жиылысы* деп айтқан "салмақты" да, тура да болмай ма?! Былай айту арабшада да бар; білім иесі - тіл білгіштері бұл меселені қарастырғанда "иесі" дегеннен де жақсырақ сөз табар. Біздің мұнда ұсанғанымыз көп ұсұныстың тек бірі болар. Біздің айтайын дегеніміз: "паз" қосып сөз жасаудың бұрұс екенін көрсету.

"**Кер**" де парыстың "**кар**"-дан алынған. **Кар** - *іс, жұмыс, еңбек* дегені. مردگار – ("мәрдікәр" делініп оқылады) дегені *іс адамы* (مرد – адам, کار – іс). Енді парыстың сөзін орынсыз, мәнсіз *жұмыскер, іскер...* деп сөз сайын қыстыруда жаңылыс: бізде, жалғыз бізде емес, барлық түрік тілдерінде біреудің кесібін жолын білдірейін дегенде алдыңғы сөзге - жы, шы, шыл қосып сөз жасайды. تیمیرچی - دیمیرچی - темірші, نیگرمنچی - تییرمنشی, کتابی کتابچی кітапшы... болып келеді. Қазақшадағы **шы, шыл кер**-дің орнын басуға әбден жарайды. Үстіп тіл тазалығын сақтау керек деген ойды ойлап, *жұмыскер...* сықылды сөздерді *жұмысшы* деп қазақ сөздеріне жақын келтіру керек деймін.

Басқасы даулы болса да, иә басқасын білгіштер қарастыру керек десе де парыстың "**ыстаны**" түкке жарамайды. *Қазақстан, Татарыстан...* дегеннің орнына *қазақ, татар ... иә қазақ елі, татар елі* десе не кетеді? *Қазақьстан республикесі* деп жасама сөз шығару орнына *қазақ республикесі* десе әр бір жылқышыға да түсүніктірек болмай ма? Қашаннан бері сөзді қиын қылып парыстың **ыстанын** тағу әсем болған? Былай *қазақ елі, татар елі*

деп айтқанда өлке мәнісін бермей ме? Біздіңше, әдебиет тілі қалың елде бар сөзден пайдаланып елге жақын болса, тілдің өсуіне, өршуіне тура жол тапқан боламыз. Бар байлықтан пайдаланбау үлкен жаңылыс, бар байлықтан пайдалана білу үлкен өнер.

## Ауропа сөздері

Ауропа сөздеріне келгенде де жоғарыда көрсетілген өзгеру заңдарынан пайдалану керек. Жалпы құрылысына қарағанда араб-парыс сөздеріне пішкен заңдарымыз ауропа сөздеріне де жарайды десек, үлкен жаңылыс болмайды. Ауропа сөздерін алғанда, қазақ тілінің ыңғайына қарай заң қою керек қой! Жат сөздің қайдан, қайсы елден, қайсы тілден келген болса да, меселенің алай-былай шешілуіне тәсірі жоқ. Меселенің тамыры қазақ тілінде. Меселенің ең қиын жері де қазақ тілінің қисынын табу. Жат сөздердің тексерілуі қазақ тілінің қисынын табуға жәрдем береді. Жат сөздер бұл іске үлкен пайда беретүн материал. Бұл себептен біз мұнда жат сөздер меселесіне үлкен мән беріп көп қарастырдық. Темемізге келіп, ауропа сөздеріне де араб-парысқа қойылған принциптерді қоймақ боламыз. Ауропа сөздері де араб-парыс сөздеріндей өзгеруге тиіс. Бұл да жалғыз қазақшаға қарай қойылған принцип емес, барлық тілдерде бар жалпы заң. Пырансоздың *"la station"* деген сөзін түрік *"стацион"* деп, орыс *станция* деп, қазақ *ыстанса* деп алып отыр.

Осылай болған соң ауропа сөздері де белгілі бір жобамен өзгертіліп алынуы тиіс. Ауропа сөздерінің өзгеруі турасында сөз айтудан бұрын ауропа сөздерінің керек-керек еместігі турасында екі ауыз сөз айтып өту пайдалы болар. Ауропа сөздерінің керек болуы шамалы деген бір сыпыра жұрт бар. Бұлар өздері аз болса да ойлары залалды болған соң олардың жолын тексеру керек. Олардың сөзінің қорытындысы 1924 жылдың жазында Орынборда болған білім иелерінің жалпы жиылысында Міржақыптың айтқан тезістеріне қарағанда мынау болады: "Біз сөз іздегенде ең алдын қазақшаның өзінен іздейміз. Қазақшада керек мәнге сөз табылмаса бізге жақын тілдес түрік елдерінен іздейміз. Оларда табылмаса, ауропа сөзін аламыз". Бұл тезіске қарсы біз мынау тезісті қоямыз:

"Біз термин іздегенде ең әуелі қазақшадан іздейміз. Қазақшада бізге керекті термин табылмаса, бізге жақын тілдес түрік елдерінен (араб-нарыс емес), түрікше сөз іздейміз. Онан соң барып ауропасын аламыз.

Оқушы: "Мыналарың не? Тезістерінде не айырма бар?" деп таң қалар. Түйінді шешу үшін ашып айтайық: әзіргі заманда бізге керек болатын сөздерді тілдес түрік тілдерінен тауып болмайды. Мысал үшін бір-екі сөзді жазып көрсетеміз. Міржақыптар қалайша шешер екен?

<b>Татарша</b>	<b>Түрікше</b>	<b>Орысша</b>
Айыроплан (аур)	طیاره (арабша)	Аэроплан
Промишлинност (аур)	صناعت (арабша)	Промышленность
Бомба (аур)	Бомба (аур)	Бомба
Камандүйуши (аур)	Қомандат (аур)	Командующий
Диктатура (аур)	(ар) حاکمیت Диктатор (аур)	Диктатура
Тиатр (аур)	Тиатр (аур)	Театр
Драма (аур)	Драм (аур)	Драма
Мода (аур)	Мода (аур)	Мода
Афтомобил (аур)	Аутомобил (аур)	Автомобиль
Педагогике (аур)	Педақозы (аур)	Педагогика
Тихнике (аур)	Техник (аур)	Техника
Тимір иол	شمندوز (аур)	Железная дорога
Істанса (аур)	Стансион	Станция

Міржақыптар айтар: "Ау, сен мұнда ауропа медениетіне тиісті нәрселердің аттарын келтіргенсің; мұндай нәрселердің аттары, әрине, ауропаша болады. Мысал келтірсең, жалпы сөздерден мысал көрсет", - деп. Бұл сөздің алдын алу үшін мынау мысалдарды көрсетеміз:

Қазақша	Татарша	Түрікше	Орысша
Сағым (қазақ)	Сераб (араб)	(араб) سَرَاب	Мираж
Өлең	Шиғр	شعر	Стих
ән	?	(парсы) اهنك	Напев
Тілші	Мұхпир (араб)	(араб) مَخْبِر	Корреспондент
Үстірт	Плато (ауропа)	Плато (ауропа)	Плато
Қорытынды	Хұлласе	بِخْلَاصَه (араб)	Резюме
Балапан	Құш баласы	(парыс) مَرغِچَه	Птенец
Желкен	Парұс	يَلْكَن (түрік)	Парус
Сана, ой	Фкр, ой	(араб) فِكْر نَوِي	Мысль
Сезім	Хис	(араб) حِس	Чувство
Қара сөз	Неср	(араб) نَثْر	Проза
Көсем	Башлык (татар) Иол басшы	(араб) رَئِيس	Вождь
Шешен	Сөзге ұста	نَاطِقُ خَطِيب (араб)	Оратор
Келеке	Күлу	(араб) مَزَاح	Издательство
Ұран	Шиғар	(араб) شَعَار	Боевой клич

Ойға келген мысалдарды жаздық. Осылардың өзінен оқушы Міржақыптың тезісіне үкімін берсін. Былтырғы білім иелері жиылысында да, әзірде де айтамыз: қазақ тілі жетпеген сөзін Ыстанбол мен Қазаннан іздемей-ақ ауропадан алады. Үйткені қазақ тілі кедей болса, көбінше әзіргі медениет, техникке терминдеріне кедей. Осылай болған соң тілдес елдердің өздері жетпеген терминдерін ауропадан алып отырған шақта "далделсіз" тура ауропадан алсақ не болады?!

Тілдес елдерге барғанда да дөнеме табалмауын біліп, бізде Міржақыптардың тезісін бір аз өзгертіп, тілдес елден түрікше сөз табылғанда, алсақ алайық деген сөзді қыстырып қойдық. Бірақ біздің білім ордасының тұтқан саясаты тура емес. Тілдес елдерге барамыз - деп, Орынбордың көшесінде татардан есіткен араб-парыс сөздерін қазақшаға кіргізіп барады. Қай шақта ауропадан қашып "қазақша" сөз тапқан болады (*бибауырмалдық... дегендей ентернатсионалды!*).

Осыларды көріп отырып орыстың баяғыдағы ыслауианшылдарының жолына түсіп кетпелік деп қорқамыз. Оларда "*тиатр*"-ды *позоришиші*, *калошты* "*мокростоп*" деп айттырғысы келмеді ме?

Біздің де "бибауырмалдық" сықылды сөздеріміз іске аспай, қайта сол сөзді ойлау үшін жұмсалған уақыт, шығару үшін жұмсалған қағаз ортада бекер кетеді. "*Бибауырмалдық*" сықылды сөздер ауропадан қашу саясатын келеке қылудан басқа іске жарамайды. *Педагогике, аутаномыйа, астрономыйа, математике, нормұл, техникке, бомба, террор, секретер, декебір, небірел* сықылды барлық медениет дүниесінде жұмсалып жүрген сөздердің орнына

علم – ғылым, تعليم – тғлим, وتر بيه – отр бие,  
ادار د – адаре, مختار به – мхтарие, هينت علم – ғылым хит,  
علم رياضيات – ғылым риасиат, دستور – дстүр... сөздерін қазақшаға алам деу тіпті жаңылыс.



Жаңылыс болуына екі себеп бар: біздің медениет кенес медениетімен бірге кетпек. Біздің алдымыздағы 50-60 жыл ішінде қазақ баласы орыс мектебін көрмей, жоғарғы білімді алалмайды. Қазақ ауропаның өнер, білімін Мәскеу, Берлінсіз үйрене алмайды. Сондықтан "математикенің" رياضيات رياضيات деп үйренуінен математике деп ұғуы еңбегіне жеңілдік береді. Көбінше араб-парыс сөздері жаңа тума сөзін қазақшаның ыңғайына келетүн пормада бермейді. Меселен, историе - тариқ, историе оқытушыны (مورخ مورخ) дейді. Тарих деген сөзді историе деп алсақ, историе оқытушыны историк деу жеп-жеңіл.

رياضيات - математике, رياضيات شناس - математик;  
هينت علم - астрономыйа, هينت شناس - астроном, علم نسان - пилологие, انسان شناس - пилоло глм, حيوانات - зоологие, الملكحي - حيوانات شناس - зоолог, بين الملل - ентернатсионал, بيانات شناس - ентернационалис, علم نباتات - ботанике, نباتات شناس - ботаник, مضحكه - комедие, مضحك مصحكه - колмик, فلسفه حكمت - пилософия, حكيم فلسوف (فلاسفه) - философ, пилосоп (пилосоптар). Арабта тума сөз жасау заңы қазақшаға еш жақын келмейді. Сондықтан бізде араб сөзінің көбеюінен қазақ тілі байымайды. Жаңа келген араб сөзінен жаңа сөз жасау қазақ тіліне өте қиын. Аурупа сөзін тілегенімізше бұзып, жана сөз жасау жеп-жеңіл. Оның үстіне тілдес елдерге барғанда араб-парыс сөзінен басқа сөз табалмауымызға көзіміз жеткеннен осы жолды, осы принципті ұсұнып отырмыз. Сөздің қысқасы: білім ордасы аурупа терміндеріне араб-парысқа қарағанда кеңірек жол ашсын. Аурупаның терміндеріне кеңірек жол ашылсын дегенде барлық аурупа елдеріне ортақ терміндерді ойлап айтамыз. Әйтпесе Абайдың өлеңдерінде ұшырайтын каталашка, здрау, мслешши сықылдыларына қазақшаның өзінде де әдемі сөз табылар. Біздің ойлағанымыз: **ентернационал терміндер, аурупаның ортақ сөздері.**

Бөтен елдердің историсінде мұндай тежірибелер қылынған болса да, біз медениеті жас қазақ сол тежірибеден үлгі алалмай жүрміз. Бұл мәселеде ой, сана бір жерге келіп біріккен жоқ. Жат сөздің өзгеру заңын ойлау - қарастыру былай тұрсын, сол өзгерудің өзін керектігін осы күнге шейін білмеген "білім иелері" бар, былтырғы білім иелері жиылысының төрағаларынан Ешен Әлі (*Eshan Fali* деп жазбай неге атымды бұзұп жазыпсың деп тағы бір лапылдар жөні бар ғой!) қырғызша әліббесіне берген менің сыныма: сен неге қырғыздың (?) "*декебір*" дейтін сөзін *декебір*, "*сентәбірін*" *сентебір* деп жаңылыстырасың? деп дау салған еді. Ал, білім иелерінде төраға сайланған кісілерден мұндай жауап алған соң не дерің бар? Қайда барады дейсің! Бәрі бір Ешен-Әлі ағай өзі "жастардың" (жастардың дегенде тағы бір от болады ғой! 20 тиын беріп миық сақалын қырдырып алып, жас атануға болса - мен де жас болмаймын ба? деп бір мұқатқан еді мені) жолын түбінде қабул алмай шарасы жоқ қой. Бір-ақ мұндай әңгімелер тіл мәселесінің ең айқын жерлерінде бірлік жоғын бізге білдіреді; әйтпесе Ешен Әлілердің дауы "арыстан жүрек Ришарддың\*" Палестінде жүрген заманына жараспаса, 20-шы жүздің "білім иесіне" жараспайды ғой!

Ал енді ауропа сөздерін де өзгерту керек дедік. Өзгерткенде араб-парыс сөздерін өзгерту жолы бұған да жол болады.

Әрине, ح ص ث ط ظ ذ ض ق غ ع

сықылды арабшадан басқа тілде жоқ таңбалардың өзгеру заңы ауропа сөздеріне жарамайды, араб сөзіне ғана жарайды.

Бірақ چ خ گ ه ف сықылдылары ортақ, барлық ауропа тілдерінде ұшырайды. Жоғарыда көрсетілген ереже бұларға да жарай береді. Айырмасы аз. Сонда да өзгеруін анықтап, белгілеп өту пайдасыз болмас.

\*Ришард дегеніміз Слахалдин Айоби – заманында өткен Ешен Әлі үшін жазам.

**Ph - ф - п** (б жарамайды, үйткені биология деген де сөз бар!)

*Физика - физике - пизике; физик - физик - пизик; фильма - филме - пилме, филология - филогие - пиллогие; фирма - фирме - пирме; флот - флот - пылот; фамилия - фамилие - памилие.*

Сөз басында не согласная алдында келген **г - к** болады. Сөз басында қай уақытта **ж** болады. *Газета - газете - гезит, генерал - женерал - жандарал (түре); Германия - Германие - Кермен елі, (Жермен елі деп айтуда дұрыс болар еді).*

**Ch - х - қ, к.**

*Михаил - Мекейіл ( ميخائيل ); Макаp - Мақар; химия - кимие; химик - кимик; техника - текнике; карандаш - қараидаш.*

**h - х** - мүлде жоғалып кетеді де орнына алдындағы дыбыс жазылады ( هوس – әуес болғандай) *hegemonie - хегомоны - егемоние* (орысша *гегемония*); *Herbert - ерберт* (орысша *Герберт* дейді ғой).

Орысшадағы дыбыстардан:

**Е** қазақшада сөз басында **е, ж** болып кетеді. *Егорды* елдегі қазақ *Жегор* дейді, *Елена - Елен.*

**В** әзіргі заманда **п** болып жүр. Көбінше памилиеде жазылады. **П**-ның тегі **ф** деп едік. Мұның орнына мүмкін болған жерде шолақ у алынғаны жақсы. Сөз ішінде, екі арасында **б** болады. Қазақтың да, *құнанып, құланып* - жазуды тезірек тастауына көмек болар еді (*құланау - құлан-ау!* деп жазуға көнбес еді) *базар байу* деп жазуға да орын қалмайды. Орыстың памилиесі келгенде *Ысепенан Зайсеу* (*Степан Зайцев*) дегенде ешбір залал жоқ.

*Автомобиль - аутамабил, автономия - аутономыйа, автор - аутор; Аврора - ауруп; Иван - Ыйбан.*

**Ц-с** (сөз ішінде, памилиеде те болып да жазылады).

*Станция - ыстанса, Крецер - Крейсер, офицер - апийсер, рецепт - ресеп; Потоцкий - Пототский; Царицын - Сарытсын, Цезарь - Сезер; центр - сентір, глицерин - кілсерин.*

**Я** сөз басында келгенде **жа** болады: *январь - жануар, Япония - Жапан елі.*

Мұнда баян етілмеген бір түрлі орыс не ауропа сөздері келгенде, сөздің қысқасы екі принципті ойлап өзгерту керек: бірі қазақ тілінің жалпы қисынына келтіру, жалғыз-ақ таңба ауыстыру мен қанағаттанбай, сол сөздің түбін, затын тексеріп барып өзгерту аномалиялар жасаудан мүмкін дережеде қашу; екінші: сөздің жеңілірек, әдемірек айтылуын да ойлау. Бұл жерде қайта айтып өту керек: жіңішке сөздердің аяғында әліп болмайды. Памилие де, адам атында, жер, өлке, ел аты да жат сөзде осы заңға қарайды. Бұл сөзді анықтап түсіндіру үшін азғантай мысал көрсетем:

комитет - камитет

комиссариат - камисерит

комиссар - камисер

коммунист. партия - камүніс партиясы

коммунист - камүніс

Финляндия - Пинленд

Шотландия - Шотланд

Ленинград - Ленінгред

Океан بحر محيط - ауқианос - окиен

Швейцария - (Suisse) - Сүйіс

Америка - Әмерике

Европа - Еуроге - Аууропа

Азия - Asie - Асиа - Азия

Нью-Йорк - Нүйю иорк

Тегеран - طهران - Тайран

Ангора - انقره - Анғара

Египет - مصر - Мысыр

Алжир - الجزائر - Жазаир  
Тунис - تونس - Түніс  
Марокко - المغرب - Марекеш  
Сахара - صحراى كبير - Ұлы сақара  
Гибралтар - جبل الطارق - жебел - тарық  
Вавилония - Бабыл  
Сирия - سورية - Сориe  
Палестина - فلسطين - Палестин  
Румыния - Romaniae - Романие  
Румели - Рүм елі  
Феодосия - Кeпe  
Антиохия - Антекиe  
Мерв - Мароу  
Эрзерум - Арзирум  
Алеппо - Әлеп  
Перекопский перешеек - ор жолы  
Аббас - Абад - عباس آباد  
Азербайжан - آذربايجان - Азарбайжан  
Грузия - Күржі елі  
Елизаветград - Елизабитгред  
Армения - Ермен елі  
Персия - ايران فارس - парыс, иран  
Туркменская республика - Түрікпен республикесі

Соңғы заманда тілде жаман жасама ауру шығып отыр. Бұл тәржіме қылғанда жат тілдің заңына қарай жүру әдеті "Аймақ комитеті", "гүбірне комитеті" деу орнына *аймақтық комитеті, күбірнелік комитеті* деп бірсыпыра жолдастар жазып жүр. *Голова лошади* дегенде де *ат басы, аттың басы* дейміз. *Конская голова* дегенде де *ат басы, аттың басы* дейміз. *Аттық бас* деу жаңылыс болар еді. Бұл жаңа мінезді де тастау керек. Төңкеріс үшін де өткір, түсінікті әдемі тіл керек. Бұл кітепше қазақтың жалпақ тіліне пайда берер деген үмітпен жазылды. Осы үміттің мыңнан бірі іске асса да жазғанның көңілі тынады.

"Сен де бір кірпіш дүниеге - кетігін тап та бар қалан"...

## ҚОТЫР СӨЗДЕР

Білімпаздар тобы: "Жат сөздерді қазақ тілінің құрылысына, "Үндестік заңына" үйлестіріп алу керек" деді, бірақ мұны жүзеге асырушылар некен-саяқ.

Мұны жүзеге асыратын алдымен жазушылар, оқытушылар болу керек еді. Қазір журнал басқармалары теріс құрылған сөздерді мұқырлап жібермеуі керек еді, бірақ баспа жүзінде әркім өз бетімен сай үрлеп жүр. Газеттің бір ғана нөмірінде кездескен сөздерді алдарыңызға тартайын. "Тіресті", "Италиеяге", "десетина", "күрстар", "Скандинеу", "гүбірналық", "уаде", "бүджет" деп жазылған.

"Қант", жент, ант, бәнт" деген ("жент"-тің қазақ сөзі екеніне күмәндімін, қалғаны парсыдан шыққан) сөздерден басқа да қазақ тілінде екі дауыссыз дыбыс бір буында келмейді.

Сондықтан "тіресі" деп жазу керек еді. "Тіресті" деп жазып жүрген азамат жатыс жалғаумен айтқанда "тірестта" десе, өрескел екендігі көрінбей ме?

"Италия" - жуан сөз, "ге" - жіңішке сөздің жалғауы. Бұл екеуін бір жерге қосақтау "Тіл құралын" өмірінде бір оқымаған топастың жұмысы болады. "ге"-ден айырылғысы келмеген азамат "Ителиеге" деп жазу керек. "г", "к", "е" қосылған сөздер жіңішке айтылатын, бұларға көршілес "а" да жұмсақ айтылатын. Сондықтан "десетине", "күрістер", "Іскендинеу", "гүбірнелік", "уәде" деп жазу керек, соңғы сөзді "уада" деп жазса да жарайды.

Қазақ тілінде орта буындардың аяғында "д" естілмейді де, жазылмайды да. Сондықтан "бүджет"-тегі "д" үшін жеке ереже шығарыла ма? "Бүтжет" деп жазса, шенінен түсе ме? Кемшілік келе ме?

Енді қазақтың төл сөздеріне келейік. Тағы да сол газетте "не бар болғаны", "балдар", "жылқышылық" деген сөздер бар. "Бар

болғаны" да жетпей ме? "Не"-ге жол болсын? "Барлығы" десе ұғымсыз бол ма? "Не бар болғаны" дегеннен орыстың "Что есть" дегені аңқып тұр.

"Балдар" қайдан шыққан? Дұрысы "балалар" емес пе? "дар"-ды алып тастағанда, "бал" не болады? Сөздің түбірін жеп қарнымыз ашты ма? Сыр қазақтары сөйлегенде "баланы" "балға" айналдырып жіберген көрінеді. Сөйлегенде еріктерің, бірақ жазғанда сақау кісіше "балдар" деп жазудың қисыны жоқ көрінеді.

"Коневодство" дегенді "жылқышылық" деп, келтесінен бірақ қайырған.

Жұрнақты орнымен пайдаланса, жаңа мағына туады. Жылқы - түбір сөз, "шы" да, "лық" та - жұрнақ. "шы" жұрнағы қашанда болса кәсіп иесін аңғартады. Мәселен, жылқышы, қойшы, мылтықшы деген сияқты. "лық" жұрнағы "шы"-ға қосылғанда белгілі кәсіпті, күйді көрсетеді. Мәселен, қойшылық, балықшылық деген сияқты.

Елдің ұғымында "жылқышылық" жылқы өсіру мағынасында емес. Жылқышылық дегенде, жұрттың көбі жылқышы болады екенбіз деп ат-тонын ала қашып жүрмесін. Біреу айтады: "Жылқышылықпен өмірі өтті", - деп. "Жылқышылық" орыстың "пастушество" дегеніне келеді. "Жылқы өсіру" десе, ел қазағы тез түсінбей ме? Даяр сөз тұрғанда "бүйректен сирақ шығарып" не керек?

Қазақ тілі осы күнде мемлекет тілі болып отыр. Сондықтан жазуға талабы бар азаматтар "Тіл құралдары" мен Нәзірдің, Халелдің "Үндестік заңы" туралы жазған кітапшаларымен табысу керек.

Білімпаздар тобының қаулысымен есептеспей жазғандарды талқыға салу керек.

"Үндестік заңына" бағынбайтын, ерте заманда сіңіскен жат сөздер бар. Бұларды өзгерту қиын.

Ал енді төңкерістен бері кірген жат сөздерді қалайда болса "Үндестік заңына" бағындыру керек.

*Кемеңгерұлы Қ. Қотыр сөздер// "Жаңа мектеп" журналы.  
1926 жылы № 14-15 санында басылған.*



## **Терминдер туралы** (айтыс ретінде)

Қазіргі күнде бұрынғыдай емес, қазақ әдебиеті өсіп келеді. Бұрынғы ертекіш, қиялшыл, байшыл жазушылардың орнын жыл сайын қазақтың жазушылары алып келеді. Тұрмыс ойды билейтін болса, тұрмысқа қарай әдебиет те өркендейді. Бірақ негізінде әдебиет тілден құралмайды. Тілге бай болып, тіл сара болғанда әдебиетке көркем түсінікті болады.

Маркстің айтуынша, текніке құралы арасында өседі дейді. Қай жердің текнійкесі анда болса, басқаға қарағанда тілге бай болып мәдениеті де алда болады. Мәдениеті алда болған көршілес отырған елдер пайдаланып отырады. Біріншісі - мәдениет жаңа әдебиетінен орнын алса, 2-ден жаңа тігінде алады. Тіл байлығы молайады. Бір жерде жаңа мәшине істеліп шықса, сол істеб шығарған елдің бірінші қойған аты да ат болып қалады. Ол мәшинені сатып алған ел сол атын атайды. Содан барып тіл байлығы кіреді.

Ресейге келген құралдардың аты да сол істелген сол жерінде қойған аты мен аталып жүр. Мыйсалы: - термелетіп, барометір, телескоп, ләктірескоп, телефон, тырақтыр тағы басқалар секілді. Мұндайға ешбір ел жанадан ат қойам деп әуреленбейді. Құранға қойылған ат бұзылмаған соң, ол құралды істеб шығаратұн мемлекеттердің аттарын өзгерту керек емес еді. Бірақ Қазағыстанда олай болмай жүр. Жаңадан термен табылып, мемлекет атаулары да өзгертіліп жүр.

Жаңа термен алғандағы бірінші мақсатымыз - мемлекет тілінің ескіңсін түзетіп жетпеген түбір сөзін, толтырып тәртібті жолға енеміз. Артта қалған ел өз тілінде білім беру, осымен бірге басқа тілдегі пәндерді өз тілімізде аударғанда жетпеген жерге тұрмысқа қолайлы, түсінікті термендерді алып білімге, әдебиетке жол ашу

болмақ. Қазақ екі тілге кседей, кебір пән тіліне бізде атаулық жоқ. Оны қайтеміз?

Менің ойымша, қазақ тілінде аты бар сөзді алу керек, аты жоқ нәрсеге ат табу керек деп күмәнденуды қою керек. Тарлық жүзінде мемлекет аты бар елдерді айтшы, Сербіи белгіне деб атағандай болсақ, аруағынан қорқыб атамады ма екен деб келешек күлкі қылмай ма?

Келешек жастарға білім бергенде жер жүзіндегі мемлекеттің біз атымен таныстырмақ түгіл, мына қалыпта әріптеріне тілін кестірмей қайтамыз ғой.

Жаңа терменде мемлекет атауын былай атайды: сербіи, витальный, пырасный, жапан, Рұумын, армян, бессараб, Ұланды, Былжын, қылжы секілді.

Бұлай деб атауға зор себеб айағының ма-мен бітетіндігі. Менің ойымша, на-ның бізге тіпті ауырлығы жоқ, қазақ ішіндегі Ақмолда, Мұқамедиа, Закария қайда қоямыз.

Атың ауыр деб қалай атамаймыз? Онан соң қазақ әйелдерінің аты көбіне аяғына на-мен бітеді. Мәселен, разыйа, балқыйа, Марына, Зұлқыйа, Жаныйа, Нұрқыйа, Анапыйа, Жанапыйа деб келеді. Онын да құйрығын кеспекпіз бе? Осы әйтеуір атауға тілі келетүн қазақтың Белгия, Германия, англыйа, пырансыйа деб атауға тілі келмейді деген бекер сөз. Мына қалыпта келешекте орысша білім алатүн жастардың тілі оралымға келмей қалу қаупі жоқ емес.

Ал енді мемлекеттің атын бұзғанда, мағынасы да бұзылыб отыратын жерлері де бар. Мәселен, жапанда жұмыскер қыймылы десек, біреу даладағы жұмыскерлерді атады деб түсінуі мүмкін. Былжы деген сөзді біреу сазға батыб етігін былжитыпты деп түсінбей ме?

Жалғыз мемлекет атындағы ғана емес, ау кейбір шәрдің аты, болмаса, бір атақты адамның аттарының аттары да бұзылыб кетіб жүргені бар. Ал енді кейбір кітап аударушылар - Латүшік көр деб аударған кітабына ат қойб жүр. Онын не екенін түсінетін кісі жоқ. Жай шамалап қарағанда олар да осындай мемлекет аты болуға тиіс.

## ТІЛ ТУРАЛЫ

Газет, журнал бстінде кейбіреулер "Кітап сыны" деп жазып, сөз жазады. Өзі білмейтін, өз жерінде жоқ бір сөз тауып алса, "мынау әлдекімнің тілі?" деп жатырқайды. Бұл дұрыс емес. Себебін айтайық.

Қазақтың әр елінде әр гүбірнесінде өздері ғана қолданатын, өзге елдер білмейтін тілдер бар. Мұны ғылым тілінде жергілікті тіл (провенциализм) деп атайды. Әдебиет қисынымен қарасақ, жергілікті тілдерді көп қолдану сөзді тарғылдандырып, ұғымсыз қылады. Бірақ ұғымсыз қылмайтын, пайдалы тілдер де бар.

Қазақтың қай елінің, қай гүбірнесінің тілі нағыз қазақтікі, қай елінікі будан, былық тіл екенін кесіп айту қиын. Бірақ қай ел болса да көрші елінің тіл әсерінен сау емес. Мәселен, бөкейліктер татардың, арабтың, парсының, орыстың әсері көбірек болған, дін басылар, қызмет басылар сол елдерден көп араласқан. Жетісу мен Сырдарияда өзбектің әсері бар, Қостанайда орыс, ноғайдың әсері мол. Семейде, Ақмолада да араб, орыс тілдерінен әсер бар. Қысқасы, бір жағы, діннің, екінші жағы, өкіметтің, тұрмыстың ықпалымен жаттан жапсырып алған тілдер әр елде бар. Айта берсек, нағыз қазақтікі дерлік таза тіл аз болып қалады. Тілдің бірталайы арабтікі, парсынікі, сарттікі, қыпшақтікі болып шығады. Мәселен, мына тілдерді қай елдікі дер едік: "Жауап", "ырас", "ылайық", "пайда", "дұрыс", "дерт", "дауа", "егер", "әр", "пенде", "кісі", "пара", "дос", "бақ" (бақша), "шатыр", "нұр", "залым", "зер", "мыс", "келдік", "өнер", "зақым", "топан", "мейман", "мысал", "дүм", "қымбат", "дәулет", "кеміл", "азат", "көр", "базар", "аспан", "берадар", мен... "дүкерт", "кұп", "сақара", "данышпан"...

Баға келсек, мұның бәрі парсынікі. Кейбірі ғана арабтікі. Бірақ бұл тілдер бізге әлдеқашаннан араласып, сіңісті болып кеткен, сондықтан жат тіл екенін өзіміз де білмейміз. Өзгесін шығарып тастар едік, жауап, ырас, дұрыс, пайда ылайық, әр, ксі, пара, дос,

өнер, қымбат, базар деген сөздерді қалай алмай тұрармыз? Қазақтың "мен" деген есімдігі бөтеннен алынса не дауа қыларсың?

"Зер" деп парсы жұрты алтынды айтады екен. Содан "зергер" туған. "Зер қадірін зергер білер" деген мақал да бар. "Келдік", "бас", "бас сүйек", "дүм" - "құйрық" ("мылтықтың дүмі деп, дүмінді әрі сал" деп қазақ айтады); "қымбат" - баға ("баға" да біздікі емес); "дәулет" - байлық, бақ ("бақ" та біздікі емес; "азат" - еркін, бос, "көр" - соқыр, "шатыр" - театр, "бетд - құл, "өнер" зеректік (талант); "мысал" ұйқас сықылды; бірадар - аға, "дүкірт" - ауырып қалды, "күп" - жақсы, "сақара" - шөл дала, "данышпан" - білгіш, о түгілі "қат", "қалам" - біздің тіліміз емес, "қат" - парсынікі, арытікі десек, "қалам" - әрі үнді халқында, әрі грек (ионан) жұртында болған, бар тіл онымен тұра тұсын.

Әр елдің өз жерінде айтылатын тілдер бар. Семей ақмолалықтар "дөкей" десе, торғайлықтар "әйдік" дейді. "Өншең", "жаппай", "кілең" деген сөздер бар. "Бір келкі", "бір ыңғай", "бір өңкей" деген сөздер бар; "әтей", "әдейі", "тіпті", "тіптен", "жортаң", "жорма", "қасақана" деген сөздер бар, осылардың қайсысы дұрыс? Шын қазақтың таңбасы қайсысында басылып тұр? - айыру қиын. Бірақ сөздің өзін әр ел әртүрлі айтады, өздерінше "түзейді", басқаларша "бұзады". Мәселен, Семе жак "кигіз", "кірпіш", "түндік" десе, Торғай жак "киіз", "керпіш", "түндік" немесе "түнлік" дейді. Семей жак "қора", "кестеу" десе, Торғай "көң", "қыстау" дейді. Кей ел беті ашық қораны "аула" дейді. ("Қыстау" бар елде болса керек). Бір ел "ершік" десе, енді бір ел "ыңыршақ", "содүлке" дейді. "Арысты" "жетек", "дерте", "аглүбле" деп түрліше айтады. "Бел ағаш", "белдік", "білдік" деп түрлендіреді. "Серенке", "шырпы", "оттық", "шакпақ" деп түрлендіреді. "Танша", "құнан шығар", "тай өгіз", "тана" деп әртүрлі айтады. "Көпене", "шөмеле", "отау", "шошақ", "мая", "іскірт" деп түрліше айтады. "Ара", "ара темір", "пышкы" деп түрліше айтады. Осының бәрін ерінбей, жалықпай қарастырып, салыстырып отырсаң, әр ел өзіне дұрыс сөйлеп

жүрміз деп ойлайды. Біз пәлен елдікі дұрыс деп айта алмаймыз, үйткені "әйдік" пен "дөкейдің", "жаппай" мен "кілеңнің", "бір ыңғай" мен "бір өңкейдің", "жорта" мен "жорияның", "кигіз" бен "киіздің", "сіңді" мен "сіңлінің", "түндік" пен "түнліктің" қайсысы дұрыс деу - надандық болар еді. Бұлар бізге жат тілдер емес, бәрі қазақтікі, кейбір дыбыстары өзгергенімен қазақтығын жоймайды.

Біздің тексеретініміз - бөгде, бөтен жұрттан өзіміздегі бар тілдің орнына тіл кіріп бара жатса, соны алып тастап, қазақ тілін аршып, тазартып отыруымыз керек. Мәселен, "жетек" тұрғанда "аглүблені" алып келсе, "қора", "көң", "там үй", "кірпіш үй" тұрғанда "земленкені" қыстырса, "мая", "шөмеле" тұрғанда "іскіртті", "көпенені" қолданса, "оттық", "шақпақ", "күкірт" тұрғанда "серенкені" қолданса, "ыңыршақ", "ершік" тұрғанда "сөденке" немесе "сөделкені" қолданса, - міне, бұзылып бара жатқан деп осындай тілдерді айтуға болады.

Қазақ баласы бірінде жоғын біренен алуға, ауысуына әбден болады, жытырқаудың керегі жоқ. Мәселен, Орад, Торғайдың "әйдігін", "кілеңін", "дырауын", "керімін", "қасқасын", "сойын" неге алмаймыз, әбден аламыз: бұлар әдемі сөздер, әдебиетке керекті сөздер. "Керім - кербез" деген сөз Абайда бар, "қасқа" мен "жайсаң" қазақта бар. "Сой" деген (ата тегі, тұқым) сөз біздің жақта жоқ, бірақ кіші жүздің ақындарында, әдебиетінде бар тіл, оны алмасқа болмайды. Қазақтың өзінен жаңа тілдер көбейіп, табыла берсе, оған қуану керек: тіліміз сонда бай болады. Бөкейліктер "абиешшікті" "орман сақшысы" дейді екен, бері әкеліңіз, құшақтай аламыз. Адайлықтар "сарнау", "зікір салу" дегенді "сарсалу" дейді екен, қойынға саламыз. Түркістандық "тораңғы" деген ағашты біледі екен - тағы аламыз. Торғайлықтар "бір ыстанса жер" дегенді "бір қызым үй жер" дейді екен, о да теріс емес. "Жер майын" - мұнай дейді екен - әбден жақсы. Ең аяғы "пробкені" біреу "бопа" деп атаған екен, қазақтікі болса - қабыл еттік.

Бірақ кейбір ел татардан, арабтан, бөгде елден тіл қолданып жүрсе, оны ала алмаймыз. Мәселен: бөкейлістер "жалақыны" "ғалапа" (алапа) дейді екен, "жал ақы" тұрғанда оны алуға болмайды. Ал ай аттарын (дәлу, құт,... сәуір, зауза...) аламыз ба, жоқ па - оны айрықша сөйлесу керек. Бір елдің тіліне бір елдің адамы күлу - бірінің бірі тымағына күлген тәрізді нәрсе. Ол - тек заттың өзімшілдігі. Тегінде киімге күлудің қажеті жоқ. Тымақтың үлгісі, киімнің пішімі мәдениет жүзінде қандай екеніне айғақ. Киімі баяғы қалпынан мәз өзгермеген елдің салты да, санасы да пәлен өзгермеген болғаны. Мәдениет адамға сырттан кіріп, ішіне қарай тереңдейді. Өнерлі елдің киіміне, үй тұрмысына еліктеу "сені тәуір көрем"нің нысаны. Оны тәуір көрсе, оның өнерін де үйренбек. Қостанай, Семей қазақтары киімдерін ықшамдап, орыс, ноғайға еліктеген болса, олар мәдениет жүзінде өзге елдерден озық болғаны. Сырдың, Адайдың, Бетпақтың, Зайсанның қазақтары әлі баяғы кең қолтық, жуан етігімен жүрсе, ол кейін қалғанның нысаны. Кейін қалғанға күлу керек емес, жан ашу, аяу, жәрдемдесу керек.

Қазақстанның ел болуы: үш жүзінің басы косылуы, қыр мен сырдың жамырап табысуы бірінен-біріне түрлі өнегені жұқтырады, киім де, тіл де, салт-сана да мидай араласады. Қазақтың астанасы Қызылордада тұрса, ондағы басқа елден барған азаматтар сырдың тілінен де телімін алады. Түркістан елдерінің "жүде", "құп", "қайыр" деген тілдері жалпы қазақтікі болып жетеді. Қайдан келсе де, қазақтың тілі болса, жатырқамау керек.

*Жүсіпбек Аймауытұлы.*

9-наурыз 1926 жыл "Еңбекші қазақ".

## ҚОС СӨЗДЕР ТУРАЛЫ

Қазақ тілі тәртіпке түсіп, мектепте оқытыла бастағалы көп уақыт болған жоқ. Аз уақыттың іші болса да, қазақ тілі бірталай зерттеліп, өңі өзгеріп, негіз салынып, қай елдің де тілімен салыстырып, қатарлатыруға жүйелеу жағынан жарап та қалды.

Енді қазақ тілін зерттеу, тінту керек емес, түзеліп, ер жетіп, бойы бекіп, мүлтіксіз болып, сыналып, сыннан өтіп болды деп айта аламыз ба? Жоқ.

10-15 жыл жасаған қазақ тілі түгіл, 200 жыл жасаған орыс тілі де күн сайын өзгеріп "12" мен " "ды тастағаны аз-ақ уақыт болды.

Бұларға қарағанда, қазақ тілі тұрқы, тұрпаты жағынан болсын, сыртқы құрасымы мен ішкі мағына ұйқасымы, үйлесімі жағынан болсын, толық тәкбірлеп, тінтіп қарауды керек қылады. Осы себепті қазақ тілін білу, оны тексеруді қарау, білгенін ортаға салуға әр азамат міндетті болуға тиіс.

Мен де қазақ тілі туралы, ол тілдің ішіндегі қос сөздер туралы ойыма келген, сезген пікірімді көптің алдына тартып өтпекшімін.

Қазақ тілінде қос сөз бұл күнге дейін екі түрлі делініп келді. Біреуі "жалқылағыш" қос сөз, екіншісі - "жалпылағыш" қос сөз. Меніңше, қос сөзді үш түрлі деймін. Бұлай дейтінім: айтылу жағынан да, ішкі мағына жағынан да бар.

Жалпылауыш қос сөз: "аяқ-табақ", "бақа-шаян", "төсек-орын" деген сияқты сөздер. Бұл жалпылауыш сөз. Сөздің арасына әрқашан да тере (тире) қойылып, (Тіл тұрақ заңынша) жазылады.

Ал, жалқылағыш қос сөздің араларына тере қойылып та, қойылмай да жазылады. Жалқылағыш қос сөздің біреуі жіңішке, біреуі жуан болса, онда теремен жазылады. Мәселен: жер-бу, төсек-ағаш, ерке-тай деген сияқты.

Менің үшінші қос сөз деп отырғаным: қазақ тілінде бір сөздің қайта-қайта айтылатын жерлері бар. Бұл қайта-қайта айтылғанда бір

нәрсенің өзінің, жасының, болмысының, амалының, күштілігін көрсету үшін айтылады. Мәселен: "лек-лек", "топ-топ", "создық-создық", "қайта-қайта", "талтаң-талтаң" деген сөздер сияқты. Бұл сөздер бұрын жазылу реті жалпылағыш қос сөздердің ішіне кіріп, мұның заңы қолданылып, теремен жазылып келді. (Мен мұның теремен жазылуына қарсылығым жоқ. Тек мұндай сөздердің жалпылағыш қос сөз емес екендігін айтпақшымын).

Біз жалпылағыш қос сөздерді сыртқы белгісімен де, мағына жағынан да айырамыз. Ал жалпылағыш қос сөзді ылғи мағына жағынан айырамыз. Мәселен: "бақа-шаян", "төсек-орын" дегенде оның ішіне көрпе де, жастық та - әйтеуір төсетуге тұтылатын нәрсенің бәрі айталды.

"Бақа-шаян" дегенде оның ішіне көп мақұлықтар кіреді. Мәселен: "киім-кешек" десек, оның ішіне киетін киімнің бәрі де кіріп кетеді. Ал жоғарғы жалпылағыш қос сөздің заңы басқаша жазылып келген. "Лек-лек", топ-топ, қайта-қайта" деген сөздер - "аяқ-табақ, төсек-орын, бақа-шаян" сияқты нәрсенің, заттың әр түрін жалпылап қамти айтпайды, тек нәрсенің көптігін, иә бір нәрсенің істеген иә істеліп жатқан, істелейін деп тұрған істің жерінің, құрамының көптігін көрсету үшін айталды. Мәселен, "лек-лек" десек, лек-лек көп адам иә мал, әйтеуір бір топ нәрсенің келе жатқанын, барын көрсетіп, көңілге, көзге әсерлі түрде сездіру үшін айтылды.

Мәселен, Нұржан Байсалбайдың үйіне қайта-қайта келді десек, бұл арада "төсек-орын" сияқты емес, айтылып тұрған Нұржан, бірақ теремен жазылып тұрған Нұржанның Байсалбайдікіне көп келгендігін көрсету үшін айтылып тұр.

Тағы бір мысал: Жанбыр иә қар дүркін-дүркін жауды десек, мұнша көп нәрсені қамти айтпайды. Жаңбырдың ашылмай күнде, көп жауғандығын көрсету үшін айтылады. Мұнда да бір нәрсенің амалының, ісінің көптігін көрсетіп тұр. Топ-топ, лек-лек дегенде нәрсенің өзінің көптігін көрсетіп еді. "Дүркін-дүркін, қайта-қайта" дегенде нәрсенің ісінің көп болғанын көрсетеді. Міне, бұл айтылған мысалдардан көрініп тұр: "аяқ-табақ", "төсек-орын" сияқты "лек-лек",



"топ-топ", "қайта-қайтаны"-ны бәріне бір тон пішіп, жалпылағыш қос сөз деуге мағына жағынан келмейді. Қай уақытта жалпылағыш қос сөзді мағына жағынан айыратын болсақ, мағынасы анадай алыста жатыр, ауыл-үй қосып жолдас болғанда қатасы тіпті жоқ.

Жоғарыда айтылған нәрсенің иә сол нәрсенің ісінің, амалының, болмысының көптігін көрсету үшін айтылатын сөз де қайта-қайта айтылған бір түсті сөз. Кей орындарда бір істің, амалдың көптігін көрсеткенде, бір түсті сөзбен емес, әр түсті сөзбен айтып көрсетуге болады. Мәселен: "үздік-создық, ыбір-сыбір, қым-қиғаш" деген сияқты. Мұнда да бір нәрсенің ісінің, қылығының көптігін, күштілігін көрсету үшін айтылып тұр.

Кей орындарда нәрсенің ісінің көптігін, күштілігін көрсету үшін одағай сөздер де жүреді. Мәселен: Мылтық дүрс-дүрс атылып жатыр. Базарбай қыр-қыр өлейін деп жатыр деген сияқтылар. Мұнда мылтықтың дүрсілдеп атылғанының, көптігін, Базарбайдың өлер алдында дырылының көптігін көрсетпейді, күштілігін көрсетеді. Мәселен: Жаман пыр-пыр ұйықтар жатыр десек, Жаманбидің ұйықтасының көптігін көрсетпейді, қатты күшті ұйықтап жатқандығын көрсетеді.

Қалайда осындай сөздер қазақ тілінде толып жатыр. Бұларға "Тіл құрамда" өз алдарына заң жоқ. Бұл күнге дейін жалпылағыш қос сөздің қатарына кіргізіп, соның заңын қолданып келдік. Енді менің айтатыным: мұндай сөздер де термен жазылуы дұрыс, бірақ "жалпылағыш" қос сөз демей, басқа атпен айтылуы керек.

Тұжырып айтқанда, бұл сөздер нәрсенің өзінің, ісінің, болмысының көптігін, дүркіндігін көрсетіп сездіру үшін айтылады. Міне, бұлай тексеріп қарағанда, "жалпылағыш" қос сөздің тобына кіргізіп, қоса көгендеуге келмейді.

Бұл мәселені көп тексерер, бұл мәселені қарар, пікірін ортаға салар, сынар. Бірақ көптен дұрыс бөсін күттік.

*Байтоғайұлы Б.*

27-ағұс (тамыз) 1926. "Еңбекші қазақ".

## Шет сөздердің емлесі жайында. Емле съезіне ұсыныс ретінде

### 1. Емле негізі

1. Жат сөздер халық айтуына жеңіл, құлағына жағымды, түсінігіне үйлесімді, хат тануына оңтайлы болу үшін жат тіл емлесін тіліміздің заңына үйлестіруіміз керек. Осы күні бір жат сөз әр түрлі құбылып жазылады. Мысалы: камиссерьет, камисерет, кемесерет, камесерет, каменес, комунес, камөнес т.б. Мұнан қалың бұқараның хат тануына, шет сөздерді түсінуіне зиян көп. Тіліміз заңына келмеген соң, халық тілі күрмеліп айта алмайды. Сондықтан шет сөздер белгілі ережемен жазылсын.

### 2. Шет сөздер дұрыс жазылу үшін:

1) аяғы қалай жазылуына; 2) түбірінің қазақ тіліне үйлеспейтін дыбыстарын қалай өзгертіп қысқартуына жол көрсетілсін.

Шет сөзді жазуда заңға сүйенбегендіктен, орыстың "кооперация" деген сөзінің аяғын "са, тсе, са, тса, тсие" қылып құбылтып жүрміз. Мұндай мысал көп. Шет сөздің тұқылындағы дыбыс заңына сүйенбегендіктен, орыстың "коммунист" деген сөзінің тұқылын "камен, камөң, камун, комен" қып құбылтып жүрміз. Жат сөз қазаққа қол байырғы болу үшін керек жерінде, барлық дыбысын өзгертуіміз керек. Өйткені әр тілдің дыбыстарының айтылатын-шығатын жолдары бар. Сол жолмен жүрмеген дыбысты адам айталмайды. Орысша сөйлеген қазақ он жыл оқыса да, орыс тілінің дыбысын дұрыс айталмайтыны осыдан. Мәселен, қазақ тілінде төменгі ерінді тіске тіреп айтатын (в, ф) дыбыстары жоқ. (сш. проф. Богородицкий "Введение в тюркско-татарское языкознание ч.ө. стр 23. таблица "Классификации звуков").

3. Шет сөзді дыбыс негізіне сүйеніп (фонетический принцип) жаңа пішін мензеу (морфологическая аналогия) заңымен қарастырып жазалық. Әр тілде бір дыбыс көршілеріне әсер етеді: қатайтады, жұмсартады. Мұны еліктіру (ассимиляция) заңы дейміз.

Орыс тілінде тартыншақ, еліктіру (регрессивная ассимиляция) болса (пробка - пропка, сбереги - збереги), біздің тілімізде итіншек еліктіру (прогрессивная ассимиляция) бар (ұрған, ұтқан, азға, асқа...) Итіншек еліктіру бар тілімізде тартыншақ еліктіру заңымен шет сөз жазып шатасып жүрміз (әліпбе, дұрысы әліппе). Онан соң тіліміз де еліктіруге қарсы іру заңы бар. Ол заң мынау: бір ыңғай айтуға қиын дыбыстар тіркес келсе, оңайлау үшін іріп, әр жолдан шығуға тырысады. Мысал: атшы басқа түрк тіліне қарағанда, атчы болар еді.

Итіншек еліктірумен іріту дауыссыз дыбыста болса, дауысты дыбыстарымызда үндестік (сингармонизм) заңы бар. Шет сөзді жазғанда, бұл заңды қолданбасақ, қазақтың тілі келмейді. Ғазаққа "ат айналар" деп айтқыза алмайсың.

Пішін меңзеуіміз мынау: шет сөз сын есім болса (социалистический), біз де соның сатсиал деген түбіріне бір жалғау жапсырғымыз келеді. Тас үй, қазақ малы дегенде, сын есімде жалғау бар ма? Міне, шет сөзге қазақ тілінде жалғау беріле ме, жоқ ба, берілсе, қазақ тілі қандай жалғау береді - мұны іретке салу керек.

4. Шет сөзді дыбыс негізіне тіліміздің заңына сүйеніп жазу үшін тілімізге халық арқылы кірген араб-парсы жана ескіден кірген орыс сөздері дерек болсын. Бұл күнгі газет-журналдар халықтың шет тілге тілі қалай келуімен санаспаған. Сондықтан бұлай өзгертіп алған сөздер емле жасауға дерек бола алмайды. Тілдің неге келмеуі әр тілде әр түрлі дыбыс жолы (артикуляционная база) болуынан. Халық өзінің дыбыс жолына үйлестіріп, тілін келтіріп, шет сөз алады. Тілі келмейтін газеттегі шет сөзден халыққа зиянынан басқа пайда жоқ: хат танып, тілін ұстатуға бөгет.

Шет сөздер дыбысын қазақ тілінде қалай өзгертіп жазу керек.

5. Шет сөздегі ф орнына қазақша п жазылсын. Мысалы: фильма-пилма, физика - пизик... Ф - төменгі ерінді тіспен қатар қимылдатып, қазақ дыбыс шығара алмайды (орысша в да солай).

Шет сөздің **ф**-сын, қазақ **п** ня **б** қыб айтады. Мысал: фарыз - парыз, fayда - пайда, печать - бешет, фахыр - бақыр, фығыл - бейіл. **В**-ны айталмайтынымыз шет сөздің дыбысынан өте кереқар кетеміз, сондықтан **ф** - **п** алуымыз керек.

6. Аурупа иә орыс тілінің басындағы **г** (**g**) қазақша (**G**) жазылсын. (Бұған аурупа тілінде **Г** орысқа **г** (**g**) болып кірген дыбыстар кірмейді). Мысал: генерал - жанарал, Георгий - Жагор, Гаврил - Жебрел, география - жағырапа...

Ескерту: кейде шет сөздер басындағы **г** қазақша **к** (сирек **г**) де жазуға болады. Мысал: грек - крек, гәз - кез. Сөз ортасында **г** қазақтың өз **г**-сіндей болып кетеді, сөз аяғында келмейді, түсіп қалады: Оренбург - Орынбор, Гамбург - Кәмбір. Өте сирек аяқтағы **г** - **қ**, **к** болады: торг - торқ.

7. Аурупада **ch** орысшада **х**, араб парсыда дыбысы қазақша қатты сөзде **қ**, жұмсақ сөзде **к** жазылсын. Мысал: Мұхтар - Мұқтар, Хаир - Қайыр, chimik - химик, technik - техник. **Ch** - **х** деген тілдің артынан шығатын үнсіз спирант дыбыс. Мұның **к**-ден айырмасы: **к** - тілдің артынан шығатын үнсіз (глухой) болса да, спирант емес. Ал **қ** - үнсіз, артқы дыбыс болғанмен, шалғай артта, жана спирант емес.

Сондықтан **сI-қа** **к** сәл тумалас, **қ** сәл алыстау. Сондықтан жұмсақ сөзде **сI-ны** қазақ **қ** қылады: technik - техник, кухня - көкәне, жуан сөзде **қ** қылады: *хат - қат, Хазина - Қазына, хабар - қабар*. Дыбыс тілдің артына кетсе, қатайып, алдына келсе, жұмсарады.

8. Аурупа тілінен орысшаға **ц** болып кірген дыбыстар қазақша **с** жазылсын. Мысалы: офицер - аписер, станция - станса...

Бұл **ц** орыста көбінесе аурупаның **ti** дыбысынан шыққан. (немісше - *dic station*, франсоzша - *la station*) **t + s** болып құралған дыбыс. **T - C** екеуі де алғы тіл-тістен шығатын үнсіздер, айырмашылығы: **t** - өткелсіз, **c** - өткелді (спирант). Сондықтан шығысы бір екі дыбыс басын бір жерге қосалмай, қазақ артикуласиесі **ц**-ды тек жалғыз **с** қылған. Бұл баяғы іріту заңы.

Орыстың жалғауы жана өзінің **ц** дыбысы да бар. Оған да осы айтқанамыз келеді. Мысал: купец - копес, көпес, күпізі, церковь - селкеу.

Ескерту: амалсыздан кісі атындағы **ц**-ды **тс** қып жазуға болады: Поволоцкий - Поволотский.

9. Аурупа араб-парсы сөздері басына келетін **и** қазақша **ж** жазылсын: жу, иә (я), ие, ио сөз, басында жу, жа, же, жо, жә жазылсын. Мысал: яр - жар, ямшик - жәмшім, ящик - жәшік, ямбы - жамбы, Яков - Жақып, Ява - жау, ярмарка - жәрмеңке.

Қазақ сөзінің басында **и** келмейді. Сондықтан басқа түріктердегі сөз басындағы **и**-ді де қазақ тек **ж** қылып айталады: иақшы - жақсы, иұрт - жұрт... Басқа тілдер де осы заңға бағынған (араб-парсы сөздерін қара: иөрдөм - жәрдем, иәке - жеке...)

10. Шет сөзден орысқа **ч** болып кірген, иә орыстың өзінің төл **ч** (араб-парсыдан кірген де) қазақша **ш** жазылсын. Мысал: чай - шай, чек - шек, червонец - шербен. Орыстан алған *чай, чин, начальник*, парсыдан алған *чахар, чихилтен* сияқты сөздерде халық *шай, шен, нәшәндік, шәр, шілтен* қылған. Біз де осы жолды ұстамай болмайды.

11. Аурупа сөздерінде (әсіресе басында) келетін **®** өзгертілмесін: hidro, heint, henrig...

Бұл **И** дыбысы мен **қ** бір жерден жасалып шығатын артқы тіл дыбыстары, екеуі бір қап, бір саптан. Айырмашылығы сол - **қ** әрі үнсіз (глухой), әрі өткелсіз (смычный), **И** әрі үнді (звонкий); әрі өткелді (спирант). Бұл қазақ тілінде жоқ **И**-ны айқайлап, созып, дауысты дыбысқа қосса, амалсыз **қ** әрі өткелді, әрі үнді болады, қысқасы **И** болады. Ақындарымыздың қазақ тілінде **И** бар деуі осылай екілендіріп көтерілулерінен. Айғай-үйғайсыз қазақ тілінде **И** жоқ.

Қазақ мұны айқайламағаннан, оларды айқайлатып үлкейтіп отыратын жанында ақындар әзір тұрмағаннан, араб-парсы **h** дыбысын қазақ алмай тастаған. Мысал: Іарун-арун, **®**әшім-Әшім,

Аллаһ-алда, Іәләк-әлек, һәр-әр, һәзіл-әзіл, шәһәр-шәр, һөнәр-өнәр, һүнді-үнді. (Нәзір "Жат сөздер" 11-бет), Әһінк-ә (Тәурік. "Түрік-неміс сөвары" 11 бет).

Осы күнгі ө - жұмсақ а деп жүруіміз жаңылыс. Ә араб-парсының сІ-қ-І-ның орнында түр: *chal - әл, һәр - әр, аһінк - ән, гаскер - әскер...*

Бірақ әліппемізде І кіріп қалған соң, ауропаның І, дыбысын орнына жазу керек болар (дұрысы қалдырған).

12. Ауropa сөздерінің басында, ортасында иә соңында дауысты дыбысқа тете тұрған *у*, орысша *в*, қазақша *у* күйінде жазылсын. Сөз аяғындағы *у*-ға жалғас дауысты тұрса, ол дауысты дыбыс жазылмасын. Ол дауысты дыбысты қалдырғанда, *у* алдында дауыссыз дыбыс қалса, арасына тиісті жуан иә жіңішке дыбыс қосылсын. Мысал: *Москва-Мәскеу, Кокчетав-Көкшетау, Павлушка-баулешке, Павел-Пауыл, Варшава-Уаршаб, Саратов-Саратау, товар-тауар, самовар-самаурын, Павлов-Паулоу, Молотов-Молотоу, автомобиль - аутамабыл, Нева-Неу...*

Ескерту: *Иван-өибан* жазылса да болады. Орысша әйел памилесінде *в*-дан соң аяғында *а* жазса да болады. *тіјва, Қылыва...* сияқты шет сөздер. *В* - тіс-еріннен шығатын *ф*-мен тума. Сондықтан бұл дыбыстың екеуі де қазақ тілінде жоқ. "*в*"-ның орнына қос ерін жәрдемдесетін *у* жүріп кеткен иә сирек *б* жүрген. *у, б* - екеуі де қос ерін жәрдемімен шығады. Бірақ *у* - үнді, *б* - үнсіз. Сондықтан *у* көп жүрген. Біз де орыстың *в* орнына *у* алуымыз керегі осыдан анық.

13. Ауropa сөзіндегі *у, и* дыбыстарын *ұ у, іи* қылып сөзбаламай, мейлі жуан, мейлі жіңішке естілсін, тек *у, и* күйінде жазалық. Мысал: *кино, Идро, брошур, бюджет, литр...*

*И*-ны қысқа айтқаннан зиян жоқ. *И*-ді шет сөзде ұзын айтамыз. Әйтпесе літр сияқты жазсақ, сөз тұлғасы өте бұзылып кетеді.

14. Ауropa сөзінің түбірінде бас буында *о* болса да, орысша *а* айтылатын жерде *о* жазылсын. Мысал: *комунес, контрел, социал...* Сөзіміздің бас буынында *о* келу жат емес. Сондықтан орыска еліктеп, ауropa сөзінің түбірін бұзуымыздың жөні жоқ.

15. Аурупадан алынған сөздерге *ө, ы, ү, ә* әріптері жазылмасын. Бұл дыбыстар аурупада жазылмайды. Жазбасақ та, сөздің екпiнiне қарай қазақ жуан иә жiнiшке оқи алады. Орысша *щ* қазақша *ш* болады: *прикащик-бүркәншiк*.

### III. Аурупа сөзiнiң аяғын қалай өзгертiп жазу керек

16. Орысшада аяғы *а*-мен тынған, бiрақ *а*-ның алдында жалғыз дауыссыз дыбыс қосылып, буын құраған *физика, ботаника, смета, техника...* сияқты аурупа сөздерi аяғы дауыссыз дыбыспен жазылсын. Мысал: *пизик, ботаник, смет, техник...*

Ел тiлiнде осылар сияқты *аптека, фабрика, награда, палата - аптек, набрик, нәгрет, палат* болып қысқартылған, азарбайжан да осы жолды ұстап отыр.

17. Орысшада *а*-ға тынған, бiрақ *а*-ның алдында дауыссыз қос дыбыс келген *касса, тонна, фильма, ванна* сияқты аурупа сөздерi аяғына екпiн жоқ (безударный) кезде *i* (*ы*) жазылсын. Мысал: *кассы, тонны, пiлмi, уанны...* Екпiндi кезде *а* (*е*) жазылсын: *сумма - сома, тюрьма - түрме...* Ғазақ осы сияқты екпiнсiз бомба, шорка сөздерiн бомбы, шөркi қылып алып отыр. Ғазақ сөздерi осылай тынуы жат емес: *қамшы, ескi...*

18. Аурупа тiлiнде жер бөлiмi аттарының аяғындағы дауысты дыбыс қалмай жазылсын. Бiрақ жуан-жiнiшкелiгiне қарай *i* иә *ы* болсын. Мысал: *Амерiкi, апрiкi, аурупы, антарқтыйды, Тарқтыйды, Ауыстралы*. Тек Азия сол күйiнде қалады. Жағырапия басқа сөздердiң тұқылы ғана алынсын: *Германия - Гермен, Албания - Албан..*

Әр ел жағырапия аттарының түбiрiне өз тiлiнiң жалғауын қойып алған. Мысал: *англо (италиеше), английский (орысша), англия (орысша), onglan (немiсше), венгрия (орысша), ungarh (немiсше)...* Сондықтан бiз де түбiрiн алып, керек болса, өз жалғауымызды қосу керек.

19. Орысшада аяғы "иат"-қа тынған *пролетариат, комиссариат...* сияқты сөздер жуан-жіңішкелігіне қарай *пролетарыйат, комессерет ...* жазылсын. Пролетариат түбірі - пролет, бірақ мұндай сөздер түбірін алып қана қойсақ, мәнісі азуға мүмкін. Иат деген қазақ сөзіндебар жалғау. *Ғыиат, ұят, мүйет...* Сондықтан бұл жалғау құлаққа да жат емес, тілге ауыр да емес.

20. Орысшада аяғы "ция" - мен тынған станция, кооперация, милиция сияқты сөздер жалғауы *са (се)* жазылсын. Мысал: *станса, копересе, мимесе...* Орысша *ц* жайын *в*-орыннан қара. *Ц*-ды *с* қып айту қазақ тілінің заңы: *полицейский - бөлсенский, канцелярия - кеңсе.*

21. Орысшада аяғы "ет"-ке тынған *буфет, бюджет, банкет...* сияқты сөздер аяғы "ет" күйінде жазылсын. Мысал: *букет, бюджет, банкет...* "Ет" қазақ тіліне шет сөзге құрау үшін жат емес. Мысал: *өндет, жендет, белет, сүндет.*

22. Орысшада аяғы "тор"-ға тынған *доктор, кондуктор, сепаратор, трактор...* сияқты ауropa сөздерінің аяғы тұр жазылсын. Мысал: *доқтұр, қандоқтұр, сепәрәтұр, трәктұр...*

Мұны түсіндіріп жатудың керегі шамалы. Сондай сөздерді ел тілі "гүбірнатұр", "тұра тұр!" деп алып кеткен.

23. Латынша *изм, ист* тынатын *эгоизм, социализм, марксизм, ленинизм, эгоист, социалист, марксист, ленинист* сияқты ауropa сөздерінің аяғы - *шыл, - шылдық (- шіл, - шілдік)* жазылсын. Мысал: *өзімшіл, өзімшілдік, социалшыл, социалшылдық, марксшыл, марксшылдық, лениншіл, лениншілдік...*

Шылдық пен шылық деген жалғауды шатастырмау керек. Шылық орыстың кекесін төмендетуді көрсететін "щина" деген жалғауына келеді: *киргизовщина - қазақшылық, Обломовщина-обломовшылық, азиатовщина - азиашылық.* Ғазақ тілін зерттеген *Мемюранский, Ильминский, Казанская* переводческая комиссия, Байтұрсынов... - бәрі де "шыл, шылдық" жалғаулар бір нәрсеге ықылсын аударып, жолына түсуді көрсетеді деседі.



24. Аурупа тілінде кісінің өнері мен кәсібін көрсететін *граф, лог* жалғаулары *фотограф, географ, метеоролог, тюрколог, филолог* орнына қазақша *-шы (-ші)* жалғауы жазылсын. Мысал: *суретші, жерші, есепші, түркіші, тілші.*

Аурупадан қазақшаға аудармай сөз алғанда, *-шы* түбірге тіке жалғанады. Мысал: *технолог - техникші.*

25. Аяғына орыстың сын есім жалғауы құралған: *социальный, технический, электрический...* сияқты аурупа сөздерінің тек тұқылы жазылсын. Мысал: *социал тұрмысы, текнике құралы, электр күші.*

Қазақ тілінде сын есімнің өзіне арнаулы жалғауы жоқ. Сын есімнің қасындағы сөзге қарай мағынасы болады. *Тас үй, орыс малы, қағаз ақша* дегенде сын есімде жалғау жалғамаймыз. Шет елден де сын есімді осылай алуымыз керек.

26. Аурупа сөздерінің тұқылының аяғындағы дауыссыз дыбыстар (*г, з, д, ф, в, х-дан басқа*) бұзылмай жазылсын. Мысал: *volt, мекрәскөп, телескоп.*

27. Орысшада аяғы *"ия"*-мен біткені *буржуазия, индустрия, акция...* сияқты аурупа сөздерінің аяғы *а* иә *ә(е)* жазылсын. Мысал: *буржуаза, индустрә, аксә...*

Аурупадан кірген *губерния, полиция, станция, канцелярия* сөздері халық тілінде *гүбірнә, пәлисә, станса, кеңсе...* айтылады. Жаңадан кіретін сөздер де осыған меңзелуі керек.

28. Орысшада аяғы *"ий"*-ға біткен: *пролетарий, активарий* сияқты аурупа сөздерінің түбірі ғана алынып, орыстың *ий* деген жалғауы жазылмасын. Мысал: *пролетар, антикуәр...*

29. Орысшада *"тр"*-ға тынған *театр, метр, литр* сияқты аурупа сөздерінің аяғы сол күйінде жазылсын. Мысал: *тиатр, метр, литр...*

Бұл сөздерде *t* мен *p* арасына басқа әріп қоюға орын жоқ. Орысша-қазақша айтылуы бірдей, қазақ тек сәл жіңішке айтылады.

30. *Ғылым, техникe, қилиа* сөздерінің иум жалғаулары сол күйінде жазылсын. Мысал: *колсиум, натриум...*

31. Түрк тілінде ежелде әйел мен еркекке бөлетін жалғаулар жоқ болса да, араб-парсыны еліктеп кірген *мұғалима, мутауаллима...* сияқты шет сөздер мұнан былай *мұғалым, мутәлим* болып жазылсын. Керек болса, *мұғалым қызы, мұғалым қатын* деп қосылсын. Азарбайжан да осылай алып отыр. Осы күні еркекті азамат, әйелді азаматша деп жазып жүргендікі де дұрыс емес.

Біздің бұл ұсыныстарымыздың жаңылысы да болар. Бірақ көбі дұрыс деп сенеміз. Дұрыстығына таласқандар болса, әр ұсынысымызды мұнан да гөрі дәлелденкіреп жазармыз. Қай жерінен қалай жаңылғанымызды көрсеткен азаматтың толық дәлеліне әбден тоқтаймыз. Бірақ халық аузындағы (*нұриетариат, пролетариат, пыралетарет...* қып бір сөзді жүз құбылтып жазатын сияқты газеттер тілі болмасын). Дыбыс пен сөздерден келтірген дәлелдер күтеміз.

1927. 26 март (наурыз) "Еңбекші қазақ" газеті.

Фонд 81. опись 1. дело № 1313. стр. 32.

**"Орысша-қазақша әскерлік атаулары"  
жөнінде жазылған пікірлер**

*Мұқанов Сәбит*

**А л а ш - у р а !**

Естімеген елде көп. Білім иелері, сұлу тілдеріміздің талай әдемі сөзін естіп жүрміз ғой. Сингармонизм шығып, көменес "күмән" бола жаздап барып қалды. "Интернационал" - би бауырмал, бауырсыз болып барып қалды. Сингармонизмнің "е" әрпі басымызды қатырып "кемесер", "кеметет", "кеперетіп", "кеменес" деген өңшең "ке"-лерден сүрініп жығылуға айналдық. "Қадіс те осылай депті" деген молдалардың жұмбағы сықылды, сингармонизмнің жұмбағына түсіп, күні бүгінге шейін тіліміз сына жаздап жүр. Оның бәрінің оқасы жоқ еді. Неге десеңіз, ол "термин" де. Қолақбандай білім комиссиясының шығарған "заңы" да.

Заң - заң ғой. Бірақ заңның да заңы бар. Сингармонизм деуге тіл сынса, терминдеріміз бара-бар жүректі сындыруға айналды. Сеніп тізгін берген білім комиссиясы ауыздықты тісімен жалғыз-ақ омырып, шадыр аттай басымен сүзді. Заңның жөні осы деп "ура"-ны "алаш" деп аударды. "Алаш" - қазақтың бір атасы дейді ғой. Ол қазақтың ұраны-ақ болсыншы. Әйткенмен, соңғы кезде "алаш" қазақтың байының ұраны болған жоқ па еді?!

Партия осы күні мамандарды сыйлайды. Сеніп іс береді, сеніп істетеді, сеніп советский ақша береді. Партия ұраны - міндетті ұран. Оны орындау - әрбір коммунистің міндеті. Сондықтан маманға іс істетпеймін деп көлденеңдеген коммунистікі қияңқылық екені рас. Коммунист маманға жол беру керек. Бірақ маман алған ақшасын адал етіп, адал дастарқанға арам тигізбеу керек. Сонда ғана шын маман бола алады.

"Біздің Ақаң" (Ақмет Байтұрсынұлы) - тіліміздің маманы. Ақаңды "Ақа" дегеннен басқа жазығымыз жоқ еді. Тілімізді

уыстап қолына беріп қойдық. Ақаң - білім комиссиясының мүшесі. Олай болса, кеңес білімін білім сықылды білім қылып, жалпы бұқараның алдына ұсынуы керек еді. Олай студің Ақаңа түк обалы жоқ еді. Бірақ Ақаң мамандығын дұрыс атқармады. Неге? - дейсіздер ғой. Былай: "Әскерлік атаулары" деген кітап шықты. Кітаптың сыртына: "Бұл кітап білім комиссиясының қаулысымен алынды" деп Ақаң мен Нұрым ұлының мүбәрак қойған қолдары бар. "Ура"-ның "Алаш" болуы осы кітаптың ішінде. Ақаң алашты жақсы көретін шығар ғой. Аузы дағдыланып кеткен сөзі-ақ шығар. Әйткенмен, советский ақшаны алып отырып, советский кітаптың ішіне "ура"-ны "алаш" деп аударуға Ақаң үйренген дағдысын қолданбай-ақ қоюы керек еді. Үйткені кітап Алаш орданікі емес, советский ғой. Ғаббас Нұрымұлы - Алаш орданың сенімді жасының біреуі. Ол - жас жігіт, жас жігітте қызулық, албырттық болмай қоя ма? Ғаббастікі жастығы, қызулығы болсын. Ал 60-қа тақалып, байсалды кісі болған Ақаң "ақсақалдікі" не? Ақаңның Алаш орданы сүйетінін кім білмейді? Бірақ оны өзге жерде-ақ ретін тауып еткізіп, советский ақша беріп отырған советский кітапқа енгізбей-ақ қоюы керек еді. Қасқырға: "қойды неге жейсің" деп түлкі сұрау бергенде, "жемейін десем де, көзіме қызығып кетеді", - деген екен деседі. Бұл сықылды Ақаңның әлде көзі қызығып кетті ме екен?

"Бір сөзде сонша байланатын не түр?" дейтіндер болар. Бұл сөз біреу болса да, бірегей сөз. Жаман айтпай, жақсы жоқ. Ертең соғыс бола қалып, Алаш орда бас көтерсе, біз Алашордамен соғыссақ, шабуылға барғанда, Ақаңша "ура"-ның орнына "Алаш" деп шабамыздағы. Алда, масқара-ай, ұят-ай!

"Әскерлік атауларында" оңған термин шамалы. Соның ішінде оңбағанның оңбағаны былай тұрсын, төңкеріске қарсылық (контрреволюция) иісі аңқып тұрған - осы "Алаш".

*Сөбит.*

"Еңбекші қазақ". 18.01.1928.

## С Ә Б И Т К Е   Ж А У А П

"Еңбекші қазақтың" № 15 нөмірінде "Әскерлік атауларында" орыс ұраны ура орнына қазақ ұраны "алаш" алынғанын жаратпай, Сәбит бірталай сөз қылыпты.

Сәбит сияқты түйерлік, шаншарлық өткір қалам бізде қайдан болсын. Сондықтан сөзді көбейтпей, турасынан даулы мәселеге түсейік.

Қазақ әскеріне "алаш" ұранын қолдануға қолайсыз көрінгендегі Сәбиттің келтіретін дәлелі мынау: "Ертең соғыс бола қалып, Алаш орда бас көтерсе, біз "ураның" орнына "Алаш" деп шабамыз ба? Алда, масқара-ай! Ұят-ай!" - деп ұялғаннан жерге кіріп кете жаздайды.

"Алаш" деп шабу Сәбитке масқара ұят нәрсе болып көрінетін себебі - "Алаш" қазақ ұраны болғанмен, ол соңғы кезде қазақтың байлары қолданған ұран емес пе еді? - дейді. Сүйтіп, жаратпағандағы бар болған дәлелдері осы.

Енді орыстың "ура" ұранына келейік. Оны да Сәбитше тексерейік. Сәбитше тексеру үшін Сәбитше болжамға салайық та, сұрайық. Ертең соғыс бола қалып, орыстың ақтары басын көтерсе, оларға қарсы орыс көменестері, қызыл әскері шапқанда, "ура" орыс байлары, жанаралдары, патшалары, солдаттары тұтынған, қолданған ұран еді деп "ураны" ұялап айтпай ма екен? Немесе қазақтың байлары "Алаш" ұранын қолданған кезде орыс байлары "ура" ұранын қолданбады ма екен?

Орыс байлары, патшалары қолданған "ураны" айтуға орыс көменестері ұялмағанда, қазақ байлары қолданған "алашты" айтуға ұялатын мәнісі немене екен? Әлде "ура" орыстың байлары, ақтары қолданбайтын, тек қана жарлылары, қызылдары қолданатын интернационалдық ұран болған ба екен?

Оны Сәбит білмесе, біз білмедік. Сәбит не дейді? Кіменес партиясы не дейді? "Ұлт мәдениетінің поршысы (қалыбы) ұлтша болсын, мазмұны пролетариатша болсын" дейді партия. Поршы деген нәрсенің тысқы қабығы сияқты жағы, мазмұн деген ішкі дәні, маңызы сияқты жағы. Партия қарауынша ұлт мәдениетіндегі істің мәні тысында емес, ішінде екендігі көрінеді.

"Алаш" та, "ура" да - ұлт сөздері. Ұлт сөздері болған соң әрқайсысы өз ұлтындағы бай-жарлыға бірдей ортақ сөз болады. Ұйткені ұлт болатын 10% бойы ғана емес, 90% жарлы мен орташасы. Бұл - бір.

Екінші, сөз - тысқылық нәрсе. Тысқылық нәрсе екендігін "ураны" қызылдар да, ақтар да бірдей қолданатындығы көрсетеді. Жалғыз бұл сөз емес, басқа сөздер де көрсетеді. Мәселен, Сәбит, кемесер тағысын тағы сөздер. Сәбит атты мекемелер патша заманында да бар еді. (Мемлекеттік Сәбет, Министрлер Сәбеті, қазақта хан ордасында депутат сәбеті бар еді). Кемесер атты лауазым пролетариат билеп отырған мемлекетте де бар. Солардың "Сәбет", "кемесер" деген аттары ғана бірдей, заттары бірдей емес. Сөз тысқылық нәрсе болмай, ішкілік нәрсе болса, былай бола алмас еді.

"Ертең алаштап шапсақ, Алаш орда болып кетеміз" деген - түкке тұрмайтын, дәлелсіз сөз. Уралап шапқаннан орыс қызыл әскері ақтар солдатты болып шықпайтын болса, алаштап шапқаннан Сәбит алаш орданың адамы болмайды.

Пролетариатша тәрбие алған қызыл әскер болсын, Сәбит болсын, уралап шаба ма, алаштап шаба ма, пролетариат жағында болады. Егерде байлар да олар байларша тәрбие алса, уралап шаба ма, алаштап шаба ма, - байлар жағында болады.

Олай болса, кеп сөзде емес, тәрбиеде. Партияның айтып отырғаны да осы. Осылай болмаса, әр ұлтты пролетариатша тәрбиелегенде, өз тілімен тәрбиелемей, бір-ақ тілде тәрбиелер еді ғой.

Тіл демекші, бұ жағынан да Сәбит бірталай сөйлеген екен. Онысына айтатыным: Жат сөздерді басқалар, мәселен, орыстар өз тілінің заңына үйлестіріп алғанда, солай алуға біздің де қақымыз бар деймін. Ақшасын адалдамай алып отыр деген тағы жаласы бар екен. Оның адал-арамын жалғыз Сәбит емес, өзгелер де білетін шығар деп, онысына ештеме демей-ақ қоямын.

*Ақымет.*

"Еңбекші қазақ". 26.01.1928. № 21 (1048)

**Былай ғой**  
(Жауапқа жауап)

Ешбір жанадан құрылған үкімет, менімше, тілді өзгертпейді. "Жұмыскер", "жарлы", "кедей", "бай", "патса", "үкімет", "нан", "ышкаб", "қалам", "соғыс" - қысқасы, құрылған үкіметтің алдында қолданған үкіметтің тұсындағы сөйленіп жүрген сөздерді жаңа үкімет сол мағынасында ғана алады. Не нәрсенің болса да, ішкі мағынасы өзгерсе ғана сырты өзгереді. Патса заманында қазақ "кедей"-ді "кедей" десе, енді кеңес үкіметінің тұсында: "олай деп неге айтасың" деуге ешкімнің қақы жоқ. Бұл - жалпы жағы.

Енді сөз ауысу жағына келейік. Қай ел болса да, көрші елден сөз ауыспай жүрмейді. Қазақтың "самауыр", "шәйнек", "шашке", "ыстақан", "мәшине", "доға", "қашыт" тағы сондай сөздері - орыстікі. Мұны алудың ұят-шашы жоқ. Үйткені бұлар қазақтың өз басынан шықпаған, өз тұрмысында болмаған сөздері. Іреті келген жерде "орыс екен" деп жирену "қарақұлақ қасқырдың шашы" дегенмен бірдей.

"Ура"-ның қайдан шыққанын тексермей-ақ қояйық. Ақаңша орыс ұраны-ақ болсын. Әйткенмен, орыстың атасы "ура" емес, орыс қой. Атасы орыс бола тұра, орыс елі ұранынан "орыс" демей, "ура" деген, менімше, былай болу керек. Қуаныштың да, қайғының да өзінше сыртқа сездіретін белгілері болады. "уе", "а", "ым", "ие", "ай" дегендер сөзге жатпайтын, жан сезімнің белгілері. "Ура" да осындай белгінің бірі ғой деп түсінем. Мәселенің тетігі "ура" мен "алашта" емес, осы екеуінің қайсысы ұлтшылдық әсер беріп, ұлт қанын қыздыруында. Орыс ұлтының қанын, орысшылдығын "ура" деп жүрген орыстың екі ұлтшылы бірін-бірі шаппайды, атпайды. "Ура" деп жүрген екі орыс бірін-бірі атады, шабады. Орыстың ақтары орысша "атамын" деген сөзді "стреляю"



десе, қызылдары да солай дейді. Орыстың "ура", "стреляю", "кушаю" деген сөздері ұлтшылдығына жатпайтын, істейтін істерінің белгілері. Олай болса, "ура" орыс сөзі болғанымен, орыстың ұлтшылдығын білдіретін белгісіне жатпайды. "Алаш" алдымен қазақты, қазақ ұлтын еске түсіреді. "Алаш" деген сөзден "мен алашпын, сен орыссың, анау қалмақ, мынау жебірей" деген сөздің иісі аңқиды. Шынында, "Алаш" деген сөз дүниеге шыққан күннен бастап күні бүгінге шейін "біз алашпыз, анау бөтен кісі" деген мағына келе жатыр. Бұған қосымша ол соңғы кезде байшылдардың ұраны болды. Қазақтың ұлтшылдары "қазақты Алаш туының астына жиямыз деді".

Алаш туы астында

Күн сөнгенше сөнбейміз

Сұлтанмақмұт.

Бөлшебек болғандардың мойнына  
алаштың қыл арқанын салу керек

Сарыарқа.

Ал, орыстың байшылдары:

"Ура туы астында

күн сөнгенше сөнбейміз", - деген жоқ. "Ураның қыл арқанын бөлшектердің мойнына саламыз" - деген жоқ. "Алаш" ұлт туын тікті, "ура" ұлт туын тіккен жоқ.

Міне, бұлай болған күнде "ура" мен "алаш"-тың ішкі мағынасы да, саяси маңызы да екі бөлек. Сондықтан не "ура"-ға қазақша сәйкес белгі табу керек еді де, болмаса, соның өзін ғана алу керек еді. Үйткені "самовар"-ды "самауыр" деп алғаннан қазақтың қазақтығының қылшығы да сынған жоқ. "Ура" деуден сынатын қылшық шамалы еді.

Ұлт мәдениетін көменес партиясы қалай айтып отырғанына Ақаң жанаспаса да жарайды. Көменес партиясы "Красная армия" деген сөзді "Қызыл әскер" деп алғанға ұрыспайды, бірақ "алаш әскер" дегізбейді. "Красный" дегенді "қызыл" деп алу ұлтшыл-

дыққа жатпайды. Үйткені қазақша мағынасы сол. Ақаңша оны "алаш" деудің де оқасы жоқ кой!

"Қазақтың жігіттеріне "Алаш" деп өз атын тақпай, "Қызыл" дегенді қайдан таптыңдар", - деп Ақаң қалай айта алады. "Қызыл" - бір ауыз сөз де, "Алаш" - ұлт ұраны емес пе? Қызыл әскер алаштан жиылғанымен, ол ұлтшылдыққа, байшылдыққа қарсы құрылды әскер емес пе? "Ура"-ны "алаш" деу ұлт мәдениетінің пролетариатша болғаны емес. Мұның аты ұлт мәдениетінің ұлтша болғаны. Сондықтан Ақаңа партияның саясатын бұл арада қолданбаса да болады.

*С ә б и т.*

26.01.1928. (ғыныуар) № 21 (1048)

## **ҚАРАҚАЛПАҚ ТІЛІ ЖАЙЫНДА**

Қарақалпақ - кішкене ұлт. Оның тарихы әлі баспасөз жүзінде мәлім болған жоқ. Мұны анық бір ұлт емес деп жүргендер де бар. Оның бұрыннан сақталып келген өз алдына тілі, жері, күйі ұлт екендігіне ашық дәлел. Бірақ солары жақсы жолға қойылмай жатыр.

Ерікті обылыс түзілгенге дейін қарақалпақтың тілі, күйі жоғала жаздаған еді. Ұлт айырмасы қарақалпақты ерікті обылысқа ие қылса, тілі, күйінің жоғалмауына да себеп болып отыр.

Қарақалпақ обылысы деген соң ол кім, қандай ұлт, тілі, күйі қалай екен деген ойға әркім қалады. Қарақалпақ өте артта қалып келгендіктен, бұл жағы көзге көріне алмай жатқаны рас. Бірақ бұл кемшілікті жоюға аздап болса да әрекет бар.

Көп адамдар бұған асығыстық қылады. Өз алдына тілі, күйі жоқ, баспасөзді қазақша иә өзбекше шығару керек, - дейді. 25-інші жылдың декабрінің 10-ында 4190 нөмірлі "Еңбекші қазақта" қарақалпақ тілі туралы мақала жазылды. Қол қойған "қарақалпақ кіндік" газетінің басқармасы. Бірақ оны басқарма жазбай, Сәрсенбайұлы деген жолдасымыз жазып, басқарманың қолын қойған. Бұл мақалада қарақалпақ елінің ана тілі - қазақ тілі болуға дұрыс деп көрсетеді. Бұл пікір - қата.

Қазақ тілінің түзілісі қарақалпақтың тіліне, күйіне, тұрмыс шартына келіспейді. Қарақалпақ өз алдына ұлт болмай, қазақ болса, өз тілінен қашпас еді. Мұны анықтаймын деген кісі қарақалпақтың арасына баруы керек. Келгеніне 8 ай болмай, қарақалпақтың қалың елін араламай, түрлі ұлттан құралған облыстық қалада тұрса салып, "қарақалпақтан айырмасы жоқ" деуге Сәрсенбайұлы қалай батырлық қылады?

Мектептерде қазақ тілін оқытуға қарсы болып, қарақалпақтың ана тілін қолдануды тілеушілердің барлығын көрсетеді. Мұның не жаттығы бар? Әр ұлттың өз тұрмысынап туған тілдің өзінің сауатты болуына, мәденилесуіне қолайлы екенін ойлау керек емес пе? Қарақалпақтың қарсы болуының себебін сұрасақ, сәрсенбі ұлының өзі де сонан қашық кете алмас еді. Соның үшін қарсы болады деу ұят. Қарақалпақтар жоғала жаздаған әдебиетін жинаумен халқын аса сауатты қылуға жол ізденіп жатыр. Қарақалпақтың тілін түзеуші тілімен таныс емес дейді.

Қазіргі қазақтың тіл маманы Ақымет Байтұрсынұлын да баста тілмен таныстығы аз дегендер болған шығар. Бір текті жаңа түзеуші бастапқы кезде тілмен таныстығы аздай көрінетін. Оны таныстығы жоқ деп тоқтату, күлу - өте зиян. Тәжірибе жасала барып, жол алып кетпек. Сондықтан әрбір тіл түзеуге жаңа кіріскен адамды қорламай, көмек беру керек.

Қарақалпақтардың газетін шұбар тілмен жазуға зорлағанын айтады. Шұбар ала - қарақалпақтар арасында ауыр сөз. Жолдас-тарымыздың шұбарат бергені қарақалпақтарды таң қалдырды. Шұбар қатысты деген шығар. Жалпы түрік тілінде қатыссыз тіл жоқ. Қатыссыз деген қазақ тілінде де толып жатыр. "Уада", "кітап", "қалам" деген арабтың сөздерін тастай алмай отыр ғой. Тазадан тіл табу онай емес. Шұбар деп қалсақ, шұбарлығы арта барып тіл жоғалып кетпек. Қарақалпақтың тілін шұбар деп газет шығармасақ, не болмақшы? Өзінің тілі қолданылмаса, жазылған нәрселердің пайдасыздығы анық.

Сондықтан шұбар тілмен жазуға зорлайды дегеннің қатесін аңдап, қайтып алуға тиісті. Қарақалпақтың қазіргі тілі ел әдебиетін сақтап, артынан із қалдыра алмайды - дегендей қылады. Мұндай сөздер езілген қарақалпақтың көкірегіне дерт болмақшы. Бұл сөз, біріншіден, көзсіздік болса, екіншіден, қорлау болып танылуы мүмкін.

Менің Сәрсенбіұлына беретін кеңесім: қарақалпақтың тілін із қалдырмайды дегенше, кішкене қазақ тілінің тарихына жақсылап қарау керек. Енді Сәрсенбі ұлының мақаласын анық тексергенде, қарақалпақтың тілі қазақтан басқа болғанына өкпелегендік көрінеді. Кемшілікті айтып қайғырып жазды деуге болмайды. Неге десең, мақаласын өсекпен бітіреді. Халыққа да негіз берерлік емес. Өйткені бір бұтақтан бір бұтаққа қонады. Егерде талқыға салуды қаласа, екінші бір жол алмаса болмайды. Талқы үшін қарақалпақтың ана тілі, жыр, нақылынан азырақ жазылса, оның кім екені, кімге жақындығы өзінен-өзі білінеді. Бұл туралы білім кеңесі ордасының жауабына қанағаттандық. Ол қарақалпақтың тілінің тексерілмегенін ашық айтқан, із қалдыра ма, жоқ па? - Айтпаған.

Сәрсенбі ұлы тексерген болса, із қалдыра алмастығын толық ыспаттауы керек еді.

Әуезұлы Қасым. 4 үйен 1926.

**Әуез ұлы Қасым.**

**Басқарма** - Қарақалпақ елі өз алдына ұлт, өзіне меншікті тілі бар деген пікірге басқарма қосылады.

## ШЫҒАРУШЫ ДЕЙМІЗ БЕ, РЕДАКТҰР ДЕЙМІЗ БЕ?

(ұсыныс ретінде)

Осы күнге шейін "редактұр" дейміз деген сөзді "шығарушы" деб келеміз. Осының өзі дұрыс емес сықылды. Шығарушы редактұр дегеннен гөрі "Издательге" үйлеседі. Мәселен, "Еңбекші қазақты" Ғаббас шығарды деуге болады, партия камітеті шығарды десек, одан да дұрысырақ болады. Бірақ камітет редактұр емес, издатіл қой.

Ал енді "Еңбекші қазақты" шығарушы пәленше деб, "шығарушы" деген сөзді газетбен байланыстырыб, айтқанда үйлесіңкірейді, бірақ нені шығаратұнын айтбай, жалаң "шығарушы" дегенді айтсақ, мәселен: шығарушы қайда, шығарушыға бар, біздің шығарушымыз келген жоқ... деген сықылды іреттерде түсініксіз де, ерсі де болыб қалады.

Редактұрдың орнына қазақша сөз аламыз десек, шығарушыдан гөрі "басқарушы" дұрыс болар еді. Редаксиені "басқарма" дегеніміз сықылды. Редактұрды басқарушы деуіміз керек еді. Редактұрды жалпылама орысқа түсінікті қылыб айтқанда Руководитель газеты дер едік. Мұнымыз "басқарушыға" дәл келеді. Бірақ "басқарушының" да қыйсыны келмей қалыб отыр. Үйткені басқарушы деб осы кезде заведывающий біткеннің бәрін айтамыз, газеттің өзінде де бірнеше бөлім басқарушылар бар, редактұрды да басқарушы дейтұн болсақ, басқа да басқарушыдан айақ алып жүріуге болмай қалатұн көрінеді.

Енді қайттік?

Біздің ойымызша, орысшалаб кеттік деушілер болмаса, редактұрды "редактұр" деб-ақ жіберсек дейміз. Редактұр десек те өзге мағына ауыб кетпес еді. Редактұр газет-жорнал жұмысын басқаратұн адам екені өзінен-өзі түсінікті болыб тұрар еді. Кемесер, кемесіне деген сөздерде жалпы қазаққа түсінікті болыб кетті ғой, көб болса, - соның біріндей болар еді. Шығарушы, иә басқарушы

дегенде, нені шығарушы, нені басқарушы екенін қоса айтбасақ, болатұн емес.

Оқушылар бұған бөлім кеңесі не дер екен? "Редактұрың-ақ жарайды" деб бізге батасын берер ме екен, иә өзге бізге батасын берер ме екен, иә өзге бір қолайлы сөз тауып берер ме екен, осының жауабын күтеміз.

Газет қызметкері. 06.02.1927.

## О терминах и терминологии

При переводе русских терминов на казахский язык происходило и происходит много ошибок.

Так, например, в 1923-1924 г. когда казахский центр находился еще в Оренбурге, в акцентре, слово Интернационал было переведено как "Бейбауырмал".

Против такого перевода многие протестовали. Предлагали слово Интернационал принять, общий интернациональный термин - казахским словом не заменять, т.к. слово "бейбауырмал" не может дать понятия, которое мы включаем в слово интернационал.

"Бей" - значение "не" или "без". А "баурмал" - значит "любящий родных". А "бейбауырмал" - значит "не любящий родных или сородичей". Такой искаженный перевод великого слова "Интернационал" может только ввести в заблуждение казахов и может среди темного казахского населения породить антипатию по отношению к коммунистическим интернационалистам, как к "бейбауырмалам" - "не любящих родичей своих".

Работники же акцентра доказывали, что "бауырмалы" - любящие своих сородичей" - это по-русски, значит - националисты, а "бейбауырмалы" - "не любящие своих сородичей" - это по-русски значит - интернационалисты, поэтому перевод считали они правильным. При голосовании я только один голосовал против "бейбауырмала", заявив свой протест.

И через 2-3 дня об этом опубликовал я в печати, предложив, чтобы никто не искажал слово Интернационал.

После такого моего объявления, слово "бейбауырмал", кажется, нигде больше не появлялось!!!

Теперь такие же ошибки произошли с военной терминологией. Здесь есть масса спорных переводов. Для примера приведу такие



переводы: *армия - сая, штурм - басқын, дивизия - түмен, бадыя - қауға, базис - тіреу, тірек, балласт - салмақ, боевое столкновение - жауға қағысу, боевой взвод - ұрыс кедергісі, ықше, боевой комплект - ұрыс толығы, вертлюг - бұрғыш, взрывчатый - бұрғы, возвратная пружина қайтарғы шыыр, грудная высота - емшектің бойы, геометрия - пішіндеме, горизонтальная площадь - бесік, десант - тоғынды, егерь - саятшы, ездой - қосайдар, жало - ушы, кладовая - қамба, каптенармус - қаптырнағыш, каток - тайғанақ, клинок темірі, компас - түстік, конвой - көмбей, коромысло - куенты, корпус - сан, курок - құлақ, маяк - сүре, местность - тигыштық, оккупация - алу, пакгауз - бақа-ауыз, парк - қойма, питание - жабду, платформа - майдан, приемник - көмей, мешкей, ползун - мешел* Правильность этих терминов и сомнительна, и спорна.

Самым скандальным в преводе этой военной терминологии является перевод русского крика "ура". Это, так сказать является солью русско-казахской военной терминологии, "ура" заменено казахским кличем "алаш". Правильно ли это? Конечно, неправильно. При нападении или атаке русские кричат "ура". "Ура" - для всех имеет одинаковое значение. "Ура" выражает, ведь, только чувство восторга и знак наступления.

Что выражает "алаш". А что такое "алаш"? Одинаковое ли имеет для всех значение "алаш". "Алаш" - есть кличка казахского племени. Для казахского племени кличка "алаш" имеет такое значение, какое для русских слово "Русь", "Святая русь". Отсюда националистическая партия "Алаш", отсюда националистическая правительство "Алаш-Орда"...

Поэтому, перевод русского "ура" на казахское "алаш" недопустимая ошибка. Конечно, всякий может ошибиться, даже, порою, высокие таланты могут ошибки делать. Только надо ошибку во время исправлять и в будущем стараться ошибку не повторять. Если мы указываем сейчас на такую ошибку, товарищи из акцентра не должны обижаться на это.

Я предлагал некоторым работникам акцентра предварительно объявлять сомнительные переводы терминов в печати для широкого обсуждения и для нахождения более подходящих переводов. Но терминологическая комиссия не послушалась этого, предпочла устанавливать термины только своей силой.

Наши газеты также употребляют некоторые сомнительные термины. Даже такое слово, как "коммунист" или "коммунистический" употребляется неустойчиво, порою в искаженном виде. Например: "комен", "комонос", "куман", "коммунист". Слово "край" переводится также на казахский язык совершенно неправильно и непонятно. "Край" - часто употребляющийся термин. Этот термин в казахском переводе должен быть совершенно понятным и точным. Что такое: крайком, крайучреждение, крайучреждение, крайярмарка, крайгазета, крайработник, крайбюджет и т.д. трудящиеся должны ясно и определенно понять. Раньше перевод термина "край" был для всех понятным, а теперь стали употреблять совершенно неправильный переход слова "край".

Раньше перевод слова "край" был "аймак" - правильный для для всех казаков, понятный, а ввели новый неправильный и для массы непонятный перевод "өлкелік". Слово "өлке", "өлкелік" для казаков имеет совершенно другое понятие, чем "край". Только бассейн реки казахи называют "өлке", "өлкелік" и больше ничего. Откуда же взяли это название? Оказывается узбеки и азербайджанцы называют "край" и "краевые" "өлке" и "өлкелік". И поэтому, оказывается, казахи тоже должны "край" и "краевое" (вместо своего прежнего названия "аймак" и "аймақтық") называть "өлке" и "өлкелік".

При употреблении "өлке" и "өлкелік" - крайком, крайгазета, крайярмарка, для казахской массы имеют, например, такое значение: речной комитет, речная газета, речная ярмарка.

Еще пример: слово "армия" переведено в слово "сая". Это совершенно непонятно, казаки "армию" знают как "аскер". Красная армия по-казакски: "Кызыл аскер". Ни один казак не поймет, когда акцентр говорит: "Кзыл-сая". А слово "сая" по-казахски значит прохлада, тень какого-либо предмета. Например: "ағаш саясы" - значить "тень", "прохлада деревьев". По крайней мере, казаки так понимают.

А ученые из акцентра это объясняют тем, оказывается, что раньше тюрки и монголы "армия" называли "сая". Оказывается и мы тоже должны сейчас "армию" называть "сая".

Единственный довод у акцентра только тот, что раньше монголы или тюрки армию называли "сая". В таком случае, военный клик "ура" нужно было бы принять так, как оно есть, т.е. не заменять другим казакским словом. "Ура" происходит от казакского слово "ұр" (бей). Казаки при враждебном нападении друг на друга во время разбоя и сейчас кричат "ұр", "ұрып таста" (бей, бей его!!!). И отсюда казакское боевое слово "ұран" (клич). Из этого видно, что военный клич "ура" имеет полное законное право, чтобы его казаки приняли так, как он есть, т.е. как казакское слово. Нужно отрешиться от неправильных переводов. Не искажать значения важных слов непонятными для трудящихся масс. В будущем переводы таких важных терминов необходимо предварительно объявлять в печати для обсуждения и нахождения более правильных переводов или принимать интернациональные термины, не переводя их.

*Сакен Сейфуллин/"Советская степь".*

1928, 28 февраля

## ҚАЗАҚ ЖАҢА ЕМЛЕСІ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ

### Қазақстан орталық атқару кәмитетінің қаулысы

Арап әліппесі қалың бұқараның қат тануына ауыр болды. Техникаге үйлеспеді; қазақ тілінің дыбыстарын дұрыс таңбалай алмады; жаңа арап әліппесі дін мен астарлас болды. Сондықтан арап әліппесіне көпшіліктің қолы жетпейтін, азшылдықтың ғана әліппесі болды.

Арап әліппесінің бұл кемшіліктері қазақ тілінің емлесіне де шалықын тигізді. Арап әліппесі тұсында сезілмеген бұрынғы емленің бар кемшіліктері, жана әліппеге көшкен соң. Көзге айқын түсті.

Өктәбір төңкерісінен соң ұлы мәдениет - шаруашылық жұмысын өз қолы мен істей бастаған қалың қазақ еңбекшілерінің мүддесі, жұрнақшыл - үндесшіл қазақ тілінің дыбыс заңдары, жаңа әліппенің айрықша қасиеттері, -бәрі қосылып емлені өзгертуді амалсыз керек қылды. Онан соң емлені сатсыйалдық құрылыс жағдайына қарай, тілдің даму бағытына қарай өзгерту керекті.

Жоғарыда айтылғандардың бәрін қорытқанда қазақ емлесін, емлелердің ішінде ең оңай саналған дыбыс жүйесі емле негізіне құру керек; қазақтың төл сөзі үшін де, шеттен кірген сөздер үшін де бір ыңғай емле жасау керек, сондықтан Қазақстан орталық атқару кәмитеті қаулы қылады.

1. Халық ағарту кәмисәриеті ұсынған, осы қаулыға қосылып отырған, жаңа әліппе жолы мен түзелген емле жобасы бекітілсін, 1924-жылғы емле жойылсын.

2. Осы қаулы "Еңбекші қазақ" гәзетінде жарыйаланған күннен бастап, Қазақстандағы барлық мемлекет мекемелері, әлеуметтік ұйымдар, барлық оқу жұрттары жаңа қазақ емлесін қолдансын.

3. Қазақ тіліндегі барлық кітап, газет-журнал, іштемпіл, решет, кеңсе қағаздары, жарлық, етікет, маңдайша қағаздары, тағысын-тағылар мұнан бұлай тек жаңа емле мен ғана басылсын.

4. Халық ағарту комисәриәті мен қазақ кіндік ғана әліп комитеті жаңа емлені таратуға шара қолдансын. Бұл үшін гәзет-жүрналға жазсын, кітапшалар, табліселер, емле сөздігін шығарсын.

**5. Халық ағарту комисәрияті жаңа емле мен шет сөздер сөздігін шұғыл басып таратсын.**

Қазақстан орталық атқару комитеті төр-ағасы: **Әуез ұлы.**

Қатшы: **Андыжан ұлы.**

Алматы, 25-июль, 1929 ж.

## ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАҢА ЕМЛЕСІ

1929-ж. 2-4 юлде Қызыл ордада өткен кәнпренсе қабыл еткен, жаңа сол жылғы юлдің 25-де Қазағыстан орталық атқару кәмитеті бекіткен.

Емленің ережелерін дәл жүйелеу үшін әуелі қазақ тіліндегі дыбыстардың өзгеретін жалпы жолдарын ашып алу керек. Оның үшін қазақ тіліндегі дауысты-дауыссыз дыбыстардың бәрін де ілім жолына қыйсындырып жіктеп шығару керек.

Қазақ тілінің дыбыстары жалпы дыбыс жүйесінше былай жіктеледі:

Ескерту: 1. Жеңілдік үшін "в" мен "ж" ымыралы "л" "р" жігіне кіргізілді.

Ескерту: 2. "h" дыбысы қазақ тілінде өте сйрек ұшырайды.

Қазақ тіліндегі дыбыстардың өзгеру заңдары мынадай.

1. Қазақ тілінің ірі заңдарының бірі Үндестік заңы. Бұл заңның жолынша бір сөздің ішіндегі дыбыстары жа бір ыңғай жуан болады да, жа бір ыңғай жінішке болады.

Үндестік заңынша жалғау-жұрнақтардың бөрі де түбір сөздегі дауысты дыбыстардың ауанына қарай кейде жуан, кейде жіңішке болып, ылғи екі түрлі айтылады; жалғау-жұрнақтардың бұған көнбейтіндері шет тілдерден, көбінесе қарсыдан, - кірген жұрнақтар мен "нікі" деген ғана қазақы жұрнақ.

Мысалы: бала+лар. Кісі+лер, бала+ға, кісі+ге.

2. Түркшідерше бұрын қазақ тілін де ерін үндестігінде болған. Бірақ бұл кезде ол ерін үндестігі жоғалуға бет алып барады.

Бұл кезде бас буындағы ерін дік дауыстының ықпалы екінші буыннан әрі аса алмайды; онда да тек екінші буындағы жіңішке дауыстылар мен қысаң дауыстыларға ғана тиеді; бірақ екінші буындағы дыбыс үйткенде де дәл еріндік болып шыға алмайды, еріндік екені, жа езулік екені анық естілмей, тек көмескіленіп қана шығады.

Мысал: күрек (күрөк), сүмек (сүмөк), оқы (оқу), қуыс (қуұс).

Қазақ тіліне шет тілдерден кірген сөздердің кейінгі буындарындағы еріндік дауысты дыбыстары ылғый езулік болып кетеді; әйтпесе көмескіленіп өзгереді де, оның есесіне бас буындағы дауысты дыбыс еріндік болып, шығады.

Мысал: Стол - үстел (үстөл), Школа - үшкөл (үшкел), Папироша - папыраз (папұраз), июнь - үйел (үйөл).

Еріндік дауысты дыбыстардың бас буынынан басқа жерде айтылатын жері: Жалғыз ақ дауыссыз "в" дың алдында келеді, - дауыссыз "в" дың ықпалы мен алдындағы қысаң дауысты ылғи еріндік болып өзгереді.

Мысал: қазы + у = қазу, жібі + у = жібу.

3. Қазақ тілінде дауысты дыбыстардың бәрі де араларына дауыссыз дыбыс салмай жалғаса алмайды. Дауысты екі дыбыс қатарынан кездесе, көбіне оның бұрын айтылатыны жоғалып кетеді.

Мысал: қара + өгіз = қарөгіз, сары + ат = сарат.

4. Жалғау-жұрнақтардың басындағы дыбыс дауысты болса, онда екі буынды жа көп буынды түбірдің айағындағы тұйық буынның қысаң дауыстысы кейде жоғалып кетеді.

Мысал: мұрын + ым = мұрным. Тұрық + ы = тұрқы. Қарын + ым = қарным.

5. Жалғау-жұрнақтардың басындағы дауыссыз дыбыстар түбірдің аяғындағы дыбыстың түріне қарай өзгереді; жалғау-жұрнақтың басындағы дауыссыз дыбысты түбірдің аяғындағы дыбыс кейде [өзі үнсіз болған күнде] өзіне ұсатып [әссійміләтсие] өзгертеді де, кейде [түбірдің соңғы дыбысы ымырасыз болса] өзіне ұсатпай [діссімиләтсие] өзгертеді. Жалғау-жұрнақтардың басындағы дауыссыз дыбыстардың бұлай [түбірдің айағындағы дыбысының ауанына қарай] өзгергенін жалпыша мынадай кестемен көрсетуге болады:

Түсіндіру: бұл кестеде нөмірлеп жоғарыдан төмен жолдарға жалғау-жұрнақтардың бас дыбыстары жазылған, ең жоғарғы қатарға түбірдің жалғау басына әсер ететін соңғы дыбыстары жазылған; мәселен: 1- жолға "л" жазылған; дауысты дыбыстарға (айағы дауысты дыбыс болып келген түбірлерге) сол "л"-мен басталып жалғанатын (лар, лы, лық, ла, лау сықылды) жалғау-жұрнақтардың бәрінің де басындағы "л" ымыралыларға (айағы ымыралы болып келген түбірлерге) сол "л" күйінде өзгермей жалғанады.

Бұл кестеге ұяң дыбыстар мен бірге в, г, ғ, д-ларда жазылған; бірақ бұл төрт дыбыс сөз аяғында тіпті келмейді.

Түбірдің соңғы дыбысы жалғаудың басқы дыбысына ететін әсеріне мысалдар:

1) Бала-лық; ер-лік; ел-дік; сұм-дық; тұз-дық; жас-тық.

2) Бала-мыз; ер-міз; аман-быз (бірақ "Аман-мын"); қызбыз; жас-пыз.

3) Бала-ны; тау-ды; адам-ды (бірақ "Адам-ның"); қыз-дын; жас-тың.

4) Бала-да; тау-да; адам-да (бірақ "адам-нан"); қыз-да; жас-та.

5) Кісі-ге; ел-ге; күн-ге; көз-ге; ет-ке.

6) Бала-ға; жау-ға; адам-ға; қыз-ға; тас-қа.

Кестеге қарағанда, жалғау-жұрнақтардың басындағы дыбыстарының бәрі де түбірдің соңғы дыбысының ауанына қарай ылғый бір қалыпты өзгереді. Мұны итінше келіктіру дейміз. Бірақ жалғау-жұрнақтардың басындағы ымырасыз дыбыстар ымырасызға жалғанғанда жалпыша ұяң болып өзгергенмен, кейде олай өзгермей, ымырасыз күйінде де қалып қояды: жан-ба, жан-бақ, адам-быз; бірақ адам-мен, адам-мын.

6. Түбірдің соңғы дыбысы қатаң п, к, қ үшеуінің бірі болса, ондайда жалғау-жұрнақтардың басындағы дауысты дыбыстың ықпалы мен ол қатаң үш дыбыс өзгеріп ұяң болады: "п" өзгеріп "б" болады; "к" өзгеріп "г" болады; "қ" өзгеріп "ғ" болады; мұны



тартыншақ еліктіру дейміз; мысал: тап + ады = табады; күрек + ім = күрегім; ақ + ар = ағар; қап + ық = қабық.

7. Жалғау-жұрнақтардың басында қатаң (ызың) "с" иә "ш" тұрса түбірдің аяғындағы дыбыс бұл екеуіне ықпалын тигізе алмайды, онда жалғау жұрнақтың басындағы "с" пен "ш" бір қалпынан айнамайды. Бірақ түбірдің аяғында ұяң "з" жа "ж" тұрса жалғау. Басындағы қатаң дыбыстың ықпалы мен түбірдегі бұл "з" "ж"-лар өзгеріп қатаң болады: "ж" өзгеріп "ш" болады да, "з" өзгеріп "с" болады. Ал енді "с" пен "ш" біріне бірі кездесетін болса, ондайда ылғи "с" өзгеріп "ш" болады. Бұл да тартыншақ еліктіруге жатады; мысал:

Түз + сыз = түссіз; жаз + са = жасса; ұш + са = ұшша; тұз + шы = тұсшы = тұшшы; ас + шы = ащы.

8. к, г, қ, ғ төртеуінің біреуі мен басталған жалғау-жұрнақтар түбірдің аяғындағы "н"-мен кездесе, "н" өзгеріп "ң" болады. Бұл төрт дыбыстың қай-қайсысы да алдындағы "н"-ды өзгертіп "ң" қылып шығарады; бұл да тартыншақ еліктірудің бірі; түн + гі = түңгі; жон + ға = жоңға.

9. Тартыншақ еліктірудің тағы мынадай бір түрі бар. Жалғау-жұрнақтың басындағы "б" -"п"-нің ықпалы мен түбірдің аяғындағы "н" өзгеріп "м" болады; "б" мен "п" алдындағы "н" да ылғи "м" қылып өзгертіп шығарады; мысал: жан + бас = жамбас; сын + байды = сымбайды.

10. "б" мен "п"-ның арасындағы дауысты дыбыс қысаң болып алдындағы дауысты дыбыс еркін болып келсе, онда бұлар өзгеріп "в" болады. Мысал: жап + ып = (жабық) = жауып; теп + іп = (тебіп) = тевіп.

11. Қазақ тілінде (түрік тілдерінің бәрінде де бір сөздің басында екі дауыссыз дыбыс қатар жалғана алмайды. Бірақ екі буын аралығында (арқа) немесе үнді мен қатаң (серг) болып құрылған буында екі дауыссыз дыбыс қатар келе береді; мысал: тақта, жент, бұлт, жұрт, сына, тарақ, ырым.

12. Тістің түбінен шығатын дауыссыз үш дыбыс: "ш" - "ж" - "й(и)" жіңішке айтылуға бейім: сондықтан бұл үшеуі мен сыбайлас дауысты дыбыстар көмескіленіп, жуан-жіңішкелігі анық естілмейді; мысал: жай-жәй; шай-шәй; тыйын-тиін.

13. Қазақ тіліндегі қосымша сөздер жалғау, жұрнақ болып екі айырылады.

Жұрнақтың айыра танырлық бір белгісі сол: жарнақты сөз түбір есебінде болады (есімдіктің атау күйінде болады иә етістіктің бұйрық райының жекеше 2-інші жағы болады, иә үстеу болады). Оған қарағанда көптік жалғау "лар" тәуелдеу де, етіс түрлерінің жалғаулары да ("жудыр" "жуын"- "жуыл" дегендегі "дыр" - "ын" - "ыл"-дар да жұрнақ болып шығады. Сонда "ағатай" "ағеке", "балтеке" дегендегі "ай", "еке" де жұрнақ болады. Жалғау-жұрнақтардың бұл айтылған белгісіне келмейтін "қой", "қана", "ма?" "ше?", "ақ", "ав" жұлға деуге де сыймайды, жұрнақ дегенде сыймайды. Бұлардың екпіні де өзінде қалады.

14. Жұрнақ өз ара көне жаңа көнгіш болып екіге айырылады; түбірінен оңай айырыла қоймайтындар көне жұрнақтар болады. Көне жұрнақтар өзі қосылған түбір сыйақты басқа түбірлердің бәріне бірдей қосыла бермейді. Мәселен "Ілгері" "ішкері" деген сөздердегі көне жұрнақтар.

Мәнісіне қарай бір тапқа кіретін түбірлердің бәріне де жалғана беретін болса, көнгіш жұрнақтар болады. Мәселен "малшы", "етікші" тағы басқа сөздердегі "ші" көнгіш жұрнақтар. Арпағырапы түзегенде жұрнақтардың бұл жүйелерін ескеру керек.

15. Түбірге жұрнақ қосылып, жанадан сөз шығарғанынан басқа, түбір мен түбір қосылып та (кейде бірнеше түбір бірігіп те) бір сөз болып шығады. Бұлай жүре келе мүлде кірігіп бір сөз болып кеткен сөздерді айтқанда, айтушы да тыңдаушы да оның ішіндегі түбірлердің басқа-басқа екенін аңғармайды. Бұл сықылды сөздердің бір сөз болып кіріккендігін көбіне ішіндегі дыбыстарының өзгергенінен білуге болады. Үйткені ондайда көбіне кіріккен

түбірлердің жалғас дыбыстары ғана өзгеріп қоймай басқа жерлеріндегі дыбыстары да өзгеріп кетеді.

Мысал: оқ + шантай = оқ + шонтай. Бүгін = бү + күн = бұл + күн. Төнертең = таң + ертең, белбеу = бел + бау.

Бірақ бір сөз болып бірігіп кеткен түбірлердің ішіндегі дыбыстары өнемейін бүйтіп кірігіп өзгеге бермейді. Мәселен: "полағақ", "селбау" "қарағұс" "саптаяқ=сапты+аяқ" сықылды сөздерде бір сөз болып бірігіп кеткен; бірақ олардың ішіндегі дыбыстары оншалық кірігіп өзгермеген (бұлардың ішіндегі түбірлері басқа-басқа болғанда да бәрі бір кездескен дыбыстары дәл осы қалпындай болып өзгерер еді). Сондықтан біріккен сөздерді мағына жағынан да тексеріп сынамай болмайды. Мәселен: "оң қол дыңқолғабы", "ғара қарағұс" "сабы сынған саптаяқ" деген де: "қол", "қара", "сапты"-лар өзіне жалғас түбір мен мықты ұстасып біріккенін білеміз.

Бір неше сөзден құралған адам аты да бір сөз деуге келеді.

16. Ішіндегі түбірлері айтушының түсінуінше басқа-басқа аңғарылатын (айақ-табақ, құрт-құмырысқа сықылды) жалпылағыш қос сөздер де болады. Мұндай сөздер өзінен өзі ақ екі бөлініп тұрса да, қосып айтқанда екеуін де жалпылап шығаратын жаңа ұғым шығады.

Екі арасында дәнекер "ма" келетін қайталама сөздер болады (көз-бе көз қол-ма қол, ауыз-ба ауыз. Бұлардың мағынасы жалпылағыш қос сөздерден басқаша.

Екінші бөлегінің бас дыбысы өзгеріп айтылатын дәнекерсіз қайталамалар да болады (ол-пұл, анау-мынау, ағаш-тағаш).

Сын есімді күшейту үшін оның басындағы дыбыстары "п" мен жалғанып қайталайды. Бұл күшейту қайталама сын есімнің алдынан қосылады; мәселен: қап-қара, қып-қызыл, ап-пақ.

Жоғарғы көрсетілген дыбыс өзгерісі мен қазақ тілінің қасиеттеріне сүйенгенде емле негіздері мынадай болу керек.

1. Қазақ емлесінің негізгі дыбыс жүйесінше болу керек; дыбыстың өзгеруі осы күнгі қалық тілінде айтылған, естілген күйінде жазылуы керек. Сөз-сөздің ішіндегі дыбыстарының бірінің біріне ұсап өзгергені де - еліктіру, ұсамай өзгергенінде - еріту, - әсіресе бір ыңғай жуан, жа бір ыңғай жіңішке болып өзгергендері, - өзгерген күйінде жазылуы керек. Жазудың бұл дыбыс жүйесіне келмейтін жерлерін осы қаулыда айырықша ережелер болуы керек.

2. Шеттен кірген сөздердің емлесі дыбыс жүйесі мен жазылуы керек де, айағы қазақтың сөз жүйесіне көну керек.

*Ескерту: шеттен кірген сөздерді қазақ тілінің дыбыс жүйесі мен сөз жүйесі негіздеріне бағындырып жазам деп, орынсыз шет сөздердің түбірін бұзуга болмайды.*

3. Шеттен кірген сөздердің бұрыс жазу ережесі жасалғанда, ол сөздерді қалың бұқара жеңіл ұғып алатын болсын, шапшаң қаттанып, жазу үйренуге, қалықтың жалпы сауаты ашылуына қиындық келтіретін болмасын. Бұл үшін шеттен кірген сөздердің арпағырапысы қазақ тілінің заңына қайшы келмеуі шарт.

4. Жалпы еуропылық сөздерді алғанда, - олардың тек түбірлері ғана алынады да, осы қаулыда көрсетілген дыбыс жүйесіне бағындырылады, сөз жүйесі іретінен түбірге жалғанатын жалғау-жұрнақтары қазақ тілінің заңына бағындырылады.

**Жоғарыдағы көрсетілген емле негіздеріне сүйеніп, жана қазақ дыбыстарының өзгеру заңы мен сөз жасалып, қосылу заңдарын ескеріп, емле төменгі түрде алынсын.**

1. Тұтас сөз жеке күйінде естілгенінше жазылады, жанындағы сөздің жалғас дыбыстарының ықпалы еленбейді.

*Мысал: бос белбеу ("бос пелбеу" емес), Көк дөнен ("көг дөнен" емес), Торы ат ("торат" емес).*

*Ескерту: 1. үндестік заңына көнбей, ішіндегі дыбыстарының бірі жуан, бірі жіңішке айтылатын сөздер де естілуінше жазылады.*

*Мысал: бірақ, кітап, қызмет, нығмет.*

Ескерту: 2. Сөз айағындағы "п" "к" "қ" естілуінше осы "п" "к" "қ" әріптерімен жазылады, жалғау-жұрнақтың басындағы дауысты дыбысының ықпалы мен бұлар "б", "ғ", "ф" болып өзгергенде, сол өзгергенінше жазылады.

Мысал: *көп, төк, жақ, көбейді, төгеді, жағады.*

2. Бір неше түбірдің дыбыстары кіріккеннен шыққан бір тағыналы сөздер де есітілген күйінде тұтас жазылады. Дыбыстары жөнді кірікпесе де, айтушының түсінуінше ішіндегі түбірлері бірінен бірі басқаланып айырылып шықпайтын болса, - ондай сөздердің бәрі де тұтас жазылады; осы орында көрсетілген тұтас жазылатын сөздердің өзгерген дыбыстары өзгерген күйінде жазылады.

Мысал: *саптаяқ, белбеу, қолғап, борамбай.*

3. Жалпылағыш қос сөздер сызықшамен жазылады; ондай сөздердің дыбыстарының біріне бірінің тийгізетін ықпалы еленбейді, - екеуі де түбірінше жазылады.

Мысал: *киім-кешек (киімгешек емес), төсек-орын (төсегорын емес), айып-аншы (айыб-аншы емес).*

4. Екінші бөлегінің бас дыбысы өзгеріп айтылатын қайталама сөздер де сызықшамен жазылады.

Мысал: *ол-пұл, тайақ-маяқ, етік-метік.*

5. Арасына "ма" мен "ді" кіріп қайталайтын сөздер бұлай жазылады: "ма" мен "ді" алдындағы сөз бен сызықшамен айрылады. "ма" мен "ді"-нің дыбыстары алдыңғы сөз ықпалы мен өзгерсе, сол өзгерген күйінде жазылады. Ал "ма", "ді" соңындағы сөзбен бөлек жазылады. Жана мұның соңғы сөзге тигізген ықпалы еленбейді.

Мысал: *қол-ма қол (ғол емес), көз-бе көз (гөз емес), өз-ді өзі (өзді емес).*

6. Сын есімнің басындағы дыбыстарына "п" қосылған күшейту жалғау сызықшамен жазылады. Жана күшейту жалғауының айағы ығи "п" күйінде жазылады.

Мысал: ұп-ұзып, қып-қысқа, жап-жақсы, (жаб-жақсы емес), доп-домалақ (доб-домалақ емес).

Ескерту: күшейту жалғауларының дыбыстары түбір мен тұтасып, әбден кірігіп өзгеріп кеткендері, түбір мен бірге жазылады, өзгерген дыбыстары өзгерген күйінде естілуінше жазылады.

Мысал: аппақ, көкпеңбек.

7. Жалғау-жұрнақтардың бәрі де түбір мен қосылып жазылады; түбірдің ықпалы мен өзгерген дыбыстары (итіншек еліктіру) өзгерген күйінде жазылады. Бірақ жалғау-жұрнақтардың түбірі кейіншектен тигізетін ықпалы, - (тартыншақ еліктіру) осы байна да айыра айтылған жерлерде ғана болмаса, еленбейді.

Мысал: кешкі, түнгі (түңгі емес), көнбейді (көмбейді емес).

Жалғау-жұрнақтың басындағы дауысты дыбыс қосылғаннан түбірдің соңғы бітеу буыны ашылып екі айырылса, жаңа осы айырылғаннан бітеу буынның қысаң дауысты дыбысы жоғалып кетсе, түбірдің жоғалған дыбысы жазылмайды.

Мысал: қарын-қарнымы (қарыным емес), тұрып-тұрып (тұрыпы емес), мұрын-мұрным (мұрыным емес).

Сөз айағындағы қатаң "п", "к", "қ" жалғау басындағы дауыстының ықпалы мен өзгеріп "б", "г", "ғ" болғанда, түбірдегі дыбыстар өзгерген күйінде жазылады.

Мысал: қазақ-қазақы; күкек-күрегі; жап-жабады.

Көне жұрнақ ықпалы мен түбірдегі дыбыстардың өзгергені өзгерген күйінде жазылады.

Мысал: немеурін, күнгей, жоңқа (жонқа емес).

Түбір соңындағы ызың "з", "с" дыбыстарына жалғау басындағы ызыңдардың ықпалы еленбейді, - ондай дыбыстар ылғи түбірінше жазылады.

Мысал: басшы, (башишы емес), тұзшы (түшишы емес), қашса (қашшиа емес).

Ескерту: жалқы жіктеу "мын", "сың", "мыз", "бын", "сыз"-дар өзіне түбірдің екпінін тартып ала алмаған мен де, жалғау делініп түбір мен бірге жазылады. "сың" жалғау естілуінше "ң" мен жазылады.

Мысал: *барасың (барасын емес).*

8. Құрлы, қой, қана, да, дағы, ақ, ма? Ше? Ау, ай, - алдындағы сөзден бөлек жазылады; бірақ алдындағы сөздің ауанына қарай өзгерген дыбыстары (ійтіншек еліктіру) өзгерген күйінде жазылады; мұндай сөздер өзі өзгермей, алдындағы сөздің соңғы дыбысын өзгертетін болса, - (тартыншақ еліктіру) оның өзгергені еленбейді.

Мысал: *құс құрлы, сен гұрлы, ат та, атан да, есек те, жер де, Жақсы ақ, қазақ ау (қазақ ау емес), мал аман ба? (амам ба емес), мен қалаға барам, сен ше? құрсын ай, бұл не? Мұны сен ғана білесің. Тағы бірде аласың тағы.*

"Да" етістіктің шартты ырайына жалғанғанда да естілуінше бөлек жазылады.

Мысал: *оқыса да білмейді. Барса да келмейді. Онда барсақ та болар.*

Сүйтсе де, бүйтсе де, әйтсе де дегендегі "де" бөлек жазылады. "барыпты-мыс" келіпті-мыс дегендегі "мыс" жаңа "еді" - деп ықшамдалған "ды" (ді) "ты" (ті), (етістіктің 3-інші жақ жалғауы "барады", "барды" дегендегі - "ды" емес), онан соң есімдерге ғана қосыла айтылатын "барған-ды", "аман-ды", "аман-ды", "жас-ты" - дегенде айтылатын "ды" естілуінше сызықша мен айрылып жазылады.

Мысал: *айтыпты-мыс, ол мана ақша алған-ды, мен көрген де ол жас-ты.*

Етістіктің түрлі ырайларына жалғау есебінде қосылып айтылатын - оқы-самшы "келсемші" ашшы (ашшы емес), қазшы (қашшы емес) дегендегі "шы", - алдындағы сөз бен қосылып жазылады, түбірдің ықпалы мен өзгерген дыбыстары өзгерген күйінде жазылады.

*Ескерту: 1 "Сонысын". Кіші-кене" "ойтырмай" сықылды болып кірігіп ықшамдалған құрама сөздер бір сөз есебінде естілуіне тұтас жазылады.*

*Ескерту: 2. "ма", "ақ", "қана" жалғау мен де бірге жазылады; мұндайда өзгерген дыбыстары өзгерген күйінде жазылады.*

*Мысал: аманбысың, жақсыақысың, өзің қанамысың.*

9. Алдындағы сөздің жалғауын (септеуін) өз ауанына қаратып отыратын "соң", "көрі", "бері", "үшін", "шейін" -сықылды үстеулер алдындағы сөзден бөлек жазылады; арадағы дыбыстары түбірінше жазылады.

*Мысал: сенен көрі (гөрі емес) қалаға шейін, манадан бері, сенің үшін, сенен соң.*

10. Көмекші етістіктер алдындағы сөзден бөлек жазылады. Арадағы дыбыстарының өзгергені еленбейді.

*Мысал: оқып жатыр (оқыб жатыр емес), келе алмады (кел алмады емес).*

11. Сөз ішіндегі дыбыстардың жуан жіңішкелігі көмескі болған жерлерде, анығы жалғау-жұрнақтың түрінен ашылады: жалғау жуан болсақ, түбірдегі көмескі дыбысы да жуан болады.

*Мысал: жау-жайға (жәйге емес), тыйын-тыйынға (тинге емес), жай-жайланды (жәйленді емес).*

12. Жазғанда ерін үндестігі еленбейді; дауысты дыбыс көмескі естілетін болғанда еріндік дыбыс жазылмай, езулік дыбыс жазылады.

*Мысал: үшін (үшүн емес), құрып (құруп емес), күрек (күрөк емес), қуыс (қуұс емес).*

*Ескерту: 1. "тын" жұрнағы естілуіне "тын" болып жазылады.*

*Мысал: баратын (баратұн емес), оқыйтын, көретін (оқыйтұн, көретұн емес).*

*Ескерту: 2. "ғу", "ғу" жұрнағы естілуіне жуан сөзде "ғу" жіңішке сөзде "ғу" болып жазылады.*



Мысал: оқу (оқыу емес), жазу (жазыу емес), беру (беріу емес).

13. Шеттен кірген сөздерде "ф" орнына "п" жазылады.

Мысал: филма - пилме, физика - пизіке, фанары - панар, фабрик - пәбірік, файда - пайда.

14. Шеттен кірген сөздер басындағы "г" дыбысы "г" және "ғ" түрінде сақталады.

Мысал: газ - ғаз, губерния - губірне.

*Ескерту: шеттен алынатын сөздер қай елден алынса, сол елдің тілінде айтылатын түріне қарай алынады: орыс тілінен алынатыны - орысша, она толы тілінен алынатыны - ана толыша, пырансы тілінен алынатыны пырансозша түрге үйлестіріліп алынады.*

15. Еуропының "ші"-сы, орыстың "Х" сы, арап-парсының "?" сы жуан айтылатын сөздерде "қ", жіңішке айтылатын сөздерде "к" арқылы жазылады.

Мысал: *Мұхтар-Мұқтар, хайр-қайыр, техник-текнік, гауэтвахта-абақты, кухна-көкіне.*

16. Қазақ тілінде жоқ "ц", "ч", "щ" дыбыстары өзгертіліп, - "ц" - "с" арқылы, "ч" және орыстың "щ", "ш" арқылы жазылады.

Мысал: *офицер - әпесер, станция - ыстанса, церковь - селкев, канцелярия - кеңсе, чай - шай, чек - шек, чеббонец - шебен, прикащик - біркеншік.*

17. Еуропы, арап-парсы сөздерінің басында келетін "и" (иот) қазақша "ж" арқылы жазылады. Ал енді "иұ" (ю), "иа" (я), "ие"-лер сөз басында "жұ" (жә), "же" жазылады.

Мысал: *ямбы - жамбы, яков - жақып, ярмарка - жармеңке, ямицик - жемшік, ящик - жәшік, япон - жапан, еврей - жеврей, юшүф - жүсiп.*

18. Шеттен кірген сөздердегі ерін шығысты "в" дыбысы қазақша "в" әрпімен жазылады. Орыс сөзіндегі "в" дыбысы екі дауысты дыбыс арасында келгенде - "в" арқылы, сөз басында - "в" арқылы жазылады (самаурын, бәселей).

Бетеу буында орысша "в", сіңіп кеткен ескі сөзден басқа жерде, ылғи "п" арқылы жазылады.

**Мысал:** құлақоп, сергейіп, аптамабід, бірақ Мәскеу, Баршав.

19. Орыс тілінде соңғы екі буыны ашық, жаңағы соңғы "а" да екпіні жоқ фабрика, палата, смета, аптека сықылды сөздердің айағындағы "а" дыбысы жазылмайды.

**Мысал:** пәбірiк, iсмет, палат, әптек.

*Ескерту: егер жаңағыдай сөздер бір пән атын білдіретін болса, айағындағы "а" орнына "е" жазылады. Мысал: ботанике, текніке. Егер ондай сөздердің екпіні айақтағы "а" да болса, онда "а" сақталады. Мысалы: смода, ысмола.*

20. Орысшада "а"-ға тынған бірақ "а"-ның алдында дауыссыз қос дыбыс келген - кашша, тонна, филма, ванна сықылды еуропы сөздері айағында екпін жоқ кезде "е" иә "ы" жазылады.

**Мысал:** кәссе, пілме, ванны екпінді кезде "а" (е) жазылады.

**Мысал:** тюрма - түрме, труба - тұрба.

21. Жоғырапы мен қалық аттарында сөздің түбірі алынады да қазақ тілінің дыбысы заңына бағындырылады.

**Мысал:** карпаты-қарпат, альп-әлпі, грал-орал, германец-гермен, русский-орыс.

*Ескерту: дүние бөлімдерінің аттары бұлайша жазылады: әмерік, әпірік, еуропы, ауыстыралы, антарық, әзие.*

22. Орысшада айағы "топ"-ға тынған доктор, кондуктор, сепаратор, трактор... сияқты еуропы сөздерінің аяғы тыр (тір) жазылады.

**Мысал:** доқтыр, қандоқтыр сепаратыр, тірәктір.

23. Еуропы тілінде ілім атын немесе мекеме, кәсіп орындарын көрсететін география, фотография, стенография, түркология, едология, метеорология сықылды сөздер айағындағы "графия" "плогия"-лар "қырағы" "лоғы" жазылады.

**Мысал:** жагырапы, потыгырапы, істенігырапы, түрікілогы, педалогы.

24. Еуропы тілінде құрал атын көрсететін "шкон" , "фон" - сыяқты жалғаулар - "скоп", "пон" жазылады.

Мысал: *телескоп, гырамапон.*

25. Еуропы тілінен орыс тіліне кіріп "ия" жалғанған индустрия, акция сияқты сөздердің аяғы жуан сөзде "а"-мен, жінішке сөздерде "е"-мен жазылады.

Мысал: *үндістіре, әксе.*

26. Еуропы тілінен орысшада жалғау-жұрнақтары "арий" болып кеткен "уполетарий" сияқты сөздердің аяғындағы "ий" жоғалып, түбірі ғана жазылады.

Мысал: *зыралетәр.*

27. г, ғ, д, х, в-дан басқа еуропы сөздерінің соңындағы дыбыстар өзгертілмей жазылады.

Мысал: *бент, молт, барыметір.*

28. Еуропы сөзінің аяғындағы орыстың сын есімінің жалғауы жазылмайды.

Мысал: *электрический фонарь - електір панары иә (електір панар), техническое средство - текніке құралы иә (текніке құрал).*

29. Қалық тіліне тіке кіріп сіңісіп кеткен шет сөздер естілуінше жазылады. Соңғы кезде әдебиетте ұстала бастаған сөздер, жаңа алынашақ сөздер жоғарғы ережелер бойынша жазылуы міндетті.

30. Шет елдің адам аттары, қазақ әліппесінің әрібі жеткенше, түк өзгертілмей жазылады.

Қалық ағарту кемисәрі: **Манай ұлы.**  
білім кеңесінің төр-ағасы: **Қабыл ұлы.**

## МЕТР ӨЛШЕУІШТЕРІ

Метір өлшеуіштері елге әлі жат. Бірақ оған дағдыланып үйренбей болмайды. Метір өлшеуіштері бұл кезде үкімет жарлығы мен кіргізіліп отыр. Бұрынғы кез (аршын), таяқ (саржан), шақырым, мысқыл, қадақ, бұттар қалып, енді олардың орнына метір, сантиметір, километір, ғырам, килоғырам сықылды өлшеуіштер шықты.

Метір өлшеуіштерінен бұрынғы шақырым орнына жүретүн километір, километір шақырымнан аз-мүз кем (кемі 31 таяқ да 1 кез).

Километірдің 1000-нан бірі метір аталады. Бұрынғы кез орнына қазыр метір жұмсалады. Бір метір = 1 кез алты жарым бүршек болады.

Метірдің 10-нан бірі детсиметір болады.

Дестиметірдің 10-нан бірі сантиметір болады.

Бұрынғы қадақ орнына ұсталатүн өлшеуішіміз енді килоғырам болды (екі жарым қадақ шамасында).

Килоғырамның 1000-нан бірі ғырам аталады (бір ғырам ширек мысқылдан аз-мүз кем болады.

Метір өлшеуіштерінің есеп жағынан жеңіл болатұны өзінен өзі анық. Бұрынғы мысқылымыздың 96-сы бір қадақ, қадақтың 40-ы бір бұт болатүн; бүршіктің 16-сы бір кез, кездің үшеуі таяқ (саржан), мұның 500-ы бір шақырым болатүн. Сондықтан бұлардың бірін біріне аударып есептеу қиын болатүн. Мәселен, 240 мысқылдың неше қадақ екенін есептеу үшін не дәуір ойлап отыру керек. Иә 2 бұт 13 қадақ 20 мысқылдың бәрін мысқыл есебі мен айтқанда нешеу болатұнын табу үшін толып жатқан есеп керек болатүн метір өлшеуіштерінің есебі ондай қиын болмайды. Оған ел бір дағдыланып алған соң есебі жүде жеңіл болады. Ұйткені бұлардың бәрі де бірінен бірі ылғи 10 есе артық болады да отырады, мәселен:

10 сантиметір = 1 дестиметір.

10 дестиметір = 1 метір.

10 метір = 1 декаметір.

10 декаметір = 1 гектометір.

10 гектометір = 1 километір.

Ғырам өлшеуіштері де солай:

10 ғырам = 1 декағырам.

10 декағырам = 1 гектоғырам.

10 гектоғырам = 1 килоғырам.

Бұл өлшеуіштердің көбірек ұсталатуны: ұзындық өлшеуіштерінен метір мен сантиметір, салмақ өлшеуіштерінен ғырам мен килоғырам.

Шаруаның дүкеннен сатып алатұн кездеме-маталары бұл күнде, бұрынғыдай кезбен өлшенеді, метір, сантиметірлермен өлшенеді; бұрын қадақтаб өлшенетұн шай, қант сықылды нәрселер енді ғырам, килоғырамдармен өлшенеді.

Елдің бұл өлшеуіштерге көзі үйреніп жаттығып кеткенше түсіне алмауы мүмкін. Сондықтан біз бұл жаңа өлшеуіштердің бұрынғы кез, қадақ бен салыстырғанда қандай болатұнын да, ескі өлшеуіштердің мәні жаңаша қандай болатұнын келер жолы жазармыз.

## МЕТР ӨЛШЕУІШТЕРІ

Әр елдің өлшеуіштері өзіне басқа-мәселен ұзындық өлшеуіші әр жерде әр түрлі: қазақта елі, тұтам, сүйем, қарысы, кез, адым, құлаш, кісі бойы, кісі бойы қол қол ұсыным сықылды өлшеуіштер бар. Басқа жұрттардың да сондай өз арасында ғана қолданатын өлшеуіштері бар; ондай өлшеуіштердің көбі оны қолданып отырған елдің өзіне ғана түсінікті, басқа ел өлшеуіштерді білмейді. Мәселен қазақтың құлашы, шет қалықтар түгіл, көрші отырған орыс,

ноғайларға да түсініксіз: Мәселен "6 құлаштың" қандай екенін қазақ баласы сол "6 құлаш" деген сөздің өзінен бірден түсінеді; орыс оны түсіну үшін: бір құлаш екі жарым аршындай болатынын біліп алып, 6 құлаштың 15 аршын шамасындай екенін есептеп шығаруы керек.

Өлшеуіш деген: жұрттың уәделесіп алған бір шамасы; басқа түрлі нәрселердің шамасын сол өлшеуіш пен айтқанда: оның өлшеуіштен неше есе артық екенін, иә өлшеуіштің қандай үлесіндей екенін айтады. Өлшеуіш болуға қандай шама болсада жарай береді. Бірақ өлшеуіш үшін: оған жалпы жұрттың дағдыланып үйренуі керек.

Метір өлшеуіштері атанған өлшеуіштер қазаққа әлі жат. Бірақ оған дағдыланып үйренбей болмайды. Метір өлшеуіштері бұл күнде үкімет жарлығы мен кіргізіліп отыр. Бұрынғы аршын, таяқ, шақырым, мысқыл, қадақ, бұттардың орнына: енді метір, сантиметір, километір, ғырам, килоғырам сықылды өлшеуіштер бола бастады. Мұнан бұлай бұрынғы аршын, қадамдар мүлде қалып, оның орнына сол метір, ғырамдар болмақшы. Бұл өлшеуіштердің негізі тұрлаулы екенін, есептеуге де жеңіл екенін көп сөз қылуда қажет жоқ, біз оны қысқаша ғана айтып өтпекшіміз.

Метір өлшеуіштерінің біздің шақырымымыз орнына айтылатұны километір. Километір бір шақырымнан аз-мұз кем (468 таяқ да 2 кез, бір шақырымнан кемі: 31 таяқ да 1 кез). Жер, қарбыз сықылды доп; бір кісі тура темір қазыққа қарай жүре берсе, бір кезде темір қазық тас төбесінде болады; онан әрі кеткен соң темір қазық артында қалады; ...

**Бекенұлы**

## ТІЛДІ ТҮЗЕУГЕ ТЫРЫСУ КЕРЕК

Осы күні қазақ азаматтары өз араларынан кітап жазушылар, басқа тілден аударушылар есепсіз өсіп барады. Бұлар кітаптың алдында келетүн орыстың Введение деген сөзін әр қайсылары өз беттері мен түрліше аударып, атап жүр. Мысал есебінде төрт-бесеуін санап өтейік: кіріспе, таныстыру, дәйектеме, бет ашар, жетектеме деген сықылдылар. Введение, вступительное слово деген сөздердің мағынасын біздің кіріспе, таныстыру, жетектеме деген сөздеріміз толық түсіндіретін болса, дәйектеме, бет ашар деп бет беттеріне тіл шығарып анау жасап орыстың бір сөзіне қазақтың барлық сөздерін жабыстырудың не қажеті бар. Жоқ, бет-беттеріне атау тауып қолданғанды мәз көре ме? Әйтпесе, тілдің бағынасын жойып бұзуды қызық көре ме? Тілді түзеп, елді жолға саламын деп, кітап жазып жүрген азаматтардың бұлары не? Бұлар бүйтіп жүргендей, кейінгілер мен қара халық не қылмақ. Сондықтан кітап жазған азаматтарға айтатүн сөз: білім кемесиесінің қолданған атауларын қолданулары керек. Тілді бұзуға тырысбай түзеуге керек.

**Бекен ұлы**

## ЗАТҚА АТ ІЗДЕУ; ҰҒЫНЫСҚА СӨЗ ІЗДЕУ

Тіршілік жүзіне ойлы зат туады ол затқа ілі ат қойылады. Ойлы мағына туады он сон ол мағынаға ат керек болып бір белгілі сөз тағайындалады. Өнерлі білімді, шебер халықтар әр түрлі тұрмыста керек нәрселер заңдар жасайды, һәм оларға өнерінше лайықты аңдар қояды. Жаңа торестік табиғаттың, адамның әдебиатының һәр түрлі жұмбақ, ғажайып халдарын шешуге ой жіберіп нажрибаға қарап баяндап солардың әр түрлі халдарына, әр түрлі ұғыныстарына һәр түрлі ат қояды. Сөйтіп онбырлы, білімді шебер халықтың тілі бай болады. Ол тілді туралап түзейтін әдебиат басшылары болмақ. Өнерсіз, олақ, надан халықтың тілі кидей болады. Ол халқтың да әдебиаты кидей болмақ. Үлкен іліммен, шеберлікпен һәм зор уақиғамен бір халықтың туғызған кей бір заттарын сол халқтың берген әндерін өзгертпей басқа халықтар алады. Мәселен: машина, айрошлан, автомобил, телеграф, реуолоотсия, комонизм, полшавик, сәует, камитет.

Біздің қазақ халқы онысыз олақ, надан болғандықтан тілі кидей әдебиатымыз жоққа тандық. Әдебиатымыз жоққа тандық болған сон тілімізде сараланған жоқ. Қазақ әдебиаты жаңада туды. Баспа сөзіміз хкүмет өзгерісі болғаннан бері ұлғая бастады. Қазақтың баспасөзі ұлғая бастағаннан бері, қазақ оқығандары хкүмет һәм әлеумет ісіне кіріскеннен бері, қазақ тілі орыс тілімен хкүмет алдында бірдей болғаннан бері еуропаның һәм орыстың қазақ тіліне кірген һәр түрлі сөздеріне қазақша сөздер керек болғандықтан баспасөзге араласып жүрген қазақ баласы орысша затқа ат іздеуде, ұғынысқа сөз іздеуде.

Бұл жолда кей сөздерге қазақша сөздер дәл табылған жоқ. һәр түрлі ұғынысқа һәр кім өзіне басқа-басқа сөздерді жұмсап жүр.

Масалан: орыс тіліндегі "район" деген сөзді Түркістан үйезінің созақ қаласында "Аймақ" деп жазады. Семей Ақмола "район" дегенді "аудан" дейді. Орал, Орынбор, Бөкейақ жактарында "район" ды қазақшаға аудармай "район" деп айтады.

Центральный камитет дегенді көп жерде "Кіндік камитет" деп жазып жүр.

**Сұлтанбек Қожанұлы**



## ФӘН АТАУЛАРЫ ЖАЙЫНАН

"Ақ жол"-дың 416 нчы санында басылған білім камиссиасы жариялаған фән атауларына мынау өзгерістерді ұсынамын:

- |                    |                  |
|--------------------|------------------|
| 1) жон             | хребет           |
| 2) ұзындық шеңбер  | долгота          |
| 3) ендік шеңбер    | широта           |
| 4) жарыс шеңбер    | параллель        |
| 5) өкпен           | океан            |
| 6) дария           | река             |
| 7) өзен            | речка            |
| 8) атмосфер        | атмосфера        |
| 9) атмосфер төгіні | атм. осадки      |
| 10) жауын-шәшін    | слякоть          |
| 11) ыстық белдеу   | тропический пояс |
| 12) акватр         | экватор          |
| 13) суық белдеу    | холод. пояс      |
| 14) тораңғы        | осина            |
| 15) терең          | тополь           |
| 16) қарағаш        | вязь             |
| 17) байтерек       | белый тополь     |

Бұл мен ұсынған атаулар көп баяндауды керек қылмайды.

Сондада қысқаша дәлелдерімді айтып өтейін:

- 1) Таудың ең биік қыр арқасын жон дейді.
- 2) Сызық дегеннен шеңбер деген мәнге толық. Үйткені сызық түрлі болуы мүмкін. Шеңбер десек һәм сызық деген һәм қандай сызық деген бірден айтылады.
- 4) Жарыс шеңбер деген қатарсыздық дегеннен мәнге тура, түсінікке толық.
- 5) Океан-ды дария деуге тіпті болмайды. Бұл жер жүзі қабыл алған сөз, қазақшаға аударудың керегі жоқ. Жанада дария деп біз река-ны айтамыз.

б) Атмосфера-ны күр ауа деуге болмайды. Үйткені воздух да ауа, және бұл сөз бүкіл жер жүзі қабыл алған сөз. Сондықтан қазақшаға аударуға болмайды.

Атмосфер.осадки дегенді атмосфера төгіні деу керек, үйткені жауын-шәшін деген слякот дегенге келеді һәм шынында күн арайын көрсететін сөз.

11) Тропич. пояс ды ыстық белдеу деген ыңғайды. Үйткені үйек деген сөздің бұған үйлесетін түк мәнісі жоқ (үйек деп малдың бауыр терісін айтады).

Ыстық белдеу, суық белдеу деген сөздер ауа қалпын һәм жерді айнала белдеулігін бірден білдіреді.

12-13) Экватор ды қазақшаға орталық шеңбер деп аударса болар еді. Бірақ жер жүзі қабыл алып отырғанда қазақшаға аударудың қажеті жоқ. Белбеу деп атау тым қисынсыз.

14-15) Тораңғы мен терең аударысып қата жазылған болса мүмкін болмаса тополь деп һәр жерде ақ теректі айтады, һәм мырза терек, бақа терек, байтерек (бел тополь) деп түрліге бөледі.

16) Вязь - Түркістанда қарағаш аталады. Шегіршінді мен өзім түсінбеймін. Сондықтан қарағайды ұсынып отырмын.

**Тоқпақ**

## ГАЗЕТ ТІЛІ ОҢДЫ БОЛСЫН

Бөтен жұрттар мен араласқан, бөтен жұрттардың оқуын оқыған адамның тілі бұзылмасқа амал жоқ. Осы кезде қазақ тілін тексере бастаса, сіңісіп кеткен жат сөздер толып жатыр. Қай жұрттың тілі де солай шығар. Ол еш нәрсе емес. Бірақ амалсыз алған сөздерден басқа тілімізге жамау-жасқау кіріп барады. Қисынсыз қыстырылған жат сөздерді бір жағынан кұуып жатсаң, екінші жағынан кіріп жатады.

Осыны байқап, тіл тазартудың неше түрлі шаралары істеліп келеді. Бұл жөнде, үлгі көрсететұн орынның бірі газеттеріміз. Кітаптан да газет жағына мықты болуымыз керек. Ұйткені кітап жазушы кісі тегінде көп болмайды. Газеттер болса, күн сайын пәлен мыңнан шығып тарап тұрады. Газетке неше түрлі адам жазады. Газеттің бір нөмірін алып қарасаң да, онда кейінен 20-30 адамның жазған қат-қабары басылып отырады. Оның бөрі тілге шебер адамдар бола бермейді, бір азы бұтып-шатып, иә үйренген әдеті мен иә өзгеге еліктеуі мен тілдің басын жарып, көзін шығарып жазады. Газеттер ондай адамдардың сөзін тілі үшін емес, қабары үшін басады. Бірақ газет басқармаларының көбі ондай теріс, осы сөздерді түзетпей, тезіне салмай, шикі күйінде жіберіп қояды.

Газетке жұрт аса еліктегіш келеді. Әсіресе жазушы болудан дәмесі бар талапкер жастар еліктегіш болады. Олар газетте жазылған сөзден үлгі алып, оң-терісін айырмай, еліктеп кетеді. Мәселен, газетте біреу бір ірет "түсініс беремін" деп жазса, содан кейін жұрттың көбі "түсініс береді де" отырады. Тегінде "түсініс беремін" деу қата екенін тексермегендіктен солай жазады. Біреу "некең заманы" деп бірі рет жазған болса, кейінгілер "некелей" деп жазуға атасының аты кететұндей "некең заманы", "кешегі некең тұсында" деп отырғаны. Бұдан келер-кетер шамалы шығар, тек еліктеудің күштілігін айтамын.

Газет тіліне еліктеу осындай күшті болғандықтан, басқармалар газетте басылған сөздерді шашау шығармай, бір сөзін де тексермей,

түзетпей жібермеуге тиіс. Байқап отырсаң басқармалар бұл міндетін толық атқармайды. Көбінесе басылған мақаланың иә қабардың маңыз, мағана жағынан тексереді де, тілінің кемшілігін байқамай иә ескермей жібере береді.

Бір неше газеттен мисал көрсетейін.

1) "Жұмыскер тілінің" 87-інші санында "қазақ тілі кеңейіп келеді" деген сөз басылды.

2) "Қазақ тілінің" 58-інші санында "гүбірнелік соттың шығыс билігі" деген сөз басылыпты. Шығыс билігі дегені - Выезная сессия.

3) "Кедей тілінің" 122-інші санында "бұл айтылғандарды ғамал жүзінде беріктіріп алып қалу" дейді.

4) "Қызыл тұу" дың 124-інші санында "мінеки қайда жинақсыздық", 126-інші санында "жыртындыңды зәлі қып ұстаудың амалын жаса" деген сөздер басылған.

5) "Кедей"дің 42-інші санында "Қызыл тәртіпкер" деген сөзге кездестім.

6) "Еңбекші қазақтың" 233-інші санында "тұуған баласының қағылуға еркі жоқ" деген сөз бар.

7) "Жас қайрат" газетінің 54-інші санында "онда зайра емес ед бойға өнген" деген сөз мәжиттің өлеңінен көрініп отыр.

Міне мұндай ірі сөздер қай газеттен болсада кездесе береді. Сондықтан бұдан былай газеттеріміз тіл жағына көңіл бөліңкіресе екен.

Тіл мен қатар бір ескеретүн нәрсе - еміле, жұрттың көбі емілеге шорқақ ғой. Жанана ол шорқақтардың бәрі бірдей емілені мектептен үйренуге "бұуындары қатаңқырап" кеткен. Тек газет, кітаптардан ғана көздері үйрену мен біле алады. Сондықтан газеттің емлесінде қайау болмасқа тиісі. Осы кезде газеттің бір нөміріндегі бір сөздің өзі 2-3 түрлі жазылады. Мұны оқыған шала сауаттылар адасып қалады, қайсысы дұрыс екенін білмейді. Бұл жағы да ескерілсін. Өте-мөте газеттің тілі оңды болсын.

**Таймінер**

## ЖАСТАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ ТУРАЛЫ МІНДЕТІ

Тіл адамның белгісінің бір үлкені болып саналады. Бір ұлттың екінші ұлттан айырмасы да тілі мен тіл өнері, көркем сөз адам баласындағы өнердің ең көркемі, артығы саналады. Тұрмыстағы жақсылық, жамандық, сұлулық, сымбаттық, сәулеттік, араздық, татулық, бәрін де көзбен көрседе, сөзбен жеткізіп түсіндіруге болады. Басқасы жалғыз өз қызметін атқара алады. Сөздей бәрінің мән-жайын айтып түсіндіре алмайды. Сондықтан тіл мәселесі өмірде үлкен орын алса керек. Олай болса, қазақ тілін зерттеп білу тексеру жастардың ұлы міндеті.

Қазақ тілі түрік тілінің бір тарауы болсада, басқа түрік ұруларының тілінен таза, не тілі басқа жұрттан бұратана сөз араласып, шұбарланбаған. Қазақ тілінің бұзылмауына себеп болған басқалардан өзгеше көшпелі тұрмысы, басқа ел мен араласының аздығы. Бір елге көрші мәдениетті ел болса, мәдениетсізелдің шаруасына ықпалын жүргізбей қоймайды. Шаруасы араласып ықпалы жүретін тілінде әсері тиеді, араласады. Мәселен, алыстан іздемей ақ мисалға ноғайды алсақ да болады. Ноғай орысқа қазақтан бұрын араласқан. Сондықтан қазақ тіліндей емес; ноғай тілі таза болмай, жартысы орысша, жартысы ноғайша болып келеді. Оны күнде көзіміз көріп отыр ғой. Өзбек, түрікпен тілдерін әлі зерттеп жақсы білген қазақ аз. Сондада шамалап айтуға болады. Өзбек, түрікпен тілдеріне арап тілі көп араласқан. Онын себебі дін мен бірге Оңтүстік Азидағы елдерге араб жұртының ықпалы жүрген. Тек бұлар емес, елге тараған молдалар арқылы. Тәшкен-Бұқарға кіре тасыған қалашылар арқылы қазақтада араб тілі әсерін тигізді, қайта қазақ тілінде ноғай, орыс тілінен гөрі араласқан араб тілі көбірек. Мәселен ниет, сабыр, ыспат, пиғыл, себеп, тәні осы сияқты сөздер қазақ тілінде бар. Бірақ қазақ бұл тілдерді ауелгі күйінен өзгертіп, өз тілінің заңына бағындырып алған. Молдалар араб тілін мағынасын аудармай, тап бастырмай айтамын, қалың

елгеде солай айтқызамын деп әуреленседе болмаған. Қата, араб тілін бұзып сөйлеген адам күналы болады деп "Алда" демей "Алла" деп айтып "кұран" демес "кұрән" деп айт деп әурелеген шаруашылық жүзінен арабтан келіп кірген өзгеріс болмағасын қалың қара бұқара тілі өз бетімен, арабша сөйлеп, арабша қат жазатұн молдалар өз беттерімен болған.

Бірақ қалық көзінде молдалар қадырлы, ел ішіндегі қат таныған адамдар молда ғана болған. Сондықтан надан ел соған еліктеген. Қай уақытта надан елдің бір әдеті өзінен ілгері адамға еліктегіш келеді. Ол адам жалпы адам баласына тұрмысына пайдалы болғандықтан артық па, жоқ, басқада себебі бар ма? Надан ел арасын ашып тексеруге білімі жете алмайды. Тұрмысты тисінше қарап, тексермей, түйсінше қарап тексереді, қазақтың молдаларды қадырлеуі де сол тұрмысты өз көкірегінің сүйуіде қарай түйсінше тексергендіктен шыққан. Дін көзі мен қарап молданы пір тұтқан. Қалық көзінде артық саналатұн молдалардың өзі қадірлі болса, оның аузынан шыққан сөзі қадірлі болған. Молдалардан басқа жастар сол молдаша сөйлеуді, қат жазса, сол молдаша қат жазуды көркемдік, әдемілік деп санаған. Сонан барып, қат жазса, "алқат неспұл мұлақаты" ма бағдында айтар сөзіміз бұуұр деп таза қазақ сөзі мен жазбай ойран салған. Арапшылаған, бұл әдет қалғанына онша көп ұуақыт болған жоқ. Әлі де ноғайшылап, арапшылап қат жазатұн молдекелер ел ішінде жоқ емес, таусылып біткен жоқ. Бірақ молдалар қанша арапшылап сөйлеп, қат жазған мен қазақ тілі өз заңнан айырылған жоқ.

Қазақ елі орысқа бағынғанына 200 жылға жақындасада орыс жұрты мен қоян-қолтық шаруашылық қатынасы күшейіп, Іресей ықпалы жүре бастағанына 50-60 жылдан асқан жоқ.

Сол 50-60 жылдың ішінде Іресей шаруасы қанша араласқан мен қазақ шаруасына көп түр кіргізген жоқ. Бар кіргізген түрі егіншілік болды. Осы шаруашылықтың араласу салдарынан орыс тілінен қазақ елінің тіліне орыс сөздері араласа бастады. Мәселен: "божо,

соделке, богсбай, сандық, самаурын, шабадан". Басқада осы сияқты сөздер. Бірақ қазаққа бұл тілдер бұрынғы тұрпатын өзгертіп, қазақ тілінің заңына бағынып кіріп отырды.

Қазақ сұндмук демей "сандық" дейді, бірақ қанша орыс жұрты қазаққа араласпады деген мен патша үкіметінің отаршылық саясаты мен қазақ даласына Іресей жұрты шеңгелін салып еді. Іштен кірестиандарды "мына жақта бос жатқан жақсы жер бар" деп шұбыртып еді. Бар-жеріне шойын жол салып "тілім-тілім қыла бастап еді. Сол қарсаңда қазақтың өз тілінде жазылған "тіл құралы" шықпаса, кітабі, газеті шықпаса, қазақ тілінің ішінде дұрыс тілі араласып, тіл шұбарлануы шексіз еді. Олай болмай нақ керекті қарсаңда қазақ тілінде "тіл құрал", кітапе, газет шыға бастады. Тілін зерттейтүн мамандар шыға бастады. Ана тілінде оқытатүн азда болса мұғалімдер болды. Осы мен келіп қазақ елі котебірдің бостандығына кездесті. Мұрын қысбақта жүрген қалам мен тіл сөйлей бастады. Өз бетінше Іреспублике болып, өз тілінде кітап шығарып, өз тілінде жұртын билеуге жол ашылды. Қысылып қайтаған қазанның бұуындай бостандық қақпағы ашылғасын топ-топ жастар оқуға аттанды. Мәдениетті ел болып жұрт қатарына қосылуға азаматтары басшы болып, жасы қосшы бола бастады.

### **Тілдің баю жолдары**

Тұрмыста тіл екі түрлі жол мен байиды, бірі өз бетінше, екіншісі шаруашылыққа түрлі өзгеріс кіріп, жасау құралдарының артуы мен байды. Октебір төңкерісіне шейін қазақ тілі көбінесе өз беті мен (баспа сөз асеріде толық болған жоқ) өркендеп өсіп келді.

Өскенде бір жерге шегелеген кітап, басқа сөз болмағандықтан, болсада аз болғандықтан жеңілден жеңілге көшіп өзгерді. Мәселен ноғайлар: "паратұрған гіші" десе, қазақ әуелі "баратоғын гісі" деп жеңілдетті. Осындай жеңілден жеңілге көшіп, жеңіл жол мен өркендеп отырған қазақта сөз көп. Мәселен:

"Сені менен, сені менен, олай етпесе, солай етпесе" деген сөздері "мені мен, сені мен, үйтпесе, сүйтпесе" болып жеңіл жолға түсті, қысқарды. Бұл өзгеріп отырғанда заңын өзгерткен жоқ. Дағдылы заңына бағынып өзгеріп отырды.

Октебр төңкерісінен кейін қазақ тұрмысына өзгеріс кірді. Шаруасына жаңа түр кіруге бет алды. Қалың қара бұқараны мәдениетті ел қатарына қосуға үкімет болып, ел болып ұмтыла бастады. Сонымен қатар қазақтың тұрмысында бұрын жоқ сөздер келіп кіріп жатыр.

Біз мәдениетті Аурыпадан аламыз. Аурыпадан алғанда орыс арқылы аламыз. Солай болғасын Аурыпа мәдениеті мен бірге қазақта бұрын жоқ сөздерде келіп кірмек, төңкерістен кейін қазақ тілі едәуір байыды. Мәселен: "Капитал, боржой, пыролетариат, кемесер, айыраплан, аптамабел тағы осы сияқты сөздер. Тағы да қазақ мәдениеті өскен сайын өзінде бұрын жоқ тіл келіп кіре бермекші. Осы кіріп жатқан тілдерге сақ болу жалпы азаматтың, әсіресе, келешектің тұтқасы жастардың міндеті. Сақ бол дегенде алма, алуға болмайды деген емес, алған сөз қазақ тілінің заңына үйлессін. Қазақ тілінде мағынасы табырларлық болса дұрыс мағынасы алынсын.

Надан ел өзінен мәдениеті жоғары елге еліктегіш келеді деп жоғарыда айттым. Әлі де қазақ надандықтан құтылған жоқ.

Бұрын қазақ жастары молдалардың сөйлеген сөзіне, жазған қатына еліктеме, енді орысша оқып шыққандары еліктейді, үйткені ол орысша оқығандарды силайды. Ел көзінде орысша оқығандардың кәдірі басқадан артық. Ел жастары сөйлесе, қат жазса, солардың қатынша жазып, сөйлесе, солардың сөзінше сөйлеуді көркемдік, әдемілік көреді. Егерде біздің орысша оқыған азаматтар таза сөйлесе, қазақша дұрыс ойын жазалмаса, арасына сөз таба алмай бюджет, исполком, "сабет" деген сөздерді қыстырып жіберсе, тіл бұзылмақ түгүл әлегі аспаннан шығады. Әсіресе дұрыс сөйлеп, дұрыс жазуға ел мен жақын отырған қазақ азаматтары, оқытушылары, жастары, әдебиет қызметкерлері сақ болуы керек. Жалпы айтқанда



жұртшылық жұмысына араласқан жастар қазақша сөйлесе иә жазса таза қазақша жазын, сөйлесе таза қазақша сөйлеуі керек.

Қай жұмыс болсада иесі келешек жастар ғой, бұл сөзімізді де жастарға арнап бастадық. Осы кездегі бір ауру қазақша тілді менсінбейді, тіл құралды оқымайды. Қандай "әп-әдемі азаматтарымыз қазақша жазса, қой батпағын шығарады. Онда салақтықты қойу керек. Кеңес үкіметі өз тілінде оқы, елінді басқар деп отырғой. Сол теңдіктің қадірін білу керек. Азаматтарымыз - жастарымыз қазақша білмегеніне мақтанбай, ұйалуы керек. Біздің жастардың бір ұраны "қазақ тілін білу, қазақ тілінің заңын зерттеу" болуы керек.

### **Тіл заңы қайда болады**

Қазақ тілінің таза заңы қара қалықтар болады, әсіресе басқа ел мен араласы аз болған қалықта болады, бұрын молдалар "Алла" деп айт дегенде, қара қазақ "Алда" дейтұнын ұмытқан жоқ шығармыз. Әлі де тілдің таза заңы елдегі жұуан қоныш беймем-пайлардан табылады, оларға барып "пыролетариат іспегтакіл" деп айт деші, анық сенен өзгеше айтады. Сондықтан біздің оқыған жастарымыз оқыса да, сөйлесе де, жазса да қара қазақ тілінің заңын есінен шығармауы керек. Түсінерлік қылуға тырысуы керек. Егер, оқыған азаматтардың тілі бір басқа, қара қалықтың тілі бір басқа болып, бірінің айтқанына бірі түсінбей отырса, ол елді өз тілінде мәдениетке бастаған емес, кері кетірген болады. Әсіресе баспа сөзімізге қара қалық түсінерліктей болсын. Қарақалықтың тіл заңы мен жазылсын.

Бұл тұуралы мұнан да көп айтсақ көптік қылмайды. Біз тек ең керекті жерлерін ғана айттық, дұрысында бұл тұуралы жастарға арнап әдейі бір кітапша шығарылуы керек. Оны өлкелік жастар камитеті есіне алар деген ойда болдық.

**Байтоғай ұлы Балқай**

## АУДАРУ ТҰУРАЛЫ

Осы күнде Қазағыстан астанасында болғын, күбірнелік қалаларда болғын орысшадан қазақшаға аудару ісі мекемелерде күнде кездеседі, орысшадан қазақшаға аударған "аударушылар" ға үлкен көмек керек екендігі өз-өзінен айқын жұмыс. Аударудың жөні осы екен деп, аудару тәртібін пайымдамай, тілдің жалпыға ұғымды болу жағына қарамастан аудару салатұндарда жоқ емес. Бейімбет айтқандай аудару жөнінде "қолыңнан айналайын" дар толып жатыр. Мұның көбі күбірнелік мекемелерде, қалған үйездік мекемелердің аударушыларында табылады.

Сондықтан, аудару жөнінде Қазағыстан ғылым-білім кемесіесі орысша, қазақша тіл терміндері былайша айтқанда "тілмаш" кітап басуға кірісу жөн. "тілмаш" кітап болмай тұрып, аударушылардың тіліне дербес тілмаш керек екені қай жерде болсын көрініп жүр.

Мисалға алсақ: "пырение" ні "желпініс" деу, "удешевление аппарата" дегенді "мекемелерді арзандату" деген сықылды сорақы тілдер аз емес, ендігі бір мисал: жұуырда "Ақмоланың гүбернелік атқару камитетінің 2-толық жиылысының қаулысы" басылып шықты. Аударушы азамат бір жерінде былай дейді: "Қазақ ет дайарлаушының қарамағында тұрған мал сойатұн орын қала үшін болған жана ол қала ақшамында салынған үшін сол мал сойатұн орынды қалаға қайтару жөнінде белгілі жол мен іздену керек" дейді.

Ал, оқушы! Осы тілге қалай түсінсін? Жаза берсе, мұнан да қызық тілдері шығады. Мәселен: осы қаулы да "жетімсіз" нықтайды. Аралық-аралықта қайталаған құрғақшылық. Жерді жалға қойу. Сауданың айланысы" деген кедір-бұдыр тілдер толып жатыр. Мен, мұны гүбірнедік атқару камитетін айыптайын деп отырғаным жоқ. Аударушының жүрегiнiң батырлығын айтамын-ау!.. өзі гүп аткомның қаулысы, оның үстіне жалпак елге тарайды; оқушылар не деп ұғынады деді екен?..

Жалғыз бұл аударма емес, "көшірме көшірмеден көшірілді" деген аударулар талай жерден табылады. Гүбірнеге қарағанда үйездерде не болып жатқанын айтудың қажеті аз. Тіпті тіл жеңіл ұғымды болса, оған да іш нәрсе демес едік. "еміле" дегенінді басын жарып, көзін шығарып тастайтұндары да бар...

Сондықтан, аудару жұмысында менің айтайын дегенім:

1) Қазағыстан ғылым-білім кемеспесі қазақша, орысша тіл терміндерін жинап бағуға кірісу қажет.

2) Гүбірнелерде болсын үйездерде болсын. "Аудару"ларды шама келгенше жақсы аударушыға беретүн болсын. Көлденең аударушылар тоқтатылғын.

3) Аударуды ұғымды қылсақ, болады да-деуді қойып, еміле, жазу жағынада көз салынғын.

4) "Көшірме көшірмеден көшірілді" дейтүн аударушыларға ақша шығарылып, аудару кітаптары, немесе, мекеменің жалпақ елге тарайтүн қаулылары берілмесін.

**Қызметкер**

## ҚАЗАҚША ПӘН СӨЗДЕР ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ

Қазақша пән сөздері жайынан баяндама к.-к. білімпаздар тобының 4-інші кезекте тұрған мәселесі еді. Бұл мәселе тақырыпты сөз сөйлеген Омар ұлы Елдес.

Баяндаушының һәм басқа шешендердің сөздерінен шыққан ұсыныстардың бәрі жеке-жеке қорытылып топтың дауысына салынғаннан кейін, төмендегі түрде қаулы шығарылды.

Жат сөз қазақ тіліне сіңіп кететүн болу үшін Омар ұлының баяндамасында көрсеткен қазақ тілінің тоғыз түрлі заңы негіз болып алынсын деді. Ол заңдар мыналар:

1. Қазақ тілінде үндестік заңы бар. Қазақ тілінде үндестік заңына келмейтүн сөздерде жоқ емес; соны айтып үндестік заңын қолдануға қарсы болып жүрген азаматтарымыз да бар. Үндестік заңына келмейтүн сөздердің бәрі де қазақтың өз сөзі емес, - қазақ тіліне кіріп кеткен жат сөздер. Үндестік заңына келмейтүн қазақша сөз түрі жалғыз-ақ "нікі" ("дікі", "тікі") мен жалғанып айтылатүн түр.

Қазақ тілінде үндестік заңы бар екеніне осы "нікі"-ден басқа қарсы дәлел жоқ. Дұрысында еш бір тілдеде тастай қатқан тұрлаулы заң болмайды. Бір заңның күші мен екінші заңға бағынбай кететүн сөз түрлері болмай қалмайды. Ондай заңға келмейтүн бірен-саран сөз түрлерінен ол заңды жоққа шығару, - иә ол заң жоғалуға бет алған - деп жору - қата.

Қазақ тілінде үндестік заңы бар екені рас болса: қазақ тіліне кіргізген жат сөздердің бәрін де сол заңға келтіріп алу керек, - сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрін де бірыңғай жіңішкертіп, иә бәрін де жуандатып алу керек.

2. Қазақ тілінде жұмсақ "з" сөздің бас буыннан басқа буындарында болмайды, - әсіресе сөздің соңғы буынында жұмсақ "ә" болмайды. Бұл: үндестік заңының салдары мен болған қазақ тілінің айрықша бір кәсиеті. Қазақ тілінде "Мәриз", "Камилз" сықылды, соңғы буынында жұмсақ "з" бар сөздер де жоқ емес;

Бірақ ол сөздер арабша оқыған молдалардың зорлап кіргізген сөздері. Мұндай сөздердің ерсі жері-бұларға жалғау қосып өзгерткенде, - бұлар қазақ тілінің сөз жүйесінше өзгере алмайды. "Камилә"-ның өзі жұмсақ болған мен, мәселен барыс жалғауы, қазақша сөз жүйесінше "Камилзге" болмайды, "Камиләға" болады.

Қазақ тілінің мұндай, сөздің бас буынына басқа жеріне жұмсақ "з" ні сидырмайтүн кәсиеті болған соң: басы буынынан басқа буындарында жұмсақ "Ә" сі бар. "Ә" ні өзгертіп иә "е", иә жуан "а" қылып алу керек ("әдбиат" - "әдебиет").

3. Қазақша сөздерде "о" дыбысы бас буындарда ғана болады. Басқа буындарында "о" дыбысы бар, "бейнетқор", "қамқор" сықылды сөздер - оның аяғында "тор" деген жат жұрнақ болғаннан ғана болып отыр. Тіліміздің ымырасынша "о" дыбысы бас буыннан басқа жерде тұра алмайтүн болған соң: бас буыннан басқа буындарында "о" сы бар жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде "о" ны басқа бір дауысты дыбысқа айналдырып алу керек.

(Покров - "боқырау").

4. Қазақша сөздің аяғы "Ғ", "Г", "Д" болып тынбайды, - "Қ", "К", "Т" болады. Ондай сөздерге дауысты дыбыспен басталатүн жұрнақ жалғаулар (жіктеулер) қосылып, "қ", "к"-лар (жіктеулер) қосылып, "қ", "к"-лар ("т" емес) екі дауысты дыбыстың арасына түссе, (олардың алдындағы дыбыстары да дауысты болса), - "Ғ", "Г" болып өзгереді; бірақ "т" - "д" болып өзгермейді. Аяғында ондай дыбыстары бар жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде, сөз аяғындағы "Ғ", "Г", "Д"-ларын "қ", "к", "т" қылып алу керек; бұл дыбыстардың алдындағы дыбыстары дауысты болғанда, артынан және дауысты дыбыс жалғанса: "қ", "к"-лер "Ғ", "Г" болып өзгертүн болып, "т"-өзгермей; сол күйінде қалатүн болуы керек; ондай сөздің аяғындағы "қ", "к"-дердің алдындағы дыбыс дауысты болмаса, - ол сөздерге дауысты дыбыс пен басталатүн жалғау, жұрнақтар жалғанғанда, "қ", "к"-дер өзгермейтүн болу керек. Иә болмаса сөз аяғындағы "Ғ", "Г", "Д"-ларды мүлде жоғалтып жіберу керек (Оренбург - "Орынбор").

5. Қазақ тілінің үздіксіздік заңы бар: қазақша сөздің ішіндегі дауысты дыбысты алдындағы дауыссыз дыбыстан айырылып (онан кейінгі буынға) шыға алмайды ("қарағай" - қар-ағ-ай" болып үзіліп буындала алмайды); "мәсле" сықылды үзіліп қалатұн сөздерде қазақ тілінде болмайды; және: бір сөздің ішінде, арасына дауыссыз иә жарты дауысты дыбыс салмай, екі дауысты дыбыс қатарынан келмейді. Үздіксіздік заңына келмейтұн жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде, өзгертіп үздіксіз қылып алу керек ("мәсле" - "мәселе", "мү-мин" - "момын").

6. Қазақша сөздің екпінді соңғы буыннан да болады. Сондықтан екі басқа буындарында болған жат сөздерді қазақшаландырғанда екпінін соңғы буынына келтіріп алу керек (Самара - "Самар", пуховой - бөкебай").

7. Қазақша сөзде бір дыбысы қосарланып келмейді. Сондықтан дыбыс қосарланған жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде қатарынан екі айтылатұн дыбыстың біреуін иә мүлде жоғалтып жіберу керек де иә болмаса орнына басқа бір дауыссыз дыбыс кіргізіп алу керек.

8. Қазақ тілінде, өзінде жоқ дыбыстардан тізілген сөздер болмасқа керек. Ішінде жат дыбыстары бар жат сөздерді пән сөз қылып алғанда, оның жат дыбыстарын шығарып тастап; орнына қазақша дыбыс кіргізіп алу керек. Жат дыбыстардың әр қайсысына алдын ала қазақ дыбысын арнап көрсетуге болмайды; ретіне қарай, мәселен орысша "В" қазақша "у", "п", "б" болып өзгеруі мүмкін; "х" дыбысы қазақша кейде "к" кейде "қ" болып өзгеріп, кейде мүлде жоғалып кетуі де мүмкін.

9. Қазақ тіліне кірген жат сөздер түбір сөз есебінде алынып, қазақ тілінің заңдарынша өзгертұн болуға тиіс. Жат сөзді жат жұрнағымен алуға болмайды. Жұрнағымен кірген сөз болса оның сол жұрнақты түрін түбірге балап алу керек, - дейді Елдес.

Бүтін дүниедегі қауымға бірдей жүріп кеткен пән сөздері бізгеде бір болып алынсын.

Сол бүтін дүниеге жүріп кеткен пән сөздерінен дәлме-дәл келіп тұрған қазақ сөзі болса, сол қазақ сөзі мен ананы жарысқа қойғанда, қайсысы өтерлігі ашық мәлім болмаса, өмір жүзінде жарыстырып, екеуі қатар жазылып қойылсын.

Пән тілі ең әуелі қазақ халқының сөзінен аз ізделсін. Онан табылмағаны басқа түрік қаумдарының сөзінен ізделіп, табылғаны жатырқаусыз алынсын.

Жат қауымнан пән тілін алғанда қазақ тілінің ынта бас идіріп, бұрылып алынсын, пән сөзін белгілеп, тексеріп отыратұн оны заң күшіне асырып жүзеге шығаратұн орын бүтін қазақ-қырғыз халқында жалғыз ғана болсын. Пән сөзін тексерушілер әр пәнге арнаулы сексиаларға бөлініп; сол пәндердің мамандарынан құралған болсын.

Сексиадағы мамандар өздерінің алатұн пән сөздерін халыққа жариялап, талқыға салып, әбден қолайлы тапқаннан кейін білім кеңесінің алдынан өткізіп, заң күшін беретұн тиісті орнына тапсырылсын.

Пән сөзін табу, оны халыққа жариялау, ал турада білімділердің пікірін сұрау сексиадағы мамандардың міндеті болсын.

Ғылым кеңесі керек деп тапса, басқа ұлттардың да мамандарын шақырып алып, ғылыми пікірлерін алсын.

Қазақтың тілі реттеліп, жиналып, лұғат кітабы шығарылсын.

Оқу, ғылым кітабын жазғандар кітаптарының аяғына пән тілдерін реттеп, жазып қойсын. Бұрыннан әке атының аяғында қосылып жүретұн "ов", "ев", "ский", "ы" сияқты орыс пен арабтың сөзі қолданылмасын, кісіні шақырғанда, сөз сұрағанда қазақ тілінің заңы бойынша тура өз аты аталсын, кітаптың сыртына жазғанда ресми қағаздарға қол қойғанда дәкумент қағаздарға тіркегенде әуелі әкесінің аты, сонан соң өзінің аты қойылсын. Әкесінің атынан кейін "ұлы-қызы" сияқты білдіретұн сөздер жазылсын.

## АУДАРУ ТУРАЛЫ

(Айтыс іретінде)

"Еңбекші қазақ"тың 162-нөмірінде Жолымбет ұлының "Аудару тұралы" деген сөзі басылып шықты. Бұл мәселе үзінді қозғалған, мезгілі болып толғағы жеткен мәселе, мен бір сыпыра кем қалған жерлерін толықтырам:

Жолымбет ұлы мақаласында, қазақ әдебиетінің осы күні жақсы көтерілгенін айтып келіп, "бірақ ол шығып жатқан әдебиеттеріміздің көбі төрт аяғынан мамырлап ақсап" келе жатқанын айтады. Оның да себебі "лады мен орысшадан қазақылағандықтан болып отыр" дейді, ал енді сөзінің салмағын кеңесе ішіндегі аудармаға қарай аударарды, үйезден болысқа жазылған бұйрықтардың қазақшасын мысалға көрсетіп, олардың түсініксіз екенін көрсетеді. Ондай қазақшаның орысшадан да жаман екенін көрсетеді. Іскеде кемшілік келетұнын айтады. Бұның бәрі де ырас, бәрі де дұрыс. Орысшадан аударылған кітаптардың мінеліп жүргендері топ-пасы, базар алды болмаған мен кеңшелердің аудармасына қарағанда, алып-сатарлардың саудасына қарағанда, алып-сатарлардың саудасына жарарлықтай ғой. Кеңсе аудармаларының талайын өзім де көрдім. Қазағыстанның барлық жерінде дерлік болмысқа барған бұйрық, тәртіптердің адам түсіне алмастықтары бар. Көп жерде солай.

Енді менің айтайын деп келе жатқаным: Жолымбет ұлы сөз аяғында "... Көрінген қазақтың (шалдірігі барлардың) қолынан аудару қазақылау келе бермес болар, сол шалдыріктер - қазақтың өзінің сөзінің көбін білмейді. Бүйтіп жүріп тілімізді бұзып аламыз. Аударушылардың өзін қатты сынға алу керек. Екі сөздің басын орысша қосқанды әйтеуір "қазақ" деп ала бермей, еңбек ақысын толық қылып беріп анық аударатұн қызметкерге ие болу керек..." дейді.



Меніңше бұл толық ұсыныс емес. Оған менің көрсететүн дәлелім:

Төрт аяғынан бірдей мамырлап ақсап келе жатқан аударма кітаптарымызды аударушылардың көбі Қазағыстандағы орысша мен қазақшаны бірдей тәуір білетүндер. Ал енді кеңседегі бұйрық-тәртіптерді аударушылар, кітап аудармақ түгіл, қазақша газеттерді де дұрыс оқымайтұндар.

Олар болса, орысша-қазақшаны тәуір білетүндер жазған аударма кітаптар "төрт аяғынан бірдей ақсап" отырғанда үйездегі кітап аудармақ түгіл газетке де қабар жазып көрмеген, қазақша газет кітаптарды дұрыс оқымайтүн "шалдыріктер"ге дұрыс аудар, деп ұрса аламыз ба? Еңбек ақыны көп беріп, анық аударатүн қызметкерді қайдан табамыз? Жолымбет ұлы айтқандай - аударуға үлкен шеберлік керек. Ондай қызметкер үйез түгіл күбірнедеде сирек болады, сиез, канперенсе болғанда аударушы табылмай сасып қаламыз ғой, тапқанымыз "айтысқа шыққан" дегенді "желпініске шыққан" деп бұзып-шатып соғып тұрғанда, төмен қарап қызармаушы ма едік? Күбірнедегі орысша-қазақшаны жақсы білетүн бір жолдас "Пагон жөнелтуші дегенді "уагон өткермеші" деп жазып қойғанын көргемін.

Менің бұл тақырыпты ұсынатұным:

Кеңшеге қолынан іс келетүн қызметкерді алған дұрыс қой! Бірақ оның қолынан аударғыштық келе бермейді, бізде бүгүндегі кеңсе аудармасының дұрыс болмай, түсініксіз болып жүргеннің мәнісі - орыс иәки қазақша білмейтүн қазақ орысшасын жазып (састабит) етіп беріп қазақшыланады. Сонымен іра бір ауызы мен құс тістеген аударғыш болмаса, ана-мынау кісі дұрыс, ұғымды қылып аударма алмайды. Егерде сол жазылатүн бұйрық, тәртіпті қазақ қазақша жазса (артық жүйрік болмасада), кәдімгі қазақша сөз болады. Енді соны орысшаға аудару керек болса, орысша білетүн қазақта, орыста (мазмұнын түсінсе) орысшаға аударма алады, орысша сөздің ішінде иненің жасуындай кәте болсада көрінгіш болады. Әрі

орысшаға аудару қазақшаға аударудан көп жеңіл. Үйткені орысшаның кеңсе тілі - әбден бір ізге құйылған, неше сыннан өткен тіл. Қазақшадан орысшаны сыпайы көретұн қазақ азаматтарымыздың көбі орысшаны жақсы біледі. Обаста қазақша жазылған сөз кәдімгі қазақша болады. Мәселен газет басқармасына күніге әлде неше қат келеді. Оның көбі ауылдағы шала сауаттылардан келеді; соларды оқып отырсаң жазуы қанша нашар болса да, імла кәтесі болса да, сөзін иә ұзайтып, иә қысқартып жіберсе де, таза қазақша сөз болады: түсінуге де болады, олардың қасында қаладағы-кеңседегілер оқымысты ғой. Сөз аяғында айтатұным: кеңседегі жазу-сызу әуелі қазақша жазылсын. Керек болса, қазақшадан орысшаға аударылсын. Солай етсек бұл аткөмдер түсініксіз қағазға тап болып желкесін қасып отырмайды. Жанада қазақша біліп, орысша білмейтұндерде кеңседе қызмет етуге болады.

Кеңсенің ісін дұрыс қазақылау сонда ғана болады.

**Жиен - Ғали**

## ТЕРМИН ТУРАЛЫ

Мәдениет жарысында мешеу болғанмен тұрмыстағы бар ұғымдарға қарай қазақ тілі кедей емес. Әсіресе, жер нүктерінің аттарына бай. Алтай елі қазақтан да бай болса керек, қазақтың Көкпек, Шилері Аурыпада қазақ айтқанша айтылса тың емес.

Бірақ қазақтың тұрмысы жайлы, өндірушілігі кем болғандықтан ғылым тілінде басқа жұрт пен қаласа алмауы сөзсіз, қазақтың әлеуметшілік ұғымдарында, кейінгі кездерде араб сөздері кіре бастаған еді. "Алла" сияқты сөздерді жүр деп санауға болады. Қазақ тілін тексергендеріміз бір талайын теріп көрсетіп де жүр.

Мұндай кірме тілдер қазақ тілінің заңына бағынып әуелгі түрімен шығып қазақтың тілі болып кеткені де анықталды.

Түрік білімпаздарының сиезінде, түрік елдері - ғылым тілін мұнан бұлай күн шығыс тілдерінен алмай, өзінде жоқ болса, Аурыпада сөйленіп жүрген сөздерді алсын деген қаулы шығарылды.

Бұл қаулының Қазағыстанғада тиімі бар қаулы. Тұрмыстың түрлі сатысы тілді өзгертіп түрлі тіл тұуғызып отырмақ. Өндіру (пыроизбодсмиа) жұмыстарында адам баласы қанша ілгерілесе, жаңа ұғымға кез келіп жаңа сөз шығармақ. Ой артып тіл ұстармақ.

Қазақ елі Іресболотсиенің ұғымдары мен тұудырған сөздерді қазақ еліне де сіңісіп келеді. Неше түрлі ғылым сөздерін де алу керек. Іреболотсиемен кірген сөздерді қазақша таржыма қылу керек пе? Божоуаны - бай, пролеитариатты - кедей, іреболотсиені - төңкеріс, комемесі - ортақшыл, ентырнатынаналды - би бауырмалдық кіласы деп алып, сол сияқты сөздердің бәріне де қазақша жатасады у деген сөзді апарып жапсыра береміз бе? Жоқ сол сөздерді өз қалпында қоямыз ба?

Өз қалпынша алсақ қанша теріс болар еді. Үйткені бай ұғымы мен бұржұуа ұғымы бір емес, әрқайсысы әр заманда, әлеумет жұмысындағы құбылыстарға тариқтың қойған аты, бай сөзі

аңшылық дәуірінен бастап, көшпелі дәуірде, псеудализм дәуірінде, капитал дәуірінде табылса, бұржуа сөзі псеудализм дәуірінен кіреді. Қалалық тұрмыс әшекейленіп сауда капиталы әбден қызған кезде жарыққа шыққан сөз.

Пыролитариат ұғымы да сол сияқты. Дәл кедейге тұра келмейді. Пыроизбодстбаның (өндіру) белгілі түрге көшіп ірі кесіп оркендеп кара шаруаның ұтылған дәуірінен бері карай пайда болады. Пролитариат атаулы кедей болған мен кедей атауы пролитариат болмайды.

Іреболүтсие мен төңкеріс сөздері де сондай. Бір нәрсені аударып төңкеріп тастаған кісінің бәрі төңкерісшіл бола ма? Достағанды төңкере қойған кісі де төңкерісшіл дейміз ба? Іреболотсиенің мағынасы зор. Зор болса өз қалпында тұрсын. Капитализм тұрмысын бұзып, оның орнына комірізм жасауды іреболотсие деп атайды. Пірдік аударып төңкеріуіміз-ен бұл басқарақ.

Бірін апарып біріне шатастырудың ток мажылығы жоқ. Көметес пен ортақшылдық да солай (кейінгі кезде көмектес деген сөз өзі колданылып келді).

Адам баласын тұуыстыру, тек қылу мағынасындағы ентернатсианалды би бауырмалдық десек, сызық болып шығар еді. Би бауырмал деген сөз адамшылдық пе екенін білмейтүн айуан деген сөз. Кілас пен тап да сондай.

Тап "" деген араб сөзінен кірген сөз. Таьсе - арабша ұру. Қазақтың да тап дегені ұруға жақын. Пыроизбодист ба (өндіру) ұғымы мен қойылған ат емес қол өнері мен кон көренүндерді етікші, үйші, темірші... деп айтады. Тап деген сөзді нағыз кіласқа тұура келтіруге болмайды. Тап тартысын күшейту керек деген сөзді рұотарнмсын күшейту керек деп түсінетүндерде болуы мүмкін. Осы айтылған сөздерді аурып бірінен бірі алғанда сол қалпы мен аудармай алады.

Пыропызбодыстбасы бізден көп артық, тұрмысы Аурыпаға жақын орыс жұрты да сол көбі мен алып отыр.

Орыстар бай, кедей, төңкеріс, ортақшыл би бауырмал деген сөздерді таба алмай алып отырған жоқ. Бұл сөздердің ұғымын толық айтып беретүн сөздері болмаған соң айтып отыр. Тұрмыстың әр сатысының әр түрлі ұғымы құбылысы бар, соған қарай сөз де болады. Шаруа көтеріліп, производыста артса тіл де ұстарып байыйды. Әзірге намыстанбай ақ іреболұтсиенің ұлы сөздерін өз қалпында алсақ қайтер еді.

*Ақымет ұлы Илияс.*

**Басқарма:** бұл мақаладағы "іреболотсие"  
"комменізм", "ентернатсианал"-ды осы  
күйінде қолдану керек деген пікірге  
басқарма қосылады.

## Атау туралы

("Еңбекші қазақ"-тың 121-інші санындағы "термен туралы" деген мақала турасында).

Түрік білімпаздарының қаулысы дұрыс. Мәдениеті кем елден бір, мәдениеті зор елден екі алып, бір ұғымға неше түрлі ат қойып былықтырғанын "тіл байқам" деген қимылынан басқа түсетүн пайда жоқ. Әзірге тіл байынбайақ, мәдениеті үлкен елдерден "атаулар" қарызданып ақ тыныс отырған жөн. Ондай ел, әрине Аурыпа елдері.

Түрік білімпаздары қаулысын еш бір елге үлкен болады деген емес. Олай болудың қисыны да жоқ. Ол қаулысы ғам ағайыншылық айтқан жылы түрік қалқының әр қарамының тіл айырмалары не дәуір болады. Бәріне берді тіл заңын жазу болмайтүн жұмыс. Мәселен: қазақ пен әзірбайжанды, арды тер сөйлетемін деген қолдан келмейтүн жұмыс қой!

Олай деген менде, ол қаулы ескерусіз қалатүн іс емес, ескеретүн нәрсе. Бірақ, қазақ тіліне жат тілден атау сіңіріп алудың реті өз алдына бөлекшереқ жұмыс. Қазақ тіліне бұдан былай ғана, не болмаса, кеше мен бүгін ғана жат елден атау кіріп отырған жоқ. Бұл заман-заманнан бергі келе жатқан ағынды іс. Бұл іске, тұрмысқа мұрындық болатүн, орысша жете оқыған бірер шорқақ болсақтағы, асқар тау, кең даланың қалың қазағына осы күнгі нөқта ағасы болып отырған, Қаратжан қойшы қожайын аса жетік, біз, әншейін, тұрмыс шіркіннің жүрісіне жете алмайсын деп байдың жолын бөгеп, аузы-мұрнын баспамен тыққыштап "ананы алай", "мынаны былай" деп асығып, аптығып есін шығарып жүрміз. Болмаса, қашаннан бері басқа тілдің атаулары қора-қорасы мен айдап қазақтың қара қазанына кайнатып, өзінің қол тумасындай қылып сіңіріп қазақ тілін басқаға жем қылмай өз беті мен сақтап келген солар болатүн егерде солардың жолы ескерусіз қалса не тілден айырыламыз, не тілді оңбағандай қылып шұбарлап бұзамыз; нені мазмұндасадағы сөзді үркердей ғана омғандарға түсінікті болып, жалпы елдің тісіне қатаң

тисе, ондай баспа сөз жұртқа жайылмайды. Сөйлемі олақ жүйерленіп, сөзі түсініксіз басылған кітап болсын, гәзет-журнал болсын қол сұртуден басқаға жарамайды.

Басқа тілден сөз қарыздануды мен де жақсы көремін алғанда үйір-үйірі мен, қора-қорасы мен топырлатып айдап алудан да қашпаймын. Бірақ, қазанды сәл ғана қозғаңқырап, ескілі, жаналы бар жолдың сорабынан шықпайық. Алған сөздің ұғымына дұрыс келетүн қазақ тілінде өз сөзіміз болып жүрмесін жанада ол сөздер қазақ тіліне оңай сіңіп кететүн болсын. Бұл тұуралы Қазағыстан мемлекет білім кеңесінің белгілі жол-жобасы бар. Ол жол-жобада ежелгі тіл заңының, аржағынан да не тексере қаралған. Ол жолды басқа қазақтың да есінен шығармағаны жөн.

Білгішсініп бет-бетіміз бен жота заң шығарғанша, білгенімізді ұсыныс ретінде бір құймаға төгіп, бір дүкеннен іс шығарған дұрыс болады. Білім кеңесі жаңылмайды емес, жаңылды тұрмыс жүзіндегі ағымда үйлеспеген жерлері де толып жатыр. Солай болсада өлең қылмай шапқылай жөнелгеннің орны келіңкіремейді.

Белгілі бір ұғымға біздің тілде дұрыс сөз болған менде, бұл ұғым жат тілде ешқандай сөзбен айтылушы еді. Дәл сол сөздің тұуына шарт - себебі сай болмағандықтан өз сөзімізді қалдырып басқа тілдің сөзін қолданамыз" деген пікірге қол қоюға болмайды. Егерде сол мақаладағы сөздердің бір азын алсақ, онда "пролетариат", "боржой", "іреболосын", "тап" жана басқа сөздер бар, бізге осылар ақ жетеді. Құм заманындағы латын тілінде панасыз жалаң аяқтарды "пролетариат" деген. Кейінгі замандарда өндіріс құуаты ұлғайып пабірік-завыт шыққан соң жалаң аяқтар іске жарап жұмыскер болды. Маркстың айтуынша, адам баласын қоғамшылыққа (сотсялизм) пролетариат жеткізеді деді, онысы - завыт-пабіріктегі өндіріс қызметіндегі жұмыскерлер.

Боржой дегені - қалалық деген пұург (прансозша - бүрж дейді) қорған, қала деген сөз. Қалалық болғанда қаланың жалпы жұрты емес, қаланың шаруа-саясатына қожа болып отырғандарды ғана айтатүн. Оларды саудегерлер, сауда малының өсімнің (торг, капитал

иелері еді. Ал аталған көсемнің айтуынша бұл тап саясатқа қожа болған соң адам баласын кейін тартады, қоғамшылық жолындағы сыпырып тастайтұн ылас бұзатұн пролетариат болады деді.

Осы сөзді әлі де ырас болып келеді. Әлеуметтің түрлі қыртыстары осы 50 тап жаққа қарай жиырылады. Екеуі әлі де алысуда.

Ал енді, қазақ жұртын қоғамшылыққа апаратұн қазақтың кедейі болып тұр. Осы күні қазақ жұртында бай мен кедей ғана тартысып отыр. Кеңес үкіметі өзінің қоғамшылыққа жөнеген жолында қазақтың келейі пролетариат орнына қосшылыққа алып отыр. Байлар бұл жолда сыпырып тасталатұн спырынды болып отыр. Ұғым осындай тіреуге келіп тіреліп отырғанда-қазақтың байы-борғойы, кедейін пролетариат демегенде не дейміз? Ұғым бір, мақсат бір ғой?

Болмаса, сөздің тариктағы шығу ретіне қарай дұрыстаймыз деп қазақ даласына қорған салып, сауда малын дәуірлетіп, мүлік иелерін көгертіп өркендетеміз бе? Оны қылуды тұрмыс ағымы көтермес қоғамшылыққа қазақ жұрты орыс жұртынан, ондай бұрыстыққа қайырылмай ақ ілеседі.

"Ұру" тұрғанда әріптің "танфе" сін тексеріп, ұруды тап пен қарастыратұн қазақ табылмайды. Ол қазағы сөздің қай ұғымдысын, қазақ тіліне үйлесімдісін, айтуға жеңілін қолданады. Инемен құдық қазғандай сөздің шың түбін тексеріп, ми ашытатұн қазақ жоқ. Оны қылса еріккен латыншылар мен арабшылар қылады. Егер әліппе өзгере қойса, "қафе" ні ескеретұн жанды дәріге таба алмассын.

Соны мен сөздің құртын қоздырам деп әурет болғанша, қазақтың бар сөзін қолайлы жерінде қолдана беру керек бұл бір.

Енді сөз басқарманың қортындысында (бұда мақала иесінің есіне) басқарма қазақ тілінің құбылыс заңың, жүйесін бірнеше жалғам, жұрнақтар тұурасынан да жана басқа тілден сөз аударарды ежелгі жол мен білім кеңесінің пікірін ескерем деп ауреленбеген көрінеді.

Қазақ тілінде "ц" деген дыбыс жоқ. Бұл дыбысты ел қазағы бұрыннан бері "шы" не "с" деп айтады, "тс" демейді.



(Шерке - церков, серік - цирк) қазақ елі бұрыннан бері жат тілдері жат тілден сөз ауысса, оларды иесі танымайтұн қылып өзгертін жіберетұн, оларды қораға ылағып келген малды сінірейін дегенде жал-құйрығын отап, жүн-жабағысын қырқып күзегендей қылатұн. Мұндай пікір білім кеңесінде жат емес білім кеңесінің пікірінше тілдердің: ия, ие, иан, ионай, деген жұрнақ-жалғауын отап тастап сөздің кілең түбірін ғана алғанды дұрыс дейді. Сөздің шынында бұл пікір даусыз дұрыс пікір. Ол жалғаудың керегі де жоқ. Ел қазағының тілі де келмейді. Орыстың "бұумаға" дегенін - бәмаға деп жүрген қордағы қожайындардың тілі келмейді. Егер: "етмонәсіл", "ребліс, (төңкерісті өзгертудің қажеті де жоқ) дегенде онда аузыма күм құйылғандай болар едім.

Күн батыс елдерінің жалпы мәдениеті білімі бұрынғы ескі елдерден Грек, Рим жұртына көшіп, олардан соң араб еліне ауған. Кейініректе, дін соғыстарыннан кейін ол мәдениет, өнер-білімдер арабтан Аурыпа (Жейріп) еліне көшкен. Сол ескі мәдениет иесі - латын жұртында сотсиене, коммүуне деген екі сөз бір еді. Бұл екі сөзде соңғы төңкеріс атауларында үлкен орын алып отыр: ұғымдары әуелгі ұғым мен байланысты, айырмасы өндіріс заты мен пайдалануда ғана. Бұл екі сөздің орысша ұғымы общика, обществ деген сөздер. Қазақша: қоғам, қуым деген сөздер, екеуі араб сөзі болған мен қазақтың қол тұумасы болып кеткен. Бұл екі атаудың латыннан араб тіліне аударылған аударылмағанын арабшылар айта берер. Аурыпа елдерінің жалпақ тілінің кедей екенін, не оқымыстылар өрескел латыншыл болып кеткенін бұжолы тексермей-ақ, менің ойымша - қазақ тіліне ежелден бергі бауыр басып сініп кеткен атауларды сыртқа теуіп тастамай: "каммунизм" ды "қауымшылық", "сотсиализм" ды "қоғамшылық" деу керек. Жоқ болса ылажысыз еді. Бар бола тұрғанда сонда ұмытылғанымыздың түк жөні жоқ.

Түпте

## "ЖЫНДЫ СӨЗ"

Әркім өз мамандығына қарай іс істеу керек деген пікір бар ғой. Ақымет мұны түсіндіргенде: "Өнердің бір тарауын ғана біліп соны күүда жүр деген сөз емес, әр тарауында біл; бірақ, істеуге келгенде өзінің қолайлысына жабыс" дейді.

Ақымет өзі осы сөзін жарыққа шығарады: Ақымет дәрімен сынықты да емдейді деген лақап бар еді, бірақ, Төбектің аяғын жаза алмады білем, Ақымет ақын, Ақымет жазушы...

Қазақ сөзін тексергенде Ақымет құдай сияқты. Шангерейдің жазғанын мақтайды, Шангерейдің:

"Құйрық атқан Құлиа,  
Түлкідей қашқан жымиа.

Қараңды үзіп барасын

Бізден де қайрат дүниа" деген өлеңін қайта-қайта айтады.

Жалғыз өлең емес, Ақыметтің қара сөзге де мамандығы бар. Қара сөздің бастыларын да екіге бөледі.

1) Желді сөз.

2) Емді сөз.

Желді сөз оқыған кісіні еріксіз тартып кететүн, тілді ұстамай оқуға жеңіл келетүн сөз.

Емді сөз оқуға ауырырақ болса да, түсінікті, маңызды, кісіге білім беретүн, кісінің керегіне ем болып қонатүн сөз...

Бұл екеуіне кірмейтүн кей бір сөздерді Ақымет "жынды сөз" дейді.

- Қой, шырағым, сөзің жынды болушы ме еді.

- Болады.

- Көрсетші.

- Тында, - деді.

Бір газетті ала салып соқты.

"... Майдың 12-і күні ағылшын үкіметінің сыртқы іс кемесеретіне жіберген мемарондуымен танысқаннан кейін кеңес

үкіметі ағылшын үкіметіне кеңестер одағында шетке ақша жіберуді тиатүн зақун жоқтығын жалғыз ақ шетке жіберілетүн ақшаны қарап мөлшерін ғана белгілейтұнын кеңес үкіметі жұмыскер мен кара шаруа үкіметі бола тұра, кеңестер одағының мүлйендеген жұмыскері кіріп отырған кесіпшілер одағына ағылшын кесіпшілеріне көмек көрсете жіберген ақшасын бергізбей токтата алмайтұнын білдіреді. Жәнада, кеңес үкіметі ағылшын үкіметіне дұрыстыққа келмейтүн екі араны босқа қажастыратүн бір талай үкімет мүшелерінің айтып жүрген ағылшын кесіпшілеріне жіберілген ақша Кеңес үкіметі жіберген сияқты сөздерінің дұрыстыққа келмейтұнын, екі үкіметтің арасын босқа қажастыратүн ақшаны кеңес кесіпшілері мен кеңес орталығындағы басқалар мен келісіп кесіпшілер одағының ғана жіберіп отырғанын аңғартады..."

Оқып болып ожырайып бетіме қарады.

- Түсіндің бе?

- Жоқ.

- Енді мұны нендей сөз: дейміз?..

Сасайын дедім білем, желкені қасиын дедім.

- Міне, осындайларды "жынды сөз" деп айтады - деді Ақымет:

Үкімет қаншама күш, еңбекті сарып қылып, ел еңбекшілері оқып пайдалансын, ел еңбекшілерінің көзі ашылсын деп баспа сөз шығарады. Сол баспасөз бетінде дүниа жалшыларының қозғалысына байланысты телгірам мына түрде аударылып елдің алдына тартылса, бұдан артық не жындылық бар.

- Тоқта жолдас, бұл жерде сөзді айыптауға бола ма? Мұны басқарып, қарап жіберетүн адамды айыптау керек қой.

- Басқарушыны айыптамақсын ғой.

- Иә.

- Газет жайынан түк қабарың жоқ екен ғой. Басқарушы сөздің жалпы бағытын қарар болар газеттің әр бөлімінің бір бір солақбандай басқарушылары болады. Сөзді дұрыстап жазу, өз

бөлімін ажарландыру, бөлім басқарушыларының міндеті. Әйтпесе, бөлім бастықтарының жазуын газет басқарушы жас балалардың тетіреті құсатып түзетіп сызғылап отырса, ондай істен жемісі шығушы ма еді?!

- Бөлім бастығы болғанмен, қасақана істемеген шығар, білімнің таяздығы шығар, деп күмілжиін дедім.

Ақымет тағы ызаланды:

- Тағы қаталастың. Телғырамды дұрыс аудару үшін орыс тілін жетік біліп, қазақ тіліне жазуға ыңғайы бар адам болу керек. Әйтпесе, дипломы бір құлаш болған мен түсінікті сөз жазуы оңай емес, деді.

Мен жеңілдім. Шынында газеттегі жоғарғы сөздің жазылуы өте ауыр. Ауыр емес ау, мың ірет оқысаң да түсінер емессін. Тегінде бөлім басқарушысы зейінін басқа нәрсеге жіберіп отырып, ат үстінен аударып салған болар деп қортынды шығардым.

Тегінде сөз жазушылар "жынды сөз" деп аулақ болу керек ғой деймін.

Сен

## ОРЫСШЫЛАҒАН ҚАЗАҚ ТІЛІ

Біздің жазушыларымыздың көбі орысша оқығандар. Олар көбіне қазақшадан да орысшаға жетік. Жетік болмасада жетікке ұсайды, - жетік болып көрінгісі келеді.

Сондықтан олардың қазақша жазғаны да орысшаға ұсап тұрады; оны, жазушының өзі секілді орысша оқығандар ғана болмаса, қара қазақ түсіне алмайды.

Осы кезде бұрынғыға қарағанда әдебиет жағынан едеуір алға кеттік: басылып шыққан кітептеріміздің саны бұрынғыдан мың есе артық, газет, журналдарымыздың саны онан да көп. Бірақ дұрысында біздің әдебиетіміз тек сан жағынан ғана алға басқан, сапасына қалғанда... мақтанарлық түгімізде жоқ деуге болады. Жазушыларымыздың көбі орысша оқығандар болған соң, олардың қазақша жазғаны орысшаға ұсаған соң, - басылып шығып жатқан кітептеріміздің де, газет журналдарымыздың да тілі қазақша болмай, орысшылаған қазақ тілі болып отыр. Жақында қазақ тілінде басылып шыққан сөз өте аз. Олардың да көбі өлек мен жазылған көркем әдебиет. Оны орысша қазақ тіліндегі көп сөзбен салыстырсақ: жоқтың азақ алды болады. Сондықтан сан жағынан сұрапыл алға кеткен әдебиетіміз сапасы аз емес, мүлде жоқ, - дұрысында жоқ да емес, қолындағы малы борышынан анақұрлым кем сорлының борышы сықылды болады: 10 кітептің біреуінің ғана тілі қазақшада, тоғызінікі орысша қазақ тілі болған соң, - бір қазақша кітап бет орысша қазақ тіліндегі бір кітеп екеуінің біреуінің пайдасы екіншісінің зиянын өтейді де, қалған сегіз кітеп таза зиян болып шығады.

Қазақ тілін іске асыратұн болсақ, қазақ әдебиетін күшейтеміз десек: ең алды мен істің санын салмақтамай, сапасын ескеруіміз керек. Ол үшін қазақша деп жазылған сөздердің әлгі кемшілігін құрту керек. Оны құрту үшін әуелі сол кемшіліктің қандай екенін білу керек.

Ол кемшіліктің бірі дыбыс жүйесі жағынан болатұн кемшілік. Жазушыларымыздың көбі қазақ тілінің дыбыс жүйесін елемейді: орысшадан алынған сөздерді болжытпай дәл Мәскеу орысының айтуынша жазады: Мәселен "Мәскеу" демеі "Москыва" деп жазады, "коммунист") дейді. Осықылды сөздердің көбі ақ білім кеңесінде тексеріліп, қазақ тілінің дыбыс жүйесінше қабыл алынған; қазақ білімпаздарының сиезінде ондай сөздердің жалпы негізі де ашылып, тиісінше қаулы да шығарылған. Сондықтан қазақша деп жазылған сөздерді қазақша жазып, қазақша айтып үйренгісі келген кісі оны оп-оңай ақ үйрене алса керек.

Екінші кемшілік: сөз жүйесі жағынан болатұн кемшілік.

**Мамытұлы А.**

## ЕМЛЕ, ПӘН АТАУЛАРЫ ТУРАЛЫ

"Емле және пән атаулары (термин) жайындағы мәселелерді шешуге білімпаздар кәңперенсесі шақырылады дегенді газет беттерінде көріп жүрміз. Бұл екі мәселенің қайсысы болса да, мәдениеті жаңа бас көтеріп келе жатқан елге мәні зор. Осы кезге дейін емле туралы талай тартыстар, айтыс сөздер болып келді. Әркім, өз пікірін айтты, көптің талқысына салды.

Қазір жаңа әріпке көшіп отырмыз. Жаңа әріпке көшудің арқасында емле жайындағы бірталай таласты мәселелер шешілді деуге болады. Кейбір күмәнді жерлері осы болашақ кәңперенседе шешілетін.

Ендігі түйінді мәселе - пән атаулары. Пән атаулары осы күнге дейін оқу комисариатының жанындағы 3-4 кісінің "еншісі" сияқтанып қана келі. Ірі жиылыстарда бұл туралы тиіп-қашты ұсақ әңгімелер болмаса, көңіл тоқтарлық істелген маңызды түк жоқ десек, онша қаталасқан да бола қоймаспыз. Шынында, ойларына түскенде айына бір рет жиналып, "мына сөздер қазаққа пән атаулары болсын" деп шығарған шашыранды қаулыларды есепке алуға болмайды. Үйткені, ол қаулыларды жыйып алып іс істеймін деп арам тер болғаннан, қалам ұстағандардың өз қара дүрсіндерімен жүре бергендері артық болды. "Құмалақтың есебін құдай білсін" дегендей, шашыранды қаулылардың қайда, қай журнал, газеттердің бетінде жүргенін құдай білсін! Міне, бұл оқу комисариаты білімпаздарының бір кемшілігі.

Екінші - сол қаулылардың қолға түскенін қарап отырсақ, ондағы қабылданған атауларды "пән атаулары" деуге болмайды. Түйреп сөйлесек, еріккендегі ермек, малтапқыштық деген де келеді. Яки бұрынғы заманда орыс тілін білмейтін қазақтарға арналған "Самоучитель" деген болатын. Салыстырсақ, соған дәл келеді. Әйтеуір дұрыс пән атаулары деуге аузың бармайды.

"Самоучительдің" үйрететін тілдері салғаннан "ат - лошат, қат - песьмо, сныр - кароба, жол - дарога, ол - он, кол - рука" деп ала жөнелетін еді. Байқап қарасақ, біздің оқу комисариаты білімпаздарының пән атаулары да бөрік кигізсе, айна-қатасы жоқ соған үйлеседі.

Бұл айтылғандар құр сөз болмай, дәлелді болу үшін мысал келтірейік. Менің алдымда оқу комисариаты білімпаздарының шашыранды қаулысы жатыр. Оның бірі 22-жылы шыққан "Қызыл Қазағыстан" журналының 22-санындағы пән атаулары, онда мынадай атаулар ұшырайды: "жолтый - сары, кырасный - қызыл, сібет - жарық"...

23-інші санында (сол жылғы): "ыслобе - сөз, болшы - артық, менші - кіші, білйй - ақ, обыйшай - әдет, анатомыйа - тән жүйесі..."

27-інші жылы шыққан "Жаңа мектеп" журналының бірінші санында бөлә - ерік, домашный жыйвотный - үй жануарлары" - деген. Сол жылғы 2-інші санында: "мел - бор, морыской песок - теңіз қайыры, сырошно - тез мерзімді, аддел - бөлім, парадок - тәртіп, быйбод - қорытынды, кожа - тері (мұның соңғы қатарын "Қызыл Қазағыстанның" 24-інші жылы шыққан 4-інші санынан салдым).

Ақтара берсек, осындай қиын переботтарды пән атауларынан көп ұшыратасың. Бұлардың "Самоучительден" несі артық? Қай жері үйлеспейді? Бұл да сол "Самоучительдің" екінші түрі ғой. "Кырасный - қызыл, белый - ақ, бөлші - артық, менші - кіші" деген атауларды қазақтың оқығаны былай тұрсын, оқымаған поселке мен шаруашылық жөнінде қатынасып отырған қазақтың бесіктегі балаларына дейін біледі.

Мұндай сөздер пән атаулары бола алмайды. Мұны білімпаздар кәнпересесі ескеру керек. Бұрынғыдай (алынған пән атауларындай) сөздерді борбайынан сүйреп алып "пән атаулары" деп ат тағу сияқты бағытсыз жолды тоқтату керек. Пән атауын айқын арна ашып, түзу жолға салу керек. Әрине, бір кәнперенседе



барлық пән атауларын бір жолға сала қою қиын. Сүйсе де кәнперенсе соған тура жол ашыб, жөн көрсетуі керек.

Онан соң білімпаздардың қабылдаған пән атаулары әр бұрышында қыстырылып жүрмей, 3-4 айда бір кітап болып басылып шығуы керек. Кітабша шықпас бұрын осы қалай деген сөздердің тізімі газет бетінде жарияланып, жалпының пікірін сұрау керек.

Сүйтіп, сан сығалап, сыннан өткізіп барып "пән атаулары" деп қолға ұстатуымыз керек. Және көрінген жат сөзді күйретіп қазақшалай бермей, қазақ тұрмысында жоқ пән сөздерін сол күйінше алу керек. Қазақ тұрмысына, сөзіне дәл келетін пән сөздерін әрине қазақшалап алу керек болады. Екінші ескерілетін нәрсе - пән сөздерін қарап, бақылап жариялап тұратын орталық бір ұйым сайлануы тиіс. Бұрынғы аталған пән атауларындағы былықтарды шығарып тастау керек. Осы сияқты шаралар істелгенде пән атауын оқудағы былықтардан құтыламыз.

Қысқасы, пән атаулары бұрынғы қойыртпақ түрінен шықсын, дұрыс білім беретін жолға түссін. Пән атауларын алу ісі 3-4 адамның еншісіне ғана тимей, көптің, жалпының мүлкі болсын. Осылай еткенде пән атаулары дұрыс жолға қойылады.

*Мамытұлы А.*  
1929 ж.майдың 19-ы.  
"Еңбекші қазақ".

## ҚАЗАҚ ТІЛІ ТУРАЛЫ

Осы уақытта "Еңбекшіл қазақ", "Бостандық тұуы, бір нече қазақча журналдары һәм әсиресе "Қазақ тілі" газитдерін оқып қарасак: Қазағыстан қол астындағы гүбрналарда кеңсе жұмысы қазақ тілі мен жүргізілді пәлен үйезде пәлен гүбрнада іс қазақча жүріп жатыр деген қуанғаннан адам таң қаларлық жақсы хабарларды естиміз; бірақ ол қуаничміз аса көпке бармайды. Себебі: осы кеңес хүкүметі орнай бастағанда одан қала берсе Қазағыстан өз алдина хүкүмет болғаннан бері қарай бұл қазақ тілін іске асырып кеңсе жұмысы қазақча жүргізілсін деген жарлық, декрет, сан жетпес қаулы, айтыс жобалар көп чыққан: пәлен айда пәлен сағатда орындау керек деп, соның бірде-бір орындалғаны жоқ сондай көп айтылғанның бірі ғой деп айтседе айтеур жақсылық лепес жарм ырс деген "Үмітсіз чайтан болсын деген бұрынғының мақалы бар үміт етуге болады".

Еңбекшіл қазақ, газитінің 151-нчі санында "Киртсик, жатында қазақ тілін іске асиру кеңселерде асты 1924-нчі жыл алчы ғинуардан бастап қазақча жүргизу туралы жеке камиссия сайлаған бес ксіден ол мына махкемалардан құрылған: 1) Қазағыстан халқ ағарту комисары Зәлі ұлы. 2) Заң комисары Н. Нұрмақ ұлы. 3) Бақылаучы комисары Алипбек ұлы, 4) Мүчесі Кенже ұлы, 5) Киртсик хатчисы А. Садуақас ұлы. Комиссия бастығы Садуақас ұлы болған. Міне бұған қарағанда бұрнғидан көрі істі басқаруға айналған қалпы бар. Жана осы номр газитде М. Чамел жолдас қазақ тілін қалай жүргизу туралы жобасында көрсеткен. Тағида "Қазақ тілі" газитдің 3-нчі санында (ескіче 1. 4) Семейдің 4-нчі кеңес тобындада қазақ тілін жүзеге чғару туралы сөйленіп топ атинан қаулы қылып, гүп айсполкомге тапсырған; тезинен гүб айсполком тичті чараны қолданып қазақ тілін жүргізсін 24-нчі жылдың басынан бастап деп; гүб айсполком оған айрқча камиссия жасаған, сол камиссияның қазақ тілі туралы 25-нчі декабрда гүбком, гүб айсполкомның басқармасына салып өткізген жобасын оқиды.

Солардың бәрі тез орындалмай сөз болып барады; мисалға Қарқаралы үйезін алайық: 1-нчі ғинуар 1924-нчі жылдың басынан

қалмай басталсын деген. Сол қарқаралида іс қазақча бір кенчедіс бір қалам "Алға" тартылдыма екен? қазақча жүруге қлынған қам болдыма екен? Айсболгом мен аукомдар? Жоқ қам тоғилы ойларына өзер өзер жаңада ғана қрб жүр. Қазіргі уақтыда Қарқаралида қазақ тілін жүргізу туралы үлкен талас-тартыс болып жатыр; орыс пен қазақ болып, 29-28-нші ғинуарда ауком мен ауайсполкомде қазақ тілі туралы үлкен жилыс болды. Сонда әлғы айтисумен тарқады. Бірлі жарым җн законды қолданып киртсикдн чқарған жарлиғын орндаұмызға керек өне-міне деп енді жалтақтатбай қазақ тілн іске асиру керек деген адамдарды орыстар сен мұны өзімчілдікпен айтсын деп аяғын қиа салдырып сөйлетпейді. Мәселен Салих Қасым ұлы жолдасты оқу бөлім бастиғы сен турасын айтасын деп орыстар жекелетуге айналыңқырап жүр. Тағы басқа бір нече жолдастар бар. Міне Қарқаралидағы қазақ тілінің жүріп жатқан жайы осидан мағлұм.

Тегінде осы қазақ тілі меніңче үлкен талас-тартсқа түсіріп орыс қазақ арасына дік түсірмесе жарар еді. Бұл қалыпта қарқаралида қазақ тілі жүрмейді. Гүбнадан кндіктен мандаты алты қолаш, күші жолбарыстай адам келіп орндамаса, Қарқаралының өз чінде отырған қызметкерлердің чамасы келмейді. Негінен алынып тұрсада орыстар қисынсыз бір өз сөзді дәлел қылып отыр; Семейден ауайсполкомге келген бүйриғында қазақ тілі туралы бизатана 1-нші ғинуардан қалмай жүрсін деген бір үз сөз жоқ, деп соны дәлел қылып көрсетіп отыр.

Қазіргі уақтыда орыстар мен табан тіреп бір ауыз сөйлесуден қалдық. Тек бір ауыз сөз айтсаң сен Алач ордачылсың сен өзімчілсін деп қоя береді партиядан чсғарамыз дейді.

Міне қазақ тілі ісі жүзеге чықпайды іске аспайды деп білеміз. Бұл қалыпта құр баяғыдай айтылып келе жатқан бос сөздің бірі деп үкметдің чығарған заңына декретине қарсы болып бұрынғы исаурап қалған жуан атаның тұқымы әліде жуандығын көрсетіп қолынан оңайчылықпен іс беретін емес. Өздері заңға теріс іс қылып отыр. Осы қазақ тілі туралы ол өзімчіл болмайды, түйедей көрінбей түймедей қазақдикі көздеріне көрінеді.

## ЕМЛЕ ӨЗГЕРІСІНЕ БІЗДІҢ ДАУЫСЫМЫЗ

31-июлда, Алматыдағы гүбірнелік жылдық үлгілі курсте оқып жатқан ел мұғалімдеріне жолдас Басым ұлы Қажым "емлеміздің кемшілігі туралы Қазағыстан ағарту камесерияетінің ашық қаты және Жүсіпбектің жаңа жобасы" жөнінен баяндама жасады, жолдас Қажымның баяндамысын аянбай талқыланып, әбден пікір алысқаннан кейін жиналыс төмендегі тоқтамға келді:

### 1 - "у, и(й)" дыбыстарының жазылуы

"У, "и(й)" дыбыстары жарты дауыстылар қатарынан шығып, дауысты қатарына кірсін деген ұсынысқа қарсымыз. Бұрынғыша жарты дауысты қатарына кіріп жазылып жүрген түрін қуаттаймыз. Бұл дауысымызға мына таяныштарды келтіреміз:

1 - Қазақтың тіліндегі бір сөздің ішінде екі дауысты дыбыс қатар келмейтін заң бар. Егер "у, и(й)" дыбыстары дауысты десек, бұл заң талқан болады. Заңды бұзу - сөзді бұзу; сөзді бұзу - тілді бұзу болып шығады. "Ай, тау" деген сөздерде екі дауысты дыбыс қатар келген болады. "а, и(й)" дың, "а, у" дың дауысты бола тұрып қатар айтылуын тіліміздің айтылыс ырғағы көтермеуге керек еді. Мұндағы қатар айтылып тұруының өзі сол екі дыбыстың біреуінің дауысты дыбыстан басқа дыбыс екенін көрсетеді. "а" ны ешкім дауысты емес деп айта алмас. Сондықтан "и(й), у" дыбыстары өз өзінен дауысты қатарынан шығып қалады.

2 - Қандай жүйеменен оқытбалық түбінде бір сөздің буынын айыртпасқа мүмкін емеспіз. Буынын айырғандағы сөздің өлшеуші де, өлеңнің өлшеуші де дауысты дыбыстар. Бір жолдан бір буын асып, не кеміп кетсе, өлеңнің ырғағы келмейді. Бір сөздің ішінде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынына сөздің айтылу заңы, өлеңнің айтылу ырғағы дәлел. Олай болғанда "тау, ай" дегендегі сөздердің ішінде екі дауысты дыбыс бола тұрып, бір буын болуы заңға қайшы. Бұл сөздердің ішінде екі дауысты дыбыс

бар десек, екі буында бар деуге керек. Бір буын бар деп танысақ - "у, и(й)" дыбыстары дауысты қатарынан шығып қалуы керек.

3 - Тіліміздің айтылу заңына (қай бір есімдіктерден, ақ-ағы, жап-жауып сөздерінен басқа) түбірлері өзгермейді. Өзгермейтін түбірді қирату - сөзіміздің жанды тамырына балта шабу болады. "Қозы" (шабындықты) деген сөзді "қору", болмаса "қориды" деп жазсақ түбірін қопарған боламыз. "қоры" деген сөздің түбірінде естіліп, айтылып тұрған бар "ы" дыбысын жоғалтқан боламыз. Сол жоғалтып - жасырған "ы" дыбысын еріксіз "қорылады" деген сөзде қайтадан тағы да ашып жазамыз. Ендеше жоғалмайтын түбіріндегі бар дыбысты жасырып, тіліміздің түбір, тұлғасын бұзудың қасиеті не? Бұдан зиян бар. Пайда жоқ. Сондықтан түбірінен өзгертпей тұлғасын сақтап "оқу, қору оқиды, қориды, оқылады қорылады" жазылған дұп дұрыс.

4 - бір дыбысқа екі таңба, екі дыбысқа бір таңба менен жазған емледен сорлы "емле" болмасқа керек. Сөзімізді дұрыс оқып, дұрыс жазу үшін дыбысымыздың санынша "таңба, қарып" болуға керек. Сөйтіп сөзді естілуінше жазуға керек. Олай болғанда "оқу, су" сөздерін "оқу, су" түрінде жазу естілгенінше болып шықпайды. Айтылуын да - түбір тұлғасы бір түрлі болса, жазылуын да - түбір тұлғасы екінші түрлі болып шыққан болады. Мұның үстіне "ұ+у=у" "ы+й=й" жазып екі дыбыстың орнына бір таңба менен былықтырылған болады.

Жазудың бұл түрленулері жеңілдікке, оңайлыққа сүйремейді. Ауырлыққа, қиындыққа сүйрейді. Сондықтан біз - "у, и(й)" дың бұрынғыша жазылып, тұруына дауыс береміз.

## II - Дауысты "ы" дыбысы туралы

"Ы" дауысты дыбыс бас буында, бітеу буында жазылмасын, ашық буында ғана жазысын деген ұсынысқа қосыла алмаймыз. Естілгенше ережесіз қай жер болсада жазылсын дейміз. Бұл дауысымызға мына таяныштарды келтіреміз:

1 - "Ы" дыбысын бас, бітеу буында жазбағанда жазуды жеңілдетпейміз, қиындатамыз. Естілген жерге жазбай, "бас, түйық, ашық" буын деген үш ереже жасаймыз. Бұл ережелермен баланың басын қатырамыз. "ырым, ырыс" деген сөздерді ережелеп қиындатып, - "бас" буын болғандықтан "ы" жазылмай, "рым, рс" жазылады деп біз жаттатсақ, бітеу буын болғандықтан "р" мен "м" ның және "р" мен "с" тың арасына "ы" тағы да жазылмай "рм, рс" жазылады деп екінші рет балалардың миын қатырамыз. Миларын қатыру менен қабат бұл дұрыс сөзде болып шықпайды. Сау басымызға сақина тілеп алған боламыз.

2 - "ы" дыбысын бас, бітеу буында жазбағанда бар сөзімізді жаза алмай қаламыз. Жазғанымызды дұрыс оқи да алмаймыз. "Ірі, іс, ығы" деген сөздердегі бастапқы естілген "і" лерді бас буын деп алып тастағанда "рі, іс, ғы" болып жазылады. Осын сөздің дұрыс тұлғасы қылып бала оқи ала ма? Бала түгел үлкен оқи ала ма? Бұдан кейін "жұрт, құрт, ұлт" деген сөздердегі естілген "ы" дыбыстарын бітеу буын деп алып тастағанда "құрт, ұлт, жұрт" болып мағынасы да, тұлғасы да басқа сөзге ауысып кетпей ме? Әрине кетеді. Сондықтан да бұл ережелерменен бар сөзімізді жаза алмаймыз. Жазғанымызды оқи алмаймыз.

3 - "Ы" дыбыс бас, бітеу буындарда жазбағанда сөзіміздің түбірін тағы да бұзған боламыз. Сөзіміздің түбірін бұзуменен тіліміздің негізін өзгерткен боламыз. Тілімізді шатаққа ұрындырған боламыз. Сондықтан естігенше жазу керек деп тапсақ "ы" дыбысы естілген жерге қалмай жазылсын дейміз.

### **III - "Түн" болмаса "тын" жазылу жөнінен**

"Жазытатүн, оқитүн" деген сөздердегі "түн" ның бұдан кейін "тын" түрінде "жазылатын, оқитын" болып жазылуын мақұл көреміз:

1 - тіл заңымызша қазақ сөзінің бас буынынан басқа буындарда "о" дыбысы келмейді. Сондықтан "жазатын" дегендегі "түн" бұл заңға қайшы еді, бұдан былай "ү" ны алып тастап "тын" жазатын болсақ, тіліміздің заңынша қатамызды түзеген боламыз.

2 - "Жазатұн" ның негізі, "жазатұғұн" ды, сондықтан "тұн" жазуға керек деп, бір буын үшін оқушылардың миын қатырмаймыз. Естілгенше жазуға жол ашамыз. Сөз аяғында жалғана келетін "тұн" буынның "тын" жазылуынан келетін кемшілік жоқ.

3 - Осы күнде тілімізде "оқитұғұн, баратұғұн" деген сөз түрлері жоғалып бара жатыр десек де болғандай, қай жерлерде мүлде айтылмайды да, сондақтан сөздің өзі спайланып, жұмырланып, соңғы буынын қысқартып келе жатқанда, ұзыннан айырылмай жазамыз деудің мәнісі де жоқ еді. Ұзынын тастап, қысқасын алғанда сөздің түбірі де, мағынасы да өзгермейді.

Осы қысқа көрсеткен таяныштарымызға сүйеніп "тұн" нің "тын" болып жазылуын қуаттаймыз.

#### **IV - Қай бір қосалқылардың жазылуы жөнінен**

Түбір-туынды атауыш сөздерге, қосалқы-шылауыш сөздер қосылып жазылып жүрсін деген ұсынысқа қарсымыз:

1 - Шылауыштардың қай-қайсысы болсын, өзінен азда болса мағына шығарады. Тек кемшілігі - атауыштары аяқтарына қосымшаларды жалғатып дәурен сүре алмайды. "шылауыш" деген ат тағылған сөздердің, жеке тұлғасы тілімізде болатын болса, өзінен мағынада шығатын болса талассыз жеке-бөлек жазылуға тиіс өзінің түбірін сақтауға тиіс.

2 - Өздерінен мағына шығармайтын атауыш сөздерді желімдеп жүретін, болмаса соған қосылуменен өзге мағына білдіретін буындарды "қосымшалар" дейміз. Егер шылауыштарды осы қосымшаларға қосып жіберсек, оның бұрынғы тұлғасын жоюменен қабат, сөз қасиеті де кеміп кетеді. Бірақ қосымшалар ментін ауыл үй қона алмайды.

3 - Қосалқы шылауыштарды атауыштарға қосқан менен жазу жеңілденбейді. Қайта сөздің сиқы жоғалып ұзын сүреңге кетеді. Тұлғасы бір болып көрінген менен айыра келгенде "бас сөз, орта

қосымшалар, аяқ сөз болып айырылып жыртылады. Тілге айтуға да ауыр болады. Мысалы - "Жүрушілеріненсоң" деген қосақталған тұлға көзге оқуға оңай болар ма? Жас балалар екі дем алмай аяғына шыға-алар ма? "Жүр" дің аяғына қосылған "ыу+шы+лер+ы+нен" жетпей, тағы да "соң" ды қосақтауымыз тіпті орынсыз емес пе? Бізше бұл жеңілдікке де, спайылыққада жатпайды. Ауырлыққа шұбалаңға жатады. Тіпті ұзын сөз алмай қысқа "бұлардансоң, оқығаныменен, жылқыбай туралы" деген сөздерге тосқандада сөзіміздің сүріні өңіп тұр деп кім айтар? Қысқаша айтылған жоғарғы таяныштарымызға сүйеніп қосалқы - шылауыштардың бөлек жазылып жүргенін артық көреміз.

## **V - Қосалқы "да, де" мен "ба, бе, ма, ме" ның жазылуы**

- Осы күнге шейін қосалқы "да, де" мен "ба, бе", "ма, ме" лердің қара басының жазылуы дұрыс емес, өзгеріс кіргізілсін - деген ұсынысқа қосыламыз.

1 - Сөз жуан болсын, жіңішке болсын, аякқы дыбыстары қатаң болса оған қосылатын кейінгі қосымша - буындардың, болмаса қосалқы - сөздердің алдыңғы дыбысы да "қатаң" болып өзгеруі тіліміздің дыбыс әуенінің қасиеті еді. Мисалы: "бастың, бастар-бастық" деген сөздердегі жуан түбір "бас" сөзінен кейін қосымшалардың "тың, тар, тық" болып естілуінше жазылуы да дұрыс-ақ еді. Егер бұларды естілгенше жазбай "дың, дар, дық" деп болмаса, "ның, лар, лық" деп жазсақ, тіл әуенінше, дыбыс қасиетінше болмаған болар еді. Сөздің аяғына дауысты дыбыстар келгендегі түрлері менен алмастырған болар едік.

2 - Осы күнге шейін жоғарғы айтқандай алмастырып жазу қосалқы, қосымша "да, де" менен "ма, ме, ба, бе" де болып келе жатыр. Бұларға келгенде тіліміздің әуенінен, дыбысымыздың қасиетінен пайдаланбай, естілгенше жазбай келе жатырмыз. Естілуі бір түрлі, жазылуы екінші түрлі болып келе жатыр. Мисалы "да, де" ("және" мағынасын шығаратын) қосалқылары - сөз аяғында



дауысты, жарты дауысты, ұяң дыбыстар келгенде естілін жазылатын түрі. "Оқуға сол да, мен де, анауда, бұда келді" деген сөздердегі естілуі де, жазылуы да бірдей. Ал енді "оқуға Байтасда, Омарбекде келді" дегенде естілуі олай емес. Мұнда "та, те" естіледі. Егер дұрыс жазсақ Байтас та, Омарбек те деп жазуымыз керек еді. Мұның былай естілуі "байтас" сөзі менен "Омарбек" сөзінің аяқтарына қатаң "с, к" дыбыстары келгендіктен болып тұр. Осы сияқты "ма, ме, ба, бе" (сұрау мағынасын шығаратын) қосалқыларда, жана (бұйрық мағынасын шығаратын) қосымшаларда сөз аяғына қатаң дыбыстар келгенде дұрыс жазылмай келе жатыр. "Ма, ме" сөз аяғы дауысты, жарты дауыстылар болғанда жазылатын түрі. "Бұл балама? мынау оқи ма? Сен барма? Көрпе жайма" дегендегі сияқты "ба, бе" - сөз аяғы ұяң дыбыстар болғанда жазылатын түрі. Бұл жан ба?, аң ба? Жерді қазба" дегендегі сияқты. Ал енді сөз аяғы қатаң дыбыс болғанда естілетін "па, пе" түрін жазбай, ұяңнан кейін келетін "ба, бе" менен жазып жүрміз. "Бұл жас ба? Мас ба? Көрпені басба, отты шашба".

Дегендегі сияқты былай жазу дұрыс емес еді. Дұрыс естілгенше қатаң түрі "па, пе" мен еді олай болғанда естілуі менен жазылуы бір болып "жас па? Мас па? Баспа шашпа" деп жазып тіліміздің әуенін де, дыбыстың қасиетін де сақтаған болатын едік.

3 - Егер бұлардың қатаң дыбыстардан кейін жазылатын "та, те" және "па, пе" түрлерін алсақ, балаларға жазуға да, оқуға да жеңілдік келтіреді. Бұрынғы естілуі бір түрлі болып, жазылуы екінші түрлі. Оқылуы үшінші түрлі болған шатақтан құтылдырамыз. Сондықтан жоғарғы айтқанымыздай, өзгеріс кірсін - дейміз.

## **VI - Қай бір сөздердің қосылып жазылуы жөнінен**

- "Еді, екен, ай, ау" сияқты сөздер және "еке" жұрнағы сөзге қосылып жазылсын - деген ұсынысқа қосыла алмаймыз.

1 - Қазақ сөзі не жуан, не жіңішке айтылады. Бір сөздің басы бір түрлі болып, аяғы екінші түрлі болып құйқылжымайды. Басы жуан

болса, сөздің аяғы да жуан болады: сөздің басы жіңішке болса, аяғы да жіңішке болады. Бұл сөзіміздің айтылу заңы. Ендеше осы заңға қарағанда сөзіміздің бір жағын жіңішке, бір жағын жуан етіп жазуда, оқуда, айту дұрыс болмайды, егер "солай" мен "еді, екен" сөздерін қоссақ, жоғарғы заңға қарсы болады, "солайеді, солайекен" деп бір тұлғамен жазылған сөздің басы жуан, аяғын жіңішкертіп жазып - оқыған боламыз. Сол сияқты бір сөзіміздің ішінде "қ" менен "к, е" лердің бірге қоныс алып жазылуы тіліміздің айтылыс әуенінше дұрыс емес. Себебі - "қ" келген сөз жуан болады да, "к, е" лер келген сөз жіңішке болады. Егер - "тарақ, бұлақ" деген сөздерді "еді, екен" дерге қосып жазсақ, "тарақекен, бұлақеді" болып шығады. Бұлай жазып-оқу жоғарғы тіліміздің айтылу қасиетін бұзады. "Ай, ау" сөздері менен "екен" жұрнағы да жоғарғы айтқанымыздай қосып жазуға тіліміздің әуенінше тура келмейді. "Еркем" сөзіне "ай, ау" ларды қосақтап "еркемай, еркемау" деп жазғанның жеңілдіккеде, не көріктіліккеде пайдасы жоқ. Тіліміздің айтылуын, сөз әуенін бұздан басқа қасиеті шамалы. "Аға" сөзіне "еке" ны қосып "ағаке" деуде жоғарғы айтылған сөздерімізге жатады.

2 - "Еді, екен, ай, ау" ларды бөлек бұрынғыша жазсақ, бұлардың өздері бір сөз екендігін сақтаймыз. Бұл бір. Екінші - тіліміздің заңын, сөздің әуенін бұзбаймыз. "Солай-еді, тарақ - екен, еркем-ау, аға-еке!" деп жазамыз.

3 -Бұлай жазу оқытуғада оңай, түсіндіругеде оңай. Қосып жазуға қарағанда көрінім жер жеңілдігі бар, сондықтан қосылмай бұрынғыша сызықша (-) менен айырылып жазылғанын қуаттаймыз.

## **VII - Келе-алмайды. Бара-алмайды сияқты сөздердің жазылуы**

Жоғарғы "еді, ау" лардың жазылуы қандай тіліміздің заңынша, сөздің айтылу қасиетінше дұрыс болмаса, "бара-алмадым, келе-алмадым" деген сөздерді де қосып жазу сондай дұрыс емес. Сондықтан бұған көп тоқталудың да қажеті жоқ. "Күла алмадым,

білалмадым" жазу дұрыс емес. Бұрынғыша "күле-алмадым, біле-алмадым" жазылуы дұрыс дейміз, бұған айтатын дәлелдеріміз VI-баянадағы "еді, екен" сөздерінде айталған.

### **VIII - "б, п" лердің жазылысы жөнінен**

Тілімізде қай бір сөздер бар. Бұлардың аяғына келген "б" анық естілмей, "п" естілген сияқты болады. Мисалы - "сап, топ" сөздері сияқты. Осы күнгі көтерілген мәселеде осылардың не "б" менен, не "п" менен жазылуында болып тұрғандай көрінеді.

Мұны шешу үшін алды менен сөздің түбіріне қосымшалар жалғанғандағы өзгеріс қасиетіне сер салуға керек деп табамыз. Сөз өзгере қалған күнде "п" естілмей, "б" естілетін болса, ол түбір сөздің дүдәмал қарпі "б" менен жазылуға керек.

1 - "Шөб, жаб" деген сөздерді "шөбі, жабады" деп айтсақ түбірінің аяғындағы естіліп тұрған дыбыстың "б" екенін табамыз. Сондықтан өзгергенде "б" естілгендіктен, түбіріндеде "б" жазуға керек, егер былай жазбасақ түбірін қопарып жіберген боламыз.

2 - Осындай өзгерткенде "б" болып естілмейтін сөздің ортасында келетін дүдәмал "б, п" ларды "п" менен жазуға керек. Бұлай жазу естілгенше болып, балалардың үйренуіне жеңілдік келтіреді. Мисал "Ақпан, аппақ" болып жазылмай, "ақпан, аппақ" болып жазылу жөн.

3 - Түбір сөздің өз аяғында емес, көсемшенің үнемсіз белгісі болып түбір сөздің аяғынан жалғанып қосылатын "ып" буыны бар. Осыны "жазып, оқып, барып" деп жазып келдік. Бұларды да естілгенінше "ып" жазудан келетін түк кемшілік жоқ. Сондықтан бұлардың "ып" буыны болып, естілгенше жазылуын қуаттаймыз, сонда жоғарғы сөздеріміз - "жазып, оқып, барып" болып жазылады, қысқаша "б, п" туралы қосатын дауысымыз осылар.

## IX - Үстеме "х" дыбыстарын алу туралы

"Х" дыбысы сөзімізде көп естілмейді. Шыққанда "хау-хау, ахаха..." деген сөздерде болмаса жоқтың қасы. Жоғарғы сөздерді "қ" менен жазсада болады, мағынасы өзгермейді, сондықтан жоқтың қасындағы аз сөздер үшін оның таңбасын орындарлық "қ" болып тұрғанда "х" ны тағы жамаудың қажеті жоқ деп білеміз.

"Һ" дыбысы сөзімізде көп келеді. Әсіресе одағай "Һ" сіз жандана алмайды. Мұның орнын басарлық бізде "таңба" да жоқ. Басқа таңба менен алмастырсақ сөзді естігенше жаза-алмаймыз. Бұл кемістік сөзіміздің мағынасын бұзады "Һ" таңбасының жоқтығынан осы күнге шейін "аҺ, үҺ" деген сөздерді жаза алмай келдік. Бар сөзді, жаза алмауымыз мықты кемшілік. Ендеше бұл кемшілікті жою үшін "Һ" таңбасын алу керек дейміз.

## X - Жат сөздер жөнінен

Жат сөздерді қазақшалау, болмаса өзін алу жөнінен қысқаша айтқанда төменгі пікірдеміз:

1 - шеттен келген сөздерге үйлесімді өзімізден дайын лайықты сөз болатын болса қазақшалаған жөн.

2 - Өзімізде лайықты сөз болмаған күнде, тыңнан жасалма сөз жасап былықтырудың қажеті жоқ. Оданда сол сөздің өзін алуға жөн.

3 - Сол сөздің өзін алғанда қазақтың тілінің сарынына түсіріп, сөз әуеніне, дыбыс заңына келтіріп алу керек. Олай болмай шет сөзді өз күйінше аламыз десек, тілімізді шұбарлап алған боламыз.

Емлеміздің жөнінен көтерілген жоғарғы мәселелерге көз қарасымызды білдіріп ортаға салу үшін, осы біздің дауысымызды "Еңбекші қазақ" пенен "Жаңа мектеп" тің басып шығаруын өтінеміз.

*Байсамбай ұлы*

*Құрысбек ұлы*

### Заключение

О ходатайстве Джетысуйского ГИНа о переименовании  
Жүре болған кесел - Приобретенные  
Шап - Пах  
Пареліш - Паралич  
Үдеме пареліш - Прогрессивный паралич  
Ер жету, бой жету - Половая зрелость  
Қылмыс - Преступление  
Заң сана - Правосознание  
Оқтану - Покушение  
Азғырушы - Подстрекатель  
Кемекші - Пособник  
Үкім - Приговор  
Жол, пұрсат - Право  
Жолын тарылту - Поражение прав  
Кепіл - Поручитель  
Меншіктеу - Присвоение  
Қолдан жасау, жасама - Подделка  
Параға ұрындыру - Провокация взятки  
Өкпе қабының талаурануы - Плеврит  
Әлеуметке қауыпты - Общественно-опасное деяние  
Әйгілі сөгіс - Общественное порицание  
Міндеткерлік (қағаз) - Обязательство  
Қамқор - Опекун  
Бағу - Опекать  
Қорлау - Оскорбление  
Тіл тигізіп қорлау (тіл тигізу) - Оскорбление на словах  
Қол тигізіп қорлау (қол тигізу) - Оскорбление действием  
Заңның кері күші - Обратная сила закона

Билік - Решение  
Шабу - Разбой  
Өсімқорлық - Ростовщичество  
Төңкерістік заң-тәртіп - Революционный правопорядок  
Сарсық - Ревматизм  
Жұмсап жіберу - Растрата  
Соқырлық - Слепота  
Мезгіл, кесімді уақыт - Срок  
Жеңгелік - Сводничество  
Ноғала (доғала) - Трахома  
Құрт ауруы - Туберкулез  
Әдейі (қастап) - Умышленно  
Боямалау - Фальсификация  
Улана беру - Хроническое отравление  
Ескілікті, үйреншікті ауру - Хроническая болезнь  
Бибастақтық - Хулиганство  
Қояншық - Эпилепсия  
Сарап - Экспертиза  
Жара - Язва

# ҒЫЛЫМ ОРДАСЫНЫҢ ҚАЗАҚША ҒЫЛЫМ-ӘДЕБИЕТ КЕҢЕСІНДЕ ҚАБЫЛДАНЫП АЛЫНҒАН ПӘН СӨЗДЕР

## А

Арнау - Обращение

Айшық - Строй

Әуезе - Элос

Андату, таныстыру - Приступ

Әуезелеу - Повествование

Алптеме, суреттеме - Описание

Аймақ - Район

Ауу - Переселение

Ауғын - Переселенец

Айтыс - Прение

Арыз - Заявление

Айқас шағылысу - Перекрестное опыление

Ақы заңы (өзгертілген) - Гражданский кодекс

Ақын - Поэт

Үдету, өршіту - Усиление

Өлең шығару - Стихосложение

Өлең - Речь стихотворная

Рғақ - Ритм

Ес даналығы - Теоретическая философия

Іс даналығы - Практическая ф.

Үйрету үніті (өзгертілген) - Дидактика

Өмір баяны - Биография

Үстеу - Дотация

Өндеу - Мелиорация

Отырықшылық - Оседлость  
Үнем - Экономия  
Есеп жүргізу - Бухгалтерия  
Ескерту - Примечание  
Орындау - Исполнение  
Өндеу - Редакция  
Екпінді - Ударно  
Үндеу - Воззвание  
Үйлестіру - Согласование  
Өзен саласы - Речная система  
От-тау - Вулкан  
Астық бұлақ - Гейзер  
Ойпат - Низменность  
Ұшан-теңіз - Океан  
Өзгергіштік - Изменчивость  
Естиар - Дееспособный  
Ескіру - Давность  
Үй әншінің өзгерісін тіркеу - Акт гражданского состояния  
Есеп жоспары - Смета  
Еріксіз төлеп алу - Реквизиция  
Еріксіз тегін алу - Конфискация  
Абдыртпа кепілдік - Перезалог  
Есеп - Счетоводство

## **Б**

Буын - Слог  
Бунақ - Стопа  
Бейне - Символ  
Белгі - Эмблема  
Берне, сипат, тұрпат - Образ  
Бернелі сөз - Образная поэзия

Байымдама - Рассуждение  
Бұйрық - Распоряжение  
Бекіту - Утверждение  
Бөлім - Отдел  
Баяндау - Объявление  
Байналау - Разъяснение  
Білдіру - Сообщение  
Батыс - Запад  
Белдеу - Экватор  
Будандау - Скрещивание  
Бересілі - Должник  
Бөбін - Одуванчик  
Басқарма - Управление, правление  
Басшылық - Руководство  
Басқарушы - Управляющий

## П

Пәнді әліптеме - Научное описание

## Т

Тіл - Слог (Стиль)  
Тіл әуезділігі - Благозвучие  
Тіл қисыны - Стилистика  
Толғау - Лирика  
Тармақ - Стих  
Толғаулы сөз - Лирическая поэзия  
Тәрбиә үгіті (өзгертілген) - Педагогика  
Тұрлау - Тезисы, положение  
Тәртіп - Порядок  
Түзету, ашып айту - Оговорка

Толықтыру - Дополнение  
Тасу құралы, көлік - Транспорт  
Тығыз - Спешно  
Тіл - Стрелка  
Төбелік шеңбер - Полярный круг  
Төбелік түн - Полярная ночь  
Тарау, қос ерін - Рукав  
Тана-қабық - Раковина  
Тұңғиық - Лилия  
Тұқымдану - Самооплодотворение  
Түр-түрі - Разновидность  
Талап (өзгертілген) - Иск  
Тексеру - Разбор

## Ж

Жалаң сөз, кара сөз - Проза прозаич, произв.  
Жәдету - Воспоминание  
Жол әліптемесі - Путешествие  
Жарлық - Приказ  
Жарнама - Объявление  
Жықбыл - Ущелье  
Желдік - Флюгер  
Жер шарасы - Полушарие  
Жота - Хребет  
Жүгері - Кукуруза  
Жатыр - Пестик  
Жол - Право  
Жол иесі - Субъект прав  
Жолдық - Объект прав  
Жариялап сату (өзгертілген) - Публичный торг  
Жолдылық, жолы барлық - Правоспособность



Жарнақы сергектік - Акционерное общество  
Жырык саға - Дельта  
Жалқын - Лева

### Ш

Шумақ - Стропа  
Шендестіру - Антитеза  
Шұбыртпа - Период  
Шежіре - Летопись  
Шешен сөз - Ораторское слово  
Шұқыр - Впадина  
Шығыш - Восток  
Шығанақ - Залив  
Шағылысу - Опыление  
Шаңдақтық - Тычинка

### Д

Дарынды сөз - Поэзия  
Даналық (өзгертіліп) - Философия  
Дерексіз даналық - Метафизика  
Деректі даналық - Позитивная Ф  
Дін жүйесі - Теология  
Дәлел - Доказательство, аргумент  
Декрет - Декрет

### З

Заман қат - Записки, мемуары

## С

Сауалдау - Вопросение  
Сөйлеу - Речь  
Сәнді әліптеме - Художественное описание  
Саясаттық шешен сөз - Политическая ораторская речь  
Серттес - Контр-агент  
Салық - Строение  
Салық орнату жолы - Правозастройки  
Салық қалдығы - Недоимка  
Санақ - Статистика

## Қ

Қайырма - Повторение  
Қара сөз - Речь вестихотворная  
Қортынды - Вывод  
Қошеметті сөз - Похвальная речь  
Қорда - Ресурсы  
Қарыз - Заем  
Қор - Фонд  
Қызметкер саны - Штат  
Қосымша - Приложение  
Қатынас - Связь  
Қайнар - Родник  
Құлама - Водопад  
Қолтық - Коса  
Құм-төбе - Дюна

## К

- Келте лебіз - Отрывистые речи  
Көркем сөз - Художественное слово, Художеств. произв.  
Көперетіп (өзгертілген) - Кооператив  
Кіріс-шығыс - Приходо-расход  
Кенеге - Журнал  
Күнбе күнгі істер - Текущие дела  
Кеңесу - Совецание  
Кезең - Горный проход  
Күмбез - Небесный свод  
Келіс - Сделка  
Кепілдік - Залог  
Кепілдік қағаз - Залоговый акт

## Л

- Леп - Восклицание  
Лебіз - Выражение

## М

- Мінездеме - Характеристика  
Мал дәрігерлігі - Ветеринария  
Мөлшер - Размер  
Мағана - Смысл  
Меңгеру - Заведывание  
Мерзімді, тығыз - Срочно

## ҚАЗАҒЫСТАН ОҚУ КЕМЕСЕРЕТІНІҢ БІЛІМ СЕКСИЕСІ АЛҒАН ПӘН СӨЗДЕРІ

- Қалықтікіленген мүлік - Национализированное имущество  
Қалалықіленген мүлік - Муниципализированное имущество  
Өкім мен төлеп алу - Реквизиция  
Өкім мен тегін алу - Конфискация  
Недаимке - Недоимка  
Жарым - Недеспособный  
Мұра - Наследственное имущество  
Тиіссіз алушы - Недобросовестный приобретатель  
Орынсыз баю - Неосновательное обогащение  
Ауқатсыз - Несостоятельный  
Қаза - Несчастный случай  
Сертті айып - Неустойка  
Талабын қамсыздандыру - Обеспечение иска  
Қарыз қатм - Облигационный заем  
Міндеткерлік - Обязательство  
Негізгі капитал - Основной капитал  
Жауаптарлық - Ответственность  
Қолдан шығару - Отчуждение  
Теріс қат - Передаточная надпись  
Пыланын - Платина  
Өкіл - Поверенный  
Бодырет - Подряд  
Бодыретші - Подрядчик  
Бодырет беруші - Заказчик  
Жер асты - Недра земли  
Ұқсату - Разработка  
Кен - Ископаемые  
Кен шығаратын жер - Месторождение ископаемых  
Кен кәсібі - Горный промысел

Кен жұмысы - Горное дело

Шолу - Разведка

Шолу жұмысы - Разведочная работа

Пайдаға асыру жұмысы - Эксплуатационная работа

Кен кәсібі жұмысы - Горно-промысловая работа

Іздеу - Поиски

Жер жынысы - Горные породы

Кен кәсібінің ұлы басқармасы...Главное управление Горной промышленности

Кен кәсіпкері - Горнопромышленник

Арасан (менералды су) - Минеральные источники

Поспор тас - Фосфорит

Айытпылар бөлімі - Штрафные части

Қамбай - Конвой

Ізбезтас - Известняк

Мергел - Мергуль

Кен ошағы - Рудник

Күймейтін - Огнеупорный

Еркі - Флюсы

Тұтқын түзеу заңы - Исправительно-трудовой кодекс

Жетілдіру - Усовершенствование

Бір ыңғай жүйе - Единая система

Тәртіп - Режим

Үдемелі жол - Прогрессивная система

Қатар - Разряд

Даража - Категория

Орналастырушы кемесие - Распределительная комиссия

Кеңсе қызметкерлері - Технический аппарат

Байқаушы камесие - Наблюдательная комиссия

Жіктеу - Классификация

Бақылау - Надзор

Бақылаушы - Надзиратель

Өткел үй - Переходно-исправительный дом  
Жармес - Психически неуравновешенный  
Ес сарабының үністегі - Институт психиатрической экспертизы  
Дәлел, ыспат - Доказательство  
Аксиелік қат - Подписные листы на акции  
Сақтық қат - Страховой полис  
Толық серіктік - Полное товарищество  
Аманат, тапсыру - Поручение  
Жолға ие бола алушылық - Правоспособность  
Меншікті жолы - Право собственности  
Салтанат заты - Предметы роскоша  
Бұралқы мал - Пригульный скот  
Қолға түсіру - Приобретение  
Бүркеуіш келіс - Притворная сделка  
Шашбалық - Расточительность  
Кісі - Физическое лицо  
Заң кісісі - Юридическое лицо  
Жай кісі - Частное лицо  
Ойлап шығару - Изобретения  
Тоқтау салу - Арест  
Таңба алымы - Гербовый сбор  
Кеңсе алымы - Канцелярский сбор  
Қалау қат - Третьейская запись  
Толық түзету - Капитальный ремонт  
Сіметім - Смета  
Ақы иесі - Собственник  
Ортақ жауаптарлық - Солидарная ответственность  
Жол иесі - Субъект прав  
Таксы - Такса  
Сенім серіктігі - Товарищество на вере  
Жарналы серіктік - Товарищество паевое  
Ұстау - Устав

Мүдде, дақыл, пайда - Интерес  
Сот алымы - Судебная пошлина  
Тексеру, түгендеу - Поверка  
Тауқымет - Алимент  
Қалаулы сот - Третейский суд  
Мағана беру - Толкование

## 1920-1930 жылдары жарық көрген кейбір еңбектер туралы

*Шерубай Құрманбайұлы*  
филология ғылымдарының докторы, профессор

### Қазақ терминологиясын дамытудың тұңғыш қағидаттарын белгілеген съез

Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі ХХ ғасыр басындағы Қазақстанның рухани-мәдени өміріндегі елеулі оқиға болды. Бұл съезд 1924 жылы маусымның 12-18 күндері аралығында Қазақ АССР-інің сол кездегі астанасы Орынбор қаласында өтті.

Съезге Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Елдес Омарұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхамедұлы, Нәзір Төрешұлы, Телжан Шонанұлы сынды белгілі қазақ зиялылары қатысып баяндама жасауы, сөз сөйлеуі өткен ғасыр басында болған бұл алқалы жиынның салмағын аңғартса керек.

Съез жұмысына Мәскеуден, Қазақстан оқу комиссариатынан, Түркістан, Бұқар, Хорезм аймақтары қазақтарынан, Қостанайдың, Семейдің, Оралдың, Бөкейдің губернелік оқу бөлімдерінен, Қазақстан ғылым ордасы, ғылым қауымы, жалпы ресейлік кеңес қызметкерлерінің қазақстандық бөлімінен, Компартияның Қазақстандық комитетінен шақырылған делегаттардың, қырғыз ағайындар мен Башқұртстан өкіметі өкілдердің қатысуы оның ауқымының кеңдігін көрсетеді.

Білімпаздар съезіне қазақ зиялылары тарапынан үлкен мән берілгенін, қазақ қоғамының даму тарихында оның айрықша екендегін съезді ашып, оған төрағалық еткен Қазақстан оқу комиссары Нұғыман Зәлиұлының: "Қазақ қазақ болғалы мұнан бұрын мұндай съездің болмағанын; бұл съезд қазақ-қырғыз халқы білімпаздарының тұңғыш съезі болғандықтан мұның жұмысы аса



мағыналы, елге аса пайдалы болуға тиіс екенін; Жана: Бұрын патша өкіметі заманында мұндай съездің болуы мүмкін де емес болғанын" атап өткен құттықтау сөзінен де аңғаруға болады. Әрине, тұңғыш рет білімпаздардың басын біріктіріп қазақ ғылымының, білім беру, оқыту жүйесінің маңызды мәселелерін елдің бүкіл аймақтарын қамтыған салиқалы жиында сөз еткен бұл съездің тарихи мәні зор екендігі дау туғызбайтын шындық.

Съезде жазу ережелері, әліпби мен қазақша пән сөздер мәселесі, ауыз әдебиетін жию шаралары, ғылыми және оқытуға арналған кітаптарды шығару, бастауыш мектептің бағдарламаларын дайындау мәселелері қаралды. Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінің материалдарынан филологтар, педагогтар, әдіскер мамандар және ғылым тарихын зерттеушілер ғылыми құндылығын еш жоймаған тұжырымдар мен құнды деректер табады деп ойлаймыз. Бұл съезде әсіресе тіл мәселесіне айрықша көңіл бөлінген. Съездің күн тәртібіндегі негізгі алты мәселенің үшеуін яғни тең жартысын тікелей тіл мәселелері құрайды. Әліпби, терминология, жазу ережелеріне арналған баяндамалар мен соларды талқылауға қатысып, жарыссөзге шығып сөйлеген делегаттардың сөздері барлығы 118 беттен тұратын кітаптың үштен екісін 90 бетке жуығын қамтиды. Сондай-ақ кітаптың қалған бөлігінде де тілді оқыту, сауатты жазу сияқты тілге қатысты ойлар мен тұжырымдар аз кездеспейді. 12-18 маусым аралығында жеті күнге созылған съездің бес күнінде (12-сінен 16-сы күні кешке дейін) тіл мәселесі сөз болған. Сондықтан да қазақ тілінің өзекті мәселелерін алқалы жиында алғаш сөз еткен бұл съездің ұлттық тіл білімінің даму тарихында өзіндік орны бар екендігі дау туғызбасы анық. Сол себепті ең алдымен тілші ғалымдар үшін тарихи әрі ғылыми мәні бар еңбек ретінде съезд материалдарының лингвистер қауымының кәсіби қызығушылығын туғызатындығы табиғи нәрсе болуға тиіс. Бізді де тіл маманы ретінде қызықтырған, кітапты араб графикасынан қазіргі жазуымызға түсіріп, қайта

бастырып шығаруға себеп болған мәселенің осы қыры екендігін, жалпы қазақтың тіл ғылымының іргетасы қалана бастаған кезеңде жарық көрген бұл еңбекті қалың жұртшылықтың, зиялы қауымның, тілші ғалымдардың, жас зерттеушілер мен филология факультеттері студенттерінің еш қиындықсыз таба алатындай болуы қажет деп санағандығымыздан екендігін айтқан жөн.

Съездегі жазу ережелеріне арналған бірінші баяндаманы Елдес Омарұлы жасаған. Маусымның 12-сі күні кешкі мәжілісте жасалған бұл баяндаманы 15-і күнгі түскі мәжіліске дейін 4 күнге жуық талқылаған. Елдестің баяндамасынан кейін оны талқылауға Ахмет Байтұрсынұлы, Нәзір Төреқұлұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхамбетұлы, Телжан Шонанұлы, Мұхтар Мырзаұлы, Манан Тұрғанбайұлы, Мұхтар Саматұлы, Ишанғали Арабайұлы, Молдағали Жолдыбайұлы, Николай Бутовский қатысып, олардың әрқайсысы өз дәлелдері мен тұжырымдарын ортаға салған.

Жазу ережелерінің талас тудырған мәселелерін жете тексеріп, дұрыс шешу үшін, Аханның ұсынысымен арнайы комиссия құрылып, шешімді сол комиссия қабылдаған.

Ахмет Байтұрсынұлы төрағалық еткен бұл комиссияның құрамына Телжан Шонанұлы, Елдес Омарұлы, Мұхтар Мырзаұлы, Халел Досмұхамбетұлы кірген.

Елдес Омарұлы баяндамасында жазу қағидаттары (принциптері) туралы сөз ете келіп, "Иауропа халықтарының көбінде жазу сөз жүйесінше түзелген; біз білетін орыс халқының жазуы да сөз жүйесінше. Біздің жазуымыз бұл уақытқа шейін дыбыс жүйесінше болып келді." - дейді. Елдес Омарұлының бұл айтып отырғаны ? қазіргіше айтқанда жазудың морфологиялық және фонетикалық қағидаттары. Баяндамашы одан әрі дәлелдерін келтіре отырып, қазақ жазуы фонетикалық қағидатты басшылыққа алуы қажет деген тұжырым жасайды.

"Қазақша жазу жеңіл болу үшін де, дұрыс болу үшін де, - дыбыс жүйесінше болуы керек. Сондықтан біз жазу ережелерін тексеріп

түзегенде, оның дыбыс жүйесінше болуын ескеруіміз керек. Біздің ұстаған негізгі жолымыз дыбыс жүйесі болуға тиіс." - дейді баяндамашы. Баяндаманы талқылау барысында Николай Бутовский фонетикалық қағидатқа қарағанда морфологиялық қағидаттың тиімділігін айтып, Елдеске қарсы уәждер айтады. Қайта сөз алған баяндамашы онымен келіспейтіндігін былайша білдіреді: "Бутобскийдің мұнысы қата. Тілдің кетігі сол тілмен сөйлейтүн елде, бұқарада. Елдің тілі, сырттан бір төтенше себеп болмаса, еркімен өзгеріп, өркендей беруге тиіс. Мәселен қазақ тілі солай өзгеріп, дыбыстары тап-тапқа бөлініп, бірінен бірінің жігі ашылып шыққан, - қазақ тілінің олай өркендеуіне сырттан бөгеу болған жоқ, тілдің бұл өзгерісіне себеп болған: сол тілмен сөйлеген ел, сол елдің тұрмысы. Ноғай тілі олай өзгерген жоқ, ноғай тілінің дыбыстары бірінен бірінің жігі ашылмаған, - оның себебі жазу, әдебиет; Бутобскийше айтқанда, - жазудың арқасында ноғай тілі қазақ тіліндей, бұзылмай аман қалған - деуге болады. Дұрысында қазақ тілі бұзылған жоқ,- еркімен өзгеріп өңделіп шыққан; ноғай тілі олай еркімен өзгере алмай, жазу-әдебиетпен шегеленіп қалған. Жазудың, әдебиеттің қызметі: тілдің өзгерісіне әсер беру емес, сол өзгерістен қалмай еріп отыру, - болған өзгерісті қаттаб таңбалап отыру".

Жазу ережелеріне арналған баяндама бойынша жіктік жалғауының екінші жағы "сың" немесе "сын" болуы керектігі жөнінде қызу пікірталас болған. Елдес Омарұлының - *сың* тұлғасының ел ішінде кең тарағанын, ал Ахаңның азырақ қолданылғанымен тарихи тұрғыдан келгенде - сын дұрыс екендігін алға тартып, екеуінің де нақты өзге де дәлелдер келтіруі олардың мәселенің мәніне терең үңілгенін көрсетеді. Елдес баяндамасы бойынша ең бір ұзақ пікірталасқа арақау болған мәселе - **и** мен **у** дыбыстарының дауысты немесе дауыссыз екендігі.

Баяндамада көтерілген өзге мәселелер бойынша да осылай қызу пікірталас өрбиді. Баяндамашының негізгі ұстанымдарын

қолдаушылармен қатар оның жекелеген ұсыныстарына қарсы уәж айтушылар да болған. Баяндамашының ұстанымдары мен жарыссөзге шығып сөйлеушілердің пікірлерін сарапқа сала отырып, ақырғы шешімді съез сайлаған арнайы комиссия қабылдаған.

"Х", "ш", "ф", "h" әріптері қазақ әліпбиінен шығару, сүйеу таяқ ("а") жою, "ы" бітеу буында жазылмайды - деген ережені бұзу, "қ" мен "к" бір дыбыс, "ғ" мен "г" бір дыбыс, "қ" мен "к"-нің орнына бір әріп, "ғ" мен "г" нің орнына бір әріп алу, демеуліктердің жазылуы, үндестік заңына бағынбайтын "кер", "дікі", "паз" сықылды жұрнақтардың түбір сөзге жалғану тәртібі және т.б. мәселелер бойынша осындай қызу талқылаудан кейін 11 пункттен тұратын шешім қабылданады.

Съез материалымен танысқан адам талқылаудың ашық та тартысты, шынайы өткеніне көз жеткізеді. Бізде кейде қандай да бір мәселені талқылау барысында сол мәселеге тікелей қатысы бар ғылыми дәлелдерге тоқтаудан гөрі мәселеге тура қатысы жоқ жанама факторлардың, бедел мен атақ, лауазым немесе басқа да жекелеген себептердің жетегінде кетіп, жалпы ұлттық мүдде мен ғылыми қағидаттардан ауытқып, біржақты шешім қабылданып жататын жағдайлардың орын алып жататындығын өзімізден өзіміздің жасыруымыздың пайдасынан зияны көп болса керек. Бұл тұрғыдан келгенде де, өткен ғасыр басындағы алаш зиялыларынан үйренетін, үлгі алатын тұстарымыздың бар екендігін айтпасқа болмайды.

Бұл съезде сөз болған жазу мәселелерінің бүгінгі жазу ережелерімізден орын алып, оның негізін қалағанын, кейбір тұжырымдарының тіл ғылымының даму барысында жетілдірілгенін, енді бірқатар тұжырымдардың әлі де арнайы зерттеуді қажет ететінін айту керек. Сондай-ақ алаш зиялылары дұрыс белгілеген ғылыми тұжырымдар мен ережелердің ішінде кейінгі кезеңде кеңес одағының жүргізген саясаты мен компартия

идеологиясының қойған талаптарына сәйкес келмейді деген желеумен ешбір ғылыми негізсіз әкімшіл-әміршіл жүйеге тән үстемдікпен орынсыз шеттетілгендері де бар. Сол себептен де алаш зиялыларының қалдырған лингвистикалық мұраларын жан-жақты зерттеудің маңызы зор.

Одан кейінгі әліпби мәселесіне арналған баяндаманы Ахмет Байтұрсынұлы жасаған. Ахаң араб графикасына негіздеп өзі түрлеген қазақ (түрік) әліпбиінің тиімділігін барынша жан-жақты дәлелдеп, өз жобасын ұсынса, Нәзір Төреқұлұлы латын әліпбиіне көшу керектігін, оның артықшылықтарын алға тартады. Алдымен Ахаңның ұсынысы бойынша қаулы қабылданса, артынша Зәлиұлы Нұғманның ұсынысы бойынша бұл мәселе қайта дауысқа салынып, түпкілікті шешім қабылдау келесі съездің қарауына қалдырылады. Жалпы латын әліпбиіне көшу мәселесі қайта көтеріліп отырған бүгінгі таңда қазақ зиялыларының сонау өткен ғасырдың басында айтқан ойлары мен келтірген дәлелдерін ескерусіз қалдыруға болмайды. Олардың сол кездің өзінде бүгінге дейін ғылыми құндылығын жоймаған пікірлер айтқанына осы еңбекпен танысқан, зиялы қауымның, көңілі ояу оқырманның көзі жететіндігіне күмәніміз жоқ.

Ахаңнан кейін қазақша пән сөздерін (терминдерді) қалыптастыруға арналған баяндаманы тағы да Елдес Омарұлы жасайды.

**Айрықша атап өтуді қажет ететін мәселенің бірі - тұңғыш рет қазақ терминологиясын дамытудың қағидаттары осы съезде белгіленді.** Кезінде алаш зиялыларының аттарын атауға, олардың еңбектері туралы сөз қозғауға болмайтындықтан болса, олар ақталғаннан бергі кезеңде де түрлі себептермен, бірқатар тіл мамандары алғашқы терминология қағидаттары 30-жылдардың орта тұсында жасалды деп жазып жүр. Бұл пікірдің шындыққа жанаса қоймайтындығына осы съез материалдары нақты дәлел бола алады. Терминология дамуының тұңғыш қағидаттары қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінің қаулысымен бекітілген. Бұл

қағидаттар съез қаулысымен ресми бекітіліп қана қойған жоқ, алаш зиялыларын қуғын-сүргінге ұшыратып, істен шеттеткен отызыншы жылдардың басына дейін олар терминологиялық жұмыстарды жүргізуде басшылыққа алынды. Сол кезеңде жарық көрген "Орысша-қазақша әскерлік атаулары"(1926), "Пән сөздері" (1927), "Атаулар сөздігі"(1931) сияқты терминологиялық сөздіктердің барлығы осы қағидарға негізделіп жасалған. 1925 жылы Қошке Кемеңгерұлының редакторлығымен Мәскеуде жарық көрген "Қазақша - орысша тілмаш" деп аталған екі тілді сөздікке енген терминдер мен жаңа атаулар да осы қағидаттарға сәйкес жасалған болатын. Бұл қағидаттардың өмір талабына, тілдің даму үрдісіне сай келмейтін, ұлтшылдардың, алашшылдардың кертартпа, қате ұстанымы ретінде ғылыми дәлелсіз-ақ "дәлелденуі" КСРО-ның саяси курсына бейімделуді көздеген, әміршіл орталықтың тапсырмасын бұлжытпай орындаудан аса алмаған кейінгі кезеңнің жемісі еді.

"Қазақ тіліне жат сөздерді кіргізгенде, оның жат дыбыстарын бұзбай кіргізуге болмайды; жат дыбысқа жалпы бұқараның тілі келмейді де, ішінде жат дыбысы бар жат сөз жалпыға жат болып қала береді; сөйте келе қазақша әдебиет тілі бұқараның тілінен мүлде басқаланып, қат танытұн бұқара біздің жазған сөзімізге түсінбейтін болады. Ол болмай ойда жоқ бір керемет себептер болып бұқара оқығандардан қалыспай, жат сөздерді жат дыбыстармен бұлжытпай айта алатұн болып кетсе, - қазақтың тілі бұзылады. Мұның қайсысы болғанда да жақсы болмайды." - дейді Елдес Омарұлы.

Біз жат сөздерді қалың бұқараның жат қалпында бұлжытпай айтуы үшін, әліпбиімізді, жазу ережелерімізді, термин қабылдау, қалыптастыру тәртібімізді бәрін де икемдедік. Ұлт тілінің емес, жат тілдердің, жат сөздердің ыңғайына қарай икемдедік. Сол икемделген жолмен ұзақ мерзім бойы жүргендіктен, қазір соның "жемісін" жеп отырмыз. Жат сөздерді бастауыш мектептен бастап,

білім жүйесінің барлық сатыларында оқытып, жаттатқызып, жұртшылықтың санасына құйғанымызбен, тіліміздің заңдылықтанын сақтап, ұлт тіліндегі термин шығармашылығын дамытуға дәрменіміз жетпей отыр. Елдестің осыдан сексен жылдан астам бұрын дұрыс айтылғанын "жақсы болмайдысының" тілдің тағдырын ойлап, біліп айтылған алаңдаушылық екендігіне бүгін көзіміз тағы жетіп отыр.

Елдес Омарұлынан кейін қазақша оқытатын төрт жылдық бастауыш мектептің бағдарламаларына арналған баяндаманы Телжан Шонанұлы жасаған. Ана тілі, шама тілі (сан жүйесі), табиғаттану, жертану, елтану, тарих, сурет пәндерінің оқытылу жайы, білім мазмұны, бағдарламалары туралы қазір де қажетімізге жарататын құнды пікірлер мен ұсыныстар мұнда да бар. Мәселен, Телжан Шонанұлының "жағырапияны оқытқанда әуелі туған жер, сонан жақын маңайы, сонан кейін дүние жүзімен таныстыру керек" деген сөзі қандай орынды айтылған пікір. Осындайда кезінде біздің де өсімдіктанудан алдымен өз жерімізде өсетін жусан мен селеуді ажыратып, ермен мен алаботаның қандай өсімдік екенін біліп алмай жатып, жерімізде өспек түгілі атын естіп көрмеген папоротниктер мен теңіз амебасың, тарихтан әз Тәуке мен Есім ханды, Қасым ханды, Абылай хан мен Кенесары ханды танып алмай тұрып, Наполеон мен І Петрдің кім екенін, Киев Русінің тарихын білуді міндеттейтін бағдарламалармен оқығанымыз есімізге түседі. Қазақ зиялылары тарапынан білім-ғылымға қатысты ғасыр басында-ақ дұрыс көрсетілген осындай көптеген мәселелердің орынсыз бұрмаланып, шолақ белсенділік пен саяси сыңаржақтыққа жол берілгені ұлттық болмысымыз бен білім жүйесіне қаншама кесірін тигізді.

Съезде сондай-ақ қазақтың ауыз әдебиетін жию, оқу құралдары мен оқулықтарды, ғылыми кітаптарды бастырып шығару, мұғалімдер даярлайтын техникумдер мен институттардың мәселелері де сөз болған.

Съездің президиум мүшесі, соңғы күні съез жұмысына төрағалық еткен қырғыз халқының өкілі Ишанғали Арбайұлы қорытынды сөзінде "Бұл сіиез бұрын-соңды болмаған, қазақ-қырғыз қалқының ғылым мәселелерін бастап ауызға алған, қазақ-қырғыз білімпаздарының бастап бас қосқан тұңғыш сіиезі болды. Бұл сіиездің маңызы зор, қызметі айрықша. Сіиез негізді мәселелерді шешті, елдің болашағына жөн сілтеп, жол салды..." - деген екен.

Мұны ешбір талассыз съездің білім-ғылым тарихында алатын орны мен маңызын түсіне отырып дер кезінде әрі өте орынды айтылған сөз деп білеміз. Одан бері де арада бір ғасырға жуық уақыт өткеніне қарамастан қазақ зиялыларының көтерген мәселелері, жасаған тұжырымдары ұлттық ғылым мен білім жүйесінің, оның ішінде, тіл ғылымының дамуы үшін маңызын жоймай отырғанына, олардың о баста білімдарлықпен негізін берік қалаған ілімдерінің әлі де қажетімізге жарай беретініне еш күмән келтіре алмаймыз.

### **Әскери терминологияны жүйелеудің алғашқы тәжірибесі**

Қазақ терминологиясы дамуының Ахмет Байтұрсынұлы кезеңінде жарық көрген еңбектердің бірі - **"Орысша-қазақша әскерлік атаулары"** (Русско-казакская военная терминология) деп аталған терминологиялық сөздік.

Сөздікті білім кеңесінің ұйғарымына сәйкес атау комиссиясы дайындаған. Аудармашысы - А. Үмбетбайұлы. Сөздік 1926 жылы 5000 дана таралыммен Қызылорда қаласында басылып шыққан. Сөздік соңында сол кездегі Қазақ білім комиссиясының төрағасы Ахмет Байтұрсынұлы мен комиссия хатшысы Ғаббас Нұрымұлының бұл сөздікке енген атаулар туралы 1926 жылдың 12 маусымында берген анықтамасы бар. Онда былай деп көрсетілген: "Бұл атаулар қазақ білім кемесіесінің 1925-інші



жылғы октәбірден 1926-ыншы жылғы үйенге шейін болған мәжілістерінде тексеріліп осы күйінде қабыл алынды."

Сонымен бұл басылым ХХ ғасыр басында Ахмет Байтұрсынұлының өзі төрағалық еткен комиссияның ресми бекіткен терминологиялық сөздіктерінің бірі.

Осы кезеңде жарық көрген алғашқы терминологиялық сөздіктер сияқты "әскерлік атаулары" да алаш зиялыларының термин жасау, өзге тілдерден термин қабылдау және оларды жазу қағидаттарын басшылыққа ала отырып жасалған. Терминологиялық сөздік жасаушылардың ең алдымен қазақ тілінде бар атауларды барынша пайдаға жаратып, оларға арнайы мағына жүктеумен бірге ұлт тілінің сөзжасам тәсілдері арқылы жаңа атаулар жасауды мақсат еткені аңғарылады. Мысалы, *айдаушы* (досылатель), *аламан* (партизан), *ертелі* (допризывник), *қашақ* (дезертир), *қыстырық* (задвижка), *кідіріс* (задержка), *қысқы* (зажим), *лап* (залп), *иықтық* (заплечик), *кемешік* (катер), *тайганақ* (каток), *көздем* (кругозор), *сүңгір* (подводная лодка), *орағытпа* (маневр), *орағыту* (маневрирование), *пидагер* (волонтер, доброволец), *кемеші* (матрос), *қап-төсек* (матрац), *мүйет* (буфер), *тетік* (механизм), *тетікші* (механик), *тіреуіш* (краништейн), *оқ шашар* (огнемёт), *қалтқы* (парашют), *қорғандық* (гарнизон), *оқтық* (патроник), *айқыш* (перекрестный), *далағай* (плац), *далаңқай* (площадка), *орағым* (вольт), *өтім* (пропуск), *тимеушілік* (неприкосновенность), *ұшар* (самолет), *шапқын* (атака), *шиыр*, *серіппе* (пружина), *ширатқы* (гимнастика), *шотанақ* (багор), *үстеме* (надбавка), *іркін* (шлюз) сияқты көптеген ресми қабылданған атаулардың сөздікке енгізілуі соның айқын дәлелі бола алады.

Әскерлік атаулар сөздігін жасаушылар әскери құрылымдардың атаулары мен пәрмендерді (команда) де қазақша қалыптастыруды көздеген. Дивизия - *түмен*, полк - *қол*, отряд - *жасақ*, батальон, батарея - *қос*, взвод - *бунақ*, вольно - *ықтияр*, в руку - *қолға*, заряжай - *оқта*, к ноге - *аяққа*, кругом - *айнал*, направо - *оңға*.

*налево - солға, разойдись - тарал, стройся - тізіл, шире шаг - соза-бас* тәрізді көптеген атауларды жасап сөздікке енгізуін олардың осы бағыттағы ізденістерінің нәтижесі деуге болады.

Жалпыкенестік терминқор түзуді мақсат еткен кезеңде термин шығармашылығының бастапқы кезеңінде жасалған атаулардың негізсіз қолданыстан шеттетілгеніне қарамастан, бұл сөздікке енген терминдердің елеулі бөлігі бүгінгі қалыптасқан терминқорымыз бен жалпы лексикалық қорымыздан берік орын алғанын атап айту қажет. Олардың қатарына мынадай атауларды қосуға болады: *атқылау (обстрел), әдіс (метод), әдістеме (методика), бақылаушы (наблюдатель), жазықтық (плоскость), жасақ (отряд), кемер (борт), көздеу (наводка), көздеуші (наводчик), көшпелі атыс (беглый огонь), қазына (казна), қазынашы (казначей), қатар (шеренга), қауға (бадя), кеңсе (канцелярия), оқтізер (ұмтыла ұрысбойма), оқшонтай (патронтаж), орауыш (бинт), пана (убежище), пәтер (квартира), серіппе (пружина), сүмбі (шомпол), шабандоз (наездник), шағым (жалоба), іс жүргізуші (делопроизводитель)* және т.б.

Бұл атаулардың бірқатары бірден сол қалпында қолданылып қалыптасып кетсе, көпшілігі кейінгі он - он бес жылдың көлемінде қайта бекітіліп терминқорымыздан орын алды.

Сөздікте сұрыптап алып бүгін де қажетімізге жаратуға болатын атаулар да аз ұшыраспайды. Мәселен, *күндікші (дневальный), қайнатқы (кипятильник), тұстық (компас), толым (комплект), далағай (плац)* тәрізді атауларды сол қатарға қосуға болады деп білеміз.

Сөздіктегі *газшашар (газомет), оқшашар (пулемет), отшашар (огнемет)* атаулары да бірізділік сақтала отырып ұтымды жасалған.

Терминология дамуының кейінгі кезеңдерінде басқаша атаулармен алмастырылып, әскери термин ретінде қалыптасып кеткен кейбір атаулардың осы сөздікке енгізілген о баста жасалған нұсқасының артықшылығы, атау сөзге тән сипатының басымдығы

аңғалады. Айталық, *подводная лодка* деген атауды *сүңгуір қайық* деп орыс тіліндегі нұсқасына байланбай-ақ, әскерлік атауларындағыдай *сүңгір* түрінде алғанда сәтті жасалған бір термин қалыптасып кеткен болар еді.

Соңғы жарық көрген терминологиялық сөздіктерде орыс тіліндегі *атака*, *нападение*, *наступление* атауларының барлығы да *шабуыл* деп қазақ тіліндегі бір ғана сөзбен беріліп жүр. Әскерлік атауларында олардың өзіндік мағыналық ерекшеліктерінің ескерілгенін *атака - шапқын*, *набег - шабу*, *бас салу*, *наступление - ұмтыла ұрыс* түрінде аударылғанынан да байқауға болады.

XX ғасыр басындағы Ахаңдар ұстанған термин қабылдау қағидаттарының бірі - өзге тілдердің атауларын тіліміздің дыбыстық жүйесіне бағындырып алу болатын. Бұл сөздікті түзу барысында да осы қағидат басшылыққа алынған. Оны сөздікке енгізілген *абтамат* (*автомат*), *атұлтан* (*адъютант*), *арматыр* (*арматура*), *балістіке* (*баллистика*), *бетен* (*бетон*), *бұражсектір* (*прожектор*), *жанарал* (*генерал*), *газ* (*газ*), *дұратнауыт* (*дредноут*), *зәпеске* (*записка*), *інспектір* (*инспектор*), *келейдескен* (*калейдоскоп*), *кәмір* (*камера*), *қанал* (*канал*), *көпет* (*капот*), *кәпсүл* (*капсоль*), *кемесер* (*комиссар*), *көнбей* (*конвой*), *лабыратыр* (*лаборатория*), *лоспан* (*лоцман*), *лұпа* (*луна*), *метір* (*метр*), *меліметір* (*миллиметр*), *меніжіл* (*мензула*), *банарам* (*панарама*), *ыштаб* (*штаб*), *ыстанса* (*станция*) сияқты көптеген терминдердің жазылуынан көруге болады.

Әрине, терминологиялық сөздіктер түзу тәжірибесі әлі орныға қоймаған сонау жиырмамыншы жылдары жасалған әскерлік атауларының сөздігі мүлде мінсіз болды десек, онымыз шындыққа жанаса қоймаған болар еді. Қазақ терминографиясының бастауында тұрған бұл сөздіктің де лексикографиялық тұрғыдан да, терминге қойылатын талап тұрғысынан да кейбір олқы тұстары жоқ емес. Олардың негізгілері ретінде төмендегілерді атауға болады:

Сөздікте дәл аударылмаған немесе аса сәтті жасалмаған терминдер де ұшырасады. Мысалы, *тоғінді (десант), жеңіл доп (граната), сәскелік (завтрак), кенеге (журнал), дүкен (заведение), жайлау (лагер), мотор қайық (мотор), доп, домалақ (ядро), қағаз (документ), қыран (истребитель), магнит тас (магнит)* т.б.

Мағыналық айырмашылықтары, реңктері бар жекелеген атаулар бір ғана сөзбен аударылған жағдайлар да ішінара байқалып қалады. Мысалы, *вестовой, курьер, посылный, гонец, ординарец* атауларының бәрінің баламасы ретінде бір ғана *шабарман* сөзі берілген.

Ұғымның мағынасын түсіндіріп, сипаттай аудару да термин шығармашылығының алғашқы кезеңінде жиі ұшырасатын құбылыс. Мәселен, *авангард - артқы әскер, арсенал - қару қоймасы, бойница - мылтық тесігі, бомбардировка - зеңбірек астына алу, заряд - атым оқ дәрі* сияқты ондай атаулар бұл сөздікте де кездеспей қалмайды.

Термин сөз ұғымды дәл бейнелеумен қатар айтуға жеңіл, құлаққа жағымды болуы қажет дейтін талап та сақталмай, қарабайырлау немесе "жалпақ тілмен" айтылған атаулар да ішінара ұшырасып қалады. Термин жасау барысынның эстетикалық қағидат сақталмаған ондай атаулардың қатарына *боқша (сумка), көттік (ободовый ремень), көт жағғы (казенная часть), емшектің бойы (грудная высота), түбінің, көтінің тығыны (донная, доньевая втулка)* сияқты атауларды қосуға болады.

Сондай-ақ сөздікте кейбір әскери терминологияға тікелей қатысы жоқ атаулар да кездеседі. Мәселен, *вор - ұры, ведро - шелек, болото - батпақ, банник - моншашы, лисья нора - түлкі іні, хобот - тұмсық* т.б.

Тұтастай бір сөйлемнің (*Вещевая ведомость казенному имуществу, состоящему на военнотружующих роты - бұйым қаттамасы*) термин ретінде берілген тұстары да кездеседі.

Кейбір кірме терминдерді жазуда бірізділік бұзылып (*вахта - уақты, вахтер - бақты*), үндестік заңы сақталмай (*магажін -*

*магазин, маскі - маска, мекіраскөп - микроскоп, нагірет - награда*) кететін тұстар да ұшырасып қалады.

Сөздікте ішінара әліпби реті сақталмаған тұстар да кездесіп қалып жатады. Түпнұсқаны сақтау үшін біз оларды сол қалпында өзгеріссіз қалдырдық. Бұл бір жағынан терминологиялық сөздік түзу тәжірибесінің бастапқы деңгейің, өз кезеңіне тән келбетін қаз қалпында көрсетумен қатар оның кейінгі даму дәрежесін салыстыра айқындау үшін де керек. Сөздіктің кей тұстарында бір түбірден өрбитін, тектік-түрлік ұғымдарды қатар беру мақсатымен әліпби тәртібі сақталмаған. Ондай жерлерде біз сөздікті пайдаланушыларға қолайлы болу үшін бір текті ұғымдардың түрлерін білдіретін атауларды сол орнында қалдыра отырып, негізгі сөзтізбе қатарынан ішке қарай екі таңбаның орнын бос қалдырып, ұялық әдіспен бердік.

Бұл сөздік жайында кезінде 1928 жылы "Еңбекші қазақ" газетінде белгілі қазақ жазушысы Сәбит Мұқанов та пікірін білдіріп, Ахандардың "ура"-ны "алаш" деп аударғанын қатты сынға алған болатын. Оған Ахаң "Сәбитке жауап" деп өзі жауап жазған. Сәбең қайтадан жауапқа жауап берген еді. Ахмет Байтұрсынұлы мен Сәбит Мұқановтың "Еңбекші қазақ" бетіндегі жарияланған сол мақалалары осы сөздік соңында берілді. Сәбеннің мақаласында лингвистикалық сараптан гөрі сөздікке таптық тұрғыдан баға беріп, алаш зиялыларын саяси айыптау басым екендігін аңғару қиынға соқпайды. Оның "Әскерлік атауларында" оңған термин шамалы" - деуі де тым артықтау айтылған сөз еді. Қазақ терминологиясы бір ғасырға жуық даму жолынан өткен бүгінгі күннің тұрғысынан қарағанның өзінде бұл сөздік әскери терминологияның тарихында өзіндік орны бар, ғылыми құндылығын жоймаған еңбек.

Біз сөздікте берілген атаулардың әрқайсына жеке тоқталып, сараптама жасауды міндетімізге алған жоқпыз. Алғашқы әскери терминдер сөздігінің басты ерекшеліктерін, өткен ғасыр басындағы

терминографиялық ізденістердің өзіндік айырмашылықтарын, жетістіктері мен орын алған кемшіліктерін атап көрсетуді мақсат еттік. Жалпы әр терминді жеке қарастырып, оған толық сипаттама беруге болады. Сондықтан зерттеушілер тарапынан бұл сөздік әлі де жан-жақты талданып жатса, еш артықтық етпейді.

Жалпы алғанда бұл сөздіктің қазақ терминографиясының тарихында өзіндік орны бар басылым екендігіне дау айту қиын. Алаш зиялыларының арнаулы сөздік жасау тәжірибесі әлі қалыптаспаған кездің өзінде алғаш бастырып шығарған терминологиялық сөздіктерінің өзі-ақ сол уақыттың қажетін өтеуге толық жараған. Бұл бағыттағы терминографиялық жұмыстар жалғасын таба бергенде сөздіктердің келесі басылымдары бұрынғысынан да жетілдіріліп, олардың сапасы алғашқы шыққандарынан арта түсетініне күмән келтірудің негізі жоқ. Егер терминологиялық қорымызды қалыптастыруда, арнаулы салалардың терминдер сөздіктерін түзуде о баста алаш зиялылары белгілеген қағидаттарды басшылыққа ала бергенде арнаулы сөздеріміздің негізгі бөлігі қазіргідей орыс тілінің дыбыстық заңдылықтары мен жазу ережелеріне негізделіп қабылданған шет тілдерінің сөздерінен тұрмаған болар еді. Керісінше, ұлттық терминологиялық лексикамыздың басым бөлігін өз тіліміздің сөздік қоры мен сөзжасам тәсілдеріне негізделіп жасалған төл атауларымыз құрайтын еді. Өз тіліміздің ішкі мүмкіндіктерін ұтымды пайдалану, ұлт тілінде термин жасау тәжірибемізді жетілдірген болар едік. Ұзақ жылдар бойы өзге тілді үлгі тұтып, өз тіліміздің мүмкіндіктерін шектеп келгендіктен бізде қазір термин шығармашылығы жоғары кәсіби деңгейде жүргізіле аламай келеді. Жалпыкөнестік терминқор қалыптастыру кезеңінде Ахандардан басталған ұлт тілінде термин жасау дәстүрі жалғасын таппай, термин шығармашылығы тоқырауға ұшырады. Біз өзіміз термин жасауға емес, негізінен өзгелердің жасаған дайын терминдерін қабылдауға дағдыландық. Өз тілімізде білім беру, ғылымды игеру,

ақпарат алу мүмкіндігіне ие болған бүгінгі кезеңде арнаулы салалардың атауларын өз тілімізде жасаудың үлгісін көрсеткен Ахандарға, алаш зиялыларына жүгініп, олардың осыдан бір ғасырға жуық уақыт бұрынғы тәжірибелеріне ден қойып жатуымыздың да сыры сонда жатыр. Ұлттық терминқор қалыптастырудағы жақсы дәстүр жалғасын тапса екен дейміз. Дәстүр сабақтастығы сақталған жерде іс ілгері басып, тәжірибе жинақталары сөзсіз. Бұл тұрғыдан келгенде Ахандар бастаған алаш зиялыларының терминологияны дамыту қағидаттарына сәйкес жасалып, солардың қолынан өткен алғашқы терминдер сөздіктерінің бірі әскерлік атаулары да жұртшылыққа пайдалы болар деп сенеміз.

### **"Пән сөздері" туралы бірер сөз**

Сапалы салалық терминологиялық сөздіктер түзу ісі бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Әр жылдары жарық көрген терминологиялық сөздіктердің жетістіктері мен кемшіліктерін, жасалу принциптерін анықтау - терминография тарихы үшін де алдағы уақытта жасалатын сөздіктердің сапасын арттыру үшін де өте қажет. Ұлт тіліндегі алғашқы терминологиялық сөздіктеріміз өткен ғасырдың 20-30-жылдары жарық көргені белгілі. Бұл тұрғыда Н. Қаратышқанұлының "Пән сөздері"<sup>1</sup> алғашқы жарық көрген терминологиялық сөздіктердің бірі ретінде көрсетіліп жүр. Сөздікте "Қазағыстан оқу кемесеретінің білім ордасы қабылдаған пән сөздері" қамтылып, 10 000 дана таралыммен 1927 жылы Қызылордада басылып шыққан. Көлемі - 128 бет.

1910 жылдардан 1930 жылдарға дейінгі аралықта А. Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының ұстанымдарына сәйкес

<sup>1</sup> Қаратышқанұлы Н. "Пән сөздері" (Қазағыстан оқу кемесеретінің білім ордасы қабылдаған пән сөздері). Қызылорда, 1927.

термин шығармашылығының ұлттық сипатта дамуымен ерекшеленетіндігі белгілі. Сол кезеңде жарық көргендіктен бұл сөздік те өз уақытының талабына, терминологияның даму үрдісіне сай жасалған. Дәлірек айтқанда, 20-жылдары ғылымның сан түрлі салалары бойынша қазақ зиялылары жасап, өздерінің ұлт тілінде жазған оқулықтары мен ғылыми еңбектеріне алғаш енгізген және сол кезде шығып тұрған мерзімді баспасөз беттерінде қолданылған терминдер осы сөздіктен орын алды. Сөздікке енгізілген ондай терминдерді Қазақстан оқу комиссариатының білім ордасы бекітіп отырған. Сөздік бекітілген терминдерді көпшілікке таныстырып, оларды мамандардың бірізді қолданылуын мақсат еткен алғашқы құрал болуымен де құнды. Кейін бұл бастама жалғасын тауып, дәстүрге айналды деуге болады. Терминология дамуының әр кезеңінде Мемтерминком бекіткен терминдер жеке сөздік түрінде түрлі авторлардың құрастыруымен үнемі шығарылып келеді.

Н. Қаратышқанұлы құрастырған сөздіктің өзіндік ерекшеліктеріне келсек, ол қазіргі салалық терминологиялық сөздіктер сынды белгілі бір арнаулы саланың ғана терминдерін қамтымайды, оған әскери іс, биология, математика, экономика, іс қағаздары сияқты бірнеше ғылым саласына қатысты терминдер енген. Терминдер қай ғылым саласына қатысты екендігі көрсетілмей, әліпбилік тәртіппен беріледі. Осы сөздіктегі математика терминдерінің берілуі жөнінде С. Елубаев өз мақаласында былай деп көрсетеді: "В 1927 г. В Кызыл-Орде был выпущен первый словарь "Пән сөздері" на арабской графике, составленный Каратышкановым. Словарь охватывает около 300 терминов математического содержания, причем правильные термины составляют почти одну четвертую часть из них. Среди них есть переводные международные и русские термины."<sup>2</sup>

Кеңес одағында тұратын халықтардың терминологиясын орыс тілінің заңдылықтарын сақтау арқылы барынша халықаралық-

<sup>1</sup> Елубаев С.Е. Основные принципы образования терминологии по математике// Қазақ терминологиясының мәселелері. А., 1986. 91-б.



тандыру қағидатын (принцип максимума международности) ұстанып отырған кезең тұрғысынан қарағанда мақала авторының халықаралық және орыс тілінен енген терминдерді аударуды кемшілікке санап, Н. Қаратышқанұлы құрастырған сөздіктегі математика терминдерінің төрттен бірі дұрыс жасалған еді деген тұжырымын түсінуге болады. Алып мемлекеттің жүргізіп отырған тіл саясатына сәйкес жасалған терминологияны дамыту принциптері әбден орныққан 80-жылдары басқаша пайымдаған күннің өзінде, осылай жазуға тура келер еді. Кеше осындай пікір айтқан ғалымдардың бірқатарының пікірі мүлде өзгеріп, қазір сол кезде жазғандарына кереғар тұжырым жасап жүргендері де бар. Сондықтан сөздікте қамтылған терминдерге сол кезеңнің өзіндік ерекшелігін, уақыттың талап-тілегін ескере отырып, объективті баға берген дұрыс.

Сол кезеңде Ахаң бастаған ұлт зиялылары термин шығармашылығында ең алдымен, өзге тілдің атауларына өз тілімізден балама табу, екіншіден, лайықты қазақ сөзі табыла қоймаған жағдайда түркі тілдерінен сөз алу, ондай да мүмкіндік бола қоймаған жағдайда еуропа тілдерінің сөздерін қазақ тілінің заңдылықтарына бағындырып қабылдау қағидаттарын басшылыққа алғаны белгілі. Әңгімемізге арқау болып отырған сөздік аталған кезеңде жарық көргендіктен, әрі онда қамтылған терминдер аталған қағидаттарға жүгіне отырып термин жасаған авторлардың еңбектерінен алынып бекітілгендіктен, одан сол уақыттағы термин шығармашылығының барысын анық аңғаруға болады. Оны білу бізге бір жағынан қазақ терминографиясының тарихы үшін қажет болса, екінші жағынан, терминжасам тәжірибеміздің кешегісі мен бүгінгісін салыстыра саралау арқылы оның дамуының ертеңгі бағыт-бағдарын белгілеу үшін де керек.

Өзге тілдерден (негізінен еуропа халықтарының тілдерінен) қабылданған терминдер қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкестендіріліп алынған. Мысалы, **абтамат** (*автомат*), **алжебір**

(алгебра), **әкті** (акт), **әксие** (акция), **атым** (атом), **бәктері** (бактерия), **глицерин** (күлсерен), **депезет** (депозит), **мекрепон** (микрофон), **негетіб** (негатив), **пұркерел** (прокурор), **іренті** (рента), **іспектір** (спектор), **қылор** (хлор), **сипыр** (цифра) т.б.

"Пән сөздерінде" кездесетін көптеген атаулар сол кезден бастап тілдік қолданысымызға еніп, ұлт тілінде жасалған терминқорымызды байытты. Мысалы, **алқа** (коллегия), **аталық** (тычинка), **әсірелеу** (гипербола), **баяндама** (доклад), **болмыс** (бытие), **жазықтық** (плоскость), **жәбірленуші** (потерпевший), **көшірме** (выписка), **күлте** (венчик), **қаулы** (постановление), **қолқа** (аорта), **дәріқана** (аптека), **тергеуші** (следователь), **нұсқау** (инструкция), **нұсқаушы** (инструктор) т.б.

Бұлар Мемтерминком тарапынан әр жылдары бекітілгенмен тілдік қолданыстан шығып қалған жоқ.

Сөздікте берілген атаулардың біркатары кейінгі кеңес халқына ортақ терминқор құруды мақсат еткен кезеңде негізсіз шеттетіліп, 30 жылдардан бергі уақытта шыққан сөздіктер мен оқулықтарға енгізілмеді. Кеңестік жүйенің ұстанған тіл саясатын қолдау арқылы "прогресшіл жаңа бағытты" ұстанушы басшылыққа жағуды көздеген немесе кеңес идеологиясымен уланып, құйтырқы саясаттың астарына үңіле алмаған кейбір қазақ оқығандары ол терминдерді алаш зиялыларының "көзіндегі көріп", қайткенде тілдік айналымнан аластауға тырысты. Бұл бағытты ұстанушылар орыс жазуына көшуді, орыс сөздерін олардың дәл өздеріндегідей етіп өзгеріссіз жазуымыз үшін әліпбиімізге орыс әріптерін енгізуді, орыс тіліне негізделген совет халқына ортақ терминқор құру арқылы бәрімізге ортақ ғылым тілін жасауды көздеді. Ахан бастаған алаш зиялылары қазақтың ғылым тілі ұлт тілі негізінде жасалып, терминқорымыздың (пән сөздеріміздің) негізгі бөлігін өз тіліміздің заңдылықтарына сай жасалған төл терминдеріміз құрауы қажет, өзге тілден қабылданған атаулар тіліміздің фонеморфологиялық заңдылықтарына сәйкестендіріліп алынуы тиіс

деген ұстанымды басшылыққа алғаны белгілі. Ұлт тілінің терминқорын жасап, қалыптастырудағы Ахандар бастаған алаш зиялылары мен 30-жылдардан кейінгі терминологияның халықаралық сипатын барынша арттыра отырып, КСРО халықтарының бәріне ортақ жалпысоветтік терминологиялық қор қалыптастыруды көздегендердің алға қойған мақсаттары да, соған сәйкес ұстанған ұстанымдары да бір-біріне қайшы келіп жатты. Сол себепті 30-жылдарға дейін жасалған көптеген терминдер кейінгі кезеңде жарық көрген сөздіктерге енгізіліп, оқулықтар мен ғылыми, ғылыми-көпшілік әдебиеттерде қолданылмады. Әрине, термин шығармашылығының бастапқы кезеңінде тәжірибе мен қалыптасқан дәстүрдің болмауынан терминге қойылатын талаптарға сай жасалмаған бірқатар терминдердің кейінгі басылымдарға енгізілмеуі орынды. Одан бері арада бір ғасырға жуық уақыт өткеніне қарамастан терминжасамдағы ондай кемшіліктерден біз қазір де арыла алмай отырмыз. Алайда 1910-1930 жылдар аралығында қазақ зиялыларының қаламынан туындап, кейін қолданылмай қалған терминдердің барлығы болмаса да басым көпшілігі негізсіз шеттетілген. Ондай терминдердің бір тобы өткенімізді саралап қарай бастаған соңғы жылдары араға 70-80 жыл уақыт салып барып қайта қолданысқа енгізіліп, терминқорымыздан орын алып жатыр. Мәселен, қазір Н. Қаратышқанұлы құрастырған сөздікте берілген *салым* (вклад), *әдіс* (метод), *әдістеме* (методика), *кеңес* (совет), *жасақ* (отряд), *жанартау* (вулкан) сияқты атаулар еш өзгеріссіз сол қалпында алынып ресми бекітілген терминдеріміз ретінде кеңінен қолданылып жүр. Сондай-ақ онда кездескен кейбір терминдер **бәсекешілік** (конкуренция) қазір **бәсекелестік** түрінде, **әкім** (администрация) қазір администратор сөзінің баламасы ретінде, **қаттама** (ведомость) протокол, **жарнама** (объявление) реклама терминдерінің баламасы ретінде азды-көпті мағыналық немесе тұлғалық өзгерістермен терминқорымызға қосылды. Н. Қара-

тышқанұлының сөздігінде берілген ондай терминдердің ішінде 30-жылдардан бастап мүлде қолданылмай кеткендері де едәуір. Мысалы, олардың қатарына мына сияқты терминдерді жатқызуға болады: **аламан** (партизан), **аласылы** (кредитор), **ауғын** (переселенец), **бет алыс** (тенденция), **бұзылыс** (дезорганизация), **білімдендіру** (образование), **ескішілдік** (консерватизм), **есірткіші** (алкоголь), **желдік** (парус), **жол негіз** (принцип), **жол түйіс** (перекресток), **келіс** (сделка), **көнешілдік** (архаизм), **қалытқы** (парашют), **қар** (катет), **қашақ** (дезертир), **қозар** (бригада), **қостабан** (трапеция), **қыстырық** (задвижка), **мүйет** (буфер), **оқ тізер** (обойма), **оңтай** (прием), **сияқ** (аналогия), **сүйкім** (симпатия), **тайғанақ** (каток), **тұрлау** (тезис), **түйім** (восприятие), **үлдірік** (перепонка), **шошақ** (конус), **шүлдік** (ось), **шынықтау** (гимнастика), **іскек** (поршен) т.б.

Бұл терминдердің ішінде **желкен** (парус), **мәміле** (сделка), **жарғақ** (перепонка), **қағидат** (принцип), **үрдіс** (тенденция), **піспек** (поршен) сияқты кейіннен басқа баламалармен алмастырылғандары да бар. Жалпы алғанда сол 20-жылдары қазақ зиялыларының қаламынан туған осы терминдердің бірді-екілісі болмаса, көпшілігінің сәтті жасалғанын көруге болады. Кейінгі кезендерде өзгертілмей бірізді қолданылғанда олардың басым көпшілігі бүгінге дейін үйреншікті атауларымызға айналып, терминқорымызға кірігіп кетер еді. Қазір қолданылмай жүргендерінің ішінен де іріктеп алып қажетімізге жаратуға болатындары жоқ емес. Мысалы, **ауғын**, **бет алыс**, **жол түйіс**, **қар**, **оқ тізер**, **сияқ**, **сүйкім** атауларын солардың қатарына қосқан болар едік. Бұлардың ішінде **қар**, **оқ тізер** терминдерін геометрия мен әскери іс саласы бойынша соңғы жылдары жарық көрген сөздіктерге енгізе бастаған жекелеген авторлар да бар. Көрсетілген терминдердің арасынан **бет алыс**, **жол түйіс**, **оқ тізер** сияқты бөлек жазылғандарын **беталыс**, **жолтүйіс**, **оқтізер** түрінде бірге жазып алсақ, олардың атауға тән сипаты мен қолдануға қолайлығы да біршама арта түсер

еді. Ал ұғымды дәл беру жағынан келгенде бұл терминдердің өзге тілдегі атауы арқылы берілетін мағынасының негізгі семантикалық белгілерін қамтитындығына күмән келтірудің реті онша байқалмайды. Ал орыс тіліндегі *аналогичный* - сияқты, *симпатичный* - сүйкімді болғанда *аналогия* мен *симпатия* атауларының қазақша баламаларын **сияқ**, **сүйкім** түрінде неге алмасқа? Сондай-ақ **сияқтану**, "үй (адам т.б.) **сияғы жоқ**", **сүйкімсіз**, **сүйкімі жоқ** (кету) сөздердің (сөз тіркестерінің) құрамынан да **сияқ**, **сүйкім** сөздерін осы тұлғасында атау сөз ретінде қолдануға болатындығы аңғарылып тұр.

Қазақ лексикографиясы бір ғасырға жуық даму жолынан өтіп, терминография оның жеке саласы ретінде тармактанып бөлініп отырған бүгінгі күннің тұрғысынан қарағанның өзінде өткен ғасыр басында жарық көрген бұл сөздіктің ғылыми құндылығын жоймағанын көруге болады. Қазіргі терминологиялық сөздіктеріміздің де кемшіліктерден құр алақан емес екендігі ешкімге құпия болмаса керек. Арнаулы сөздіктер түзу ісі бір ғасырға жуық даму жолынан өткеніне қарамастан бұл саладағы кемшіліктерден әлі арыла алмай отырғанда, ұлт тіліндегі термин шығармашылығы жаңадан қолға алына бастаған кезеңде жарық көрген алғашқы терминологиялық сөздікке сын айтудың өзі де артықтау болар. Дегенмен, Н. Қаратышқанұлы құрастырған сөздікті мүлде кемшіліксіз деуден де аулақпыз. Онда терминге дәл балама тауып, ықшам сөз жасаудан гөрі *расстрата* - *жұмсаб жоқ қылу*, *бомбардировка* - *зеңбірек астына алу*, *гаубица* - *келте зеңбірек*, *гейзер* - *ыстық бұлақ*, *место* - *кен шығатұн жер*, *отвертка* - *бетін ашқыш*, *бұранда кілт* түрінде оның мағынасын түсіндіріп, сипаттап аудару немесе *аэронавтика* - *қалықтама*, *музыка* - *күй*, *оригинал* - *өзі*, *спорт* - *ермек* сияқты аса сәтті жасала қоймаған терминдер де ұшырасады. Сөздіктен орын алған ондай жекелеген терминдерді жалпы сол уақыттағы терминжасамдағы алғашқы ізденістердің тәжірибелері деп қабылдаған орынды болар. Мұндай

кемшіліктерді сөздік түзген авторға телудің де негізі жоқ. Өйткені ол оқу комиссариатының білім ордасы қабылдаған атауларды жинақтап, әліпбилік тәртіпке келтіріп жүйелеуші, құрастырушы болып табылады.

1930-жылдарға дейінгі қазақ терминологиясы дамуының Байтұрсынұлы кезеңі ұлттық ғылым тілінің қалыптасуына, ұлт тіліндегі термин шығармашылығының іргесінің қалануына айрықша үлес қосқандығымен ерекшеленеді. Сол кезеңдегі жарық көрген қазақ тіліндегі оқулықтар мен оқу құралдарында және мерзімді баспасөз беттерінде біршама тұрақты қолданыла бастаған терминдер арасынан іріктеліп алынып бекітілгендері енгізілгендіктен де Н. Қаратышқанұлының құрастырған сөздігінен термин шығармашылығының кезеңдік келбетін айқын аңғаруға болады.

"Пән сөздері" бірнеше арнаулы салалардың алғашқы ресми қабылданған терминдерін қамтыған бірінші терминологиялық сөздік болып саналатындығына қарамастан, қазақ терминографиясының тарихы жөнінде сөз болған жерде "Қ. Кемеңгерұлының редакторлығымен 1925 жылы Мәскеуде жарық көрген "Қазақша-орысша тілмаш"<sup>3</sup> (казахско-русский словарь) та назардан тыс қалмауға тиіс. Бұл сөздікке тек орысша-қазақша сөздік ретінде қарамай, онда сол кезеңде жасалған терминдердің молынан қамтылғандығы ескерусіз қалмағаны жөн. Авторлардың өздері осы сөздіктің алғысөзінде "В данное время, в связи с переводом научных книг, у нас сильно идет словообразование" деп атап көрсеткеніндей, сол кездегі жаңа жасалған ондай атауларды өз сөздіктеріне енгізген. Ол атаулардың көпшілігі араға бір-екі жылдай ғана уақыт салып барып жарық көрген "Пән сөздерінен" де, 1931 жылы шыққан "Атаулар сөздігінен" де орын алған. "Қ. Кемеңгерұлының редакторлығымен жарық көрген "Орысша-қазақша тілмаш" та терминологиялық сөздік болмағанмен қазақ лексикографиясының тарихы үшін айрықша мәні бар алғашқы

<sup>3</sup> Қазақша-орысша тілмаш. (Казахско-русский словарь. Под ред. К. Кемеңгерова) М., 1925.

сөздік ретінде терминографиялық зерттеулерде де оған тиісті деңгейде назар аударылғаны жөн.

Жалпы қазақ терминологиясы дамуының әр кезеңінде жарық көрген кез келген терминологиялық сөздік мамандар сарабынан өтіп, лексикографиялық, терминографиялық тұрғыдан зерттеліп отырса, терминологиямыз кемшіліктерден арылып, оның жетілдіріле түсері анық. Әсіресе, соңғы он-он бес жылдың көлемінде көптеген терминологиялық сөздіктер басылып шықты. Олардың арасында терминографиялық талаптарға сай жасалған, білікті мамандардың қолынан шыққандары да болуымен қатар, сын көтермейтін сапасыз сөздіктер де аз емес. Терминдердің бірізді қолданылуы, қалыптасуы терминологиялық сөздіктердің сапалы жасалуымен тікелей байланысты. Сол себепті ғылым мен техниканың, мәдениет пен өнердің, жалпы кез келген арнаулы саланың терминологиялық сөздігін жасауға, оларды бастырып шығаруға, таратуға үлкен жауапкершілікпен қарау қажет. Олай болмаса, жүйеленген, жетілдірілген терминқор қалыптастыру бағытындағы істеріміздің кемшіліктерден арыла қоюы да қиынға соғады.

### **"Атаулар сөздігі" туралы**

Қазақ терминологиясы дамуының әр кезеңінде жарық көрген терминологиялық сөздіктерді лингвистикалық сараптан өткізіп, олардың жетістіктері мен кемшіліктерін айқындау арқылы терминқорымыздың қалыптасуының дәуірлік сипатын көрсетумен бірге, қазіргі терминжасам тәжірибемізде өткеніміздің ұтымды жақтарын пайдаланып, сәтсіздіктерін қайталамауға мүмкіндіктер туындайды. Осыдан жетпіс жылдан астам уақыт бұрын жарық көрген "Атаулар сөздігі" де қазақ терминографиясының тарихында өзіндік орны бар әрі бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда

да ғылыми құндылығын жоймаған еңбектердің бірі. Бұл сөздікті 1931 жылы 5000 дана таралыммен Халық ағарту комиссариаты білім кеңсесінің терминология комиссиясы шығарған. Сөздікте сегіз мыңнан аса атаулар қамтылған. "Атаулар сөздігі" қазір өте сирек кездесетін, таптыра бермейтін кітаптар қатарында. Осы сөздік туралы 1934 жылы жазған рецензиясында А. Самойлович "Мен 1932 жылдың аяғында Қазақстанның астанасы Алматыда болғанымда бұл сөздік таптырмайтын (был библиографической редкостью) еді"<sup>4</sup> - дейді. Ал Е. Кротевич сөздіктің 1931 жылдың желтоқсанының аяғында баспадан шығып, 1932 жылдың қаңтарының соңына қарай сатуға түскенін атап көрсетеді<sup>5</sup>. Сонда жарық көргеннен кейін бір жылға жетпейтін уақыттың ішінде-ақ сөздік таралып кеткен болып шығады.

30-жылдардан бастап КСРО-дағы терминологиялық жұмыстардың бағыты күрт өзгертіліп, жаңа арнаға бұрылды. Соған сәйкес одақтас республикалардың көпшілігі партияның жүргізіп отырған тіл саясатына бейімделіп, орыс тіліне негізделген совет халқына ортақ терминологиялық қор құру мақсатын көздеген қағидаттарды ұстануға көшті. Бұл бағытты бодандыққа әлі бойы үйрене қоймаған Эстония, Латвия, Литва сияқты Балтық жағалауы республикалары бірден қолдай қоймады. Олар өздерінің ұлттық тілдерінің мүддесін көздей отырып қалыптастырып жатқан терминологиясы мен жазуын Мәскеудің ыңғайына қарай өзгертуге асықпады. Ал Қазақстанда Ә. Бөкейханұлы, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Е. Омарұлы, Х. Досмұхамбетұлы сынды алаш азаматтары, ұлттық элита жойылғаннан кейін олардың ісін өздері негізін қалаған бағытта жағастырып өкеткен саяси күш пен ғылыми қауым бола қоймағандықтан да бізде әліпби, терминология, жазу мәселелері бойынша коммунистік партия

<sup>4</sup> Самойлович А. Терминологический словарь//Библиография Востока. Вып.2-4 (1933). - Ленинград: Изд-во АН СССР, 1934. - С. 93-95.

<sup>5</sup> Кротевич Е. Выправить недочеты в строительстве казакской терминологии//Просвещение национальностей, 1932, № 8-9. - С. 94-96.



идеологиясының, кеңестік тіл саясатының талаптарын қанағаттандыратын жолға түсу ұзаққа созылған жоқ. Бас аяғы он шақты жылдың ішінде екі рет жазу реформасын жүзеге асырып, 1929 жылы ғана алмастырылған латын әліпбиін тиімсіз деп танып, 1940 жылы кирилл әліпбиін қабылдадық. Одақтың басты тілінің дыбыстық заңдылықтарын бұзып алмау үшін әліпбиімізге тиісті таңбаларды енгіздік. Жалпысоветтік терминкор қалыптастыруға апаратын терминология қағидаттарын белгіледік. Сөйтіп, біз қырықыншы жылдары-ақ бағыт-бағдарымызды айқындап, сара жолымызды таңдап алдық. Тоқсаныншы жылдар келіп сол жолды көрсетіп берген алып мемлекеттің шаңырағы ортасына түскенше, таңдауымыздың дұрыс болғандығын дәлелдеуден бір жалыққан емеспіз. Қазір соның бәрін сарапқа салып, өткен кезенге бүгінгі күн талабы мен ұлт мүддесі тұрғысынан қарай отырып, келешекте тіл саласындағы атқарылатын істеріміздің қай бағытта, нендей ғылыми негізге сүйене отырып жүргізілуі қажеттігін айқындау кезеңін бастан кешіп жатқан жайымыз бар. Қоғам дамуы мен ғылым дүниесіндегі әлемдік үрдістерді ескерумен бірге тәуелсіз дербес ел ретінде алдымен ұлттық мүддені ойлауға міндетті екеніміз де басы ашық мәселе. Осы орайда ұлтшыл, алашшыл атанған қазақ зиялыларының еңбектерін елеусіз қалдыра аламасымыз анық. "Атаулар сөздігі" алаш зиялыларының ұлттық терминологиялық қорды қалыптастыруда ұстанған қағидаттарына сәйкес жасалған соңғы басылымдардың бірі болғандықтан да оны қайта бастырып шығарып, мамандардың, зиялы қауымның назарына ұсынудың мәні зор. Е. Кретевицтің жоғарыда аталған мақаласында "Әзірше бұл комиссия дайындаған алғашқы да соңғы кітап" деп көрсеткеніндей, 30-жылдардан кейін терминологияны бұл бағытта дамытудың мүмкіндігі де қалдырылмап еді әрі осы жолда жүрген көрнекті ұлттық кадрлар түгелге дерлік қуғын-сүргінге ұшырап, сол жылдары олардың қамалып, соңынан жойылғаны белгілі. Сондықтан да олардың ұстанымына сәйкес жасалған

терминдер де, алаш зиялыларынан тұратын терминологиялық комиссияның шығарған бұл сөздігі де жаңашыл ғалымдар мен қайраткерлер тарапынан жақсы бағалана қоймады. Сөздіктің кемшіліктері, заман талабына сай жасалмағандығы баса көрсетіліп, сын көп айтылды. Әрине, айтылған сын-ескертпелердің бәрі бірдей орынсыз еді деуден аулақпыз. Олардың ішінде терминологиялық сөздік түзудің сапасын жақсартуға септігін тигізетін, жөнімен айтылған ұсыныс-пікірлер де бар. Алайда сол жылдары осы сөздікке тікелей және жанама қатысты бар жарияланған материалдарды қарап отырсақ, көпшілігінде сөздік түзушілердің ұстанған қағидаттарына байланысты мақсатты түрде сын айту, мәселеге саяси, әлеуметтік-таптық тұрғыдан баса мән берілгендігі байқалады. Сөздіктің жақсы жақтары, жетістіктері ауызға алына бермейді. Ал шын мәнінде сол жылдары мұндай терминдер сөздігінің басылып шығуының өзі елеулі оқиға еді.

Е. Кротевичтің осы сөздікті сынаған мақаласының "Выправить недочеты в строительстве казахской терминологии" деп аталып, оған И. Сталиннің "Буржуазиялық теориялармен аяусыз күреспей тап жауларын түпкілікті жеңу мүмкін емес" деген сөзін эпиграф ретінде алуынан-ақ оның қандай мақсатпен жазылғанын аңғаруға болады. Одан әрі ол қазіргі кездің терминологиясының социализм орнатушылардың талаптарына сәйкес әлеуметтік-таптық болуы керектігін баса айта отырып, комиссия жұмысын сынға алады. "Қазақстанда терминологияны қалыптастырумен бірнеше жылдан бері Халық ағарту комиссариаты ғылыми-өдістемелік кеңесінің терминологиялық комиссиясы айналысып келеді. Алайда бұл мәселеде осы күнге дейін біз әлі айқын марксистік ұстамды методологиялық нұсқаманы (установка) көре алмай келеміз. Жұмыстары бейберекет жүргізіліп келеді"<sup>6</sup> - дейді ол. Автор мақаласының басынан бастап ұлттық тіл құрылысындағы, оның ішінде қазақ терминологиясын қалыптастырудағы негізгі нұсқамаларды қайта

<sup>6</sup> Сонда. 94-б.

қарау міндеті тұрғанын атап айтады. Қазақстандағы терминология комиссиясының Кеңес Одағының ұстанып отырған саяси курсына сәйкес бетбұрыс жасамай келе жатқанын, марксистік методологияны негізге алмағандықтан бұл саладағы жұмыстардың дұрыс бағытта жүргізіліп жатпағандығын айта келіп, ол "Атаулар сөздігі" де сондай жүйесіз жұмыстың нәтижесі деп ұғындырғысы келеді.

Сөздікке кең тараған (*полигон*) терминдер енбей қалып керісінше, өте сирек қолданылатын (*гексагон, энзим, автаркия*) терминдер енгізілгендігі;

Терминологияға қатысы жоқ жалпы тілдің сөздігінде берілуге тиісті *азарт, бесплатно, босяк, вдребезги, вечно, вещь, взгляд, вяло, жадный, желание, младенец, меньше, картина, неуклюжий, обучающий, пьяница, раз, удивление* сынды сөздердің де берілгендігі;

*Священник, знахарь, монастырь, патриарх, панихида* тәрізді діни атаулар мен басқа да қажетсіз (терминологический хлам) сөздерге орын беріліп, есесіне революциямен бірге қолданысқа енген *диктатура, большевик, ленинизм, марксизм, революция, пятилетка, комсомол, непрерывка, соревнование, ударник, ударничество, бригадир, обезличка, трактор* сияқты сөздердің аластатылуы;

*Роман, повесть* атауларын *готан* түрінде, *финансы, деньги* сөздерін *ақша* және *атмосфера, воздух - ауа*, тағы да осындай түрлі ұғым атауларының бір ғана сөзбен аударғандығы;

Сондай-ақ халықаралық терминдердің ұлт тіліне аударылғандығы мен терминдердің түрліше жазылғандығы Е. Кротевичтің сын мақаласында сөздіктің кемшіліктері ретінде атап көрсетіледі. Ол *базис (түп негіз, тірек), библиотека (кітапхана), гараж (гәраж, аптамабел албары), делегат (өкіл), диктатор (әмірші, әмір иесі, дектатыр), документ (ыспаттама), пианино (күй сандық), теория (қисын), транспорт (қатынас көлік, тыранспорт)* сынды халықаралық терминдерді аударуға болмайды, бұл сөздер қазақ тілінің азаматтығын алған дей келіп, "Это явление - нездорово-

вое. Это свидетельствует о нацдемовской политике авторов, работающих над составлением словаря казакской терминологии" - деген тұжырым жасайды. Сөз соңында ол қазақ терминологиясы дамуының бағыт-бағдарын социалистік қоғамның даму үрдісіне сәйкес өзгерту қажеттігін атап көрсетеді. Автордың өз сөзімен айтқанда "Пересмотр и создание терминологии должны вестись в темпах, соответствующих общим темпам нашего социалистического строительства..."<sup>7</sup> - делінген.

М. Қайыпназарұлы да "Термин кемесіесі бұл сөздікте ентернасалдық сөздерін аударуға келмейтіндеріне қазақ тонын кійгізіп барып алуға тырысқан, бұл дұрыс сайасат дей алмаймыз" - дейді. Ол 1932 жылы 10 қазанда "Социалды Қазағыстанда" жарияланған "Қазақ тілін өркендетуге басшылық күшейтілсін" деп аталған мақаласында алаш ордашылдық теорияларға тиісті соққы берілмегенін айта келіп, Қ. Кемеңгерұлының редакторлығымен жарық көрген "Орысша-қазақша тілмашты" да, "Атаулар сөздігін" де алашшыл оқығандардың ықпалымен ұлтшылдық бағытында жасалған сөздіктер ретінде сынға алады. Оның келтірген мысалдары Е. Кротевичтің мақаласынан алынғаны, өзінің сөздікпен таныспай-ақ сын айтып отырғаны байқалады. Оны "Кәмуна деген сықылды қазақтың өз сөзіндей болып кеткен ентырнатсаналдық сөздердің де сөздікте аудармасы бар көрінеді" деген өз сөзінен де аңғауға болады. Автор Ә. Бөкейханұлы мен Е. Омарұлының аудармаға, халықаралық терминдерді қабылдауда көп зиянын тигізгенін, А. Байтұрсынұлының "үндестік заңы" мен Х. Досмұхамедұлының жат сөздерді қабылдау қағидаттарының қазіргі заман талабына қарсы екенін айта отырып, жаңа бағытқа сәйкес сөздіктер жасау керектігін, "қазақ тілі құрылысына бәлшебектік басшылық ету" қажеттігін атап көрсетеді<sup>8</sup>.

<sup>7</sup> Сонда. 96-б.

<sup>8</sup> Қайыпназарұлы М. Қазақ тілін өркендетуге басшылық күшейтілсін// "Социалды Қазағыстан". 10 қазан 1932. № 232.

"Атаулар сөздігі" туралы жазылған мақалалар мен рецензияларда орынды айтылған сын ескертпелер, ұсыныстар аз емес. Алайда сөздік туралы пікір білдіргендердің оның сапасы, келесі басылымы жақсарсын деген ниеттен гөрі оны түзуші авторлардың ұстанып отырған бағытының бұрыстығын, ендігі жерде қазақ терминологиясын бұл бағытта дамытуға болмайтынын дәлелдеуге бейілді екендігі айқын аңғарылады. Сондықтан да сөздіктің жақсы жақтары туралы айтылмай, кемшіліктер ғана теріліп, біржақты сынға жол беріледі. Терминологиялық комиссия жұмысының жетістіктері жөнінде де сөз болмайды. Керісінше, олар комиссияның солақай саясат ұстанған алашшыл, ұлтшыл, пуристерден құралғандығын, социалистік қоғамға зиянды жолға бастап отырғандығын дәлелдеу арқылы, ендігі жерде жарқын болашаққа апаратын бағытты таңдай отырып, терминологиялық жұмыстардың жаңа арнаға бұрылуы керектігін айрықша атап өтеді.

Сөздікті түзушілер "Зымыраған ұшқыр өмір күбе-күнгі керекке жұмсауға дайын тұрған тіл қаруын керек қылды. Сонымен аз күннің ішінде тездетіп, осы пән сөздігін құрастыруға тырыстық. Бұл құрастырылған пән сөздерінде талай кемшіліктер бар. Үйткені әр ғылымның тарауынан өзіне жүйрік кісілер шықпай, пән сөзі түзелмек емес" - деп, алғы сөзінде бұл басылымның қажеттілікке байланысты аз ғана уақыттың ішінде баспаға ұсынылғанын, ғылым мен техниканың түрлі салалары бойынша білікті мамандардың жетіспеуінен орын алып отырған кемшіліктердің бар екенін, келесі басылымдарда оларды түзету керектігін атап көрсетеді. Елдің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласып, білім беру мен ұлттық ғылымды өркендету жолында аянбай тер төккен санаулы ғана қазақ зиялылары бір мезгілде сан саланың ісіне араласуына тура келді. Олардан уақыт соны талап етті. Қазіргі кезеңде алаш зиялыларының мұрасын зерттеп, жарыққа шығарып жүрген тілші, тарихшы, әдебиетші, саясаттанушы, философ ғалымдар мен басқа да сала мамандарының қай-қайсысының

еңбектерін алып қарасак та, олардың білім беру мен ғылым, тіл мен әдебиет, діл мен дін, ел мен жер, өнер мен салт-дәстүр мәселелерінде табандылық танытып, салиқалы саясат ұстанғанын, мемлекет мүддесіне, ұлт мүддесіне барынша адал болғандығын атап көрсетіп жүр. "Ұлттық элита, зиялы қауым өз жұртына осылай қызмет етуі қажет" деген ой ғалымдар тарапынан жиі айтылып, олардың еңбегі елге қызмет етудің жарқын үлгісі ретінде ұсынылып та келеді. Жалпы қоғам дамуының әр кезеңі тарихта араға уақыт салып барып таразыланып жататынын ескерсек, мұны алаш зиялыларының қызметіне бүгінгі күн тұрғысынан берілген әділ баға деуге негіз жоқ деп айта алмасак керек.

Қазақ терминографиясының тарихында өзіндік орны бар "Атаулар сөздігі" өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы термин шығармашылығы мен терминологиялық сөздік түзу ісінің кезеңдік келбетін, терминология комиссиясының жұмысы мен алаш зиялыларының ұлттық терминқор қалыптастыруда ұстанған ұстанымдарын көрсететін нақты тілдік-тарихи дерек ретінде лексикограф, терминограф мамандардың, жалпы филологтардың, тіл мәселесі қызықтыратын көпшілік қауымның қажетіне жарайды деп білеміз.

### **"Жат сөздер туралы" бірер сөз**

Тіліміздің ұлттық терминқорын қалыптастыруда тілдік және тілден тыс факторларға байланысты өзге тілдерден дайын атауларды көбірек қабылдап келгеніміз белгілі. Әсіресе, өткен ХХ ғасырдың 30-жылдарынан бастап, орыс тіліне негізделген кеңестік терминқор қалыптастыру мақсаты көзделгендіктен, еуропа халықтарының тілдеріндегі атауларды орыс тіліндегі қалпында өзгертпей қабылдап келдік. Жетпіс жылдай осы бағыттан таймағандықтан, термин қабылдау арқылы сыртқы көздің есебінен

атаулар қорын қалыптастыру бізде дәстүрге айнала бастады. Алайда осы терминқор қалыптастырудың сыртқы көзін пайдалануда сол отызыншы жылдарға дейін қазақ зиялылары түгелге дерлік басқа пікірде болды. Солардың қатарында жат сөздерді қабылдау, тіліміздің дыбыстық-құрылымдық ерекшеліктеріне сәйкестендіріп жазу туралы сонау жиырмамыншы жылдары-ақ арнайы еңбек жариялаған халқымыздың белгілі қайраткер ұлдарының бірі Нәзір Төрекұлұлы да бар.

Өткен жылы "Алаш" баспасынан Нәзір мұрасын жинақтап, зерттеп жүрген ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Ж. Әлмашұлының құрастыруымен Н. Төрекұловтың екі томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Көрнекті қайраткердің сонында қалдырған мұрасының "шаң басқан архивтерде" елеусіз жата бермей, қалың жұртшылыққа жетіп жатуы - қуанарлық та, құптарлық та іс. Бұл орайда біз де Н. Төрекұлұлының жуырда жарық көрген шығармалар жинағына еңбеген 1926 жылы Мәскеуден басылып шыққан "Жат сөздер туралы" деп аталатын шағын еңбегін араб графикасынан қазіргі жазуымызға түсіріп, қайта бастырып шығаруды жөн көрдік. Өткен ғасырдың сонау жиырмамыншы жылдары қазақ терминологиясы дамуының Байтұрсынов кезеңінде жарық көрген бұл еңбектің терминтану тарихында өзіндік орны бар. Терминологияда күні бүгінге дейін шешімін таппай, ғалымдар тарапынан түрлі әңгіменің арқауы болып жүрген халықаралық терминдер мәселесін осыдан бір ғасырға жуық уақыт бұрын арнайы сөз еткен бұл еңбекте бүгінгі терминологиялық жұмыстарды жүргізу барысында, шет тілдерінен термин қабылдауда назарға алатын құнды пікірлер аз емес.

Н. Төрекұлұлы осы еңбегін жазудағы мақсаты туралы: "Біздің бұл жазудағы тілегіміз: сол жат тілдерден қазақшаға кірген сөздердің өзгеру заңын табу" дей келіп, ол жарыса қолданылып, әр түрлі жазылып жүрген сөздерді бір ізге түсіріп жазу - бір жағынан бүгінгі жазуымызды тәртіпке келтірсе, екінші жағынан,

тіліміздің болашақтағы дамуына да үлгі болатынын айтады. Олардың жөнге салған ісінің болашаққа үлгі болып қалыптасып қалатындығы жөніндегі ойын автор өз сөз қолданысында "тілдің келесіде баюына жол тазалау" - деп береді.

Н. Төрөкұлұлы қазақтың білімді, зиялы азаматы ретінде шет тілдерінен термин қабылдаудың тілдік заңдылықтарын анықтап, соған сәйкес жазу үлгісін қалыптастыруды өзіне міндет санайды. Өзге тілдерден сөз қабылдамай тұра алмайтындығымызды айта келіп, ол - "...сертсіз, заңсыз жат сөздерді бос қоя беру де жарамайды, опыр-топыр болып, тіліміздің негізгі заңдылықтарын бұзып, тас-талқанын шығарып жібереді" - дейді.

Автордың бұл ойы да, "Қазақ тіліне кірген жат сөз болса, қазақтың тымағын киген жалпақ қазақ сөзі болып кірсін" деген ұстанымы да өзімен замандас, А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы сынды қазақ зиялыларының пікірлерімен үндесіп, сабақтасып жатыр. Олардың барлығы да шет тілдерінің сөздері тіліміздің дыбыстық-құрылымдық заңдылықтарына бағындырылып қабылдануы қажет деген тұжырымға тоқталады.

Мәселені арнайы зерттеген тілші ғалымдардың көрсеткен мәліметтеріне сүйенсек, тіліміздің лексикалық қорының 30 пайыздан астамын араб-парсы сөздері құрайды екен. Бұл тұрғыда Нәзір Төрөкұлұлы сол жиырмасыншы жылдары-ақ тілімізге енген араб-парсы сөздерінің игерілуін, көптеген нақты мысалдармен көрсетіп берген. Оның тілімізге сіңіп кеткен араб-парсы сөздердің қалай және қандай өзгерістерге ұшырай отырып қабылданғанын анықтау арқылы өзге тілдердің сөздерін де игерудің жолын табамыз деуі - тіліміздің сол кезеңге дейінгі даму тарихы мен сөз қабылдау тәжірибесіне жіті назар аудара білген зерек зерттеушінің аса байқампаздықпен айтылған, ешқашан құнын жоймайтын құнды пікірі. Зерттеушінің осы ойының бір түйіні ретінде айтылған - "Араб-парсы сөздеріне елдің баяғы заманда өзінен пішіп қойған үлгісі жалпы жат сөздердің барлығына жарамаса да, бірсыпы-



расына жарайды" - деген пікірі қазір де құнын жойған жоқ деп білеміз. Жалпы жиырмасыншы ғасырдың басында қазақ зиялылары көтерген термин мәселелерінің көпшілігі қазірге дейін шешімін таппай, қайтадан күн тәртібіне қойылып жатқан бүгінгі таңда олардың қай-қайсысының да еңбектерін елеусіз, пікірлерін ескерусіз қалдыруға тиіс емеспіз.

Бұл еңбегінде Нәзір Төрекұлұлы араб тілін жетік білетін білікті маман ретінде арабтың қай дыбысының қазақтың соған сәйкес келетін (жақын келетін) қандай дыбыстарымен алмастырылғанын, қалай таңбаланғанын немесе кей дыбыстардың мүлде түсіп қалатынын көптеген мысалдармен нақты (сөз басында, ортасында және сөз соңында) көрсетіп берген. Сондай-ақ ол Қазақ терминологиясы дамуының Ахмет Байтұрсынұлы кезеңінде жарық көрген еңбектердің бірі - "Жалғыз-ақ әріп ауыстырумен жат сөз қазақ сөзі болмайды. Қазақ сөзі болып әбден сіңуі үшін сөздің жалпы құрылысы қазақша болуы керек," - дейді. Зерттеуші араб-парсы сөздерінің ішінде әсіресе жіңішке буынды сөздердің көп өзгеріске ұшырайтынын айта келіп, ..... , ..... сияқты сөздердің құрамында өзгертін әрптердің жоқ екендігіне қарамастан, қазақ тіліне кіргенде *береке*, *керемет* түрінде таңбаланып, адам танымастай өзгеріске ұшырағанын мысалға келтіреді.

Н. Төрекұлұлы араб тіліндегі фатха, кесре, гамма және тәшдидтің біздің тілімізге қалай қабылданғанын да көрсетеді. Мәселен, жіңішке буынды сөздердің құрамындағы фатха тілімізге көбінесе е болып өтетінін көрсететін бірнеше мысалдар келтіреді. Сол сияқты гамманың **Ү**, **Ұ**, **О** болып, кесренің **е**, **ы**, **і** болып қабылданатынын да, **л**, **м**, **н** әріптерінің қатар келмейтінін (тәштид) де көптеген нақты мысалдармен көрсетіп береді.

Автордың "Татарда араб-парсы сөздерін бұзбай алу, айту мінезі бар. Бұл мінез қазаққа жарамайды" дей келіп, татар тілінен бізге де сол сөздерді өзгеріссіз қабылдауға жол беруге болмайды деген пікірі де орынды айтылған.

Кезінде бізге парсы тілінен енген *-кер, -паз, -стан* сияқты қосымшаларды қазір біз аса жатсына қоймайтынымыз, олардың тілімізге сіңісті болып қалғаны белгілі. Н. Төрекүлұлы бұл қосымшалар "үндестік заңын ойран қылады", сондықтан олардың жалғануы арқылы жасалған *жұмыскер, білімпаз, өнерпаз, әсемпаз, Қазақыстан, Татарыстан* сияқты сөздерді осы қалпында қалдырмай, *-ғыш, -гіш, -шы, -ші* сияқты төл жұрнақтарымызбен алмастырып немесе *білім иесі, қазақ елі, татар елі* деп өзгертіп алған дұрыс деп санайды.

"Жат сөздердің" бірінші бөлігі араб-парсы тілінен енген сөздерге арналса, екінші жартысы "Ауропа сөздері" деп аталады. Еуропа сөздері туралы әңгіме бастағанда-ақ автор - "Жалпы құрылысына қарағанда араб-парсы сөздеріне пішкен заңдарымыз ауропа сөздеріне де жарайды десек, үлкен жаңылыс болмайды. Ауропа сөздері де араб-парсы сөздеріндей өзгеруге тиіс" - дейді.

Жалпы Ахаң бастаған алаш зиялылары мен Нәзір Төрекүлұлының шет тілдерінен термин қабылдауға қатысты көзқарастарында айтарлықтай алшақтық жоқ. Алдымен өз тіліміздің мүмкіндігін пайдалану мен өзге тілдер сөздерінің барлығын да тіліміздің дыбыстық-құрылымдық заңдарына бағындырып қабылдау мәселесінде Н. Төрекүлұлы Қазақстан білім ордасының белгілеген қағидаттарымен, А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, Е. Омарұлы, М. Дулатұлы сияқты ұлт зиялыларының ұстанымдарымен келіседі. "Жат сөздер" авторы ұсынысының білім ордасы бекіткен қағидаттардан негізгі айырмашылығы - ол араб-парсының, түркілердің емес, еуропа тілдерінің сөздеріне басымдық беру қажет деп санайды. Оның себебін бір сөзінде ол "Біздің мәдениет кеңес мәдениетімен бірге кетпек. Біздің алдымыздағы 50-60 жыл ішінде қазақ баласы орыс мектебін көрмей, жоғары білімді алалмайды (*қазіргіше - ала алмайды*)" деп, түсіндірсе, келесі сөзінде "Қазақ тілі жетпеген сөзін Ыстанбол мен Қазаннан іздемей-ақ ауропадан алады. Үйткені қазақ кедей болса, көбінше әзірге мәдениет, техника

терминдеріне кедей. Осылай болған соң тілдес елдердің өздері жетпеген терминдерін ауропадан алып отырған шақта "далделсіз" тура ауропадан алсақ не болады?!" - дейді.

Н. Төрөкұлұлының еуропа сөздерін делдалсыз-ақ тікелей түпнұсқа тілден алайық деген ұсынысы дұрыс-ақ. Бірақ бұл мәселе 1924 жылы білім ордасы бекіткен қағидаттардан көрініс тапқан болатын. Елдес Омарұлы сиезде жасаған баяндамасы бойынша қойылған сұрақтарға жауап бергенде: "Түркі халықтарының бәріне ортақ жалпы түрік сөзі болмаса, - түрік халықтарының кез келген біреуінде бар сөзді жақын көрудің қыйсыны болмайды. Қазақта жоқ сөзді басқа түріктерден іздеу керек - деген жобаны: түрік халықтарының бәріне ортақ сөздерден іздеу керек - деп түсіну керек"<sup>9</sup> дейтін түсініктеме берген еді. Оның үстіне сиезде Н. Төрөкұлұлы да баяндаманы талқылауға қатысып, өз пікірін айтқан болатын. Жалпы білімпаздар сиезінің "Иаурыпа қалықтарының бәріне сіңіп кеткен жалпы жұртқа ортақ пән сөздер, қазақ тілінің дыбыстарына келтіріліп, бізге де пән сөз болып алынсын" деген қағидатты бекітуі Н. Төрөкұлұлы ұсынысының алаш зиялылары жасаған қағидаттардан толық көрініс тапқанын көрсетеді.

Н. Төрөкұлұлының М. Дулатұлының тұжырымдарына қатысты айтқан сыни пікірлері олардың ғылыми көзқарастарының алшақтығынан, ұстанған қағидаттарының бөлектігінен емес, оның басқа себептері бар екендігі аңғарылып тұр. Жалпы алаш зиялылары белгілеген терминология қалыптастыру қағидаттарының дұрыс жасалғандығына күмән келтіру қиын. Оны Қазақстан білім ордасының жұмысына барынша сын көзбен қарай отырып жазған, жан-жақты білімді қазақ зиялысы Н. Төрөкұлұлының осы еңбегінен де көруге болады. Егер 1924 жылы сиез бекіткен қағидаттардың ғылыми негізінің қандай да бір осал тұсын байқағанда, Н. Төрөкұлұлы өзіне тән өткір тілімен "тіліп-тіліп" айтқан болар еді.

<sup>9</sup> Қазақ білімпаздарының тұңғыш сйезі. Орынбор, 1925. 84-6.

Кітапшаның "Ауропа сөздері" деп аталған екінші бөлігінде де автор еуропа тілдеріндегі қай дыбыстың қалай өзгертіліні алынуы керектігін немесе араб сөздерін алғандағыдай жолмен қабылдауға болатынын көрсететін мысалдар келтіреді.

Н. Төрөқұлұлының бұл еңбегі кірме сөздерді тіліміздің дыбыстық-құрылымдық ерекшеліктерін ескере отырып қабылдау тұрғысынан А. Байтұрсынұлы мен Х. Досмұхамедұлдарының, жалпы алаш зиялыларының көзқарастарымен сәйкесіп жатқан, көп тілді білетін білікті маман ретінде өз тарапынан қосқан нақты ұсыныстары мен тұжырымдары бар, осыдан бір ғасырға жуық уақыт бұрын жазылғанына қарамастан, күні бүгінге дейін ғылыми құндылығын жоймаған кітап. Кірме терминдерді жазу бізде әлі толық шешімін таппаған, соңғы жылдары мамандар тарапынан жиі сөз болып жүрген мәселе. Бұл мәселені шешу барысында Н. Төрөқұлұлының еңбегі ескерусіз қалмайды деп ойлаймыз.

"Еңбекші қазақ" газетінің 1926 жылдың 14 сәуіріндегі санында "Кітап сыны" деген айдармен аты-жөнін "Т." түрінде қысқартып берген азаматтың "Жат сөздерге" жазған рецензиясы жарық көрді. Онда пікір білдіруші Н. Төрөқұлұлының кейбір ойларына қатысты сыни пікірлер де айтылумен қатар - "Тегінде Нәзір кітабы қазақ тілін таза сақтауға едәуір шылбырдың ұшын береді. Нәзір қазақ тіліндегі сингармонизм жолын қуаттаушы жазушы. Мұндай кітаптар шыға беруіне тілектеспіз" - деп, бұл кітаптың құнды жақтарын айта келіп, сөзін аяқтапты.

Жарық көрген кезде де оң бағасын алған бұл еңбектің, кірме атауларды қабылдау мәселесі әлі шешімін таба қоймаған қазіргі кезеңде де қажетімізге жарайтынына еш күмән келтірмейміз.

\*\*\*\*\*


## Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі.

1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінің материалдары. Орынбор, 1925. - 118 бет.



Бұл сиезді қазақ тілінің тұңғыш сиезі десе де болады. Жеті күнге созылған сиездің бес күні әліпби, терминология, тілді оқыту, жазу ережелеріне арналған. Осы сиезде алғаш рет қазақ терминологиясын дамытудың қағидаттары қаралып, ресми бекітілген.

Сиез материалдары араб графикасынан кирилл жазуына түсіріліп, 2005 жылы қайта басылып шығарылды. (Кітапты қайта шығарушы: Ш. Құрманбайұлы). Астана, 2005. - 144 бет.



**"Орысша-қазақша әскерлік атаулары"** (Русско-казакская военная терминология). Терминологиялық сөздік.

Сөздікті білім кеңесінің ұйғарымына сәйкес атау комиссиясы дайындаған. Аудармашысы - А. Үмбетбайұлы. Сөздік 1926 жылы 5000 дана таралыммен Қызылорда қаласында басылып шыққан. Сөздік соңында сол кездегі Қазақ білім комиссиясының төрағасы Ахмет Байтұрсынұлы мен комиссия хатшысы Ғаббас

Нұрымұлының бұл сөздікке енген атаулар туралы 1926 жылдың 12 маусымында берген анықтамасы бар.

Бұл сөздік 2005 жылы араб графикасынан кириллицаға түсіріліп, қайта басылып шығарылды. (Сөздікті қайта шығарушылар: Ш. Құрманбайұлы, О. Жұбаева). Астана, 2005. - 136 бет.

Кітапшаның "Ауропа сөздері" деп аталған екінші бөлігінде де автор еуропа тілдеріндегі қай дыбыстың қалай өзгертіліп алынуы керектігін немесе араб сөздерін алғандағыдай жолмен қабылдауға болатынын көрсететін мысалдар келтіреді.

Н. Төрөкұлұлының бұл еңбегі кірме сөздерді тіліміздің дыбыстық-құрылымдық ерекшеліктерін ескере отырып қабылдау тұрғысынан А. Байтұрсынұлы мен Х. Досмұхамедұлдарының, жалпы алаш зиялыларының көзқарастарымен сәйкесіп жатқан, көп тілді білетін білікті маман ретінде өз тарапынан қосқан нақты ұсыныстары мен тұжырымдары бар, осыдан бір ғасырға жуық уақыт бұрын жазылғанына қарамастан, күні бүгінге дейін ғылыми құндылығын жоймаған кітап. Кірме терминдерді жазу бізде әлі толық шешімін таппаған, соңғы жылдары мамандар тарапынан жиі сөз болып жүрген мәселе. Бұл мәселені шешу барысында Н. Төрөкұлұлының еңбегі ескерусіз қалмайды деп ойлаймыз.

"Еңбекші қазақ" газетінің 1926 жылдың 14 сәуіріндегі санында "Кітап сыны" деген айдармен аты-жөнін "Т." түрінде қысқартып берген азаматтың "Жат сөздерге" жазған рецензиясы жарық көрді. Онда пікір білдіруші Н. Төрөкұлұлының кейбір ойларына қатысты сыни пікірлер де айтылумен қатар - "Тегінде Нәзір кітабы қазақ тілін таза сақтауға едәуір шылбырдың ұшын береді. Нәзір қазақ тіліндегі сингармонизм жолын қуаттаушы жазушы. Мұндай кітаптар шыға беруіне тілектеспіз" - деп, бұл кітаптың құнды жақтарын айта келіп, сөзін аяқтапты.

Жарық көрген кезде де оң бағасын алған бұл еңбектің, кірме атауларды қабылдау мәселесі әлі шешімін таба қоймаған қазіргі кезеңде де қажетімізге жарайтынына еш күмән келтірмейміз.


\*\*\*\*\*



**Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі.**  
1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінің материалдары. Орынбор, 1925. - 118 бет.

Бұл сиезді қазақ тілінің тұңғыш сиезі десе де болады. Жеті күнге созылған сиездің бес күні әліпби, терминология, тілді оқыту, жазу ережелеріне арналған. Осы сиезде алғаш рет қазақ терминологиясын дамытудың қағидаттары қаралып, ресми бекітілген.

Сиез материалдары араб графикасынан кирилл жазуына түсіріліп, 2005 жылы қайта басылып шығарылды. (Кітапты қайта шығарушы: Ш. Құрманбайұлы). Астана, 2005. - 144 бет.




**"Орысша-қазақша әскерлік атаулары"** (Русско-казакская военная терминология). Терминологиялық сөздік.

Сөздікті білім кеңесінің ұйғарымына сәйкес атау комиссиясы дайындаған. Аудармашысы - А. Үмбетбайұлы. Сөздік 1926 жылы 5000 дана таралыммен Қызылорда қаласында басылып шыққан. Сөздік соңында сол кездегі Қазақ білім комиссиясының төрағасы Ахмет Байтұрсынұлы мен комиссия хатшысы Ғаббас

Нұрымұлының бұл сөздікке енген атаулар туралы 1926 жылдың 12 маусымында берген анықтамасы бар.

Бұл сөздік 2005 жылы араб графикасынан кириллицаға түсіріліп, қайта басылып шығарылды. (Сөздікті қайта шығарушылар: Ш. Құрманбайұлы, О. Жұбаева). Астана, 2005. - 136 бет.



### **Пән сөздері.**

(Құрастырған - Н. Қаратышқанұлы).

Сөздікте "Қазағыстан оқу кемесеретінің білім ордасы қабылдаған пән сөздері" қамтылып, 10 000 дана таралыммен 1927 жылы Қызылордада басылып шыққан. Көлемі - 128 бет. Сөздік 2004 жылы араб графикасынан кирилл әліпбиіне түсіріліп, қайта басылып шықты. (Сөздікті қайта шығарушылар: Ш. Құрманбайұлы, О. Жұбаева). Алматы, "Ер-Дәулет" баспасы, 2004. - 128 бет.



### **Нәзір Төрекұлұлы.**

#### **ЖАТ СӨЗДЕР ТУРАЛЫ.**

Бұл еңбек 1926 жылы 2000 дана таралыммен Кеңес одағы елдерінің кіндік баспасынан Мәскеуде басылып шыққан. Көлемі - 38 бет.

Қазақ халқының көрнекті қайраткері Н.Төрекұлұлының жазылғанына бір ғасырға жуық уақыт өткеніне қарамастан ғылыми құндылығын жоймаған бұл еңбегін терминология тарихын зерттеушілер, терминтанушылар мен терминографтар, тіл мәселесі қызықтыратын көпшілік қауым қажетіне жаратуы үшін, араб графикасынан кириллицаға түсіріліп, қайта басылып шығарылды.

(Ш. Құрманбайұлы).



**АТАУЛАР  
СӨЗДІГІ**

**Атаулар сөздігі.** Терминологиялық сөздік.

Бұл сөздікті 1931 жылы 5000 дана таралыммен Халық ағарту комиссариаты білім кеңесінің терминология комиссиясы шығарған. Сөздікте 8000-нан аса атаулар қамтылған.

Сөздік 2004 жылы латын графикасынан кирилл әліпбиіне түсіріліп, қайта басылып шықты. (Сөздікті қайта шығарушылар: Ш. Құрманбайұлы, О. Жұбаева). Алматы, "Сөздік-Словарь" баспасы, 2004. - 184 бет.

## МАЗМҰНЫ

Алғысөз.....	3
Әуезов М. Қайсысын қолданамыз.....	8
Әуезов М. Ғылым тілі (научный термин) .....	10
Омарұлы Е. Қазақша пән сөздер (баяндама) .....	15
Жарыссөз барысында Елдес Омарұлының баяндамасының талқылануы.....	21
Пән сөздері туралы сиез қаулысы.....	25
Түзеу.....	26
Дулатұлы М. "Жауыздық нызамнамасы".....	29
Дулатұлы М. Баяғы "Жауыздық нызамнамасы".....	34
Дулатұлы М. Қазақ тілін жүргізетін комиссияның құлағына алтын сырға.....	39
Касаболатыф А. Ескерту"-ге.....	41
Қыр баласы. Кітап сыны. Жаңа кітап. А. Бағданұп.....	42
Қыр баласы. Кітап сыны. Жаңа кітап. В. Томский.....	45
Қыр баласы. Кітап сыны. Пизикелік жағырапия.....	46
Қыр баласы. Кітап сыны. Жаңа кітап. Ю. Уагнер.....	48
Дулатұлы М. Қазақ тілінің мұны.....	49
Байтұрсын А. О принципах терминологии (Доклад).....	51
Қазақ тілін байытамыз.....	60
Төрекұлұлы Н. Қазақшадағы жат сөздердің өзгерілу заңы.....	61
Кемеңгерұлы Қ. Қотыр сөздер.....	85
Аймауытұлы Ж. Терминдер туралы. Тіл туралы.....	87
Байтоғайұлы Б. Қос сөздер туралы.....	93
Шет сөздердің емлесі жайында. Емле съезіне ұсыныс ретінде.....	96
Мұқанов С. Алаш - Ура!.....	105
Байтұрсынұлы А. Сәбитке жауап.....	107
Мұқанов С. Былай ғой (жауапқа жауап) .....	110
Әуезұлы К. Қарақалпақ тілі жайында.....	113

Шығарушы дейміз бе, редактүр дейміз бе?.....	116
Сейфуллин С. О терминах и терминологии.....	118
Қазақ тілінің жаңа смлесі.....	124
Метр өлшеуіштері.....	138
Тілді түзеуге тырысу керек.....	141
Затқа ат іздеу; ұғынысқа сөз іздеу.....	142
Фән атаулары жайынан .....	143
Газет тілі оңды болсын.....	145
Жастардың қазақ тілі туралы міндеті.....	147
Тілдің баю жолдары.....	149
Байтоғайұлы Б. Тіл заңы қайда болады .....	151
Аудару туралы.....	152
Қазақша пән сөздер туралы қаулы.....	154
Аудару туралы .....	158
Термин туралы.....	161
Атау туралы.....	164
"Жынды сөз".....	168
Орысшалаған қазақ тілі.....	171
Емле, пән атаулары туралы .....	173
Қазақ тілі туралы.....	176
Емле өзгерісіне біздің дауысымыз.....	178
Заключение (О названии г.Алматы).....	187
Молдыбай ұлы А. Каманды қай тілде болу керек.....	189
Мынау пән атаулары дұрыс па?.....	195
Осы пән атаулары дұрыс па? .....	199
Осы пән атаулары дұрыс па?.....	202
Осы пән атауларына қарсылық білдірген білетін кісілер, өз жобаларын ұсынуын сұраймыз .....	207
Қазақстан оқу кемесеретінің білім сексиесі алған пән сөздері.....	211
Құрманбайұлы Ш. 1920-1930 жылдары жарық көрген терминологиялық жинақтар мен сөздіктер туралы.....	246

Терминологиялық жинақты құрастырғандар:

**Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ**  
**Орынай ЖҰБАЕВА**

**ТЕРМИНОЛОГИЯ (аударма)**  
**МӘСЕЛЕЛЕРІ**

(1910-1930 жылдар)

---

Теруге 22.11.2005 берілді. Басуға 13.12.2005 қол қойылды.  
Қаріп түрі “KZ Times New Roman Cyr”. Офсеттік басылым. Пішімі 60x84 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>,  
Шартты баспа табағы 18,0. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 3299.  
«1С-Сервис» ЖШС басылды.

Түптеу жұмыстары Қазақстан Республикасы  
«Атамұра корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинатында жасалынды.  
050002, Алматы қ., Мақатаев к., 41.





